

«ҰЛЫТАУ КІТАПХАНАСЫ» сериясы

Береке Көшенов

# Ән-әұмыр

*Өлең-толғаулар, әндер,  
мақалалар мен сұхбаттар*



«Кәусар» баспасы  
Нұр-Сұлтан – 2019

ӘОЖ  
КБЖ  
К

**Көшенов Б.**

**К** **Ән-ғұмыр.** Өлең-толғаулар, әндер, мақалалар мен сұхбаттар. Нұр-Сұлтан: «Кәусар» баспасы, 2019. – 240 бет + 16 бет жапсырма. «Ұлытау кітапханасы».

**ISBN**

«Ұлытау кітапханасы» сериясымен жарық көріп отырған бұл жинаққа автордың өлең-толғаулары мен әндері, әр жылдары түрлі баспасөз беттерінде жарық көрген жүрекжарды жазбалары мен сыр-сұхбаттары топтастырылды. Сондай-ақ, дара дауысты әншінің өнегелі өмір жолынан сыр шертетін, азаматтық ұстанымын айқын аңғартып, адами бітім-болмысын айшықтайтын мақалаларға, суреттемелер мен арнауларға да орын берілді.

Кітап көпшілік өнерсүйер қауымға арналған.

ӘОЖ  
КБЖ

**ISBN**

© Көшенов Б., 2019  
© «Кәусар» баспасы, 2019

## АЛҚЫНУДЫ БІЛМЕЙТІН АҚ БҰЛАҒЫМ

«Ән-ғұмыр». Табиғи тума талант, Төңір сыйлаған дарын-қабілетімен халқының қадір-құрметіне кенелген әнші Береке Көшеновтің жетпіс жылдық мерейтойына орай жарық көріп отырған жинақ осылай аталыпты. Тауып қойылған тамаша атау! Өйткені Бекеңнің ғұмыры – шынында да ән-ғұмыр емес пе, шіркін!

Туып-өскен өңірден табан аудармай, шалғайдағы шағын шаһарда жүріп-ақ есімі қалың қазаққа мәшһүр болған, тіпті, кезінде алыс-жақын шетелдердің талғампаз тыңдарманын тәнті еткен, сахнада жиырма бестегі жігіттей көрінетін, жалынды жастық шақтағы жігер-қуатын жоғалтпаған, жетпіске желіп жеткен өрелі өнер иесінің өнегелі де ғибратты ғұмыр жолының айнасы іспетті екен бұл кітап.

Берекенің толғаныс-тебіреніске толы өз жазбалары қандай әсерлі, тағылымды болса, оның өзі туралы әр кезеңде кестеленген, өнер парқын ұғынар зерделі жандардың қаламынан туған алуан жазбалар да авторды әр қырынан тереңірек тани түсуге қызмет етіп тұр. Ал жинаққа топтастырылған жыр шумақтарын, «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы» деп абыз атамыз айтқандай, Бекеңнің жүрек лүпілінің, кіршіксіз көңілінің ақ қағазға түскен көрсеткіш-куәсі деп қабылдау жарасымды болмақ.

Сөз түйіні мынау:

*Бойыңда шалқығанда аққу-әнің,  
Мойынға тағынушы ең бақ тұмарың.*



*Шарқ ұрулы шағала көңілі бар,  
Алқынуды білмейтін ақ бұлағым.*

*Тас жарар талант барда зор тынысың,  
Көзайым көрерменнің көркі – құсың.  
Сұлудың сыңғырлаған шолпысындай,  
Ән-жырдың дариясының толқынысың.*

*Заманың зымырандай зулайды екен,  
Қызылды құмай тазы құмай ма екен.  
Сәкенді, Сары Тоқаны, Біқыласты  
Туған жер мәстектерді тумайды екен.*

*Жігітсің сыры әдемі, жыры әдемі,  
Мөлдірің тұнығыңда тұңнар еді.  
Бір тойың боларына сенген елің,  
Адалдық, адамдықтың мұрагері.*

*Таңдарды тамылжытып атырғайсың,  
Тағы да тойларыңа шақырғайсың.  
Ақындардың ішінде әншісің де,  
Әншілердің ішінде ақындайсың.*

*Масаты жыр – майсаңа төсегенім,  
«Батыр» деген бір-бірін өсер елім.  
Мерекеңе, Береке, жете алмадым,  
Арғымағым мінгізген – осы өлеңім!*

**Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ,**  
ақын, халықаралық  
«Алаш» сыйлығының иегері

*Бірінші бөлім*



*Ақын-жүрек  
толғанады, толқиды...*





## ЕЛІҢНІҢ БОЛ АЛДЫНДА

Шуақ сеуіп жаңа нұр,  
Жаңа әлем, жаңа дүр.  
Бақытың болып басталсын  
Алғаш көрген жаңа жыл.

Өмірдің бастап базарын,  
Ғаламның ашып ажарын,  
Ақылды бол, нұрлы бол,  
Тазасы бол тазаның.

Батасын алып бағамын,  
Өзіңе тартып назарын.  
Еліңнің бол алдында,  
Меңгеріп әлем ғажабын.

\* \* \*

Тек елім деп атырар атар таңын,  
Қиын-қыстау, қым-қуыт сапарда мың.  
Біздің қазақ қашанда ерлігінен  
Қапсыз тани білген қаһарманын.

Тау боп, тіпті, шың-құз боп көрін, мейлі,  
Қолыңда ұста төрт әлем төрін, мейлі.  
Біле білсең, халықтың сүйініші,  
Ықыласы қарызға берілмейді.

Көкке жалғап көкжиек көбегені,  
Ел жолында іс істеп өнегелі,  
Бергені бар, еліне берері бар  
Ерлер ғана бұл сыйға бөленеді.



## СЕЗІМНІҢ ТУҒАН КҮНІНЕ

Бала деген – періштесі тірінің,  
Былдырынан бал тамады тілінің.  
Тәттілігің тәнті етеді біздерді,  
Бәрімізді мәз етеді қылығың.

Иісің – жұпар адам жанын жаулаған,  
Өркен жайшы бал құрақтай қаулаған.  
Балапаным, түрің бізге ерекше,  
Әсет деген ақ көкеңнен аумаған.

Гүл секілді үлпілдеген бүр жарып,  
Ай секілді көрінетін түнде анық.  
Бір жасына толған тойы Сезімнің,  
Қызығынан жүрмеңіздер құр қалып.

Ұлылығын саған тілеп ұлының,  
Биік болсын деп тілейміз тұғырың.  
Жанның нұры, төрдің гүлі ақ қызым,  
Туған күнің құтты болсын, құлыным!

\* \* \*

Қылығымен мәз етіп қанша адамды,  
Дуылдатып төрімді, шаршы алаңды.  
Келгеніңде алдыңнан ата-әже деп,  
Ұмыттырар бір сәтте шаршағанды.

Аймалайды, сүйеді, аялайды,  
Бал тілінен бал-шырын аямайды.  
«Араздасып» әкесі, шешесімен,  
Қас қағымда бізді кеп саялайды.

Қолыңдағы бар затқа таласады,  
Не істесе де, өзіне жарасады.



Соны ғана тыңдайды біздің үйде,  
Барлық адам сонымен санасады.

Шырайланып, құлпырып гүлді реңі,  
Қас қағымда бірдеңе бүлдіреді.  
Сүйегіңді балқытып қылығымен,  
Шаттанғанда Күнді де күлдіреді.

Бақ құшады аялап төрімді шын,  
Өзгеріп-ақ кетеді өмір-мүсін.  
Шаңырағым шаттықтан шалқаяды,  
Көкжиектен биіктеп көңіл құсым.

Өз-өзінен шешіліп темір түйін,  
Шаттық шалқып, тербейді көңіл күйін.  
Толды жасқа Іңкәрім, айдынында  
Ай нұрына шомылған көгілдірім.

\* \* \*

Елуімде сесі кетпей семсердің,  
Алпысымды өн әлдилеп еңсердім.  
Жетпіске де жетсем жайып желкенді,  
Сексенімде сөйлдесе сері көңілім.

Осы ой кезіп белес, өмір шатқалын,  
Келем өнер аласартпай аспаным.  
Алпыс жасым – алпыс қадам басқаным,  
Сөт секілді өте шыққан қас қағым.

Өткен күндер арғымақтай ойқастап,  
Көз ұшына барады ұзап бой тастап.  
Төресіндей төрін сыйлап тұр бүгін,  
Ойландырып ойшыл жасың ой тастап.

Барын жасап тіршілікте амалдың,  
Қыңырына құрсау салып заманның.



Алдаспанның алқымында алысып,  
Алпысында алынбаған қамалмын.

Босағасын енді аттап баспаның,  
Басталғандай өмір-жырым, дастаным.  
«Алпыс жасың құтты болсын!» дейді жұрт,  
Мен әлі де жігіттік-ақ жастамын.

Иә, иә, дәл осындай күйдемін,  
Алыстарға жалғап жатыр үйдегі үн.  
Мені әлі де жетелейді сан арман,  
Мен өмірді сонысы үшін сүйгенмін.

Бірге жүзген өмір шалқар айдынын,  
Асыл жар бар, ұрпағым бар – Ай, Күнім.  
Елім берген еңбегіме бағам бар,  
Басты осылар – бақытым мен байлығым.

Байлық жиып, қазынаны қаптамай,  
Жүрген жанды, о, Тәңірім сақтағай.  
Дос-жаранды ардақтаумен келемін,  
Басқаның да ала жібін аттамай.

Алпыс деген асқар тау ма, белес пе,  
Жетпіс, сексен – алдағы ауыл емес пе.  
Бүгін шыққан мына биік ұқсайды  
Үлкендіктің алдындағы елеске.

## ҚҰМ СЕКІЛДІ ТІРШЛІКТІҢ ӨЗІ ДЕ

Болымсыздық атомдары түйіршік,  
Құм – құйындар тұрғызатын үйіншік.  
Қызыл мидай араласып аспан-жер,  
Долы-дүлей құм боратып қиыршық.



Қуатына, өзіне-өзі сенгендей,  
Жұта салар ізіңді де дем бермей.  
Тылсым күшін баянсыздықтың  
Сусыма құм танытқысы келгендей.

Данаға да, данышпанға, сұмға да  
Тұрақ болған көшіп жатқан құм дала.  
Басып кеткен ізіңді де сәтінде,  
Болмағандай жоғалтатын құм ғана.

Қасқырдың да ізі қалмай азулы,  
Барқан құмдар көше-көше қажулы.  
Қиналдық-ау оқи алмай, нышан жоқ,  
Жел сипалап құмға жазған жазуды.

Құм бейненің шимайына көз іле,  
Ойға қалдым бұл жалғанды сезіне.  
Баяны жоқ, бүгін бар да, ертең жоқ,  
Құм секілді тіршіліктің өзі де.

Тіршіліктің оқы қанша құтпанын,  
Құм ашпайды тұңғыыққа тұтқанын.  
Құмның қаупін бар тіршілік біледі,  
Сан ғасырды, сан тарихты жұтқанын.

\* \* \*

Тірлік көссе басыңнан томағалы,  
Жүрек-сағат дүрсілін доғарады.  
Жер бетінде мәңгілік қалған жан жоқ,  
Топыраққа қайтадан оралады.

Енді кезің келгенде тазаратын,  
Ақ сауыттап кигізіп тажал атын,  
Ақыл менен өсиет артағыға,  
Жақсы, жаман қалады аманатың.



Тоғышарлау топ болар тойған адам,  
Ақымақтық – ақылға бойламаған.  
Отаным деп мақтанып еңбек етіп,  
Із қалдырар соңына пайдалы адам.

Отан десе, ойшылдай ойлана алам,  
Отан үшін тас қашап, қой да бағам.  
Адам деген – мезгілдік ғұмыр ғана,  
Отан-ана – мәңгілік, ойлан, адам!

Төр сыйлаған, қалдырмай босағада,  
Үнін тыңда бүгіннің, бота бала.  
Күтетін де аялап, айнымайтын,  
Сатпайтын да өзіңді – Отан-ана.

Отан – анаң, шығарма жиі есіңнен,  
Шашпа ырзығын, сақтан сен киесінен.  
Биік ұста рухын, намысын да,  
Шаттығында шапағат күй естілген.

Бабаларым аңсаған басты арманы,  
Болсын биік бақытты баспалдағы.  
Кешсе екен рахат күн халқым аман,  
Отанымның жалғасып дастандары.

\* \* \*

Дүние-боқ қуғандардың дүрмегі,  
Шетелдікке ашып қойды іргені.  
Ұры иттей сұмырай мен сүңейдің  
Жанға батты төрде таптап жүргені.

Қайран далам, шексіз жатқан шерменде,  
Бар байлығым қазағым деп келгенде,  
Жер-анам-ай, төсің ауырып жатыр ма,  
Шеттен келген сұғанақтар емгенде?



Мына жатқан көз жетпейтін қиырды-ай,  
Бермек пе ылғи алаяқтар шиырлай?!  
Қанша иіп бермейін-ақ десең де,  
Сорып жатыр тоқпен сауған сиырдай.

\* \* \*

Сырбаз, дархан, даладай паң,  
Сыйған бойға барлығы.  
Шаттық сыйлап, нұр құятын  
Сері менен салдығы.

Әрі әнші, әрі күйші,  
Текті өнердің серкесі.  
Сертке берік, бітім бөлек,  
Сал-сері – елдің еркесі.

Көтеріңкі көңіл сыйлап  
Рухани жаршысы,  
Күнкөрісін Құдай берген,  
Кең даланың әртісі.

Тәберіктей мұрасы елдің,  
Жеткен үзбей сәттісі.  
Сал-серілер – елдің көркі,  
Дәстүрімнің тәттісі.

\* \* \*

Ақын деген – қалың ойдың орманы,  
Адалдықтың, тазалықтың қорғаны.  
Біле білсең, ақындардың, ағайын,  
Тек елім деп жазылады соңғы өні.

Ақын деген – күрделі әлем, басқа адам,  
Адалдықтан, әділдіктен қашпаған.



Күні кеше ел айрылған кезде де  
Батыры қол, ақыны сөз бастаған.

Ақындардың көңіл-көзі көреген,  
Білгің келсе, оқы тең-тең сөреден.  
Ақын – қыран, самғап жүріп көретін,  
Қыбырлаған жердегіні төбеден.

Жерде мұнай, алтын, күміс, бай мысы,  
Кедей, мейлі, құл ма, әлде бай кісі,  
Бәрі ортақ ақын жанға солардың –  
Қуанышы, қасіреті, қайғысы.

Ақын деген – сөз тамыры, өзегі,  
Ойы кемел, бар әлемді кезеді.  
Ойламаған дүниені бажайлап,  
Өзгелердің сезбегенін сезеді.

Ақын деген – өлшеп пішер өрені,  
Басқалардың көрмегенін көреді.  
Ақын-жүрек толғанады, толқиды,  
Сөйлетеді көзіндей боп көнені.

Ақын сөзі – әннің нұрлы шапағы,  
Әсем әнмен үндес келіп жатады.  
Ақын сөзі әнмен ұшса әлемге,  
Бұл – ақынның абыройы, атағы.

\* \* \*

Татулар көп, жоқ емес жанжалдар да,  
Білімді көп, ақылды аз аңғарғанға.  
Таныстар көп, таңданам, арасынан  
Сенімді дос таба алмай сандалғанда.

Бұрын достық болатын жоғарыда,  
Бүгінгі дос ұмытқан тобаны да.



Дос болады қалтаңыз қалың болса,  
Заманы ма өзгерген, қоғамы ма?

Бастық десе, жалпаңдап жататындар,  
Дос көрініп бақытқа бататындар,  
Көбі соның – күні үшін жүрген жандар,  
Бағың тайса, дәл солар – сататындар.

Бұрын адам мәрт еді, батыр еді,  
Ойы терең, санасы ақыл еді.  
Парасаты жоғары, айбыны асқақ,  
Айтқан сөзі ұрпаққа нақыл еді.

Дұрыс әйел, қылықты қыз бар еді,  
Ерлері ерен, асқар тау, құздар еді.  
Ақсақалы – ақылдың дариясы,  
Ұлтым деген ұрпағы ұлдар еді.

Олар ақын, шешен де, тілмар еді,  
Олар барда сайраған тіл бар еді.  
Мөлдір судай таза еді ар-ұяты,  
Жағымпазды ықтырар ызғар еді.

Жарға соққан толқынды екпінді олар,  
Теперішті тең көрмей тепсінді олар.  
Тарихын да қалдырған тасқа жазып,  
Алмас қылыш, алдаспан кескінді олар.

Бүгін неге былғанып, кірлеп барам,  
Жапырақтай үсіген дірдек қағам.  
Қасиет аз, қадір жоқ, адамы осал,  
Өз-өзінен үркетін үркек ғалам.

Бағың болса, бір жүрер шер соңында,  
Ерлігі жоқ айналар ел тобырға.



Бақытың бар жолында бас тігетін,  
Байлығың бар, игерсең, жер қолында.

«Ел арасы, – деген бар, – елшілерден»,  
Сөйлесе алмай өз тілің көршілермен,  
Опасыздық, мансапқор, жалғандық көп,  
Жала, пара бел алды өршеленген.

Жарымжан қып тіл-кие құштарымды,  
Қайтем сенің ғарышқа ұшқаныңды?  
Заман кетсе сағымдай мың құбылып,  
Үш қырлы тіл аша ма үш бағыңды?

Ғылым, өнер, ілімде дабыс та мол,  
Өзге елге бермегін жарыста жол.  
Ийғыңды тең ұста білімде де,  
Шын еңбегің жеткізер табысқа мол.

Тіршілік бұл бәсеке жарыста ерен,  
Заман – ағым, қарсы жүз ағысқа ерен.  
Дүниеде үлесің, бәйгең де бар,  
Болашақтан аламан ағыс көрем.

\* \* \*

Тектілік бар, қасиет бар тегінде,  
Ерке ұлдың ер болуы тегін бе?!  
Сан асылды дүниеге сыйлаған,  
Толағайдың қасиет бар жерінде.

Сол ауылдың шаттық кернеп маңайын,  
Көз сүздіріп, тамсандырып талайын.  
Сен туғанда дүниеге шыр етіп,  
Той жасаған дүйім ел боп ағайын.

Дүбірлетіп Сарыарқаның сауырын,  
Сарыөзендік ағайындар ауылын.



Енді, міне, елу жасың тойлауға  
Келді дәйім жақын туыс-бауырың.

Бөз шықпайды асыл мақпал матадан,  
Ғұмырыңа ғұмыр қоссын Жасаған.  
Қалқабегім елу жасқа келді деп,  
Аунап түсіп жатқан шығар ата-анаң.

Бақ-дәулетің бақытыңа жол ашып,  
Жан болдыңдар ағайынға қолы ашық.  
Келесіңдер ұрпақ үшін тер төгіп,  
Тиышкенмен дәм-тұздарың жарасып.

Абырой бар, тіршілікте барсыңдар,  
Алда алынар талай асу, бар шыңдар.  
Ақ тілекпен мәңгі жұп боп қосылған,  
Бір-бірі үшін жаратылған жансыңдар.

Үлгі бастап, анық бастап аянбай,  
Еткен еңбек – өткен өмірбаяндай.  
Басты бақыт – Ерасылдай ұлың бар,  
Қос гүлің бар – Саяжан мен Аяндай.

Жарас тауып таланты мен талабы,  
Ісі оң боп, дұрыс болды қадамы.  
Бір елдегі бір мектептің басшысы –  
Ұмсынайдың «күдер үзген» адамы.

Дейтін де бар «Өмір-тірлік қамы ғой»,  
Тұлпарды да дейтіндер бар «Жабы ғой».  
Ер жігіттің еліне еткен еңбегі –  
Атақ-даңқтан биік тұрған абырой.

Айдының бар толқын ұрған ернеуге,  
Бақ-байлығын болмас ешкім кем деуге.  
Алпыс, жетпіс, сексен, тоқсан, жүзге жет,  
Құтты болсын бесті атың белдеуде!



Бел-белестің бетке алып бөктерін,  
Көңілдердің көкке орап көктемін,  
Елу аққу қайтып ұшып барады,  
Елу жылдың зерделеуге өткенін.

\* \* \*

Жаралған айбат-қайраттан,  
Жүреkte бұлбұл сайратқан.  
Қырандай – шыңда тұрағы,  
Жастарым – елдің ұраны.

Ел намысын ойлаған,  
Жанарда от ойнаған.  
Арларын биік ұстаған,  
Талапқа жетпей қоймаған.

Қанат жайып аспанда,  
Бірлігі мықты тастан да.  
Елім деп жүрген жастар көп,  
Өмірге есік ашқанда.

Мінезі жібек жаралған,  
Жүрегін кернеп ақ арман.  
Жастарым – елдің тірегі,  
Тағдырын елдің жаза алған.

Сұңқардай талмас қияғы,  
Тұлпардай тозбас тұяғы.  
Иманды жастар келеді,  
Ардақтар Отан-ұяны.

Көрінген биік белдерден,  
Еңсесін елдің теңгерген.  
Озады біздің бауырлар,  
Тәсілін әлем меңгерген.



Елдігін танып Құрандай,  
Бірлігін айтып ұрандай.  
Ұрпақ бар, ал деп ұрандап,  
Құрбандыққа тұрардай.

\* \* \*

Найзағайдан қамшы жеп жылай-жылай,  
Түйдек-түйдек бұлт көшіп бара жатыр.  
Барын сеуіп, бойында дымы қалмай,  
Қара бұлтқа орнады заманақыр.  
Бұлт секілді адам да жауып-жауып,  
Қара жерден тұрақты табады ақыр.

\* \* \*

Мыңмен жалғыз алысатын, жүзбен де,  
Батыр халық бар ма екен бізден де?  
Аштықта да жұртқа бөлген тұз-дәмін,  
Дархан халық бар ма екен бізден де?

Таңба салып тасқа тарих тізгенде,  
Баба салған жаңылмаған ізден де.  
Сан ғасырдан аман-есен жеткізген,  
Зерек халық бар ма екен бізден де?

Айтысатын үлкен-кіші, қызбен де,  
Ақын халық жоқ басқа, бос ізденбе.  
Сәл нәрсеге бола өкпелеп қалатын,  
Бала көңіл халық бар ма бізден де?

Қысым көріп алыс-жақын, түзден де,  
Қырып-жойып қаймақтарын сүзгенде,  
Болашақтан бір де үміт үзбеген,  
Жарқын халық бар ма екен бізден де?



Әділдігін шешіп берген бір демде,  
Басқалардан біздің билер бір кем бе?  
Атасының құнын кешкен бір сөзбен,  
Кешірімді халық бар ма бізден де?

Атттан түсіп, берген жаяу жүргенге,  
Мұндай халық жоқ әлемде білгенге.  
Қонағына жалғыз атын соятын,  
Қонақжай ел бар ма екен бізден де?

Сал мен сері, күйші, әнші жырмен де,  
Алғыс алған кәрі-жастан, сізден де.  
Құр алақан емес халық діннен де,  
Тілге шешен ел бар ма екен бізден де?

Дария көңіл кең жайылған іргемде,  
Басын қосқан сан ұлт, артық жүзден де.  
Тәуелсіздік туын көкке көтеріп,  
Бірлігі асқан халық бар ма бізден де?

\* \* \*

Арайлап атқан ақ таңда,  
Жаңғырып тау-құз шатқалда,  
Сүйінші деді бар әлем,  
Жақсылық хабар жатқан ба?!

Көңілім тұрды жайланып,  
Сөз түспей, тілім байланып.  
Жер-көкке сыймай тұрдым мен,  
Бақыттан басым айналып.

Әуенсіз таңым атар ма,  
Ән салып ауыл, шаһар да.  
Сен туғанда болмадым,  
Жүрем ғой ылғи сапарда.



Сыйлайтын алыс-жақынды,  
Саналы болсын, ақылды.  
Таяныш болсын бізге деп,  
Медет деп қойдым атыңды.

Ән-жырға толып маңайым,  
Тамсандырып талайын,  
Сен туғанда тойлады  
Дүйім ел-жұрт, ағайын.

Кезінде бүгін ержеткен,  
Келесің өсіп еңбекпен.  
Ай менен Күндей жарың бар,  
Бесігін сәби тербеткен.

Тіршілік барда барсыңдар,  
Асулар бар да, бар шыңдар.  
Ақ тілекпенен жарасып  
Жаратылған жансыңдар.

Отбасың – бірлік, бақ-құтың,  
Қос қызың – алтын, жақұтың.  
Жұдызың жанар ғұмырлы,  
Сырымың – сенің бақытың.

Анаңды сыйла – ардағың,  
Жарыңды сыйла – арманың.  
Жеткізіп еңбек биікке,  
Орансын нұрға жан-жағың.

Адалдық сүйген жүрегің,  
Бабалар тартқан күй едің.  
Даламның шалқар сыйы едің,  
Ғұмырлы болшы – тілегім.

Бақыттың бастап жолдары,  
Бақ-дәулет қонсын арманы.



Құтты болсын туған күн,  
Отыз жасың ордалы!

\* \* \*

Қанша айтсаң ерте ме, кештеме де,  
Жан бар екен сенбейтін ештеңеге.  
Мақсаты жоқ, ол қалай өмір сүрмек,  
Ондай жандар адамға дес бере ме?

Сенім атты сәулелі дүниеге  
Селкеу түскен, сол үшін күйіне ме?  
Сенімі жоқ кеудеде үркек ойлар,  
Адаммын деп құр жүрген бүйі дене.

Оятқанмен санасын үміт кернеп,  
Ештеңеге сенбейді күдік меңдеп.  
Оған – жүрген адамның бәрі бұзық,  
Жүрген жанның бәрі де жүліктер деп.

Жарына да сенбейді бақытты еткен,  
Досына да сенбейді – сатып кеткен.  
Дәмін ішкен туыс та алдап соғып,  
Басың қалып, бәлеге батып кеткен.

Бұл жан еді барына байып қылған,  
Жақсылыққа құшағын жайып тұрған.  
Басы сынға түскенде, қызметтес  
Мұны сатып, әп-сәтте тайып тұрған.

Мақсатына сенбейді алдайды деп,  
Байтал түгіл бас қайғы, жан қайғы деп.  
Өз ұлтына сенбейді, қорқыныш бар,  
Асылдарын ардақтай алмайды деп.

Салт-дәстүрге сенбейді қала ма деп,  
Оны өзге жұрт қадірлей ала ма деп.



Осы күнгі қазақтың ақыл-ойы,  
Парасаты төмендеп бара ма деп.

Түбі айтқаным келеді, қара да тұр,  
Жақын қалған сияқты заманақыр.  
Бір сенерім Алла еді, дінім – ислам,  
Сол дінім де сан саққа бара жатыр.

Оһо дедім, үрейлі ұрандарың,  
Тіл тигізбе, болды енді, сұранғаным.  
Аллаға сен, ислам – ең таза дін,  
Кітапты оқы киелі Құран Кәрім.

– Ей, танысым, – дедім мен, – имандасым,  
Күйзелгенсің сен, сірә, қиналғансың.  
Сенім деген сәулені сөндіріп ап,  
Ауырғансың, сен әлде жынданғансың.

Сеніміңе ізгілік ілескенде,  
Орындалар бар арман-тілек сенде.  
Болашаққа жол бастап, жеңеді тек  
Сенім ғана өмірде күрестерде.

## НЕМЕРЕМ СЫРЫМҒА

Құйылған күй, жыр атың,  
Жалғасымсың, мұратым.  
Ақылды бол, айбарлы,  
Ел жолына тұратын.

Баталы бол, дәулетті,  
Жан-жақты бол, әулетті.  
Ұлым десін өзіңді  
Тәуелсіз ел сәулетті.



Кең жайылған керегем,  
Асып-тасқан кенерем.  
Атым мәңгі өшпейді  
Өзің барда, немерем.

Ажарысың үйдің сен,  
Бұрауысың күйдің сен.  
Қадір түнін сүйетін  
Дәруіштей сүйдім мен.

Биік болсын тұғырың,  
Жолың болсын, құлыным.  
Сырым деп ем атыңды,  
Бағын берсін ұлының!

## ҰЗАТЫЛҒАН ҚЫЗДЫҢ ҚОШТАСУЫ

Ойламаппын, жастық шақ, өтеріңді,  
Жіңішке ғой қыз жолы көтерімді.  
Аялаған ата-ана, балапаның  
Ұясынан өзінің көтерілді.

Сайрандаған саябақ самалы едім,  
Кен даланың кермиық маралы едім.  
Құс ұшырмай басымнан асыраған,  
Адал емген ақ сүтін балаң едім.

Жаңа жолға, жаңа өмір бастап барам,  
Бала ғұмыр бақшанды тастап барам.  
Ата-анамның қия алмай алақанын,  
Босағамды киелі аттап барам.

Қандай жақсы, ел-жұртым, келгендерің,  
Бақытым да, байлығым сендер менің.  
Аман болшы, ағайын, үлкен-кіші,  
Аға-жеңге, соңымнан ергендерім.



Қос жүректің қосынын қоса білген,  
Қол ұстасып барамын қосағыммен.  
Амандасып, ағайын, кеп тұрыңдар,  
Жолдарыңды әрқашан тосамын мен.

Қадірлейтін ел едің ас иесін,  
Аруаққа салтым бар бас иетін.  
Қош, аман бол, қалың ел қабырғалы,  
Ұлықтайтын Ұлытау қасиетін!

\* \* \*

Жан-төніңмен қуған едің,  
Таптың байлық көкесін.  
Сол байлыққа жету үшін  
Жолдың таптың төтесін.  
Болдым дейтін пенде бар ма,  
Түбіне қашан жетесің?  
Байлығыңды о жалғанға  
Қалай алып өтесің?  
Бұйырары – бір қадам жер,  
Мәңгі мекен етесің.  
Бар болғаны екі құлаш  
Шүберекпен кетесің.  
О жалғанның қақпасында  
Амал табар ма екенсің?!

\* \* \*

Жарқырайды ажарлары ақ таңдай,  
Ақын сүйген сұлулықты мақпалдай.  
Батқан күндей ақын өтсе өмірден,  
Өлеңдері төрге шығып жатқандай.

Ақын өтсе, қамықпа, дос, қамықпа,  
Ізі қалар аламанда шабыста.



Өзі сыйып кеткенімен бойымен,  
Ақындығы сыя қоймас табытқа.

Көңілдерден көлбеп түссе көлеңке,  
Шабыт шіркін желік берер жел ерке.  
Жүрегіне салмақ салма, қайран ел,  
Ақындарға тарлық етпе, кең өлке.

Күнде күйіп, отқа түскен заманда  
Бар еңбегін арнап өтер адамға.  
Қайғыға да, қалың сорға шыдаған,  
Бақыт шіркін жалт бұрылса табанда.

\* \* \*

Үрей де бар, үміт көп,  
Бақытын сенім уатқан.  
Бүгінгі батыр уақыт  
Кешегіні құлатқан.

Бұл дегенің – күштілік,  
Күштілік – даңқ мәңгілік.  
Күш деген – ерік, бостандық,  
Сан қылық жасар жаңғырып.

Ал құпия ертеңге  
Арнадық, шаһар салғыздық.  
Ал құпия жапанда,  
Бітеу үйдей жалғыздық.

Ертең деген – үнсіздік,  
Білмесең, жүрме пірсініп.  
Ертең деген, жамиғат,  
Құрсақтағы тіршілік.

Міне, ертеңгің жауапсыз,  
Ойланар тұқым, тұқия.



Сырын ашпай сықырлар  
Сырсандықтай құпия.

\* \* \*

Шын тұлға ойлап еңбек, жұмыс жайлы,  
Өз-өзін ақ алмастай құрыштайды.  
Соңында көрінгеннің пайда іздеп,  
Жүруге көлеңкеде тырыспайды.

Көбіне қарсы жүріп ағыстарға,  
Қол созып армандарға, алыстарға.  
Шындықпен жолдас болсаң, көрерің сол,  
Шегесің өзің зардап таныстарда.

Харам жол – басқа бағыт таңдасаңыз,  
Ол жолда бәрі де бар, аңдасаңыз.  
Білсеңіз, оның бәрі уақытша,  
Ит тірлік неге керек далбасаның?

Тек шындық шын шарапат сыйлай алар,  
Абырой, атақ, данқ та жинай алар.  
Құр қорқақ, харам ниет болсаң жаман,  
Өледі ең алдымен идеялар.

\* \* \*

Өттің-ау, өмір, жасадық талай білместік,  
Жаман күнде де жақсылық үшін тілдестік.  
Пенделік шіркін жүрекке сырды құлыптап,  
Ұмытып бәрін, Құдайсыз қанша күн кештік.

Адамдық тауып, бірінен бірі үндестік,  
Бәріміз мынау жалғанда бірдей күн кештік.  
Өкпеге қимай жүретін қайран достар-ау,  
Қай жақтан пайда болды екен осы күндестік?



Қуанған күні жүреміз дейміз күнде өстіп,  
Бұл өзі бір сөз жатталып қалған күнде естіп.  
Не жетпей жатыр бауырдай болсақ бірлікте,  
Ренжітпейік, жауығу деген – білместік.

\* \* \*

Көз жасымды көрдің бе қамықтырған,  
Үрей шашып маңайға, зар ұқтырған.  
Шырылдаған шыбындай жаным ба әлде  
Жанарымда іркіліп қалып тұрған?

Жыр ма әлде көзімді қарықтырған,  
Ән бе әлде жүректен тамып тұрған?  
Жастығым ба айналып түйіршікке,  
Қарттығым ба аяздай қарып тұрған?

Адалдықпен асырып алып қырдан,  
Жанталасып жанымды жанықтырған,  
Махаббат па ғұмыры қордаланып,  
Кірпігіме сүйеніп талып тұрған?

Осқылатқан жанымды қамшысына,  
Жақындаған жамандық жаршысы ма?  
Қайғы ма екен қасірет уын жайып,  
Кермек тартқан тағдырдың тамшысы ма?

Бұл сезім бе тамұқта жанып тұрған,  
Баяны жоқ тірлікті сан ұқтырған?  
Ақыреттік барын да алға тартып,  
Жан-тәнімді әуреге салып тұрған?

Қуаныш па көз жас боп ағып тұрған,  
Бақытым ба тамшыға малып тұрған?  
Не дейсіңдер бұл ұлға құр сүлдері,  
Тіршілікпен бетпе-бет қалып тұрған?



\* \* \*

Тағдыр жазған бұйрық па, сынақ па,  
Елге барып, мінбедім-ау бір атқа.  
Асауменен қарың талып алысқан  
Қайран жастық сығалайды жырақта.

Ақ көңілден алқа тағып бағыма,  
Қайта оралып жастық шырай шағыма,  
Алып-ұшып, алабұртып қол создым,  
Елге барып, көк бестінің жалына.

Көк белдеуден көшкен көңіл көшін ұқ,  
Көкжалменен жөнep бердім көсіліп.  
Көк теңіздей көк әлемді бетке алып,  
Қарсы соққан көк дауылды көшіріп.

Көкірегім күйге толып, төтті үнмен,  
Мынау әлем жаралғандай ақ гүлден.  
Ақ самалдан тағынып ап алқаны,  
Ақ жұлдыз боп ағып бара жаттым мен.

Алдым – самал, артым шаңға көмілді,  
Көңіл – аспан, дала-өмір көңілді.  
Аттың үсті – тал бесігім тербеткен,  
Шар бұлт – бейне нар аунаған шөгінді.

Торғай біткен алға озып түсе алмай,  
Бір қарлығаш мені сүйіп құшардай.  
Мен сүрініп кетсем егер нұр далам  
Шыр айналып, көкке алып ұшардай.

Жайғасып ап дала-тақсыр тағына,  
Көңіл жамау, жан дүнием қамыға,  
Дала күйін тартқан кезде қосылып,  
Мен былай деп күбірледім тағы да:



«Тұнық көлден көлбеп ұшып көп құсым,  
Шарықтаған шар әлемге көп тұсым.  
Алқа жұртым алақайлап қол соққан,  
Мені ұмытып бара жатқан жоқпысың?»

Дедім-дағы шабысымды үдеттім,  
Жылдар өтсін, айлар өтсін, күн өтсін.  
Менің ылғи келеді де тұрады  
Өнге қосып, туған елді жыр еткім.

\* \* \*

Ұлттың бүгін, ертеңін,  
Төңір, өзің жараттың.  
Бір-бірінен нәр алған  
Тамырындай дарақтың.

Ұлттың жанын іздесең,  
Ұлағатты аз күні.  
Бала-шаға жеп кеткен  
Той секілді тағдыры.

Сөз жүзінде шындығы,  
Жанды қарыр удай боп.  
Іс жүзінде кетеді  
Құмға сіңген судай боп.

Жақсылықты жақсылық  
Туғызады үздігіп.  
Достыққа достық шақырар,  
Бірлік пенен ізгілік.

Өмірдің зергер-ұстасы,  
Мінезге кие тәубе етші.  
Қалыптайтын тағдырды,  
Өмірдің өзі сәулетші.



Мансап болса сәл биік,  
Өкшесі жерге тимейді.  
Шың басына шыққан соң,  
Тәкаппарлық билейді.

Жетіп алып биікке,  
Көңілді бір демдейді.  
Сосын тайып құлаудан  
Қорқып үрей меңдейді.

Нық қазықтай ұстайды,  
Идея, бірлік деп тұрып.  
Басталар күйреу, құлдырау  
Үзілген тұста тектілік.

\* \* \*

Жаным неге боздайды боз даладай,  
Іштен қайғы-қасірет қозғамағай.  
Ойыңды елге жасырмай айтсаң ба екен,  
Кеуденде ұстап, қапаста қорғаламай?

Көретінді көрмей-ақ өлетіндей,  
Келбетіңді көмескі көметіндей.  
Ішкі сезім қазақы тазы емес,  
Бөтен үйдің ұлиды төбетіндей.

Шарасы жоқ қасқырдың қабыланы,  
Даласында далиған жабығады.  
Ішім түгел іріген іріткідей,  
Сырым жыртық жамылғы жамылады.

Жаныңды жеп барады кеселдерше,  
Жүрісің де өзгерген мешелдерше.  
Түрің қазақ болғанмен, тұрпатың да,  
Көңіл бөтен, ойларың шетелдерше.



Шетелдіктің қолында байлығың да,  
Жаның содан батады қайғы-мұңға.  
Қазақ неткен кең жайлау халық еді,  
Айлық жетсе болады шайлығына.

Ауыр жүк бар көтерген інінде,  
Бабалардың қалдырған сыйы кімде?  
Қазақпыз деп мақтанып далиясың,  
Шетелдікі киетің киімің де.

Бір кірбің бар, байқасақ, қабағыңда,  
Беретін көп, аз ғана аларың да.  
Өз еліңде ішетін ас жоқтай-ақ,  
Шетелдікі ішетін тамағың да.

Көздің алды неге тұр тұманданып,  
Қазақ, сірә, басқаға құмар халық.  
Жалпыға ортақ қазақтың жалпақ тілі  
Үш қырлыға айналды шұбарланып.

Жер жарады қазақтың атағы деп,  
Армандаушы ең байлыққа батады деп.  
Бізден шыққан өнімді шетелдіктер,  
Өңдеп әкеп, өзіңе сатады кеп.

Оқыс ойлар жаныңды күйретеді,  
Біздің қазақ сұлбасын сүйретеді.  
Ата-бабаң кәсібі мал бағуды  
Енді келіп шетелдік үйретеді.

Қалған жер жоқ сатылмай паң далаңда,  
Бір шаршы жер бұйырмай сандалам ба?!  
Елу жылда жер асты дымы қалмай,  
Тезегін де шетелдік малдана ма?



Не айтасың азалы ғасырыңа,  
Кез болдың ба заманның тасырына?  
Бәйге деген қазақтың тор төбелі  
Басқалардың жол берді жасығына.

Құмайың да қақпайды аңды бүгін,  
Санаңды да өңгүдік алды бір үн.  
Жанды тербеп, өзекті өртеп өтер,  
Өн өзгерген, күйде тек қолды күбір.

Төбемізден келеді төніп ақыр,  
Не салса да қазағың көніп жатыр.  
Шекараның шеңбері бекем деп ең,  
Шекарашы шебінде өліп жатыр.

Асқақтаумен тұратын тау алдында,  
Неге бөсең, оны да жау алды ма?  
Мейір қанбай жұтатын жұпарынан,  
Шетелдіктер былғады ауаңды да.

Тәуелді етіп қазақтың күн, айын да,  
Шетел алды жер асты мұнайын да.  
Сатып алам демесе болғаны енді  
Шетелдіктер қазақтың құдайын да.

\* \* \*

Болғам жоқ бөтен, өгей де,  
Жинадым атақ, абырой.  
Аттасам ұят демей ме,  
Жеке бастың қамы ғой.

Шақырды мені Алматы,  
Шақырған тіпті Астана.  
Барамын десем, достар бар  
Табамын деген баспана.



Келсе де бақ пен байлыққа,  
Биікке шығып, жолыққым.  
Ел менен жерді аттауға  
Аруағынан қорықтым.

## БЕСІГІ ҚАЗАҚ ТЕРБЕЛГЕН

Сүйсіне қарар, сүйіне,  
Жан – ерекше дүние.  
Өзіңнен пәк әрі тыс,  
Мәңгіліктің күйі ме?

Рух – жанмен бір ұғым,  
Мекендер кеуде құбырын.  
Бір Алла оны біледі –  
Жасайтын қанша ғұмырың?

Құсындай ұшқан азат күн,  
Ат үсті – жұмақ, ғажап тым.  
Дегенің рух, жан болса,  
Жүйрік ат – жаны қазақтың.

Қомында түйе көшкен ел,  
Жалында жылқы өскен ел.  
Ерлері жылқы мінезді,  
Тағдырлар талай шешкен ел.

Ер Қамбар ата ұраны,  
Қазақтың қанат, пырағы.  
Машина қанша мінсем де,  
Сені іздеп жаным тұрады.

Заманға кез боп нарықтық,  
Машина мініп жарыстық.  
Дала мен қазақ мерейі  
Өзіңсіз болмас, жарықтық.



Еркесі еркін даламның,  
Тағдырыңа алаңмын.  
Жұмырында кетер ме екенсің  
Ғаламданған заманның?

Даламның жылқы – пырағы,  
Самғайтын көңіл қыраны.  
Бостандық, теңдік, елдіктің,  
Ерліктің символ шынары.

Құмары сал мен серінің,  
Елшісі батыр елінің.  
Ел айрылған күндерде  
Тұлпарлар болған серігің.

Бәйгеге атын қосқанда,  
Рухы шығып аспанға,  
Өнге айналып өмірі,  
Жазылған жыр мен дастан да.

Асқарға асу теңеп тек,  
Әспеттеп өскен ерек көп.  
Атадай алда ұлықтап,  
Баладай асыл өбектеп.

Салтың да болмас кем деуге,  
Сәйгүлік тұрса белдеуде.  
Төніңмен бірге жаралған,  
Жүйрік ат – жаның кеудеңде.

Қайшылап тұрған құлағын,  
Шылбырын тастап құланың.  
Кешіре гөр, киелім,  
Заманның міндік пырағын.

Етіңді салып кіреге,  
Қазыңа көз сап жүре ме?



Тұлпар арып, тулақ боп,  
Күл тасып өмір сүре ме?

Қапаста тауып амал мың,  
Есігін бұзған қамалдың.  
Қадірін жылқы біле ме  
Бүгінгі қуы заманның?!

Өткізген апат, селдерден,  
Жалымен желпіп дем берген.  
Ат үсті – сән мен салтанат,  
Бесігі қазақ тербелген.

## АЛҚАСЫНДАЙ ҚАЗАҚТЫҢ АЛТЫНДАҒАН

Керегесін кең жайып шаттанған ел,  
Шаңырағы алтынмен апталған ел.  
Бақытына бастаған сан тарау жол,  
Даласында гүл сайран сақталған ел.

Бақ-байлығын баптаған уысында,  
Табындырған дұшпаны, туысын да.  
Парасат пен бірлікке ақыл ұйып,  
Абыройлы ел асқақтап туы шыңда.

Рухы мен ұлы ісі бастасып бек,  
Жақсылықтың жаршысы жақтасын деп.  
Еуропа тоғышар мойын бұрды,  
Ұлы құрлық Азия қақпасы деп.

Құл-құтан деп жасаған масқараны,  
Жылымқұрттар жанары жасқанады.  
Көру бүгін оларға арман боп тұр  
Хор қызындай құлпырған Астананы.



Тәуелсіздік өмірдей төттілігі,  
Ұлттар бірлік сақтаған пәктілігі.  
Астана – бұл Елбасы тұңғышындай,  
Бесігіне бөлеген сәтті күні.

Биіктіктің бұл күнде өрі болған,  
Ынтымақ пен бірліктің жері болған.  
Беу, Астана, жүрегі Отанымның,  
Алты алаштың ардақтар төрі болған!

Аңыз қала, өз қала асқаралы,  
Жаңа өмірді жөн өзі бастағаны.  
Бабаң тартқан күйіндегі балаң үні,  
Ана-жүрек әлдилер Астананы.

Бақытқа елін Елбасы бастап бүгін,  
Туын ұстап тұғыры асқақ бүгін.  
Мысы басым әлемге Ақорданың,  
Кеңге салған аумағы ат шаптырым.

Тәңір өзі ұрпаққа нәсіп еткен,  
Тағдырлы ел тарихы көшіп өткен.  
Хан шатыры Есілдің жағасында,  
Бабалардың ерлігі кешіп өткен.

Көзін тіккен бар ғалам бастамаңа,  
Тәңір салған назарын Астанама!  
Таланттыға талпынған бесік болған,  
Адал емген ақ сүтін жас балаға.

Ару қалам, ай қалам, анамдайсың,  
Кең жазира, кермиық даламдайсың.  
Ана тілі, дін, ділі өлмес үшін  
Тағдырына елімнің алаңдайсың.

Қапияда күн кешпей қалтылдаған,  
Елбасым бар алмастай жарқылдаған.



Ақ шағала Астана – жағалауда,  
Алқасындай қазақтың алтындаған.

Сәукеледей сәулетті тұнған дара,  
Тербетіліп бақытқа тұрған қала.  
Елі қолдап, Елбасы шешім етіп,  
Қалауымен жүректің құрған қала.

\* \* \*

Ақылдан аздық солдық па?  
Тарихқа әлде қорлық па?  
Бұл күні аза тұтушы ек,  
Тойлайтын кейін болдық па?

Қаралы бұл күн – аза күн,  
Тұлғалар өлген қаза күн.  
Қаймағын түгел сыпырып,  
Құр сумен қалған қазаным.

Тарихтың біліп ғажабын,  
Ел кешкен біліп азабын.  
Құраннан кейін ән салған,  
Бұл тағы қандай мазағың?!  
О, Алла-ай!

Дала да бүгін өзгерген,  
Қала да бүгін өзгерген.  
Дана да бүгін өзгерген,  
Сана да бүгін өзгерген.  
Бала да бүгін өзгерген.  
О, тоба!

Несіне сонша қамықтық,  
Құраннан кейін бір аунап  
Ән тыңдайтын, жарықтық,  
Аруақтар да өзгерген.



Басына тартпай пайданы,  
Ұлт үшін болған майданы,  
Елімнің қайда қаймағы?!  
Ұғымы аздау ұрпақты  
Ұлтсыздық ұғым жайлады.

\* \* \*

Жүректің сілкіп наласын,  
Құлпыртып жер-көк арасын.  
Ұрпағың келді, ел-жұртын,  
Қуантып ата-анасын.

Сыйласа, тағдыр сыйы көп,  
Ұрпақтар келсін жиі, көп.  
Қазағың айтқан: бала үні –  
Бабаңның тартқан күйі деп.

Тағынып алқа ақ шықтан,  
Орнықты көңіл аптыққан.  
Ата-ана бүгін мәз-мейрам,  
Айналып басы шаттықтан.

Көңілге еккен гүл шығып,  
Жұпары мақта тұр сіңіп.  
Нұрына шомып Алланың,  
Өмірге келді тіршілік.

Сүйінші сұрап бақтар шын,  
Кең дала түгел, жақпар шың.  
Құшағына алып құзырлы ел,  
Құпиясын саған ақтарсын.

Күн ұя көкке салғанда,  
Қош келдік мынау жалғанға.  
Күн секілді көкке өрлеп,  
Шуағың түссін жандарға.



\* \* \*

Қанша ғасыр көміліп көл шөгірмен,  
Жоталанып, сыр ашпай төңкерілген.  
Есік қорған бауырында сақтап келген  
Ханзаданы алтынмен көмкерілген.

Белгілі қылыш, найза, күрзісінен,  
Оюлар да қазақтың үлгісінен.  
Қазағымның негізі сақ тайпасы,  
Алтын адам – сол дәуір үрдісінен.

### ӘСЕТТІ ЕСКЕ АЛУ

Жүруші едің еліктейін еркелеп,  
Ғұмырыңды кім ойлаған келте деп.  
О, дариға-ай, опасыз, сұм жалған-ай,  
Асықтырып алып кеткен ертерек.

Бұл Тәңірдің сынағы ма қинаған,  
Неге алды сыйын бізден сыйлаған?  
Қандай ғана өкінішті, дариға-ай,  
Мынау жалған кең дүниеге сыймаған.

Тұнған жақұт тұла бойың, түр ерен,  
Арманыңа жетпедің-ау тілеген.  
Тірі болсаң, қанатымда ұй болып,  
Думандатып отбасыңмен жүрер ең.

Жақұт оран, шомыл, мейлі, алтынға,  
Алла өмірдің өлшеп берер парқын да.  
Тірі болсаң, қырық бес жаста болар ең,  
Бейнең қалды сол он жеті қалпыңда.

Бар ғұмырың аз күнменен шектеліп,  
Алла күшті, біздің қолдан кетті ерік.



Тағдыр салды, біздер көндік, не шара,  
Сені ойласақ жанарға жас кештеліп.

Жан-күйемді көрсең түгел ақтарып,  
Сенің қалған бар қылығың жатталып.  
Құйып кеткен қорғасыннан мүсінің  
Жүректе тұр мәңгілікке сақталып.

Дөніндей боп жарға шыққан тарының,  
Білмей кетті, білмей өмір парығын.  
Жұпар шашқан жұмағыңнан, Төңірім,  
Орын берші, жайлы жатсын жарығым.

## АНАҒА

Ана – құдірет, ана – сән,  
Тіршіліктің тірегі.  
Ана – дастан, ана – ән,  
Кең даладай жүрегі.

Шуақ төгіп көзінен,  
Алақаны аялы.  
Сүрінбесін балам деп,  
Жапырақ-жанын жаяды.

Аналар мұңға батпасын,  
Аялап, соны аялық.  
Құлыным аман өссін деп,  
Жаулығын еткен жаялық.

Анадан асқан жан бар ма,  
Санаңа сәуле құятын.  
Жақсылыққа жол бастап,  
Жамандықтан тыятын.



Ана жүзі – аппақ Күн,  
Шуақ сеуіп маздаған.  
Аты арып, тоны тозса да,  
Аналар төзген, азбаған.

Ақ сүт беріп мәпелеп,  
Қыр гүліндей өсірген.  
Анадай асыл жан бар ма,  
Қатемізді кешірген?!

Алланың өтеп парызын,  
Бас қосып бірге өкеммен,  
Өтелер ме қарызың  
Өмірге бізді әкелген?!

\* \* \*

Кесемізге тұнбасын сордың құйдық,  
Болғаннан соң Тәңірден сол бір бұйрық.  
Бойкүйездік жайласа мәңгір басты,  
Пайдаланып өтеді шолжың құйрық.

Тұнығы тұр тыныштық лайланып,  
Аласапыран күн-құйын шыр айналып.  
Жарыместің қасында жарымес жүр,  
Жарымжанға қарайды құдайланып.

Отырсаң да жек көріп жылмыңдайтын,  
Алдасаң да қиналмай қылмыңдайтын.  
Көлгірліктен көлгірлік су ішеді,  
Күн бола ма нәпсіні шынжырлайтын?

Парасатқа киіліп нән ауыздық,  
Ақылыңа айланы қарауыл қып.  
Алғаусыздық бар жерде әділет жоқ,  
Алдаушылық бар жерде – алауыздық.



Кешегіден бүгіннің әңгі есегі,  
Көкейінде көмілген зәрлі есебі.  
Қоғамдағы қоқыстың қолжаулығы,  
Адамдары дүдәмал хал кешеді.

Кім тонады, көңілдің ғажабы аз,  
Заман зулап барады, базары мөз.  
Жаным бүгін басқаша күй кешеді,  
Кісісі көп заманда, адамы аз.

### ҰЛЫ ДЕГЕН БІР СӨЗ ЖОҚ БАСҚАСЫНДА

Сарыарқаның жайғасып өркеніне,  
Тал, қарағай, қайыңмен көмкеріле,  
Алты алаштың Ұлытау – шежіресі,  
Бар мұрасын сақтаған ертеңіне.

Қатпарына түренім салынбаған,  
Тарихымның қамалы алынбаған.  
Ұлы Дала кіндігі Ұлытауда  
Ұлылар тек мәңгілік дамылдаған.

Әр күн сайын батқан күн, ала таңы,  
Ұлытаудан шапағат таратады.  
Болашақтың тербеген тал бесігі –  
Әлдилеген анаңдай алақаны.

Сағымдары тұс-тұстан кілем керіп,  
Жері жәннат, құлпырған рең беріп.  
Қазақтардың бар тауы бастау алған  
Ұлытаудан, байқасаң, сілемденіп.

Адамдықтың түскенде құны дауға,  
Басын қосқан бекініп ұлы жауға.



Бүтін алаш ұлысы ұран салып,  
Таңба салған, ант беріп Ұлытауда.

Ұлы Дала жазылған таспасына,  
Атауы бар әр таудың бас-басына.  
Қанша мұзарт болса да биік-биік,  
Ұлы деген бір сөз жоқ басқасында.

### КЕЛІНІМ МАРТАҒА

Ерекше күн көктемдегі нұры ізгі,  
Наурыздың сегізінші жұлдызы.  
Тойлап жатыр, туған күні оның да,  
Алла сыйы – бізге берген үр қызы.

Жүрегінде үміт оты жанғанда,  
Жол береді ұлы сезім талғамға.  
Медетіммен қол ұстасып, бас қосты,  
Ақ ниетін жалғап биік арманға.

Киелі жан – келін деген бақ баулы,  
Әркім киер өзіне тон шақтаулы.  
Оңай емес бөгде жерде жауапты,  
Рулы елге келін болу мақтаулы.

Адамдыққа ардан алқа тағып ап,  
Өмірің гүл, көңілің нұр жадырап.  
Бала үні, бабаң тартқан күй ойнап,  
Шалқығанда шаттанады шаңырақ.

Жастық өтті, бойжеткен кез жел өпкен,  
Бүгін гүлдер құлпырады сен еккен.  
Әр сәтіңді бақылайтын уақыт,  
Әр кезіңді өткізеді електен.



Көңілің – көл, кенерең – кең жағалау,  
Бір тал келін, Ай мен Күндей дарам-ау.  
Өңіріңді мың орасын гүл тәжі,  
Өміріңде бақытты бол, балам-ау!

## ҚЫЗ ҰЗАТЫЛҒАНДА

Қуанышқа толды бүгін бос алаң,  
Шаттығына мен де шуақ қоса алам.  
Табалдырық – таудан биік, киелі,  
Мықты болсын, құтты болсын босағаң!

Не істесең де, адал іс ет сауапты,  
Ибалысың, білімің бар, сауатты.  
Бір әулетте нардың жүгін көтеріп,  
Келін болу – мақтаулы да, жауапты.

Мол сыйласын Тәңір саған несібін,  
Ақ отаудың көкке көтер есімін.  
Шаңырағың бақ-байлыққа шомылып,  
Сәби үні тербеп тұрсын бесігін.

Қос арнадай қосылып бір ағатын,  
Қос әуендей қосылып бір салатын,  
Құс секілді қанатын бір қағатын,  
Өз теңіңді тауып бірге барасың.  
Қос жүректің тәңір қосқан арасын,  
Ақ сезімді адалдықтан табасың.

Отауыңа бақ дарып, құт байлансын,  
Ақ сезімнің жұмағына айналсын.  
Өскен ұрпақ, өрісі кең ел болып,  
Ақ ордаға, бақ ордаға айналсын!



## ӘН – МҰРА, ӘНШІ – ОНЫҢ МҰРАГЕРІ

«Мәдениет, өнер саласының үздігі» төсбелгісінің иегері,  
эстрада әншісі Зәуреш Омароваға

Жан сырының ашпаған құлпын әлі,  
Сыбызғыдай сырлы әуен құлпырады.  
Қыран қиял қиядан қанат қақса,  
Асау жүрек атой сап бұлқынады.

Жарқырап аясында самал шамның,  
Ән тыңдаса, мынау ел табар тағылым.  
Бір бүршігі құлпырып бүрін жарса,  
Мың жүрегі соғады Сарыарқамның.

Ән – мұра, әнші – оның мұрагері,  
Сұлулыққа сүйсініп тұрады елі.  
Күн аймалап, Ай сүйіп ақ арманды,  
Ән тыңдасын Арқаның құба белі.

Алтын кірпік таң сілкіп шерін қайғың,  
Жан тазарсын шомылып сезімге айдын.  
Жеті бұрым өрген қыз Жетісуда,  
Шағаладай шалқиды көзінде айдың.

Жан тербесін аялап ерке үнімен,  
Қалықтасын ән-қайық, желкені кең.  
Ақ бидай өң ерке қыз шықсын төрге,  
Хор қызындай оралған ертегіден.

## МӘҢГІЛІК ЕЛ

Мәңгілік ел арманын тасқа қажап,  
Жазып кеткен бабалар басқа, ғажап.  
Мұнарасы мәңгі ел – тәуелсіздік,  
Иесі өзің, киесін сақта, қазақ.



Мен тілеймін – іргесін сөкпесін көк,  
Жаққан оты елімнің өшпесін деп.  
Бірлігіне елімнің сызат түспей,  
Тыныштығы, бақыты көшпесін деп.

Қазағымның мол сыйлап сыбағасын,  
Көк байрағы мәңгілік құламасын.  
Бабалардың татпаған уы бар ма,  
Жыламасын ел, сауға сұрамасын.

Қуанышың, шаттығың, тірлігің де,  
Мәңгілік ел, татулық, бірлігіңде.  
Тәуелсіз ел, ордалы Отаны бар,  
Біздің ел – Еуразия кіндігінде!

## АРДАГЕР ҰСТАЗДАРҒА

Ардагер – биік заңғарлар,  
Сүрлеуін өшпес салғандар.  
Арманға қанат қақтырып,  
Ұрпақ деп тері тамғандар.

Көрсетіп үлгі-бағдарлар,  
Тарихым мәңгі жазғандар.  
Үйретіп білім-ғылымын,  
Инемен құдық қазғандар.

Ардагер ұстаз – абзалдар,  
Тау тұлға мүсін, маңғаздар.  
Әр жүрекке нұр құйып,  
Есінде елдің қалғандар.



---

## МЕРЕКЕҢМЕН, МҰҒАЛІМ!

Сабағындай сұлының,  
Соңына ертіп құлынын,  
Білім берген ұрпаққа,  
Ұстаз деген – ұлы ұғым.

Ар-ұятың – тілің деп,  
Дәстүрің бар – ділің деп.  
Ой-сананы ояттың,  
Жан-тәніңе сіңір деп.

Тазалықтан қашпаған,  
Иба сақтап, аспаған.  
Жақсылықтың кеніші,  
Басқалардан басқа адам.

Дархандығы даламдай,  
Іңкәрлігі самалдай.  
Шексіз білім дарытқан,  
Жүрегі кең ғаламдай.

Толтырып нұрға сананы,  
Оқытқан ғалым, дананы.  
Өміріне жол ашқан,  
Қамқорына ап баланы.

Асырып ұлдар айбарын,  
Қыздармен гүл-гүл жайнадың.  
Соларға беріп барыңды,  
Таныттың әлем айлағын.

Батырлардай білекті,  
Ақын іңкәр жүректі.  
Ата-анадай балаға  
Шын тілейтін тілекті.



Ұлағатты ұраның,  
Ұрпағың сол – мұра мың.  
Құттықтаймыз өзіңді,  
Мерекеңмен мұғалім!

## ТҮБІНДЕ ТЕК ҚАЛМАЙДЫ ТЕГІ БАРДЫҢ

Жастықтың алаулатып жасындарын,  
Жаныңның жайып салып асылдарын,  
Тойыңа шақырыпсың орда бұзар,  
Отыз жас келмейді деп ғасырда мың.

Ардақтап ордалы жас айбатыңды,  
Жүзде де жүректе ән, сайрат үнді.  
Эльмираң аман болып қасыңдағы,  
Тәңірім кемітпесін қайратыңды.

Ай сүйсін, Күн аймалап ажарыңды,  
Өмір кеш бір тоқтатпай базарыңды.  
«Бала үні – бабаң тартқан күй» деген бар,  
Ұрпағың кернеп жатсын алабыңды.

Себелеп селі құйса сенім ардың,  
Кемімес бақ-дәулеті ебі бардың.  
Азамат, құтты болсын туған күнің,  
Түбінде тек қалмайды тегі бардың.

## КИІЗ ҮЙ

Шаңырақтан нұр құйылып,  
Жұлдыз күліп аспаннан,  
Балаң үні, бабаң күйі  
Киіз үйден басталған.



Кең жайлауда ән-күй тыңдап,  
Көңіл шайып бәрінен,  
Емен-жарқын кеңге салып,  
Өңгіме айтып әріден.

Бұл – қазақтың киіз үйі,  
Аруағыңды қоздырған.  
Таза ұстап қасиетін,  
Көк шалғынға қондырған.

Тізе қосып бүтін қазақ,  
Біріктіріп бастарын,  
Киіз үйде бастап жазған  
Мәңгіліктің дастанын.

Киіз үйде бар жылылық,  
Мейрімділік ұясы.  
Қазағымның бетпердесі,  
Айбарымның қиясы.

Бұл – қазақтың киіз үйі,  
Бар қасиет мекені.  
Қазынасы қай заманнан,  
Ұлтым құрмет етеді.

Кең даласы, кең жайлауы,  
Саф ауасы тағы бар.  
Киіз үйде өскен қазақ,  
Бесенеден бағы бар.

Төсеніш қып көк шалғынды,  
Аспан – оның көрпесі.  
Киіз үйі – көк сауатын,  
Өркениет өркеші.



Кереге, уық, шаңырағы,  
Тәнір сыйы – пиғылы.  
Бірлік пенен татулықтың  
Бар әлемдік символы.

## БАЛДЫЗ КЕЛІН ГҮЛСАРАҒА

Қазақтың ата-салты, дәстүрімен,  
Келін боп үйге еніп ең жас күніңнен.  
Бұл күнде тамыр жайған үлкен әулет,  
Шаңырақтың шалқыған бастысы сен.

Жан тартқан жақсылыққа жақын ісің,  
Жарасқан сана-сезім, ақыл, ісің.  
Ағайын-туысыңды ардақтаумен,  
Бір әулеттің жалғадың ғасыр ісін.

Отау тігіп, отбасы басталғалы,  
Кең жайылған даладай дастарханы.  
Еңбекте де жасалған өркенді жол,  
Өміріңнің жазылды дастандары.

Айналдырып отбасын ертегіге,  
Алаңдайсың ұл-қыздың ертеңіне.  
Елубай бас болғанмен, Гүлсара, сен  
Әйелі де осы үйдің, еркегі де.

Кернеген күй төгіліп, ән алқабын,  
Арқада сәукеледей сөні алқаның.  
Сыйлаған жақсы жандар мына өмірге,  
Жерінде қасиет бар Жаңаарқаның.

Көңілдің қанат қағып қасқалдағы,  
Армандар қолға қонды аспандағы.  
Зейнетке жеткен жасың құтты болсын,  
Бақыттың биік болсын баспалдағы!



---

## ЖЕКЕ ШУМАҚТАР

Ұрандап қолға ту алған,  
Тарихын жазған ну орман.  
Ұрпағың сенде қуанған,  
Қиналған сәтте жұбанған.  
Киелісің, қара шаңырақ.

Жанымның тауып азығын,  
Демеймін жолда қажыдым.  
Ұлттықтың қаққан қазығын,  
Өзіңе мәңгі тағызым.  
Ордамсың, қара шаңырақ.

\* \* \*

Көгімде қалқып,  
Заманмен бірге жаңғырып,  
Қанбайтын шөлің,  
Тыңдасаң таңды таңға ұрып.  
Тұғыры биік,  
Халықтың өшпес мұрасы.  
Қазақтың өні,  
Халықтың өні мәңгілік!

\* \* \*

Шуақ сеуіп көктеммен,  
Наурызбен дөп келген,  
Құтты болсын мерейтой,  
Ақ әжесің көп көрген.

Табаныңда жұмақ бар,  
Қабағыңда шуақ бар.  
Өзің ұстаз, анасың,  
Шәкірттер – гүл-құрақтар.



\* \* \*

Қимылыңда салт-сана өрнек түйген,  
Жан-тәніңді баурайды тербеп күймен.  
Қол соғайық қазақтың қыздарына,  
Бар әлемді қимылмен сөйлеттірген.

\* \* \*

Мен биікке салғам ұямды,  
Кез келген көре бермейтін.  
Малғұнға өре бермейтін,  
Үрлеген желге сөне бермейтін,  
Тәңірден басқа өбе бермейтін.  
Тұлдыр күл тұрған төбені  
Мен жанмын төбе демейтін.  
Сатқындық жасар сезімге  
Елпеңдеп сене бермейтін.  
Толқынға қарсы келемін  
Өтуге бола бермейтін.

\* \* \*

Ақылын тыңдап мидың да,  
Қадірін біліп сыйдың да.  
Өзіңді берме бойдағы  
Адасқан сезім-пиғылға.

Мінезге ерген жүгенсіз  
Дерт десем сезім, күлерсіз.  
Қанағат ойла, ағайын,  
Пиғылды қумай сүреңсіз.



\* \* \*

Егер де сен келсе мені шын ұққың,  
Кейде алаумын, кейде, тіпті, бір ұшқын.  
Мен дегенің ақ тұмадай тұнықпын,  
Жырымды оқы, қызуы бар құрыштың.

\* \* \*

Ей, Тәңір болуға құмар,  
Жүрегіңді Тәңір сөзімен суар.  
Ел мен жер қасиетін таны,  
Мәңгілік тірегің болып тұрар.

\* \* \*

Күнің бар көкте, Айың бар,  
Билікке байлық дайындар.  
Байлықтың жиған азабын  
Түсерде көрге пайымдар.

\* \* \*

Тілек айтсаң нағызға,  
Көп мадақтау парыз ба?  
Бүгінгінің мақтауы  
Айтылады қарызға.

\* \* \*

Ата-ана неткен жанкешті ек,  
Сұлуым, аялуым, нәркес деп,  
Басқаның бердің қолына  
Өсірген қызды әлпештеп.



## ДАЙРАБАЙ КҮЙШІ ТУРАЛЫ ТОЛҒАУ

2006 жылы мектеп бітіргенімізге 40 жыл болып, ақылдасуға кластасым Ментаев Баян екеуіміз Жаңаарқада кездестік. Түсте інісі Төлештің үйіне бардық. Сол үйде үлкен ағасы Боранбай аға тұрады екен. Екі көзі көрмей қалған. Дастарханда бірге дәм іштік. Бұл кісі тарих, әдебиеттен хабары мол жан екен. Ол кісі: «Әушілдек» әнін білесің бе?» – деді. «Әрине, білемін», – дедім мен. Ол кісі «Әушілдек» әнінің шығу тарихын айта бастады: «Бір байдың жетінші тоқалы болған Дәметкен теперіш көріп, беліне тас байлап, суға батып өлген. Осы оқиғаға арнап бұл әнді Дәметкеннің ағасы Мақажан шығарған», – деді.

Әңгімеден әңгіме шығып: «Дайрабай күйші туралы бір дерек айтайын, – деді. – Менің 12-13 жастағы кезім. 1953-1954 жылдары үйге бір қонақ келді. Аты есімде қалмапты. Бұл кісі менің әкем Ментаев Құсайын Жаңаарқа ауданында НКВД-да бас тергеуші болып жүргенде, талай қашқындарды қуып жүріп, талай жазықсыз, нақақ кеткендеріне көмек жасап, кейбірімен, тіпті, достық қатынаста болған. Келген қонақ солардың бірі, ерекше күйші екен. Сол кісінің Дайрабай күйші туралы айтқаны...» – деп әңгімесін айтты. Бұл әңгіме маған ерекше әсер етті. Сол әсерімді өлең жолдарына түсірдім.

Жүректен жүрекке өтіп қозғалдырған,  
Ақын көп арттағыға сөз қалдырған.  
Зейінді зердесіне сөз салайын,  
Өзімді көптен бері толғандырған.

Барады жаз, күз бенен көктем өтіп,  
Бір ғасыр көңілімді көктеп өтіп.  
Көңілге, көкейіме түнеп алды,  
Кезінде бір оқиға кеткен өтіп.

Шын өнер із қалдырмай өтпек емес,  
Тектілер етпеген ғой текке егес.  
Айтылмай Дайрабайдай күйші жайлы,  
Заманның қатпарында кетпек емес.



Естілер ізі қалып ескі күнде,  
Таланттар бақ-талайын шешті мүлде.  
Солардан күмбірлеген күй тағдыры,  
Дерегі кейінгі ұрпақ жетті бізге.

Ар-намыс көкірегін кернегенде,  
Шалт кетер шатынаса дембе-демде.  
Күйшінің батырлардан несі төмен,  
Күй төгіп еңіреген ел дегенде.

Хақың бар келіспеуге, келісуге,  
Сақталып белгі қалар ер ісінде.  
Боранбай аға айтқан аманаттап,  
Толғайын бір әңгіме желісінде.

### Боранбай аға әңгімесі

Ұмыттым, көктем бе еді, күзде ме еді,  
Үлкенге кейінгіден із – керегі.  
Бала кез, үйімізге қонақ келді,  
Көңілдің табылғандай іздегені.

Әкеммен құшақтасып сәлемдесті,  
Бұл – менің қазақы жол, кәдем десті.  
Жан екен жаны жарқын, шуақ төккен,  
Үй іші бір әдемі әлем кешті.

Жиылды үлкен-кіші қабаттасып,  
Әңгіме желдей есті сабақтасып.  
Қазақтың қонақ күту – кәде жолы,  
Алдына дәм әкелді табақ тасып.

Жүзі қандай таза жан жарқыраған,  
Бұлақтай көкірегі сарқыраған.  
Әңгіме әкем бір кез бастап кетті,  
Шамамен түннің кезі жартылаған.



«Қастерлеп жүрген жан ең мол мұраңды,  
Көңілді көтеріп бір қондыр әнді.  
Өзіңді сағындым ғой, – деді әкем, –  
Қолыңа алшы енді домбыраңды».

Дәм ішіп, демін алып еңтігіп ап,  
Келтіріп көңіл хошын желпініп ап.  
Үні де домбыраның ерек екен,  
Бастады құлақ күйін келтіріп ап.

Бір күйді күмбірлетті, көк ілдірді,  
Бар әлем гүлге оранды, көңіл күлді.  
Домбыра тұтығатын сақау емес,  
Шүйіліп, түйілдіріп төгілдірді.

Бір кезде көңіл-жайлау жайланады,  
Тербегіп әуенімен айналаны.  
Саусақтар перне қуып безілдесе,  
Шанақты алақандар аймалады.

Бұл не күй, аза ма әлде аңыраған,  
Сезгенде қайдан тапсын сабыр адам.  
Өзен-су, орман-тоғай бірдей шулап,  
Біресе қу даладай қаңыраған.

Бәйгедей аламанда дүбірлеген,  
Бір күш бар шанағында күбірлеген.  
Жаны бар, жүрегі бар қоңыр үнге  
Жоқ шығар алдына кеп жүгінбеген.

Мына күй – абыз дала, дабыл әні,  
Неге онда жан дүнием қамығады?  
Бір дыбыс, жан ба әлде шырылдаған,  
Жер мен көк арасында сабылады.



Құздағы тауешкі, арқар, тағы мал ма,  
Қасқыр ма, ыңыранған қабылан ба?  
Баз кешіп бір байғұс жан қапы қалып,  
Сорлаған сағыныштың табы бар ма?

Қапысыз күй осылай түрленеді,  
Шама жоқ тіл сөйлеуге, күрмеледі.  
Нөсер ме жер танабын тұншықтырған,  
Санада сан сақ ойлар сүрленеді.

Сұрауға шама жетпей оқталам да,  
Бұл зар ма, әлде біреу жоқтаған ба?  
Бата алмай: «Кімнің күйі, – дедім, – аға?» –  
Күй соңы аласұрып тоқтағанда.

Көз жас па сіркіреген қамыққанда,  
Құлаққа үн келеді тамұқтан да.  
Бір өзі бір ғасырды арқалаған,  
Салмағы ауыр қандай табыттан да.

«Мен де бір шерді қозғап жайланайын,  
Есіңде болсын ылғи, айналайын.  
Өмірдің азап шерін тартып өткен,  
Бұл – күйі күйші атаң Дайрабайдың».

Ол – бір жан көңілінде жайған айдын,  
Жан таппай кейде іздеп, қайдалаймын.  
Бұл күйді қайдан алдың десең, балам,  
Өзінен үйреніп ем Дайрабайдың».

Кетсе де жылдар жылжып, дәуір өтіп,  
Білмейді мына жұртың әлі жетік.  
Әкеме досқа айналған қашқын жігіт  
Бір жайдан сөз қозғады аңыз етіп.



## Қонақтың әңгімесі

Тағдырдың басқа бар ма салмағаны,  
Жоқшылық – қолға байлау, бар ма амалы?  
Дайрабай Қызылтауда бір көпеске,  
Келісіп, шаруасына жалданады.

Көңілдің қатпарында аза қалып,  
Қарабет тағдырына назаланып,  
Күйші ілесті соңына, көпес бастап,  
Орманға кетті арқан, қазан алып.

Арбаға жеккен қос ат торысы бар,  
Келеміз ен даламен қонысы мал.  
Бұрыннан жалдамалы біреу, сірә,  
Соңынан ерген және орысы бар.

Іс бітпей көпес тісін қайрап жүрген,  
Ішінде бір қыжыл бар қайнап жүрген.  
Орманға келгеннен соң не боларын  
Бұл екі пақырыңыз қайдан білген.

Бір сұмдық алдын ала қойған ба ойлап,  
Екеуін алып жүрді орманға айдап.  
Тым-тырыс орман іші, ешкім жоқ жер,  
«Екеуің күресесің», – деді жайлап.

«Белгі боп қалсын мына қайран күннен,  
Екеуің күресуге сайлан бірден.  
Әйтпесе атамын», – деп мылтық кезеп,  
Дегендей іске асады айлам бірден.

Өмірдің өз заңы бар, қамалы көп,  
Тәңірге табынғанмен талабы көп.  
Қосауыз желкеде тұр, мылтық – ажал,  
Екеудің күреспеске амалы жоқ.



«Шығарып мынау елге айғақ атақ,  
Көріңдер бір-біріңе айла жасап.  
Кім жықса, бұйырамын, жығылғанның  
Аласың қол-аяғын байлап-матап».

Айдала, орман іші, алысады,  
Білектер қарсыласып қарысады.  
Жалданған қу көпеске екі пенде,  
Жандары қыл үстінде танысады.

Көк шалғын көк толқындай көпіреді,  
Дәу орыс лақтырмақ боп өкіреді.  
Тағдырдың мені айдаған соры ма деп,  
Күйшінің қарсы айрылды көкірегі.

Күйшінің ішке түйген байламы еді,  
Сертшіл жан серттен қашан тайған еді.  
Күресте қарсыласты отыра қап,  
Иықтан асыратын айдалы еді.

Бұл оның соңғы төсіл байламы еді,  
Соңғы бұл орыстың да қайраны еді.  
Иықтан асырып кеп жерге ұрғанда,  
Көпес те: «Қол-аяғын байла», – деді.

Кезі еді қор болған жан қайманаға,  
Қорқытып көпес қару пайдалана.  
«Орысты байлап алып, арқаға сап,  
Жүр», – деді жолға салып айдалада.

Бұл көпес адам ба, әлде шошқа ма еді,  
Дайрабай мұндай сұмдық тоспап еді.  
Ордалы іші толы жылан екен,  
Шетіне бір апанның тоқта деді.

«Аптықпа, асықпа да саспа, – деді, –  
Қорықпа, үрейленбе, қашпа, – деді. –



Бұл маған керек боп тұр, ортасына  
Ордалы жыландардың таста», – деді.

Орыс та зіл темірдей зілдей малғұн,  
Шетіне шегіншектеп кірмей жардың.  
Деп едім тастамаймын, оқ атылды,  
Жібердім қалай тастап, білмей қалдым.

Айдала – жақынға да, жатқа мекен,  
Иықтан оқ тигізбей атқан екен.  
Қор болып қапылыста өлдім бе деп,  
Бір сәтке ессіз қалып жатқан екен.

Шыңғырған айдаланы үні кешті,  
Басынан бұлт айналып, күні көшті.  
Таланған топ жыланға тамақ болған  
Байғұстың бірте-бірте үні өшті.

Бар ма еді көрмегені байғұс жанның,  
Бұл – ерек көгін торлап қайғы ұшқан күн.  
Көпеске тапсырыс па, әлде өзі ме,  
Ісі екен іске асырған қай дұшпанның?

Тыныштық құлаққа ұрған айналамда,  
Бұл жаза болған екен қай заманда?  
Мәйітін байғұс жанның алдыртып ап:  
«Сал, – деді, – су құйылған тайқазанға».

Жатқандай тайқазанға палау басып,  
Астына от жақтырды алаулатып.  
Жерден алтын тапқандай еліреді,  
Темекісін тартады танаулатып.

Әр сағат бір ғұмырға жуықталды,  
Мәйіттен қазан қайнап уытты алды.  
Дымы қалмай қайнаған тайқазанның  
Түбінде әжептеуір сұйық қалды.



Ана-жер ішін тартып ұйып қалды,  
Үлп етіп жел де соқпай тынып қалды.  
Жер беті бұл зұлматты көрмесін деп,  
Күн көзін бұлттар жауып тұрып қалды.

Жапқандай жердің жүзін қара сағым,  
Қаққандай бір сілкіп ап дала шаңын.  
Күәсі боласың деп бір сұмдықтың,  
Ішінен дыбыс берді балаша үн.

Бұрыннан жүрген, сірә, кәсіп етіп,  
У сатып, табыс тауып, нәсіп етіп.  
Келтіріп бір шаруаны ыңғайына,  
Алғандай жолын ашып, бәсі бекіп.

Қойғандай тағдыр, сірә, шешім етіп,  
Тұрғанда Дайрабайдың есі кетіп,  
Қолына бір тамшы у тамызғанда,  
Кетеді алақанын тесіп өтіп.

Шырылдап шыбын жаны жанып күшті,  
Дайрабай қалған уды қағып түсті.  
Бетіне тез үлгеріп шашқан кезде,  
Көпестің бет-ауызы ағып түсті.

Тау-құзды күңіrentіп, бар ағашты,  
Тағдыр, міне, осылай жағаласты.  
Тәңірдің берген соңғы жазасы ма,  
Осылай көпесті де қара басты.

Тағдырға күйінеді, үсінеді,  
Пенделер тек соңында түсінеді.  
«Тосқан бар асқанға да» деген сөз бар,  
Өзін қазған орына түсіреді.

Бар болса пенде неге ісінеді,  
Өмірді тағдыр көрген түсінеді.



Адамдық шектен асса, Тәңір өзі  
Пендені тәубесіне түсіреді.

Өтті күн, бар қиындық айдаудағы,  
Іс бітіп, міне, осылай жайлаудағы.  
Дайрабай тездетіп кеп шешіп алды  
Шылбырын қос торының байлаудағы.

Құдайдың бұл да шығар демегені,  
Нұрланып Күн шуағын себеледі.  
Бірін ап жетегіне, бірін мініп,  
Дайрабай қос атымен жөнеледі.

Адамның өмір, сірә, жеке аралы,  
Тәңірсіз пенде қайда жете алады?  
Еркіндік – алып-ұшқан қаршығадай,  
Күйші енді Ортау жаққа бет алады.

Қос атпен дүбірлетіп айдаланы,  
Жер біткен дөңгеленіп айналады.  
Ат деген – жаны қазақ тал бесігі,  
Көңілі күйші ағаның жайланады.

Түн желіп, күндіз шауып дүбірлетіп,  
Бір күйді кеудесінде күбірлетіп,  
Таң ата Ортауына келіп жетті,  
Өзен-көл, бел-белесті іңірде өтіп.

Жақпар тау, өзен, көлді, жағажайды  
Байқастап, елдің ішін аралайды.  
Ол кезде кімнің жайы жетісіп тұр,  
Екі-үш күн тамыр-таныс жағалайды.

Өмірдің күйшіге артқан сынағы ма,  
«Жоқ екен тұра тұрар тұрағы да...»  
Деген сөз осы маңда салдық құрған  
Жетеді Иманжүсіп құлағына.



Тірінің тірлік күні тізбектеліп,  
Жүр еді күйші күнін түзде өткеріп.  
Күйшінің жай-жапсарын біліп алып,  
Кезіккен Иманжүсіп іздеп келіп.

Ел қалып, ауыл қалып, ірге қалып,  
Бұл жайды елдің, сірә, білмегі анық.  
Мән-жайды әбден білген Иманжүсіп  
Кетеді оңтүстікке бірге алып.

Сорғалап төмендеген, жоғарылаған,  
Аққудай айдынына қона алмаған.  
Мекенмен хош айтысып, сол кеткеннен  
Хабарсыз, елге қайтып оралмаған.

Ұлына, Ұлысына бесік болған,  
Халықпыз кең далада көшіп қонған.  
Күйімен күңіреңткен Дайрекеңнің,  
Біліп ал, алақаны тесік болған.

Бұл жайды келер ұрпақ оқиды әлі,  
Зердеге, көңілдерге тоқиды әлі.  
Кінәсіз қашқын болған өнерлі жан  
Жеткізді бізге осылай оқиганы.

Жеңілдеп іште жүрген бүкпе ойдан,  
Тізбектеп мәрмәр тастай жіпке қойған.  
Мәнерлеп айтып берген сыйлы қонақ  
Осылай әңгімеге нүкте қойған.

Деді де: «Қастерле ел мол мұрасын,  
Түсінсең, жүрекке иман қондырасың.  
Менің де домбыра ұстар күнім өтті», –  
Деп маған сыйға тартты домбырасын.

«Кеште де, кейде тіпті ертеменен,  
Көңілден жел ескендей еркелеген.



Жабығып тағдырыма налығанда,  
Сол күйді мен де төгіп шерте берем.

Есіме түсті қайдан қаяқтағы», –  
Деп Бөкең әңгімесін аяқтады.

Жаратып сұлулық пен зұлымдықты,  
Бұл ғасыр ішке талай сырын бүкті.  
Соңына өлмес мұра күй қалдырған,  
Менің де күйші жайлы жырым бітті.

\* \* \*

Өткен күннен ызғырық сыз ұрады,  
Өңмендейді бітпеген құзыры өлі.  
Адам пана іздейді, тығылады,  
Секілденіп адасқан қыр лағы.  
Төлкегіне ұрынған тағдырының,  
Тас құшақтап тақырда жығылады.  
Сатқындықтың шалынған саудасына,  
Шатысқанда басталар жыр лаңы.  
Өзін ғана ойлайтын өзімшілдер  
Қу дүние боғына құмығады.  
Баяны жоқ байлықты қуған пенде,  
Тіршілікте таппай жүр тыным өлі.  
Алласынан адасқан «абыздарың»  
Жұмақтың да білмей жүр сырын өлі.  
Табасына шыжғырар тағдыр барын  
Мына пенде қай кезде ұғынады?  
Қарабайыр қасаңдар қайдан білсін,  
Шын сүймеген шуақты, шұғыланы.  
Ел сүймеген өрескел, өктемдердің  
Тағының да қозғалар тұғыры өлі.  
Уақыттар зымырап зымыраны,  
Запыранның іште жүр жұғыны өлі.  
Жас сөбидің бітпеген мойынындай,  
Тіршілігің сөт сайын құбылады.



Замананың ірісе қымыраны,  
Шыбын жанның естілер шырылы әлі.  
Жұмақ іздеп жүретін кейбір пенде  
Ібіліске ілесіп, жын ұрады.  
«Төбе билер» таймаған тұғыры әлі,  
Күнді көріп, көрмей жүр құбыланы.  
Тас-темірдей жұмылған жұдырық та  
Жүн қолғаптың ішінде жылынады.

### АУЫЛЫМА АРНАУ

Ақсақалы ақыл күйған санаға,  
Жігіт – Адам, ал қыздары – Хауа ана.  
Түп тамырың, тегің сенің ауылда,  
Дені таза, елі таза, ауа да.

Орман қалқып арасында сағымның,  
Тау мұнартып төкашпары тағымның.  
Қызғалдағы құлпырады беткейде,  
Жусан иісі – рахаты жанымның.

Қол босаса ауыл жаққа жиналам,  
Жаратылған иман менен ибадан.  
Далам қандай бабам иісі аңқыған,  
Өрісіне төрт түлік мал сыймаған.

Сол ауылдан басталады ақ арман,  
Тарих тамыр бастауы сол нәр алған.  
Қазақ дейтін қасиетті ұғымның  
Ұрпағы тек сол ауылдан таралған.

Іздесе адам қасиетті жоғалған,  
Елге барып, елден ғана таба алған.  
Ауыл барсаң, оралғандай боласың  
Нақ өмірге алғаш рет жаралған.



\* \* \*

Төңкеріп жүріп төбедей малғұн,  
Кеудемді тінтіп, керегін алдың.  
Айдыннан алшақ, алыстап кеттім,  
Басуға қорқып жағасын жардың.

Зобалаң күндер зорлары қашып,  
Діні қараның орманы басып,  
Адалдық күткен үміті алдап,  
Адамды қорғар қорғаны қашық.

Күмбездің көзін тұманы басып,  
Өзен мен көл аз құрағы қашып,  
Тұмағын киген таулар да марғау,  
Құм құған желдің құмағы басып.

Ғылымың көкке отынын тасып,  
Булады жерді гептилін шашып.  
Уланған адам ұрпағы сырқат,  
Емдемекпіз бе қотырын қасып?

Азайды жандар өр кеуде нардай,  
Шыдам да бітті, сабырым қалмай.  
Адамдар сәтте бақиға өтеді,  
Ажалға зауал бола ма, Алла-ай?!

Деуші еді бір кез өнердің пірі,  
Туғызған небір тұлғалар ірі.  
Атыс та шабыс, зобалаң қырғын,  
Жалаңаш әйел – киноның түрі.

Сәндікте құн жоқ сәукеле киген,  
Жалықты ел де әңгүдік биден.  
Жек көрем тіпті әдепсіз әнді,  
Шаршадым әбден әуегей күйден.



Көрпесін ашып түн түріскенмен,  
Аймалап Айды, Күн сүйіскенмен,  
Айналса, басым айналушы еді  
Даланы тұтқан хош иістерден.

Айыққым келіп ойдан ұшқарлы,  
Баса алмай қалып көңіл құштарды.  
Аңсаймын өткен беймарал күнді,  
Арқа да жарқа отырыстарды.

### ЖАҚСЫЛЫҚТАН ЖҮРЕМІН ҮМІТ ҮЗБЕЙ

Тағдырымның тағынып төбәрігін,  
Бәрін жақсы көремін кәделінің.  
Әдеп, ұят, ізгілік бастауындай  
Дұрыстығы берілген сәлеміңнің.

Барын көріп кеңістік әлемінің,  
Бәрін жинап әспеттеп әдемінің,  
Жақсылықтың нәрінен дәру алып,  
Жақсылардың бәрінен дәмелімін.

Жақсы өн-күй тыңдаймын ұйып қалып,  
Өтірікпен көргем жоқ сұйықталып.  
Жақсылықтан жүремін үміт үзбей,  
Жақсылар жүр неге осы тұйықталып?

### ДОССЫЗ ӨТСЕҢ...

Жанды еріткен пенденің сұлуы да,  
Бар әлемнің жан құштар қызуы да,  
Тірлігіңе қажет-ақ болғанымен,  
Жан достардың жетпейді жылуына.



Муза толқып, айналсын өңір биге,  
Жөргегімнен көтерсін өмір-күйме.  
Көктем күліп, шуағын төксін әсем,  
Доспен жүрген жетпейді көңіл күйге.

Бақыт тауып істеген шағын істен,  
Күзге жеттік ағынды ағылыспен.  
Сарыжайлауда достар жүр қоныс тепкен,  
Жаз жайлауын ойлаған сағынышпен.

Пенделікпен құр түспе әбігерге,  
Дүние-боқ қала ма жәдігерге?  
Байлығың да ит тірлік үшін ғана,  
Доссыз өтсең, сол қиын бәрінен де.

## МАХАББАТТАН АСҚАН ҚЫМБАТ ЖОҚ СЕЗІМ

Ұлы сезім, болмаса шын адамдық,  
Қасиетті күш һәм иман, адалдық.  
Махаббатсыз малғұн, әлде әбілет,  
Жүрегің нас болар еді, санаң құрт.

Қуаныш пен қайғы сүйреп жетегін,  
Жүрек сөнсе, мағынасыз мекенің.  
Махаббатсыз пенде білмей өтер ед  
Бақыт пенен бақытсыздық не екенін.

Аққу сезім сән де, ән де, жыр еккен,  
Сұлулық ол айдын құшып, сыр өпкен.  
Махаббаттан асқан қымбат жоқ сезім,  
Қан жылатқан, жан жұбатқан жүректен.

Білген жанға сезім шырын, балдай-ды,  
Махаббатты талқыға еш салмайды.



Ыстық ләззат, алаулаған пәк сезім  
Жүрегіңді алмастыра алмайды.

Шекері жоқ шерменде күй шер күреп,  
Қаңбақ сезім тұрады тек жел тілеп.  
Қор етілген махаббаттың зар-мұңын  
Жүрек емес сезінбесе елжіреп.

Махаббатсыз жан шуақсыз, ол қайғы,  
Ұшса, қайтып киесі оның қонбайды.  
Аққуды атып, сыңарынан айырып,  
Махаббатты қор етуге болмайды.

Аққуларды ататын да табылар,  
Махаббатты қорлайтындар тағы бар.  
Бірақ олар – дүниенің қызығын  
Түсінбейтін бейшаралар, жабылар.

Олар үшін махаббаттың мәні жоқ,  
Аққудың да жан тербетер әні жоқ.  
Ал жаралы аққулардың соңғы әні  
Қор махаббат қалады екен зары боп.

Түнеп шығып көңіл кеткен қойнауға,  
Шын ләззат деп құмар кей жан ойлауда.  
Шын сүйгендер қадірлейді сезімін,  
Махаббатпен болмайды пәк ойнауға.

Болса кешір жүрегімде қатқылдық,  
Ару сүйген қанша жасап тапқырлық.  
Арды таптап, адалдықты аттаған –  
Ақ сезімге, махаббатқа сатқындық.



## БАР СЕЗІМНІҢ АСЫЛЫ ЖҮРЕГІНДЕ

Кім барады, белгісіз, тамұққа алда,  
Ой қысады жалығып жабыққанда.  
Жүрегінде жақұттар жарқырайды,  
Тілегінді жаңылмай жан ұққанда.

Кейде, тіпті, жаныңның бір емі мұң,  
Тілі тоқтап қалса да тілегіңнің.  
Аялаған сонда да алау сезім,  
Үні өшкенше бітпейді жүрегіңнің.

Дымы қалмай өмірдің сілемінің,  
Түстің тағдыр тісіне түренінің.  
Сезіміңнің бәрі бір, шертпе күйі  
Үні өшкенше бітпейді жүрегіңнің.

Таттың талай сыбаға сүбелі де,  
Қамшы басып бөйгінің күреңіне.  
Адалдықтың Тәңірі, періштесі,  
Бар сезімнің асылы жүрегінде.

Тағдыр, мейлі, өзгертсін түр-өңін мың,  
Тек күшіне сенбегін білегіңнің.  
Бар тіршілік сендегі ақыл-ой мен  
Бағынады ырқына жүрегіңнің.

## ЖИЕНІМІЗ АМАНКҮЛ ҚАНДІЛДӘҚЫЗЫНА

Ұстаған шаңырақты басқұры кең,  
Ер мінез ерке едің жас күніңнен.  
Арнадым өзіңе арнап қызығың да,  
Жол салған ақындардың дәстүрімен.



Текті қыз тегіне сай ақыл, ісің,  
Жан тартып жақсылыққа жақын ішің.  
Жанұям Жезқазғанға келген кезде  
Қарсы алып, құшақ жайған жақынымсың.

Бал ғұмыр алау күнің басталғалы,  
Жұлдызың жарқырады аспандағы.  
Өзің жүріп өткен зор өркенді жол –  
Еңбектің көркем жазған дастандары.

Көңілдің қалықтатып қасқалдағын,  
Жастардың бата беріп ашқан бағын.  
Еліңнен алған алғыс, баталарың  
Бақыттың биіктетті баспалдағын.

Күйкі өмір күйін кешпей бүгін бардың,  
Көгердің ерлікке тең жүгін нардың.  
Сыйлаған ортамызға өзіңдей жан,  
Құмында қасиет бар Қызылжардың.

Назы бар қайтқан қаздың жанарында,  
Сұңқар құс сұлулардың алаңында.  
Мұңның да мұнарасын нұрға ораған,  
Жаны бар жанға салған жараның да.

Ақ сүттей адал жансың, арың басым,  
Пәктіктің ақ құсын кім сағынбасын.  
Жиен деп ара ағайын ете алмаймын,  
Тегің бар, теңдесің жоқ қарындасым!

## ӘНШІНІҢ БАҚЫТЫ

Қыран боп биік көк ілген,  
Күй болып тіпті төгілген.  
Шын өнерді шыңғыртып,  
Жын өнер көмді шөгірмен.



Ой-сана дұрыс, сәнді ырым,  
Әуезді еді ән-жырым.  
Таңғы шық таза талға ілген,  
Талантым менің – тағдырым.

Өркенім өсіп өнерден,  
Көсегем менің көгерген.  
Жаныма салса жарақат,  
Емделіп келем өнермен.

Жанның бар жөргем жүйесі,  
Пендеге басшы иесі.  
Елімнің жаны, рухын  
Көтерген өнер киесі.

Содан ба, жүрем сапарда,  
Әуенсіз таңым атар ма?  
Бір күні барсам ауылға,  
Бір күні кетем шаһарға.

Іш, бауыр, жүрек солқылдап,  
Шаң-тозаң, батпақ, борпылдақ...  
Шөлден де өттік ән салып,  
Көлден де өттік толқындап.

Ыстықта жүрдік қапырық,  
Боранда жүрдік сапырып.  
Аязда қалып далада,  
Жаяулап көлік шақырып.

Үмітті жолда кесер кім,  
Тағылым-тағдыр шешер күн.  
Қасқайып қайғы көтеріп,  
Сорын да көрдім кеселдің.

Кінә жоқ елде қарсы алған,  
Күтеді сені шаршы алдан.



Жейдемен тұрып боранда,  
Мұзда да тұрып ән салғам.

Төріне шықтым, төрледім,  
Алғысы елдің – көргенім.  
Ауылдың қара баласы ем,  
Көтерген өзің өрге мың.

Жаңаарқадан самғадым,  
Ұлытаудың таптым талғамын.  
Жезқазған мен Сәтбайда  
Ақталды асқақ арманым.

Облысым, аймағым,  
Көгінде бұлбұл сайрадым.  
Қарағанды таниды  
Сүт бетінде қаймағын.

Елордам – өнер қазығы,  
Тамсанды Торғай жазығы.  
Қостанай мен солтүстік,  
Оңтүстік – өнер азығы.

Жер-жаһан түгел көкпеңбек,  
Көктемнің желі бөктерлеп.  
Алатауда ән салдым,  
Дауысым ұшты көкке өрлеп.

Хантәңірі асқақ көрінген,  
Жетісуда ән боп өрілген.  
Асқақтатып ән салдым,  
Алматы әсем, төріңнен.

Шертпелеп күйін шерткен көп,  
Абыздар мекен еткен көп.  
Қаратауда ән салдым,  
Арқадан желшіп жеткен леп.



Ойыл мен Жемді аралап,  
Жайықты түгел жағалап,  
Каспийде де ән салдым,  
Қол соқты ел-жұрт бағалап.

Шомылған әнге Бурабай,  
Қайыңдар үнсіз шуламай.  
Ән тыңдап Көкше, Оқжетпес,  
Шыңына қонып туған Ай.

Сексен көл – сұлу сексен қыз  
Сылдырап таққан шолпыдай.  
Айнакөл қалай жатады,  
Ән тербесе толқымай?!

Баянтау, Балқан арасы,  
Жалғанған ән-күй, қарашы.  
Қарқаралының ән салды  
Қосылып шың-құз, даласы.

Елестеп көзге өтер күн,  
Демеймін еңбек өтелдің.  
Өнердің туын биікке  
Шетелде де көтердім.

Келеміз сақтап сабыр, ой,  
Әншінің өнер бағы ғой.  
Еліңнен алған ақ бата –  
Атақтан биік абырой.

Жүрекке жылу – ән салған,  
Тыңдаған халық тамсанған.  
Бақытты әнші халқының  
Алдында жүріп ән салған.



## СЕНДЕГІ БИІК ЕДІ ТЕКТІЛІК ТЕ

### Ғалым Әлиннің рухына арнаймын

Қыран құс ердің көрер түсі ме екен,  
Ер жігіт ерлік істер ісіне тең.  
Балғын кез, бала күнгі досым жайлы  
Көңілдің құлыншағын кісінетем.

Естіген кеше ғана балаң үнді,  
Құшақтап жылап жатыр дала гүлді.  
Мәлт етіп тамшы тұнды жанарыма,  
Ең алғаш естігенде хабарыңды.

Қасымнан түн айналған қара мұңды,  
Дауыстан құлақ тұнды азалы үнді.  
Өзегін өртегенде бөлісетін,  
Досыңнан кім бар жақын бала күнгі?

Бақыт аз, құр байлыққа көңіл хош боп,  
Бұл күнде амал дос көп, адал дос жоқ.  
Толағай, Көнектегі тау тұлға ұл,  
Ойсырап тұр ортада орның бос боп.

Дос едің, күйеу едің, Ғалым едің,  
Аймаққа еңбегіңмен мәлім едің.  
Үлкенді қадірлеген ұлағаттап,  
Кішіге өнеге едің, тәлім едің.

Сұм ажал келтіре ме ептілікке,  
Кетті ме қол жеткізбей көп тілекке?  
Азамат, адал жан ең, жомарт едің,  
Сендегі биік еді тектілік те.

Есімің, естелігің, елің де бар,  
Бауырың, ұл-қызың бар, келін де бар.



Ұрпағы Әли болыс, тәуір ұл ең,  
Соңың да кем болмас-ау, тегінде бар.

Қатысып бар жақсылық жобаға да,  
Болып ең төбе би де, төр аға да.  
Қалың ел қабырғалы ұмытпайды,  
Тербелтіп рухыңды Жер-ана да.

Өссек те ат шанада, ат арбада,  
Бұрмадық бірақ бетті жат арнаға.  
Намысшыл ұрпақ едік, шіркін, ажал  
Біздердің ауыз салды қатарға да.

Туған жер бізді бірге өбектеп ед,  
Біз үшін Толағай да, Көнек те ерек.  
Мәңгілік бір жүрердей көруші едік,  
Осылай өтеміз бе бөлек-бөлек?!

## ҚАДЫР АҚЫНҒА

Ақындар көп, сендей жазған аз бірақ,  
Ойың – орман, сөздеріңнен саз құрап.  
Жер мен көкте жұлдыз сыймай тұрса да,  
Қадыр ақын – жер мен көкте жалғыз-ақ.

Елім ғажап кезде мынау түрге енген,  
Ажал деген атып салып сұрмерген,  
Елге жайып, ақын өлді дегенде,  
Үрей қандай, жай түскендей іргеңнен.

Екі дәуір қоғамына қол артқан,  
Парасатты, ойшыл, дана, жомарт жан.  
Ажал қандай қатал еді, Қадырдай  
Қазақ жыры жалауына оқ атқан.



Қадір тұтып, ел сыйлаған тектіміз,  
Бар әлемге жырдан шуақ септіңіз.  
Туған халық жүрегіне мәңгілік  
Өзіңізге белгі қойып кеттіңіз.

Өз есімін айналдырып дастанға,  
Ұлт рухын шын көтерген аспанға.  
Қадыр сөзі әр қазақтың табылар  
Ақтарылып жан сарайын ашқанда.

Жүрек сөзі – ардың сөзі, егіз күн,  
Сізде рух, қайраты алып теңіздің.  
Жүрегіңнің нұрына орап жыр жазып,  
Қазағыңа ақын Қадыр дегіздің.

Мына өмірде мың өртеніп, мың күйіп,  
Өзің шыққан қасиетті әр тым биік.  
Атамекен тебіренді сен жайлы,  
Түнге малып кірпіктерін тұңғыық.

Жүректер де жыр маржанын ақтарып,  
Пайғамбардай міндетіңді атқарып.  
Өзің кеткен поэзия жолында,  
Толқының бар соңыңа ерген бақ дарып.

Бей күштердің айдауына жүрмеген,  
Күрделі кез бастан өтсін күрмеген.  
Қадыр ақын деген сөздің өзінен  
Ақтарылып, жауһар сеуіп тұрды өлең.

Өзгерсе де сүрме өмірдің сүреңі,  
Ақындықтың жібін үзбей күреңі.  
Ақын аты жатталып ел жадында,  
Ал рухы қолдап биік жүреді.



---

## ЖАҚСЫКЕЛДІ СЕЙІЛОВКЕ

Телмірумен таңға қарап,  
Деуші ең: «Неткен Алла ғажап!»  
Бәрін сезіп, мәңгі көрмеу  
Азаматқа қандай азап!

Жарық көрмей су қараңғы,  
Көтеріп ап ну наланды,  
Жүрдің бе екен күнде жалап  
Қаны тамған у жараңды?

Тағдыр күйін шерте жүріп,  
Танытушы еді ерке қылық.  
Көрмегені аз болғандай,  
Ғұмыр берді келте қылып.

Күндер өтті жан шыдаумен,  
Жүректен қан тамшылаумен.  
Пенделіктен биік болды,  
Өзін өзі қамшылаумен.

Адал, арлы, өзі мықты,  
Рух асқақ, төзім мықты.  
Көзі ашық көрсоқырдан,  
Көкіректе көзі мықты.

Сөзі – маржан, қанық әні,  
Аппақ таза ары, жаны.  
Бір ғажабы – бар танысты  
Дауысынан танығаны.

Баз кешсе де азап-қиын,  
Күн көрмеді санап бұйым.  
Саз ойнатып, ән тербетті,  
Тәңір берген ғажап сыйы.



Әуеніне шойын құйып,  
Ән қалдырды ойы биік.  
Ол жазған ән көп мықтының  
Әндерінен бойы биік.

Әлпештеген мол мұраны,  
Жүрекке әуен қондырады.  
Кеше сені түсінбеген,  
Әніңді іздеп жол қылады.

Мұңға батып қас қағымда,  
Бірде шығып аспанына.  
Әрбір әнің айналады  
Ұлы дала дастанына.

Өмір қысқа, баянды емес,  
Бізге мәлім, аян да елес.  
Бейнең де елес, әнің де елес,  
Орган да елес, баян да елес.

«Ұлытау» деп асқар белім,  
«Жезкиік» деп шаттанды елің.  
Өзіңменен мақтанды елің,  
Айбоз ұлым, Ақтангерім.

Қасиеті бар нарқында,  
Әуені мол қалды артыңда.  
Жүректерде сақталады  
Жарқын бейне сол қалпында.

Той-жиында малдас құрып,  
Сахнада саңлақ тұрып.  
Әніңді айтар бүтін қазақ,  
Ән-ғұмырды жалғастырып.

Ән көтеріп құйындарын,  
Мен де көріп бұйырғанын,  
Сол әуенді жалғап келем,  
Бірге өрген бұрымдарын.



\* \* \*

Тірліктің құмы лықсиды,  
Таптардай бәрін жоқ қылып.  
Аңызаяқтардай қаулайды,  
Күйдіріп, өртеп, шоқ қылып.

Осылай өмір жылжиды,  
Жұбатып, кейде жылатып.  
Осының бәрін билейтін  
Бір күш бар, ол – уақыт.

Уақыт деген, ойласаң,  
Кеше, бүгін, ертеңің.  
Әр мезгілдің білесің  
Өз күйін өзі шертерін.

Мәңгілік деп бүгінім,  
Көп көңілі ойда жүр.  
Бүгін болса мәңгілік,  
Кешегілер қайда жүр?

Тіресіп кеше-бүгінмен  
Жүргеннің бітіп тынысы,  
Оларды орға құлатқан  
Бүгінгінің қылышы.

Кеше деген – әлсіздік,  
Кеткен шығар есе де.  
Бүгіннің де әлсіреп,  
Айналар әлі кешеге.

Тоқтамай 90 тоғамға,  
Құлады мықты қоғам да.  
Тіршілігіңді тоқтатып,  
Уақыт келер саған да.



## ОРАЗАДА ТІЛЕДІМ

Өмір шіркін айналдырып тез өңін,  
Күтеді ылғи әр сәтіңнің кезегін.  
Содан ба екен, мәңгі сүрер жан қамын  
Таза сақтау керектігін сеземін.

Жан дегенде көңілге ой мол тұнып,  
Жасамауға бел буасың олқылық.  
Көңіл тозып, тән азбасын десеңіз,  
Жан азығын отырған жөн толтырып.

Дүниенің теріп кетпей тезегін,  
Жан-теңізге жайып желкен керемін.  
Жан азығын білмек үшін анықтап,  
Қара ормандай қалың ойды кеземін.

Иман сақтап, дінін қазақ бұзған жоқ,  
Тән азығын солар айтқан тұз-дәм деп.  
Және тағы бос айтпаған шығар-ау,  
Жан азығы деген ұғым – ұждан деп.

Ұждан деген – ынсап, мейірім, әділет,  
Ұрпақтарға осы жолды тәлім ет.  
Қасиетті оразада тіледім,  
О, Тәңірім, тілегімді қабыл ет!

## ШЫНБОЛАТ ДІЛДЕБАЕВҚА

Дақ түсірмей көңілдің қылауына,  
Ерте өттің, тағдырдың сынауы ма?  
Біздің елдің айтыста бас ақыны,  
Сарыарқаның сол еді жырауы да.

Кермесіндей ақ үйдің керегелі,  
Айдын еді кернеген кенерені.



Дауылдатып, жырымен нөсерлетіп,  
Қиналғанда ел-жұртын демеп еді.

Теңіздің де болады тұңғиығы,  
Биіктің де болады тым биігі.  
Термелетіп кеткенде теңдесі жоқ,  
Ақындықтың ойнатып шын құйыны.

Жағасына жармасып ағат қылық,  
Ағынында заманның алас күлік.  
Ұят болды-ау деп едің,  
Ұялмастар  
Шындығыңа әлі жүр талас құрып.

Сыншының да сындырған сын күрегін,  
Ұмытпайды ел жүйрікті, шын күреңін.  
Сымбатына жарасқан жайдары жүз,  
Шуағы мол таңындай сүмбіленің.

Қазақ барда қапыда қалмас ғұрып,  
Тыңдарманның алдында малдас құрып.  
Әлі де жүр әуезді салған әнің  
Сыр мен қырдың арасын жалғастырып.

Сәтбаевтың мекендеп ұлы алаңын,  
Көзіндей боп сарайы тұр ағаның.  
Елі сүйген ақынның аты өлсін бе,  
Өзіндей боп сөйлеп тұр мұраларың.

Ел мен далаң тамсанып байтақ, алып,  
Аманаттап кейінге айтары анық.  
Есімің де жүрер-ау ел аузында,  
Қазағыңның әніндей қайталанып.



## АЛПЫС ЖЫЛЫ ҚАЛАМНЫҢ

Жақсы сөзге өзің жайлы елеңдеп,  
Жүрегімді тербетеді өлең кеп.  
Өзіңде өтті ғұмырымның көбісі,  
Содан шығар, қамыңды ылғи келем жеп.

Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар тұрқы бар,  
Ұрпағың көп армандарға ұмтылар.  
Көз алдымда жеңісің мен жемісің,  
Ойға алсам жүрегіме жыр тұнар.

Тату-тәтті қанша тұрғын ұлты бар,  
Менің бағым сеніменен бір тұрар.  
Бір әйнегін сызып кетсе бір көпір,  
Шыбын жаным тағат таппай шырқырар.

Жылдар қалды жаға жыртқан жұлқылап,  
Өксік өмір кетті ызғар бұлтын ап.  
Бүгін сенде сан ұлттардың ұрпағы,  
Келеді өсіп тай-құлындай шұрқырап.

Бұл қаланың қазақы салт-ғұрпы бар,  
Бұл қалада дүлдүлдер бар біртуар.  
Өз қолымен ашқан Қаныш ағамыз,  
Бар жақсылық, қасиеттің ұрқы бар.

Сән-салтанат, бақ-байлыққа ырғалып,  
Сәукелелі сәулетінде нұр қанық.  
Әлем білген біздің қала кеудесін  
Келешектің бақытына тұр малып.

Күні шуақ, түнде туған Ай қандай,  
Ару қалам – Арқадағы аймандай.  
Гүлзар бағы құбылады құлпырып,  
Индия әкеп үнді кілем жайғандай.



Бақ-дәулетін, бағын бастап жандардың,  
Ғасыр қанша қалған кейін сандар мың.  
Шетелдіктер Жезқазғанның жезінен  
Тағын соққан корольдер мен хандардың.

Біздің жезді білген Тұран, Оғызың,  
Жезкиік деп Ықаң тартқан қобызын.  
Соғыс жылы Жезқазғанның жезінен  
Әр он оқтың жасатышты тоғызын.

Сенде ұшқан адам тұңғыш ғарышқа,  
Сенде байлық, ырыс-құт та, табыс та.  
Жезқазғандай қаласы бар біздің ел,  
Әлі-ақ ертең айналады барысқа.

Кеудесіне картасын сап даламның,  
Жол салынды тамырындай ғаламның.  
Жылқы жылы жарылқайтын жыл шығар,  
Тұстас келген алпыс жылы қаламның.

### АДАЛДЫҚ ЖОЛДАН АДАСАҢ...

Ұстаймын десең, бас та бар,  
Татамын десең, ас та бар.  
Мазалап жүрген ол емес,  
Мына бір ойлар, пәтшағар.

Сұмырай – сұлу, зұлым тоқ,  
Дарын мен талант құлың боп,  
Тақтайдай тақыр таз баста  
Тамырлар тартқан жұрын көп.

Өнердің ұшпай бағы әлі,  
Қоламта шырақ жағады.



Ай менен Күннің көз жасы  
Жұлдыздар болып ағады.

Матаның көркін дүр дей ме?  
Даланың көркін гүл дей ме?  
Қыздарды гүлге теңейміз,  
Бір-бірін гүлдер күндей ме?

Именбей кіріп үйренген,  
Зұлмат қой мынау үйге енген.  
Қыздар мен қыздар қосылып,  
Жігіт пен жігіт үйленген.

Бақалар бақта бақылдап,  
Қандендер үрді шақылдап.  
Қарттықтың бүгін қалпы жоқ,  
Жастығың бетке шапылдап.

Еркекті ерен жақтайтын,  
Әйелді жетер мақтайтын.  
Екеуі де у жылан,  
Бір-бірін бірақ шақпайтын.

Жүйрігім қайда құмайдай,  
Аруым қайда Күн-Айдай?!  
Қариям қайда дария,  
Аналар қайда Ұмайдай?!

Ерлік жоқ қалған қасқадан,  
Бүгінгі жандар – басқа адам.  
Сайтанға еріп ерлігі,  
Иманды байлап тастаған.

Жүн шайнап, жұтсын жабағы,  
Тоқ болса болды тамағы.



Арыңды сатып ақшаға,  
Жыртуға дайын жағаны.

Айырмай ақ пен қараны,  
Адамдық аттап бағаны,  
Адалдық жолдан адассаң,  
Түбінде Алла табады.

*Екінші бөлім*



*Әуелесін әсерлі әуен,*

*Әсем ӘН*





## АҚ ТІЛЕК

Әні мен сөзі: Б. Көшеновтікі

Пе-ріш-тем же-беп қор - га - сын, Бол-сын деп қы-дыр жол - да - сым.

Деп шық-са жол-ға ақ ті - леп, Жо-лау-шы жо-лын оң - да - сын.

Ар - ман - га же - те - леп мол, Ба - қыт тың ба - ғын - да бол.

Таң - да - рың ша - қы-рып ал - дан, Са - ғым - га сам - га - сын жол.

Нәресте келсе – үмбет қой,  
 Той жасау арнап – құрмет қой.  
 Әр тойдың бөлек жолы бар,  
 Ерекше бірі – сүндет той.

Күміс той, алтын, жақұт той,  
 Үйлену тойы – бақыт қой.  
 Тойлайық бәрін тірлікте,  
 Қас қағым болмас уақыт қой.

### **Қайырмасы:**

Кезіңде балауса шат,  
 Алғыстың алқасын тақ.  
 Ержетіп,  
 Ері бол елдің,  
 Қабыл боп пәк тілек ақ.

### **Қайырмасы:**

Жүректің қалауын тап,  
 Сұрауға сүйінші шап.  
 Жырттысың  
 Жеткенше жыртып,  
 Шашуды шашатын шақ.

## АЛҚАСЫНДАЙ АРҚАНЫҢ

Әні мен сөзі: Б. Көшеновтікі



Ру - хы би-ік ай - ба - ры, ұл-тым ның ұ-лы ай - ма - ғы.  
Алты а-лаш ба-сын қос - қан жер, жақ-сы мен жай-сан қай - ма - ғы.  
Ша - рық-та ган ұ - ла-ры, ұ-лы-тау ө-нір тұ - ра - ғы.  
Жез-қаз-ған ба-қыт ор - да - сы, қи-я-ға қон-ған қы - ра - ғы.

Нұр құйған ашық түндігі,  
Алтындай айғақ шындығы.  
Шаңырағы бірліктің,  
Жерінің қазақ кіндігі.

### Қайырмасы:

Қазбасы – байлық пайдасы,  
Құлпырған шаттық шайласы.  
Алқасындай Арқаның  
Жезқазған – қазақ айнасы.

Маңғаз, дарқан даласы,  
Жер-көктің бөлген арасын.  
Құрлықтың құты – Жезқазған,  
Қаныштың ашқан қаласы.

### Қайырмасы:

Жыр қауым жырлап кетеді,  
Әншісі бұлбұл деседі.  
Жезқазған – әлем айлағы,  
Бақ, байлық, бірлік мекені.



## АТА-АНАМА

Әні мен сөзі: Б. Көшеновтікі

9 Дү-ни - е - нің ай-мен күн - дей кір - гі - зе - тін а - жа - рын,  
17 Ба - қы-тым - ның бас - қы-шы - ның тө - рін - де - гі ба - за - рым.  
25 Аб - зал жан - дар, а - дал жан - дар түн-ган и - ман жү - ре - гі,  
33 Ө - мі - рім - де, кө - ңі - лім - де мәң - гі өш - нес га - жа - бым.  
42 А... Ө - мі - рім - де, кө - ңі - лім - де мәң - гі өш - нес га - жа - бым. А...

Тіршіліктің қанға беріп қасиетін, қуатын,  
Періштесін бесікке орап, ақ сезімге жуатын,  
Төрімде де, көгімде де рухтарым жебеуші,  
Нарым сендер, бағым сендер, арым сендер, ұятым.



## БАРЛЫҒЫ ДА МЕНІКІ

Әні мен сөзі: Б. Көшеновтікі

Бар-лы - ғы - да ме - ні - кі, Мы - на дәу - ір, мы - на өмір. —  
Мы - на ас - паң, мы - на күн Мы - на мұ - хит, мы - на жер.  
Жұл - дыз - дар - дың шы - ра - ғы, Жер - дің үш - қан сы - қа - ры. —  
Е - діл жай - ық, Дон - Ду - най. Қа - ра саз - дың бұ - ла - ғы.  
Қи - ыр шы - ғыс, қарт сі - бір. Қарт о - рал - дың қо - ой - на - ау - ы.  
Бал - тық қы - рым Қав - каз - бен ар - қа, Қа - ар - қа - ра - ның жай - ла - ау - ы.

Өзендер мен көлдер де,  
Орман менен таулар да,  
Астана мен Одақ та,  
Облыс пен аудан да,  
Манаураған түндер де,  
Алаулаған түндер де  
Тиген менің еншіме,  
Қолым жеткен арманға.

**Қайырмасы.**



## ЖЫЛДЫҢ БАСЫ – НАУРЫЗ

Әні мен сөзі: Б. Көшеновтікі

Ойнақы

Көк тастың да жі-би-тің кел-ді уа-ғы,— Ал-тын кү-рек ұл-па жел қы-ла- ды.—

Та-би-ғат ты тол-қы-тып, бұл-қын-ды- рып, Таң қал-ды-рып та ма-ша жыл ту-а- ды.—

Жыл-дың ба - сы - Нау- рыз,— Тау-дай бол-сын та - бы - сың.

Жыл-дың ба - сы - Нау- рыз,— Бір - лік бол - сын на - мы - сың.

Бір - лік бол - сын на - мы - сың. Ел ба - ғы үшін.

Мал жайласын төрт түлік ой мен қырда,  
 Ән сайрасын жанымды бөлеп нұрға.  
 Құт дарысын, бақ қонып ел басына,  
 Нұр төгілсін гүл ашып осы жылда.

### Қайырмасы:

Жылдың басы – Наурыз,  
 Дәм-тұз елде көп болсын.  
 Жылдың басы – Наурыз,  
 Қайғы-уайым жоқ болсын,  
 Қайғы-уайым жоқ болсын,  
 Ел шат болсын!



## КЕЛШІ МАҒАН

Әні мен сөзі: Б. Көшеновтікі

8 Күн жыл-жыл ба-ра-ды ба-яу-лап, Ө-зің-дей ә-де-мі а-яулақ.

16 Ақ қа-нат пе-ріш-те а-сы-лым-ау, Се-н(і)ой-лап ке-ле-мін жа-яу-лап.

24 Сен сен сен-ші ма-ған, Ко-лың-ды бер-ші маған,  
Кел кел кел-ші ма-ған.

Жа-ны-мау ер-ші ма-ған Кел, кел, сен-ші ма-ған.

Кім білген болар деп басы бұлай,  
 Құштарлық арнадан асуын-ай!  
 Тағдырым өзіңе жалғасын деп,  
 Қол создым, аяулы ғашығым-ай!

### Қайырмасы.

Ғашықпын, асықпын саған, жаным,  
 Аңсарым, асылым, ақ арманым.  
 Сәмбі тал секілді сәні келген  
 Сендей жан жер-көктен таба алмадым.

### Қайырмасы.

Гүл төжін өзіңе ұсынайын,  
 Келші, айым, иіскеп тұшынайын.  
 Бақыттың бал сезім, бал айында  
 Самғасын көңілдің құсы дәйім.

### Қайырмасы.



## МАХАББАТҚА МЫҢ ӨРТЕНІП, МЫҢ КҮЙГЕН

Сөзі: Қ. Мырзалиевтікі

Әні: Б. Көшеновтікі

Ма-хаб-бат-қа\_\_\_ мың өр-те ніп,\_\_\_ мың күй- ген,\_\_\_ Мөл-дір көз-ге\_\_\_  
ал-ған-дай бір\_\_\_ мү-ң күй- ып,\_\_\_ Көз е-мес- ау,\_\_\_ көз е-мес ол,\_\_\_  
та лай- ды,\_\_\_ Те-ре-ңі- не\_\_\_ тар-тып жат қан,\_\_\_ түң гый- ық,\_\_\_

О, жігітім! Босамашы, босама.  
Жалынғанмен, ол жүрегін тоса ма?  
Анар емес, кеудедегі қос анар –  
Бекежандар бұғып жатқан Қособа.

Ғашық болсаң әрі суып, әрі ысып,  
Жаттым дей бер ертелі-кеш дәрі ішіп.  
Қыпша белге жетпейді ғой, жетсе бір,  
Қалар еді от құшағым қарысып,  
Қалар еді от құшағым қарысып.

Қайран сұлу – күн келбетті, ай мүсін!  
Көзін сүзбей қалар оған қай кісің?!  
Бір адамның, бір адамның бақыты – ол,  
Мың адамның, мың адамның қайғысы.



## МЕКТЕБІМ

Әні мен сөзі: Б. Көшеновтікі

Бі - лім-нің мек - ке - сі мек - те - бім, Өт - ке - нім ө - зің - де көп ме - нің.  
Он же - ті қыс жаз - бен, ал - тын күз, Ға - жай - ып он же - ті көк - те мім.  
Жа - ным - мен сау - мал - дай сыр тың - дап, Бі - лім - нің ақ бұ - лақ кәу - сә - рін,  
То - рі - це жаз - дым мен жыр қым - бат.  
Ө - зің - нен жұп тым да су - сын - дап. Мек - те - бім га - жа - йып мек - те - бім.

Ұстаздар – атам мен анамдай,  
Тәлімі санамда самалдай.  
Шаттығым, пәктігім, мектебім,  
Мейірім өзіңе қана ма-ай?

Мектебім, мәпелі ұямыз,  
Қоштасып, қалайша қиямыз?  
Атыңды арменен ардақтап,  
Сен жайлы жазамыз жыр-аңыз.

Құлпырды жасанып құла дүз,  
Балаңа тек бақыт сұраңыз.  
Сағынған кездерде, ақ ұям,  
Сан жүрек сәт тілеп тұрамыз.

Қиялдай балалық бүр шашқан,  
Ораған ән-жырға гүл шоғын.  
Қырандай қонақтап қияға,  
Арманға жалғанар ұрпағы.



## ТҰНЫҒЫМ

Әні мен сөзі: Б. Көшеновтікі

Ша - па - зат, шы - рай, шуақ боп, жү - ре - зім (е) ен - дің қуат боп.  
 Қан - бай мей - ір жүруші ем, шө - лім - ді бас - тың суат боп.  
 Тұлым - шағым, тү - лы - мым, құлды - ра - ған құ - лы - ным.  
 Жүрегім - мен бау - ыр - ым, омырт - қа - да жү - лы - ным.  
 Неме - ремнің түн - ғы - шы ің - кә - рім - ау тү - ны - ғым.

Жұлдызым болдың жарқырап,  
 Арнам боп ақшы сарқырап.  
 Өзінді бір сәт көрмесем,  
 Қалады ғұмыр жартылап.

### Қайырмасы.

Жаным-ау менің, жарығым,  
 Дәніндей ғана тарының.  
 Қанымнан менің жаралған,  
 Жалғанар мәңгі тамырым.

### Қайырмасы.

Келтіріп үйдің ажарын,  
 Тірліктің жалғап базарын.  
 Ризамын Тәңірге,  
 Сыйлаған сыйдың ғажабын.

### Қайырмасы.



## ТОЛАҒАЙ

Әні мен сөзі: Б. Көшеновтікі

Ба - ба - лар та - ни біл - ген жер - дің көр - кін,  
 То - ла - ғай ұл - га қо - ныс қыз - га төр - кін.  
 Кө - не - гім га - сыр - лар - дың мұ - ра - сын - дай,  
 Та - рих - тың та - мы - рын - дай сар(ы) - су, сор - тім.  
 О ме - нің а - быз да - лам, Қо - нақ - тап ба - қыт құ - сы,  
 Ар - ғы - мақ а - рын - да - ган.  
 Бақ дәу - лет да - мыл - да - - - - ган.  
 Ө - зін - нен тү - ган ұл қыз, Ор ож - дан қа - был - да - ган.  
 Тө - рің - нен тү - леп ұ - шын, Жоқ шы - ғар са - ғын ба - ган.

Мәңгілік қанбайтын шөл, құмарымдай,  
 Толағай – жер жәннаты, жұмағымдай.  
 Ұрпаққа аманаттап жұпар сеуіп,  
 Бабалар қойып кеткен тұмағындай.

### Қайырмасы:

Ұлы кұш, ұранымсың,  
 Киелі тұмарымсың,  
 Қайнары таусылмайтын,  
 Бал тамған бұлағымсың,  
 Сертімнің байлауысың,  
 Қан тамыр қойнауысың,  
 Жүректің сүйіктісі,  
 Жанымның жайлауысың.



## ШАТТЫҚ ҚАЙДА КҮЛГЕН?

А - ру таң - да - рым - дай, ақ - қу ар - ма - ным - дай. Сен -  
сің шу - ақ кө - зі, ба - қыт шам - да - рын - дай.  
Шат - тық қай - да күл - ген, бірге (е) - ді зой біз - бен.  
Ай - дын ар - ман көл - де, Кө - зіл - дір ек жүз - ген.

Арай шат күнімдей,  
Өмір ақ гүліндей.  
Түн кірпігі ілген,  
Сезім пәктігіндей.

**Қайырмасы:**  
*Шаттық қайда күлген,  
Бірге еді зой бізбен.  
Айдын арман көлде  
Көгілдір ек жүзген.*



## ТУҒАН ЖЕР

Әні мен сөзі: Б. Көшеновтікі

Ту - ган жер даң - қың асқан Ға - жа - ып елі дас - тан\_\_\_\_\_

Са-р(ы)ар-қа га - сыр ү - ні А-лаш-тың ба - сын қос - қан

А - хау, ту-ған е-лім. а - хау, ту-ған же-рім.

Көк шал-ғын кө - лі - ім\_\_\_\_\_ көк о - рай бе - лің\_\_\_\_\_

Са - ма - лың сы - рым ме - нің

Қызы – гүл, нұры тамған,  
Жаны – дүр, асыл арман.  
Лағыл тіс, қарақат көз,  
Тәтті ерін шырын-балдан.

### Қайырмасы:

Ахау, туған елім,  
Туған жерім,  
Қыздарың керім,  
Ақ нөсер сезім,  
Өтеді сайран кезім.

Құрыш қол батыр аңғал,  
Ұлдарың – сері, салдар.  
Жаны жаз, көңілі нұр,  
Бекзада, асыл жандар.



**Қайырмасы:**

*Туған елім,*

*Туған жерім,*

*Ұлдарың еркін,*

*Семсерің, сертің,*

*Келбетің, сымбат, көркің.*

*Үшінші бөлім*



*Жан айнасы —  
жүрекжарды жазбалар*





## ҮЛКЕН ДАРЫН ИЕСІ

Алпысыншы жылдардың жастары арасында «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да», «Өзгеге көңілім тоярсың», «Татьянаға хат» ән-романстары кең тараған еді. Абай өлеңдеріне жазылған осы романстарды біз отырыс-жиындарда үнемі шырқайтынбыз. Менің өнерге келуіме осы әндер себеп болған сияқты көрінетін кездер де бар. Кейін білсем, бұл ән-романстардың авторы Қазақстанға еңбегі сіңген қайраткер, композитор, халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Сыдық Мұхамеджанов екен. Мен осы композитордың «Тербеледі тың дала», «Теміртау жастарының әні», «Бейбітшілік жыры» тәрізді әндерін айтып жүріп шыңдалдым. Содан да болса керек, оның шығармалары менің жүрегіме ерекше жақын әрі ыстық.

Сыдық ағамыздың өмір жолына үңілсек, ұшан-теңіз ізденіске толы. Ол – қазақтың алғашқы профессионал композиторларының бірі. Алғаш шығармашылығын Абай өлеңдеріне ән-романстар шығарудан бастаған ағамыздың қазақ өнерін дамытуға қосқан үлесі өте ауқымды. Оның «Ғасырлар үні» ораториясы – оратория жанрында қазақ музыка мәдениетінде бұдан бұрын ешкім жазбаған тұңғыш шығарма, «Айсұлу» атты операсы – комикалық опера жанрының алғашқы қарлығашы. Оған қоса, Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасы бойынша жазған «Жұмбақ қыз» операсы, Ғабит Мүсіреповтің либреттосы бойынша жазылған «Ақан сері – Ақтоқты» операсы – композитордың үлкен ізденісті еңбегінің нәтижесі деп айтуға болады. Оркестрмен бірге дауыс үшін жазылған концерттері – бұл жанрда қазақ музыкасында бірінші жазылған шығармалар. Айта берсек, Сыдық Мұхамеджановтың қазақ мәдениетін өсіріп-өркендетуге қосқан мұндай ізденісті еңбектері көп. «Дауыл» атты симфониясы қазақ симфония өнерінде ірі құбылыс екендігін музыка мамандары бір ауыздан мойындағанын да жақсы білеміз.



Композитордың кино саласында да атқарған еңбегі жетерлік. «Біз Жетісуданбыз», «Алдаркөсе», «Партизан қыз» атты киноларға жазған әуендері бұл фильмдерді тамашалаған жұртшылықтың көңілінде әлі сақтаулы.

С. Мұхамеджанов шығармаларының ішіндегі өз құрылымымен ерекшеленетін еңбегі – «Шаттық Отаны» шығармасы. Бұл туынды композитордың атын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізе беретініне еш дау жоқ. Айта берсек, Сыдық Мұхамеджановтың артына қалдырған мұрасы мол да бағалы. Ол туралы бір газет бетіндегі мақаламен айтып жеткізу мүмкін емес.

Биыл осы талантты жерлесіміз Сыдық Мұхамеджанов ағамыздың туғанына 70 жыл толады. Жерлес композитордың 70 жылдық мерейтойын оның туған жері Ақадыр ауданында атап өту туралы облыс әкімінің шешімі де шықты. Шешім шыққанымен, атқарылып жатқан шараларды көзіміз көріп отырған жоқ. Дарынды композитордың 70 жылдық мерейтойын атап өтуге дайындық облыста байқалмайтындай. Осыған алаңдаушылық менің қолыма қалам алғызып отыр. **Облыс орталығындағы, аудан, қалалардағы көшелерге, бір өнер мектебіне композитордың есімін беріп, талантты жерлесімізді мәңгілік есте қалдырудың шарасын жасасақ** деген ұсыныс айтқым келеді.

Осы ойларым облыс көлемінде, әсіресе композитордың өзі туған Ақадыр ауданында қолдау тауып жатса, нұр үстіне нұр.

***Береке КӨШЕНҰЛЫ,**  
облыстық филармонияның әншісі.  
«Сарыарқа» газеті,  
06.08.1994*

## ЖАЙСАҢ ЖАНДЫ АЗАМАТ ЕДІ

Таңғы сағат 7-лердің шамасы, телефон безектеп қоя берді. Мезгілсіздеу мазалағанға жүрегім секем алып, телефон құлағын көтердім. Арғы жақтан жабырқау дауыс: «Береке шырағым, мен Қайраттың әкесімін ғой. Қайратжаннан жаңа ғана айырылып



қалдық...» – дегенде, не болғанымды білмей тұрып қалдым. «Қазір, аға, барамын», – дедім кішкене есім кірген соң.

...Өмір, неткен жалған едің?! Өмірдің өзі кездесу мен қоштасудан тұрады десек те, мына қоштасу бөлек, мәңгілік. Тіршілігінде сыйлас, қадірлес, бір-бірінің құрметіне жеткен адамдардың бақилық болғанымен, есінде жүріп, көкірегіңнен кетпейтіні болады ғой.

*33 жас ұшып жетті де,  
Қыршынды қиып кетті ме?  
Баянсыз мына жалғаннан  
Қайрат та жылжып өтті ме?..*

«Шіркін, өмір-ай! Қайрат пен Зәурештің филармонияға бірі әнші, бірі музыкант болып келіп, еңбек жолын бастап, бір-бірімен табысып, шаңырақ көтергені де күні кеше ғана сияқты. Зәурешке де екі нәрестесімен атынан түскен адамдай жаяулап, азаматын арулап, шалқайтып үйден шығару оңай болмайтын болды-ау» деген ой жетегінде тұрып қалыппын.

Әбекең бірден маған хабарласыпты, оның да себебі бар шығар. Кейінгі он жылдың көлемінде мен орындаған әндердің барлығын Қайрат музыкамен көркемдеп, әрлеп, аранжировка жасап, шығармашылық бірлікте жүретінімізді білетіндігінен болар.

Шындығында, ойласам, Қайрат екеуміздің еңбектегі бірлестігіміз бізді жақын бауырға айналдырып жіберген екен. Оны бүгін қатты сезініп жүрмін. Қазір Қайрат музыкамен өрнектеген әндерімді айтып күнделікті дайындала бастасам-ақ, көз алдымнан оның адамгершілігі, жұмсақ мінезімен жылы сөйлеп, әдемі әзілдерімен жаныңа шуақ орнатып, әріптестеріне жақын жүретіндігі, жарасымды қылықтары, жүріс-тұрысы, тілалғыш, көңіл жықпай көмектесіп жататыны, адал, ақкөңіл, бала айтса сене беретін сенгіштігі, «аха-халай» күліп тұрған бүкіл жан дүниесінің шыныдай мөлдір тазалығы – бәрі-бәрі кино таспасынан көріп отырғандай тізіліп өте бастайды. Өнерде кейде осындай адамдардың аздығына қынжыласың және дәл сол адамдардың уақытынан ерте, қыршын жасында, өнердегі гүлін енді ашып, көз қызықтыра бастағанда, бір күнде көрген түстей жоқ болып кетуі қандай ауыр, өкінішті-ақ...



Мен үшін ол тілектесім еді. Менің еңбегім жансын дей ме екен, әйтеуір, өз әндеріме болсын, басқа әндерге аранжировка жасасын, жан-тәнімен жасап, ұнамай қалса, тіпті, сол әндерді қайта жазып жатушы еді.

Қандай әнге жақсы сүйемелдеу, музыкалық әдемі әнге сай көркемдеу болмаса, ол әннің құр әнші даусымен бағы жанбайтыны баршаға белгілі дүние ғой. Әндерімнің бағын ашуға да Қайраттың зор үлесі болған еді. Мәдениеттің ең жоғарғы сатысы қарапайымдылық десек, бойындағы тұнып тұрған талантына қарамастан, «мен сондаймын» деп көкірек кермейтін Қайрат сол қарапайым, кішіпейіл жандардың бірі еді.

Біздің қаламызда шығармашылық кеш-концерттердің, сауық-кештердің Қайраттың қатысуынсыз өткені кемде-кем шығар. Сол шаралардың жоғары деңгейде өтуіне оның еңбегі де ерекше еді. Сонда да «мен осындай көмек жасадым» деп кейбіреулер сияқты еңбегін сатып, қабағын шытуды білмеуші еді.

Біз – өнер адамдары тек жүректен, бауырдан жаратылған жандардай боп, бір-бірімізді өкпеге қимай жүргенде, ауыз бармайтын өлімге беріп алғанымызды білмей де қалдық-ау...

Өмір неткен жалған еді десеңші. Міне, сол Қайратжанның да дүниеден өткеніне 40 күн толып отыр.

*Тойыңа еріп тіршілік,  
Кетесің кейде пірсініп.  
Ойласаң бір сәт өлімді,  
Қаласың сен де күрсініп...*

Бұл өмірдегі заңдылық десек те, жалғанның тірі жүргендерге ескертуі сияқты-ау, шамасы, қалай дегенмен де, өкінішті.

**Береке КӨШЕНОВ,**  
*Қазақстан Республикасының  
еңбек сіңірген артисі.  
«Сарыарқа» газеті,  
02.07.1999*



---

## КИЕЛІ ӨНЕР ШАҢЫРАҒЫ

### Тайжан Қалмағанбетов атындағы филармонияға – 25 жыл

Таяу күндері Жезқазған қаласының тұрғындары мыс қаласының 45 жылдығын тойлағалы отыр. Осы мерекемен орайлас қала тұрғындарына мәдени қызмет көрсетіп келе жатқан Тайжан Қалмағанбетов атындағы филармонияға да 25 жыл толады.

Мен өз өмірімнің жартысынан көбін осы филармонияға арнаған адамдардың бірімін. Өткен ширек ғасырдағы оқиғаларды оймен барласам, бүкіл кешкен өмірің, өткен жолың, бірге жүрген қимас-құрдас, қызметтестерің көз алдыңнан көлбеңдеп өте береді екен. 1974 жылы шілде айының 11-жұлдызында Жезқазған облысының алғашқы өнер шаңырағы филармонияның салтанатты түрде ашылу рәсімі болды. Жергілікті халық осы бір қуанышты оқиғаға разы болып, шырайлана мез болғаны есте.

Ашыла салысымен филармония келісімшарт бойынша жан-жақтан артистер шақырып, еңбекшілерге мәдени қызмет көрсете бастады. 1975 жылы маусым айында филармонияға ең алғашқы тұрақты қызметке республикалық өнер студиясының бір топ түлектері келді. Олар көркемсөз шеберлері Бақберген Дәркембаев, Раушан Сабырбаева, Гүлдерай, Мұқаш Талқамбаевтар, әншілер Ғалым Мұхамедин, Мара Әмірханова, Салиха Орынғалиева, Раушан Жапсарбаева, Жұмакүл Мақжанова, Еркеш Қалкеева, Бағдат Сәмединова және күйші Кемал Байқараев еді. Бұған қоса бишілер тобы, цирк өнерпаздары, «Қаракөз» ансамблінің әншілері Жақсыкелді Сейілов, Болат Есмұханов қызметке кірісті. Дәл осы тұста Жаңаарқа ауданынан мені филармонияға қызметке шақырды. Алғашқы тұрақты қызметке қабылданған артистерді екі топқа бөліп, өзіміздің облыс көлеміне гастрольдік сапарға жіберді. Гастрольден оралған соң жоғарыда аты аталған өнерпаздардан «Жезкиік» атты жастардың эстрадалық ансамблі құрылды. Жел-



тоқсанның орта шенінде «Жезкиік» ансамблі өзінің алғашқы концертін қойды. Осы тұңғыш концерттік бағдарламаны екі күн қатарынан қойдық. Қала тұрғындарының қуанышында шек жоқ.

Өмір болған соң, ауыс-түйіс болып жатады ғой. Бір жыл өткен соң «Жезкиік» ансамблінің құрамына Роза, Ахат Байбосыновтар, Әлия Айтжанова, одан соң биші Дәмеш Ысмағұлова, сазгерлер Есқожа Сартов, Ахмедия Есмұханов, әншілер Ұлмекен Байжантаева, Лидия Сапожникова, Тамара Леванидзе, цирк артистері Тамара Гурова, Валентина Новожеева, көркем-сөз шебері Александр Грищенко, артистер Балжан Жүсіпбеков, Қайрат, Зәуреш Омаровтар, Кәрім Мұқашев, Қайрат Әбеуов, Ардақ Мұқышев, Ақбөпе, Мұрат Сейтеновтер қосылды. «Жезкиік» ансамблінің дүниеге келуіне сол кездегі ел ағалары, облыстық партия комитетінің хатшысы Ж. Аралбаев, атқару комитетінің төрағасы Қ. Жұмабеков және Б. Досанов, А. Рахымжанов, сол кездегі мәдениет басқармасының бастығы Қ. Мәкенбаев сияқты ағаларымыз көп еңбек сіңіргенін атап айту парыз.

Филармонияның ең алғашқы директоры Серік Елеусізов тәрізді азамат болғанын қашанда мақтан тұтамыз. Серік Елеусізов сол кездегі республикада эстрада жанрындағы жалғыз режиссер еді. Ол кісі жезқазғандық артистерді қалыптастыруға, тәрбиелеуге көп еңбек сіңірді. Секеңнен соң филармонияның билігі Бектұрсын Шортанбаев, Бақберген Дәркембаев, Мөрлібек Мұратбаев, Серік Оспанов, Әнуар Омаров сынды азаматтардың қолына тиді. Осы азаматтардың ішінде филармонияға он жылдан артық басшылық жасаған Бектұрсын ағамыз еді. Марқұм өте қарапайым, адал, жан дүниенді түсіне қоятын аса сезімтал азамат болатын.

Бекеңнің филармония үшін көп тер төккені бізге жақсы белгілі. Ол кісінің тұсында келісімшарт бойынша Россиядан шақырылған «Форсаж», Табаевтың басқаруында «Байқоңыр» орыс тобы, Голустияның басқаруында «Добрый вечер», «Цыган» эстрадалық ансамбльдері жұмыс істеді. Сонымен қоса, «Ой, тамаша!» ансамблі құрылып, көптің көңілінен шықты. Бақберген Дәркембаев жетекшілік еткен, құрамында Сарқыт



Күзеуов, Света Салиева, Нұрия Нығматтулина, Ақбөпе, Мұрат Сейтеновтер, Мұрат Сацқанов, Зоя Қарабалина, Өмірзақ Бекқожин, Жанқор Дүйсенбеков тәрізді өнерпаздарды топтастырған ансамбль кезінде Қазақстанның талай облыстарын аралап, халықтың алғысына бөленді. Филармонияда «Жезкиікпен» қатар қазақ эстрадалық тобы – «Байқоңыр» ансамблі жемісті қызмет етті. Оның музыкалық жетекшісі Аманкелді Сәндібаев болатын. Мұнымен қатар «Ән – көңілдің ажары» атты халық әндерін насихаттау тобы жұмыс атқарды. Не керек, Бектұрсын аға филармонияны басқарған жылдар ішінде өнер ошағында 200-ге тарта артист қызмет етіп, халыққа мінсіз мәдени қызмет көрсеткені әлі де жадымызда.

Кәсіби өнердің шаңырағында кәсіби біліктілігі жоғары талай көркемдік жетекші қызмет етті. Олар – сазгер Әшір Молдағайынов, Мәлік Жабағин, Болат Қазығұлов, Қуандық Стамбакиев және қазіргі көркемдік жетекшіміз Сағат Қошанов сынды азаматтар.

Филармонияның 25 жылдық ғұмырында еңбек еткендердің бәрін тізіп, түстеп айтып беру мүмкін емес. Дегенмен де, ширек ғасырлық тарихында филармонияның атағын аспандатқан жарқын беттерді еске алмауға болмайды. Соның ішінде «Жезкиік» ансамблінің республиканы үш рет толық аралап шығып, бүкіл қазақ көрермендерін, Өзбекстан, Түркіменстан, Қырғызстан, Қарақалпақстанды өнерімен тәнті еткенін қалайша ұмытуға болады?! Мәскеу, Литва, ГДР, ФРГ, Исландия, Моңғолия сияқты шетелдерде «Ұлытау» ансамблінің құрамында қазақ өнерінің мерейін көтеріп, абыройды асырған сәттер де ешқашан ұмытылмақ емес.

Біздің халқымызда «Киелі өнер, киелі топырақ талантты ұл мен қыздар туғызбай қоймайды» деген қанатты қағида бар ғой. Сол айтқандай, үш жүздің басын қосқан қасиетті Ұлытау топырағындағы тұңғыш кәсіби өнер ордасы Талжан Қалмағанбетов атындағы филармония да – киелі қара шаңырақ. Осы филармониядағыдай өнер адамдарының өз еңбегінің жемісін көріп, бағы жанғаны бүкіл республика көлемінде санаулы ғана. Филармонияда қызмет ете жүріп көптеген артистер бүкілодақтық ән-



шілер конкурсының лауреаттары атағын жеңіп алды. Олардың қатарында Роза, Ахат Байбосыновтар, Мара, Болат Есмұхановтар бар. Әміре Қашаубаев атындағы конкурстың жүлдегерлері Қайрат Әбеуов, Ардақ Мұқышев та – біздің филармонияның әншілері. Бірнеше артист жоғары атақты иеленді. Марқұм сазгер Жақсыкелді Сейілов Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері атағына ие болса, әншілер Ғалым Мұхамедин, Серік Оспанов ҚР еңбек сіңірген артисі атанды. Осы атақты өткен жылы мен де иелендім.

Қазір қай салада болмасын қиындық шаш етекпен. Соған қарамастан Жезқазғанда өнер ошақтары тұрақты түрде жұмыс істеп тұр. Өткен өмірді оймен екшей келіп, бүгінгі уақыттың қиындығын ойлағанда бұған іштей тәуба дейміз. Біздің Жезқазған өңірінде басшылар тарапынан өнерге оң көзқарас қалыптасқан. Соның нәтижесі болуы керек, мәдениет орындарының басқа жерлердегідей жабылып қалмай, қалыпты тіршілік кешіп жатқаны. Қазір филармонияда төрт өнер тобы жұмыс істейді. Мұның сыртында үш контрактымен жұмыс істейтін тобымыз бар. Олар – «Аэлита» би тобы, классикалық музыка, «Қобызым – абызым» топтары. Осылардың бәрі де нақты, ырғақты жұмыс істеуі үшін филармонияда барлық жағдай жасалуда.

Тайжан Қалмағанбетов атындағы филармония ұжымының 25 жыл бойы ұстанған мақсаты – көпшілікке мазмұнды мәдени қызмет көрсетіп, концерттер қою арқылы халықтың, келер ұрпақтың бабалар мұрасынан көз жазбауына үлес қосу, оны алға қарай дамыта түсу. Халықтың асыл мұрасын дамытып, өркендетуге біздің ұжым бұдан былай да бар күш-жігерлерін жұмсай береді.

**Береке КӨШЕНОВ,**  
*Қазақстан Республикасының*  
*еңбек сіңірген артисі.*  
*«Сарыарқа» газеті,*  
*04.12.1999*



---

## ӨНЕРДЕГІ ӨРНЕК

Біздің бір-бірімізді біліп, танысып, таныстығымыз жолдастыққа, жолдастығымыз туыстыққа айналып, араласқанымызға да ширек ғасыр болған екен.

Алғашқы кездесуіміз 1975 жылы Жезқазған облысының орталығында іргелі өнер шаңырағы – Жезқазған облыстық мемлекеттік филармониясы ашылуымен тұспа-тұс келді. Осы жылдан «Жезкиік» ансамблі құрамында қызметті бірге бастадық. Алматыдағы республикалық өнер студиясын бітіріп келген бір топ мамандардың ішінде ҚР халық әртісі Гүлжаһан Қалиевадан дәріс алып, көркемсөз оқу жанры бойынша бітірген төрт жас болды. Соның бірі – осы Бақберген, бірі – бұл күнде ортамызда жоқ, Бақбергеннің жолдасы Раушан Сабырбаева марқұм. Сосын ерлі-зайыпты Гүлдарига, Мұқаш Талқанбаевтар.

Бақбергеннің жаны жарқындығы, мінезінің ашықтығы, адаммен тез тіл табысатындығы бірден байқалды. Мен оның бұл қасиеттерін өнерпаз болғаннан осылай шығар деп ойлаушы едім. Сөйтсем, табиғатынан осылай жаратылған жан екен. «Түсі игіден түңілме» деген, менің онымен тіл табысып кетуім содан шығар. Жөн сұраса келе, Раушан маған жақын қарындас, Бақберген біздің елге күйеу болып шыға келді. Күні бүгінге дейін қайнаға деп жолымнан кесе өтпейді. Мың жасасын! Рахмет!

Әлгіндей қатынастан шығар, осы елдегі туыс-ағайындарымен танысуына менің де септігім тиді.

Бақбергеннің өнердегі деңгейін, шеберлігін бір адамдай білемін десем, артық айтқандық емес. Себебі, Қазақстан көлемінде «Жезкиік» ансамблімен бірге жүріп, бірге өнер көрсетпеген елді мекен аз. «Жезкиік» ансамблі мүшелерінің әрқайсысы жөнінде ұзақ әңгімелеуге болады. Әрқайсысының орны бөлек. Солардың ішінде Бақберген де өзгеше болатын. Концерттің жұртшылық көңіліне сай өтуі оны жүргізетін адамға көп байланысты. Ол өзіне жүктелген міндетті тиісті деңгейде орындай білді. Сонымен бірге, Бақберген мәнерлеп, нақышына келтіре айтатын «Мен қазақпын», «Мен қазақ әйеліне қайран



қалам» секілді зор екпінмен, тебіріне орындалатын толғау-жырлар, «Құлақ», «Елдің әйелі», «Қыз ұзату», «Жаласпаса өле ме?», «Аю бастық» секілді әзіл-оспақтар, тіпті балаларға арналған «Өтпішу» шымшыма-өлеңі де көрерменге әсер етпей қоймайтын. Бірі бойға жігер берсе, бірі қыран-топан күлкіге батырады.

Сахнада өзін ұстауы ерекше. Көрермен халық «Жезкиік» ансамблін тамашалағанда, концерт емес, бір тойда отырғандай күйге түседі. Бұл концертті жүргізушінің құдіреттілігі деп айтар едім. Өрбір өнер иесін халыққа таныстыру да жүргізушіден шеберлікті қажет етеді. Бұл жағынан да табиғат Бақбергенге айрықша дарын берген.

Бақберген ұйымдастырушылық қабілетімен де дараланды. «Ой, тамаша» ансамблін құруда Жақсыкелді Сейілов екеуінің еңбегін атамай кетуге болмас. Бақберген сол ансамбльдің жетекшісі болды. Кейін Алматыдағы өнер студиясынан бір топ өнерлі жастарды өзі барып алып келіп, «Байқоңыр» эстрада-лық тобын құрды, соған басшылық етті.

Облыстық филармонияда директордың орынбасары, директоры болып жауапты қызметтер атқарды.

Кейін білім беру саласына қызметке ауысып, онда да өнерді тастамады. Бір мысал, Ақтоғай ауданындағы кәсіптік-техникалық училище өнерпаздарының Индияға баруына ұйтқы болып, балаларды өзі бастап алып қайтты.

Ол жақсылықтың, жаңалықтың жаршысындай қуаныш-шаттықтың ортасында жүреді. Онсыз бір кездері бұл өңірде той өтпейтін. «Біздің тойымызды Бөкең көкеміз өткізді» деп талай жастың мақтанышпен айтып отырғанының куәсі болдым.

Оның адамгершілігінің бір қыры – қуансаң, қуанышыңның мерейін шығаратыны, қайғырсаң, қайрат беріп, еңсеңді көтеретіні. Мұндай қасиет те кез келгенге бұйырмаған.

Бақберген – өмірдің ащы дәмін татып өскен азамат. Алматы облысының Нарынқол ауданында дүниеге келген ол жасынан ағасы Асқар, соңдарынан ерген іні-қарындастары бар, апа-жез-десінің қолында өсті. Ағасы екеуі бір-бірін жетелеп оқып, өніп, бауырларын да жетілдіріп, өмірдің қиын өткелдерін бастан



кешірді. «Орнында бар оңалар» деген. Бұл күнде жұбайы Айжан, балалары Бибажар, Данияр, Алдияр, Айшабибі бар өuletті отбасының иесі.

Зымыраған уақыт-ай!.. Кешегі қылшылдаған жігіт жасы – жиырма бесінде Жезді өңірін аттаған Бақберген бүгін ер жасы – елуге де келіп қалыпты. Жылдар жылжи берсін, ал өмірің өрнекті, көңілің шат бола берсін дейміз мерейтой иесіне.

*Береке КӨШЕНҰЛЫ,  
Қазақстан Республикасының  
еңбек сіңірген артисі.  
«Мысты өңір» газеті,  
14.04.2000*

## ӨНЕРДІҢ АҚТАНГЕРІ

Өнер – халықтікі, халықтың асыл мұрасы, ең қымбат қазынасы. Бұған бұлақтың тазалығы, Ардың адалдығы қажет. Өнер – гүлдей нәзік, оған қамқорлық, аялы алақан, жылы жүрек тән. Әрине, өнердің осындай қасиеттерін жауаптылықпен сезінген адамдар ғана өнер адамы бола алады. Жақсыкелді Сейілов өнердің осындай ақтангері еді-ау!

*Арқа туған ұлдарын сағынады,  
Біқылас деп қылқобыз аңырады.  
Әсет, Мәкең, Күләштар – сырлы ерек ән,  
Сәкен әні тау-құзда жамырады.*

*Сол дүлдүлдер тұяғын ел біледі,  
Асылындай сезеді ел жүрегі.  
Айдында аққу қалқыған көл біледі,  
Жезкиігі желпіген жел біледі.*

*Бүгін жанса еңбегі, бақ-талабы,  
Сырлы сұлу, сазды әуен ақтарады.*



*Өнерінің құрметті ақтангері,  
Жақсыкелді ән салса, ел мақтанады.*

*Жүрегі – ән, пейілі – даласы деп,  
Өнерлілер ішінде дарасы деп,  
Ел бесігі тербеткен, аялаған,  
Бір туатын қашанда баласы деп.*

Өзінің көзі тірісінде өзіне оқып, сол кездегі «Жас қазақ» газетінде жарық көрген менің осы өлеңім Азамат, Ақын, Сазгер, сырлы сұлу сазды Әнші, өнерді өзінен де жоғары қойған өнер саңлағы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Жақсыкелді Уәлиұлы Сейіловке арналған еді.

Менің Жақсыкелдімен ең алғаш кездесуім – 1971 жыл. Ол кезде мен жас маман ретінде еңбек жолымды Жаңаарқа ауданы Карлс Маркс атындағы кеңшарда бастап жүргенмін. Бір күні ауылға Жезқазғаннан «Қаракөз» ансамблі келе қалды. Бұрын-соңды атын естігеніміз болмаса, ансамбльдің де, оның жетекшісі Жақсыкелдінің де өнерін бірінші тамашалауымыз. Клубқа адам сыймай кетті. Ауыл адамдары Жақсыкелдінің салған әндеріне дән риза болды. Неткен сұлу ән, неткен керемет дауыс! Бәрінен де бұрын Жақсыкелдінің қарапайымдылығы, кішіпейілділігі маған өте ұнады. Ол кезде менің де әнші ретінде танылып, атым шыға бастаған шағым болатын. Концерттен кейін өзім сияқты өнерлі жастарды ұйымдастырып, клуб ішінде меймандар үшін шағын дастархан жасадық. Сөйтіп, таң атқанша кезек-кезек ән салып, есте қаларлықтай отырыс өткіздік. Сонда әнімді тыңдап, ерекше риза болған Жақсыкелді «Сен бізге әнші болып кел!» деген сөзін айтқан еді. Жәкеңнің дуалы аузы себеп болды ма, 1975 жылы мен Жәкеңдермен бірге облыстық филармонияға әнші болып қабылдандым. Содан бері онымен таныстығымыз туыстыққа ұласып, тіпті, нағашылы-жиен ретінде сыйластығымыз тонның ішкі бауындай болып кеткен еді.

Жәкең екеуміздің нағашылы-жиендігіміздің жөні бөлек. Қазекем «Жақсыдан жаман туса да, жаманнан жақсы туса да, тартпай қоймас негізге» дегенді бекер айтпаған ғой. Мұндайда



Жәкеңнің әкесі Уәли ақсақалмен де дәмдес болғанымыз еске түседі. Тұлғасында тектіліктің, дегдарлықтың мол пішіні бар бұл кісі палуан денелі, бір сөзді, бірбеткей, бірақ адамға аса мейіріммен қарайтын жан болатын.

«Адамның жақсы болуы – нағашыдан» дегендей, нағашылығы жағына келсек, Жамбыл облысының Сарысу ауданында арғы тегі Кіші жүз – Тама, оның ішінде Барақ руынан, елге сал-серілігімен әйгіленіп, аты шыққан Кәрібоз деген кісі болған. Кәрікеңді біздің өңірімізде де білетін кісілер баршылық. Жақсыкелдінің шешесі Ақбала – сол кісінің туған қарындасы. Жақсыкелдінің мені нағашы дейтін себебі – сол. Ол ұлы нағашыларым деп Ықылас пен Сүгірді, актер Асанәлі Әшімовті, сазгер Илья Жақановты, дирижер Алдаберген Мырзабековті, ақын Тынышбай Рахимовты өте қадір тұтатын.

Менің Жәкеңмен өткізген кезім албырт бозбала, арындаған арғымақ жігіттік, ес біліп, есейген шағым болса, осы уақыт ішінде қаншама көктем, жаз, күз, қыс мезгілдері, қаншама аласапыран бейнет пен еңбек, концерттік сапарлар, қуаныш-шаттыққа толы шақтар, құрбы-құрдас болып әзілдескен, сыйласқан, сырласқан күндер, той-думандар еске түсер еді. Қайран дүние десеңізші! Ол бір сағынышқа толы әлем екен ғой!

Жәкеңнің мені ерекше тәнті ететіні: оның бірнеше тілді, өсіресе, орыс тілін жетік меңгергендігі, өнге деген ерекше біткен сезім тазалығы, жан сарайының байлығы, ішкі әлемінің сұлулығы, үлкенге деген алғаусыз құрметі мен кішіге деген шынайы ізеттілігі, өмірге деген құштарлығы мен қиындыққа мойымайтын қайсарлығы, бірбеткейлігі, көңіліндегісі көмейінен көрініп тұратын ақкөңілділігі, бөрінен де бұрын табиғат өзі құйып жаратқан сазгерлік дарындылығы еді. Оның сазгерлік ерекшелігін шығарған әндерінің өзі әйгілеп тұрған жоқ па?! Атап айтқанда, «Неге солай?», «Ана туралы баллада», «Әке туралы ой», «Жезқазған маршы», «Айналайын қанатым», т.б. әндерінің туу тарихының өзі неге тұрады?! Осы әндердің бәрін мен сахнада талай орындадым, әлі де орындап жүрмін.

Жақсыкелді Сейілов – біздің республикамыздағы әйгілі сазгерлермен иықтас, тіпті, кейбір әндері арқылы асқақтап тұра-



тын үлкен тұлға. Жәкеңнің көп әндері тыңдаушыны аяулы ойға жетелеп, рухынды оятып, ән құдіретіне табындырып, өмірге деген құштарлығыңды арттырып жіберетін сұлу түзілімдерге бай. Жәкеңнің тағы бір ерекшелігі – ол тамаша сазгер болуымен қатар, тамаша ақын да. Өйткені Жәкең көп әндерінің сөзін өзі жазатын. Мысалы, оның «Айналайын қанатым» әнінің сөзі өз жүрегінен шыққан.

Жақсы сазгер болу – бір басқа, жақсы әнші атану – бір басқа. Жақсыкелдінің әншілік қыры туралы да көп айтуға болады. Киелі топырақ киелі ұл мен қыз туғызбай қоймайды. Киелі Ұлытау бөктерінде туған Жәкең – тірлігінде өз бағасын алып та үлгерген өнер иесі. Ол қатыспаған байқау, ол қатыспаған фестиваль жоқ. Олардың ішінде Жәкең Республикалық эстрада әншілері байқауының, «Жігер» фестивалінің жүлдегері атанды. «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» деген мәртебелі атаққа ие болды.

Дегенмен де, Жақсыкелдіні тағдыр әу бастан маңдайынан сипай қоймады. Бір жасқа толмай жатып қос жанарынан айырылды, сөйтіп, оған жарық дүниені көрсетпеген қу тағдыр, ол аздай-ақ, ғұмырын тым келте қылды. Өкініштісі сол, Жақсыкелдіні сұм ажал ортамыздан ерте жұлып әкетті. Жәкең туралы енді тек естеліктер айтуды біздің пешенемізге жазыпты.

...1981 жыл. «Жезкиік» ансамблі гастрольдік сапармен Ақтөбе облысын аралауға шықты. Ұмытпасам, жаңа жылдан кейінгі күндер. Ақтөбеге барғаннан кейін концерт қоюға дейін 1-2 күн уақытымыз болды да, дайындап үлгермеген әндерімізді қайта пысықтау үшін қаладағы Пионерлер үйін дайындыққа сұрап алдық. Мен дайындықтан бірінші болып өттім де, залға келіп, тыныс алып отырдым. Басқа әншілер әлі дайындалып жатқан. Сахна адамның кеудесінен жоғары келетіндей биік екен. Бір кезде Жәкең де дайындықты аяқтады. Ол: «Мен болдым. Мені енді қонақ үйге апаршы», – деп біздің бір жігітке қолтығын ұстатты. Анау да бір елгезек жігіт еді. Бірден жетпей жөнелді. Жәкеңнің бір қызық әдеті: адамды итере-ми-



тере жүретін еді ғой. Сол әдетімен әлгі жігітті итере бергенде, ол байғұс Жәкеңнің қолтығына ие бола алмай, екеуі де сахнаның үстінен құлап түсті. Залда отырған мен жүгіріп жетіп үлгермедім. Жәкең еденде шалқасынан жатыр. Мен бір жері майып болып қалған шығар деп қатты қорыққан едім. Дайындық жасап жатқандар аң-таң. Жәкеңде қимыл жоқ. Одан сайын зәрем кетті. Жетіп келіп, «Жәке!» деп едім, сәл үнсіз жатты да: «Нағашы, мені қонақ үйге сен апаршы!» – деді қолын ұсынып жатып. Такси шақыра қояйын деп қамданған болып едім: «Керегі жоқ, жаяу барамыз», – деді. «Бір жеріңіз ауырып қалған жоқ па?» – деген сауалыма: «Жоқ!» – деп жауап берді. Сонан соң қонақ үйге қарай жаяу аяңдадық.

Жолай Жәкең көпке дейін үндеген жоқ. Жаңағы сахнада құлағаны жанына батып келе жатыр екен. Бір кезде кілт тоқтай қалып: «Нағашеке, мен саған ешкімге айтпаған бір сырымды айтайын. Тыңдайсың ба?» – деді. Мен не айтар екен деген қызығушылықпен: «Айтыңыз, нағашылы-жиенді адамдарда жасырын сыр болмауға тиіс қой», – дедім. «Мен жақында бір түс көрдім, – деді Жәкең әңгімесін баяу дауыспен бастап. – Түсімде Аманжан екеуміз үйде ұйықтап жатыр екенбіз. Ұйқымнан оянып кетіппін де, терезеге қарай беремін. О, керемет! Терезеден нұрланып, ерекше шуақ шашып, алаулап күн шығып тұр екен! Баяғы бала кезімдегідей, көз қарықтырып барады! Жалма-жан Аманжанды оятып, «Ей, Аманжан, тұршы, мынау шығып тұрған шынымен күн бе?! Мен шынымен көріп отырмын ба?!» дей беретін көрінем. «Иә, күн ғой!» деп Аманжан әрі қарай аунап түсіп, ұйқысын қайта жалғастырады. Содан оянып кетсем, түсім екен. Бұл менің жарық дүниені – Күнді соңғы көруім деп ойладым. Солай болды да. Олай дейтінім: мен осы уақытқа дейін қараңғы мен жарықты, күн мен түнді сезетінмін, қазір маған күн де, түн де бір. Нағашеке, менің бұл сырымды, бірақ, ешкімге айта көрме!..»

Мен Жақсыкелдімен арада болған осы әңгімені жеткізіп айта алып отырмын ба, білмеймін. Ал Жәкеңнің өзі сонда айтқанда кітаптан оқығандай ғажап әсерде қалған едім.



Жақсы бір отырыстарда ән айтылып, күй тартылып, әзіл-қалжың жарасып, кесек-кесек ойлар айтылып, әдемі отыратын кездер болады ғой. Сондай бір сәтте Жәкең маған сыбырлап: «Нағашы, сіздер бақыттысыздар ғой! Мына әлемдегі болып жатқан жаңалықтарды құлақпен естіп, сезіну бір басқа да, көзбен көру ғанибет қой! Менің бір арманым – осы бірге жүрген жан жолдастарымның, достарымның жүздерін бір сәтке болса да көріп, қайта көрмей қалсам, арманым жоқ болар еді!» – деді. Жәкеңнің сөзі жанымды тербеп, мына бір-екі шумақ жүрегімді жарып шыққандай болған еді сонда:

*Тағдырың сыйлап, таланттың берген төзімін,  
Жөргекпен келген алапат бір сезім-үн.  
Жүзіне жарық, көңіліне құйып нұр-сәуле,  
Жүрекке берген қарашығын көзіңнің.*

*Білемін, кей кез кірпігіңді де ілмейсің,  
Достардан тілеп, кіршіксіз көңіл іздейсің.  
Бәрі де бар-ау, ең ауыр болып тиетін,  
Даусымнан танып, түрімді анық білмейсің...*

Маған да досымның жағдайы оңай тимеді білем, осы өлең жолдарын одан әрі жалғастыруға дәтім бармады. Әрине, бұлардың барлығы өмірден қалған естелік, әңгімелер ғой. Жәкеңнің артына негізгі қалдырған дүниесі, бай мұрасы – оның саф алтындай жарқыраған, сазды өуендері, сұлу әндері десек, артық айтпағандығым. Жәкең тірлігінде өзі кеткен соң әндерінің орындаларын, орындалмасын ойлады ма, ол жағы бізге белгісіз. Ал онымен бірге жүрген біздер Жәкең әндерінің өлмейтініне, ұрпақтан ұрпаққа тарай беретініне сенеміз, оған көзіміз толық жетеді.

Жәкеңнің иісі қазаққа танымалдылығын айтпай-ақ қоялық, тура қасиетті Ұлытау өңірінде одан басы биік тұрған тумала талант иесі жоқ! Бұл – менің кесімді пікірім. Қазақстанда «Дос-Мұқасан», «Гүлдер», тағы басқа да өнер ұжымдарымен қатар тұра алатын бір ансамбль болса, ол – «Қаракөз» ансамблі. Бұл да – даусыз шындық. Біртуар азамат, өнер ақтангері Жәкеңнің атын ататар жанұясы – зайыбы Зейнеп, баласы Жанботасы бар.



Құдайға шүкір, Жақсыкелдінің ән мектебі, саз мектебі бар!  
Оның ізбасарлары қызғалдақтай қаулап өсіп келеді. Лайым,  
есе берсін!

*Береке КӨШЕНҰЛЫ,  
Қазақстан Республикасының  
еңбек сіңірген артисі.  
«Сарыарқа» газеті,  
02.03.2001*

## ТЕГІНДЕ БАР ТЕК ҚАЛМАЙДЫ

Киелі өнердің арқасында Орталық Қазақстанда мен барып өнер көрсетпеген елді мекен кемде-кем. Жезқазған аймағын екі жылда бір аралап шығып тұрдық десем, артық айтқандық болмас.

Сондай кездерде көрген елдің бірлігін ұстаған жақсы-жайсаң жандар, табиғаты көркімен көзді арбаған елді мекендер, ғажайып көріністер әсте естен шығар ма?! Сондай ауылдардың бірі айналасы жақпар-жақпар тастармен көмкеріліп, етегін гүл өрген «Жәмші» совхозына қарасты Калинин атындағы ауыл еді. Тап осы топырақта атадан балаға мұра болып жалғасып келе жатқан кешегі Әміре Қашаубаев, Қали Байжановтармен тізе тиістіріп үзеңгілес болған, Қоянды жәрмеңкесінде өнер жарыстырған үлкен өнерпаз, қара қобыздың мұрагері, қобызға қосып ән салған Хамит Стамқұлов деген кісінің болғанын білген едік. Сол кісі ұстаған қобызды атадан балаға мұра дәстүрін мықтап ұстаған ағайындары қаншама жерден өтініш болса да ешқандай мұражайларға бермей, күні бүгінге дейін қобызшы Шәмши деген кісінің үйінде сақтап отыр екен.

Шәмши ақсақал кезінде Алматы консерваториясы өнерпаздарының құрамында қара қобызбен Америкада өнер көрсетіп, қазақ өнерінің мерейін бір көтеріп, қазақтың қобызын шетелдіктерге таныстырған екен. Ол қобызды «Асыл мұра» атты фольклорлық экспедиция ұйымдастырып, халық мұрасын



жиыстырып жүргенде Жезқазған музыкалық колледжінің директоры Қуандық Стамбакиев өз көзімен көріп, куә болған.

Мұның барлығын тізбелеп айтып отырғандағы себебім – сол жоғарыдағы айтып кеткен Хамит Стамқұловтың немересі – Жезқазған филармониясының әншісі. Ол – Қайрат Әбеуов.

Қайрат туралы ой қозғаудың сәті бүгін келгендей. «Тақырға тал шықпайды, тегінде бар тек қалмайды» дейді ғой. Адамның келешек өмірінің дұрыс қалыптасуына өскен ортасы әсер ететіні түсінікті. Бала көңілі қашанда еліккіш, жақсылыққа іңкәр келетіні белгілі. Содан болар, Қайрат та жасынан қолына домбыра ұстап, ән салумен әуестенді. Өзінің ауылында, аудан көлемінде әнші бала атанып, елді халық өнінің көусарынан сусындата білді. Халықтың пейілі оның бүтіндей әншілік жолға бет бұруына себеп болды. Ол үлкен өнерге дайындық керегін түсініп, Республикалық эстрада студиясының Қазақстанның халық артисі, бұл күнде бүтін Арқа әншілік мектебін ұстап отырған ұстаз Қайрат Байбосыновтың класына оқуға түсті. Оқуын бітірген соң 1994 жылы арнайы жолдамамен Жезқазған филармониясына әнші болып қызметке кірді. Содан бері де 7-8 жылдай уақыт болыпты. Филармония артистерімен бірге өнер сапарларында Қазақстанның біраз жерлерінде өнер көрсетіп, танылып та қалды. Әр түрлі халықаралық фестивальдар мен республикалық конкурстарға қатысып, осыдан бірер жыл бұрын республикалық Ж. Елебеков атындағы конкурстың дипломанты атанса, енді, міне, тарпаң, ауыздықпен алысқан жылқы жылы Қайратты есте қалар қуанышқа бөледі. Жуырда, 25 сәуірде өткен республикалық Әміре Қашаубаев атындағы конкурсқа Жезқазған филармониясы атынан қатысып, жүлделі 3-орын алып, лауреат атанды. Ұлттық жанрдағы өнерпаздар үшін ең деңгейі биік республикадағы басты конкурс болып саналатын бұл дүбірге қатысқан жүзден артық үміткердің ішінен өзінің орнықты қою қоңыр даусымен кең залды шуақты лирикаға бөлеп, жоғары мәртебелі қазылар қолынан лауреаттық дипломын алған Қайрат біздің жезқазғандықтар үшін мақтаныш, ал филармония үшін үлкен абырой болды.



Қайрат әнді кірлетпей, таза, арлы, адал, өнерге дақ түсірмей, ұстазынан үйренгенін бұзбай айтады. Конкурсқа жүрер алдында мен Қайраттан: «Қанша ән алып бара жатырсың?» – деп сұрадым. Ол: «Он ән дайындадым, өзімнің репертуарымда 250-дің үстінде ән бар, соның ішінен өзім ұнатып айтатын әндерім «Көкала тай», «Перуайым», «Юран-ай», «Қарғам-ау» сияқты әндер», – деді. Осынысынан-ақ жұлделі ораларына үміттенген едік, үмітті ақтады.

Баласының еңбегінің жемісін, бақытын көріп, қуанышына ортақтасу қарапайым еңбек иесі, әкесі Бөлекбай ақсақал мен анасы Секер үшін үлкен мерей болса, туыстары да қуаныш үстінде. Қайраттың өнерінің өркендеп, мерейінің үстем, абыройлы жүруін қалайтын құдай қосқан қосағы Жанна мен ұлы Әсеттің шаттығы тіпті керемет. Осындай қарапайым шаңырақта, тегінен тамыр тартып, киелі өнерді жалғастырған Қайрат Әбеуов бауырыма өнерде де, өмірде де басқан баспалдағың бақытыңа бастап, биіктей берсін деген тілек айтқым келеді.

*Береке КӨШЕНҰЛЫ,  
Қазақстан Республикасының  
еңбек сіңірген артисі.  
«Сарыарқа» газеті,  
17.05.2002*

## ӘНДЕРІ АРАЙЛЫ ОЙҒА ТОЛЫ ЕДІ

Қазақта «Тақыр жерге тал шықпас», «Тегінде бар тек қалмайды» деген сөздер бар. Сарыарқа даласы, Ұлытау өңірі қашан да талантқа кенде болмаған. Сол тұлпарлардың тұяғы, асылдың сынығы, Ұлытау өңірінің ұланы, өнер қасиетін өзінен де жоғары қойып, дақ түсірмей өткен сазгер Жақсыкелді Сейілов еді. Ол өнерге, әнге деген ерекше сезім иесі, мінезі бірбеткей, көңілдегісі көмейінен көрініп тұратын, үлкенге құрметі, кішіге ізеті бөлек, шыңның басындағы шынардай ерек жан болатын. «Жезкиік», «Ұлытау», «Ана туралы баллада», «Неге



солай?», «Әке туралы ой», «Айналайын қанатым», «Жезқазған маршы» әндерінің авторы, азамат, ақиық әнші Жақсыкелді Сейіловтің бүгін, 26 қыркүйек – туған күні.

Жәкеңді әнші-сазгер ретінде Қазақстан халқы жақсы танып, қадірлісіне айналдырған. Әнші ретінде қайталанбас жеке дарын еді. Оның сазгер ретіндегі әндері арайлы ойға толы болуымен ерекше. Ырғағы жанды тербеп, жан дүниенің еріксіз билеп, ішіңе кіріп, бүкіл сезіміңді серпілтіп, көңілдің көбесін сөгіп, жүрегіңе жылылық құятын. Адалдық, пәктікті айғақтап, жан жарасына дауа болып, әнді құдіретке айналдыратын. Өз басым – бұл күндері Жәкеңнің әндерін халыққа жеткізушілердің бірімін.

О, жалған-ай, осындай жанды тағдыр маңдайынан сипамаған. Бір жасқа толмай қос жанарынан айырып, жарық дүниені көрсетпеген тәлкегі аздай-ақ, ғұмырын келте етіп, ортамыздан ерте әкетті. Аман жүрсе, бұл күнде елу төртте-ақ болар еді-ау! Бергенінен бермегені, әлі де алда алар асулары көп еді.

Әрине, Жәкеңді Жезқазған халқы ұмытпақ емес. Әсіресе, ол өнер адамдары – бірге жүрген достарының әрқашан да көңілінде.

Амандық болса, алдағы жылы қаламыз 50 жасқа толады. Жәкеңнің өзі бірге құрысқан Тайжан Қалмағанбетов атындағы филармонияға да 30 жыл толады. Онда да Жәкеңді еске алармыз. Ардақтысын қашанда ел ұмытпай, есінде сақтап, ардақтаған ғой.

Кезінде Жезқазғандағы Бейбітшілік көшесінің бойында Жәкең ұзақ жылдар тұрған үйге ескерткіш-тақта қойылған. Бұл тақта үйге жөндеу жұмыстары жүргізілуіне байланысты уақытша алынып тасталған еді. Жезқазғандықтар сүйікті сазгерді мәңгілік есте қалдыру мақсатында орнатылған ескерткіш-тақтаның таяу күндері орнына қайта орнатылатынына сенімді.

*Береке КӨШЕНОВ,  
Қазақстан Республикасының  
еңбек сіңірген артисі.  
«Сарыарқа» газеті,  
27.09.2003*

## ӨНЕР ӨЛКЕСІНІҢ «ЖЕЗКИІГІ»

### Береке деген берекелі әнші бар

*Береке Көшенов 1968 жылы Қарқаралы Мәдениет үйінің жанынан құрылған «Салтанат», 1971 жылы Жаңаарқа ауданындағы «Сарыарқа» ансамбльдерінің ұйымдастырушысы әрі жеке әншісі болды. Аталған ұжымдар өз кәсіби шеберлігінің, бай репертуарының арқасында «халық ансамблі» атағына ие болды. Б. Көшенов 1975 жылы Жезқазған облыстық мәдениет басқармасының шақыруымен облыстық филармонияның жанынан құрылған «Жезкиік» ансамбліне әнші болып қызметке қабылданды, күні бүгінге дейін осы ансамбльдің жетекшісі.*

*«Әнге ғашық жүрек» және «Көңілімнен ұшады кептер-өлең» атты өлеңдер жинағының авторы. Оның шығармалары түрлі байқаулар мен фестивальдерде орындалып жүр.*

*Мұнымен бірге, Б. Көшенов сазгерлік шығармашылықпен де айналысып келеді. Ол өз өлеңдерінің ішінде, әсіресе, халыққа танымал әндері «Туған жер», «Жылдың басы», «Ақ тілек», «Барлығы да менікі», «Махаббатқа мың өртеніп» және тағы басқа оннан аса туындыларымен қоса, Қ. Мырзалиев, М. Мақатаев, Н. Мәукенұлы сияқты белгілі ақындардың өлеңдеріне де ән жазады.*

*Табиғат Б. Көшеновке кең тынысты, әдемі дауыс сыйлаған. Оның әсем лирикалық, асқақ баритон үні тек Қазақстан ғана емес, шет жұртта да қазақ әнінің мерейін көтерсе, «Ұлытау» ансамблі құрамында Мәскеу, Вильнюс қалаларында өткен фестивальдерден жүлделі оралып, ГДР, ГФР, Исландия мемлекеттерінде қазақ өнерін жоғары деңгейде көтерген.*

*1996 жылы Алматыда Жезқазған облысының мәдениет және өнер күндерінің аясында өткен концерттік бағдарлама нәтижесінде Б. Көшеновтің кәсіби орындаушылық шеберлігі өте жоғары бағаланып, үздік әншілер қатарында танылды. Артынша Қазақ радиосынан арнайы радиоочерк беріліп, «Алтын қорға» оның орындауында 11 ән жазылды.*



*Міне, Арқада осындай Береке деген берекелі әнші бар. Бүгін, яғни 24 сәуір күні Астанадағы Президенттің мәдени орталығында Берекенің арнайы концерті өтпекші. Осыған орай оқырман қауымның назарына әншілікпен қоса қаламгерлікті де серік етіп келе жатқан Берекенің алуан тағдырлы өнер иесі Жақсыкелді Сейілов туралы мақаласын ұсынып отырмыз.*

Өнер – халықтың ең қымбат қазынасы. Осы асыл мұраны алғаусыз аялай білген, оған деген адалдығын ар тазалығындай сақтай алған жан ғана нағыз өнер адамы бола алады. Азамат, ақын, сазгер, әнші, өнерді өзінен де жоғары қойған саңлақ, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Жақсыкелді Сейілов өнердің осындай ақтангері болатын...

Мен Жақсыкелдімен ең алғаш 1971 жылы кездестім. Ол кезде еңбек жолымды Жаңаарқа ауданындағы Карл Маркс атындағы кеңшарда бастап жүрген маманмын. Бір күні ауылға Жезқазғаннан «Қаракөз» ансамблі келе қалды. Бұрын-соңды атын естігеніміз болмаса, ансамбльдің де, оның жетекшісі Жақсыкелдінің де өнерін бірінші тамашалауымыз. Клубқа адам сыймай кетті. Ауыл адамдары Жақсыкелдінің салған әніне дән риза болды. Неткен сұлу ән, неткен керемет дауыс! Бәрінен бұрын Жақсыкелдінің қарапайымдылығы, кішіпейілділігі маған өте ұнады. Ол кезде менің де әнші ретінде танылып, атым шыға бастаған шағым болатын. Концерттен кейін өзім сияқты өнерлі жастарды ұйымдастырып, клуб ішінде меймандар үшін дастарқан жасадық. Сөйтiп, таң атқанша кезек-кезек ән салып, есте қаларлықтай отырыс өткіздік. Сонда әнімді тыңдап, ерекше риза болған Жақсыкелді «Сен бізге әнші болып кел!» деген сөзін айтқан еді.

Жәкеңнің дуалы аузы себеп болды ма, 1975 жылы мен Жәкеңдермен бірге облыстық филармонияға әнші болып қабылдандым. Содан бері онымен таныстығымыз туыстыққа ұласып, тіпті, нағашы-жиен ретінде сыйластығымыз тонның ішкі бауындай болып кеткен еді.

Жәкеңнің мені ерекше тәнті ететіні: оның бірнеше тілді жетік меңгергендігі, әнге деген сезімінің ерекше тазалығы,



жан сарайының байлығы, ішкі әлемінің сұлулығы, үлкенге деген риясыз құрметі мен кішіге деген шынайы ізеттілігі, өмірге деген құштарлығы мен қиындыққа мойымайтын қайсарлығы, бірбеткейлігі, көңіліндегісі көзінен көрініп тұратын ақжарқындығы, бәрінен де бұрын табиғат өзі құйып жаратқан сазгерлік дарыны еді. «Неге солай?», «Ана туралы баллада», «Әке туралы ой», «Жезқазған маршы», «Айналайын қанатым», «Жезкиік», «Ұлытау», т.б. әндерінің туу тарихының өзі неге тұрады?!

Жақсыкелді Сейілов – еліміздегі әйгілі сазгерлермен иықтас, тіпті, кейбір сұлу әндері арқылы олардың кейбірінен сәл асқақтап тұратын үлкен тұлға. Жәкеңнің әндері бірден ішіңе кіріп, сезімді билеп, жүрегіңе нұр шашып, көңіл шерін қозғап, рухыңды оятып, ән құдіретіне табындырып, кейде жан жараңның аузын тырнап, кейде өмірге деген құштарлығыңды арттырып жіберетін жібектей нәзік түзілімдерге бай. Жәкеңнің тағы бір ерекшелігі – ол тамаша сазгер болуымен қатар, жақсы ақын да. Ол кейбір әндерінің сөзін өзі жазатын. Жақсыкелдінің әншілік қыры туралы да көп айтуға болады.

Киелі Ұлытау бөктерінде туған Жәкең – тірлігінде өз бағасын алып та үлгерген өнер иесі. Ол қатыспаған байқау, ол қатыспаған фестиваль аз. Жақсыкелді Республикалық эстрада әншілері конкурсының, «Жігер» фестивалінің, Ш. Қалдаяқов атындағы халықаралық конкурстың жүлдегері атанды. «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» деген мәртебелі атаққа ие болды.

Осындай жанды тағдыр әу бастан маңдайынан сипай қоймады. Бір жасқа толмай жатып қос жанарынан айырылды, сөйтіп, оған жарық дүниені көрсетпеген төлкегі аздай-ақ, ғұмырың тым келте етіп, арамыздан сұм ажал ерте өкетті. Аман жүрсе, бұл күнде 55 жасқа толып, өзі бірге құрған филармонияның 30 жылдығын тойламақ болып шапқылап жүрер еді...

1981 жылы «Жезкиік» ансамблі гастрольдік сапармен Ақтөбе облысын аралауға шықты. Ұмытпасам, жаңа жылдан кейінгі күндер... Концерт қоюға дейін 1-2 күн уақытымыз болды да, біз сол жерде дайындық жасап жүрген едік. Жәкеңнің көңілі,



неге екенін кім білсін, жабырқап жүрді. Дайындық бітісімен: «Нағашы, мені қонақүйге апаршы!» – деді. Такси шақыра қояйын деп едім: «Керегі жоқ, жаяу барамыз», – деді. «Бір жеріңіз ауырып тұрған жоқ па?» – деген сауалыма: «Жоқ!» – деп жауап берді. Сонан соң қонақ үйге қарай жаяу аяндадық. Жолай Жәкең көпке дейін үндеген жоқ. Бір кезде кілт тоқтай қалып: «Нағашеке, мен саған ешкімге айтпаған бір сырымды айтайын. Тыңдайсың ба?» – деді. Мен не айтар екен деген қызығушылықпен оған тесіле қарадым. «Мен жақында бір түс көрдім, – деп бастады Жәкең әңгімесін. – Түсімде Аманжан екеуіміз үйде ұйықтап жатыр екенбіз. Кенет оянып кетіппін де, терезеге қараппын. О, керемет! Терезеден нұрланып, ерекше шуақ шашып, алаулап күн күлімдеп тұр екен! Баяғы бала кезімдегідей көз қарықтырып барады! Жалма-жан Аманжанды оятып, «Ей, Аманжан, тұршы, мынау шығып тұрған шынымен күн бе?! Мен шынымен көріп отырмын ба?!» дей беретін көрінем. «Иә, күн ғой!» деп Аманжан әрі қарай аунап түсіп, ұйқысын қайта жалғастырады. Содан оянып кетсем, түсім екен. Бұл менің жарық дүниені – Күнді соңғы көруім деп ойладым. Солай болды да. Олай дейтінім: мен осы уақытқа дейін қараңғы мен жарықты, күн мен түнді сезетінмін. Қазір маған күн де, түн де бір. Нағашы, менің бұл сырымды ешкімге айта көрме!..»

Жақсыкелдімен арамызда болған осы әңгімені жеткізіп жаза алып отырмын ба, білмеймін. Ал өзі сонда сөйлеп тұрғанда, тура кітаптан оқып отырғандай ғажап әсерде қалған едім.

Жақсы бір кештерде ән айтылып, күй тартылып, әзіл-қалжың жарасып, кесек-кесек ойлар айтылып, әдемі отыратын кездер болады ғой. Сондай бір сәтте Жәкең маған сыбырлап: «Нағашы, сіздер бақыттысыздар ғой! Мына әлемдегі болып жатқан жаңалықтарды құлақпен естіп, сезіну бір басқа да, көзбен көру ғанибет қой! Менің бір арманым – осы бірге жүрген жан жолдастарымның, достарымның жүздерін бір сәтке болса да көрсем, сосын қайта көрмей қалсам да арманым болмас еді!» – деді.

Жәкең көзі тірісінде әндері өзінен әлдеқайда ұзақ өмір сүретінін ойлады ма, жоқ па, ол жағы бізге белгісіз. Ал біз оның



өндерінің өлмейтініне, ұрпақтан-ұрпаққа тарай беретініне сенгенбіз және сенеміз де. Қазақстанда «Дос-Мұқасан», «Гүлдер» өнер ұжымдарымен қатар тұра алатын бір ансамбль болса, ол – «Қаракөз» ансамблі еді.

Біртуар азаматтың артында зайыбы Зейнеп, баласы Жанботасы қалды. Жанбота қазір 6-сыныпта оқиды. «Әкең сен үшін қандай жан еді?» – десең: «Әкем өзім үшін қымбат адам еді. Ол менің асыл қазынам ғой», – дейді. Қазіргі кезде әрбір 6-сынып оқушысы әкесі туралы осындай сөздер айта ала ма? Қайдам...

– Жәкең отбасында да өте кішіпейіл, мейірімді жан болатын, – дейді зайыбы Зейнеп. – Ынтымақты сүйетін, балаға көңілі ерекше еді. Демалыстарда өн айтып, көңілімізді көтеретін. Тағы бір жақсы көретін ісі – тамақ әзірлеу еді. «Зейнеп, өзім даярлаймын ғой, сен демалып ал, турайтқындарын турап берсең болды» дейтін. Ұлының үлкен азамат болуын армандап, «Жанботам өскен соң, жер шарын аралаймын, Жанботам өзімді жетектеп жүреді» деуші еді. Қамшының сабындай қысқа ғұмырда сол армандарының біреуіне де жете алмады ғой...

Иә, Жәкеңнің ондай қасиеттерін бірге жүрген нағыз достары да білетін. Әсіресе, шабыты келген шақта ол тыныштықты талап ететін. Өн жазар алдында толғатқан жандай екі-үш күн жүріп, толық әуен дайын болғанда барып ортаға салатын. Сосын «халықтың көңілінен шыға ма, жоқ па?» деп, қаншама күндерін дайындалумен өткізетін. Ол әннің өлеңіне жіті мән беретін, санына емес, сапасына қарайтын. «Әнді тікелей жақсы жеткізіп айта алатын әншіге беру керек», – дейтін.

Қолға қалам алғандағы мақсатым – «көзден кетсе, көңілден болады ұмыт» дегізбей, Жәкеңдей ардақтысын ұмыттырмай, елдің есіне салу еді. «Ғалымның хаты өлмейді» дегендей, ұрпағы, ізбасарлары барда, әсем әндері арқылы Жақсыкелдінің ғұмыры да жалғаса берер деген сенімдемін.

**Береке КӨШЕНОВ,**

*Т. Қалмағанбетов атындағы*

*Жезқазған филармониясының әншісі,*

*Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артисі.*

*«Жас Алаш» газеті, №3, сәуір, 2004*



## КҮЙШІНІҢ БАҚЫТЫ

*Ән тыңдайтын аспан мен құба белі,  
Жаңаарқаның ән-күйге құмар елі.  
Абыройын арлы ұстап асқақтатқан,  
Өнерлісі, шын өнер мұрагері.*

*Саумал піскен сапырып сабасында,  
Таңғаласың бақ-байлық жарасымға.  
Мыңнан тұлпар, төсіңнен сұңқар ұшқан,  
Мұндай жерді іздесең табасың ба?!*

*Шапақты таң нұр құйып атсын талай,  
Құзыры жоқ құрдымға батсын арай.  
Киелі жер, топырақ, тегі бар ел,  
Кемеңгерлер туғызбай жатсын қалай?!*

*Жері жәннат – түрлі тұс, үнді кілем,  
Нұр құйылған сәулелі түндігінен.  
Киелі емес деп көрші Жаңаарқаны  
Сәкендей ұл туғызған кіндігінен.*

*Қыдырдай қолдаса егер, тозбаса өнер,  
Аталар ма Сары Тоқа озбаса егер?  
Адам түгіл, табиғат табынады,  
Ықыластың қобызы боздаса егер! –*

дегендей, киелі Жаңаарқа сан дауылпаз өнер тарландарын, дарындарын, тарланбоз абыздарын төсіне дамылдатса, толқынды толқын қуатыны сияқты Сары Тоқа мен Ықыластай аруақты өнерлілердің заңды жалғастарын төсіне қонақтатқан, өнердің нақты мекеніне айналған жер. Осы өңірден өрбіп-өнген, өнердің киесі қолдап, бағы қонған өнер тарландары қазір де аз емес. солардың бірі де, бірегейі де – Байбосыновтар әулеті. Осылардың ішінде Қайрат – дарабоз әнші, қазақ үшін өз алдына бөлек ән мектебі. Ал Ахат Байбосыновты алсақ, бұл жанұясымен өз



алдына бір филармония десе болғандай. Менің қолыма қалам алдырған да осы әке мұратын жалғап, киелі күй құдіретін қазаққа мойындатып келе жатқан шебер күйші, дарынды дарабоз, ақсүйек өнерпаз, халықаралық фестивальдің лауреаты Ахат Байбосынов туралы ойларым.

Осы таяу арада ЮНЕСКО көлемінде аталған Алматыдағы Қазақ ұлттық консерваториясының 60 жылдық мерейтойына арналған, шетел қонақтары қатысқан үлкен кәсіби концерттік бағдарламасына арнайы шақырумен қатысып, жоғары деңгейде өнер көрсеткен Ахат консерваторияның білікті мамандары мен шетелден келген өнер адамдары тарапынан жоғары баға алып, мерейі үстем болды. Сол консерваториядағы шертпе күй бөлімінің меңгерушісі, доцент, күйші Біләл Ысқақовтың мерейтойына қатысып, мәртебелі қонақ ретінде өнер көрсетіп, үлкен өнер иесі екенін тағы бір дәлелдеді. Консерватория мамандары Ахаттың орындау шеберлігі өз алдына, шертпе күйдегі оқыту процесінде кезіге бермейтін қазақы көне қағыстың барына ерекше мән беріп, «Жеті саз» телебағдарламасына жазылуына мүмкіндік жасап әрі консерваторияның шертпе күй бөліміндегі студенттерге тыңдатып, үйрету үшін Ахаттың орындауындағы 20 күйін компакт-дискіге шығаруға шешім қабылдады, соның алғашқы қарлығаш хабаршы данасы біздің де қолымызға тиіп, жүрегіміз жарыла қуандық. Әрине, алақайлап-ақ айтатын жаңалық. Ешбір жерден ешбір дыбыс естілмеген соң жүрекжарды қуанышымды білдіріп айтқым келді.

Қуанғаным шығар, қолыма әлгі диск тиісімен үйге әкеліп, 20 күйді түгел диванға қисайып жатып тыңдадым. Күй-құдірет, о, ғажап, не деген жұмақ! Алғашқы күйлерден-ақ мені сан қиял алысқа жетелеп, сағымға бастап, Ахат жайлы, бірге өнер жолдарында өткен сан қилы өнер белестері көз алдымнан көлбеңдеп жүре бастады. Ол кезде күнде тыңдайсың, күй рухын, құдіретін қатты сезініп қалғандықтан ба екен, әлі де күйдің даңғаза тойларда «қонақ ретінде» орындалып, дұрыс тыңдалмай немесе бүгінгі үлкен концерттік бағдарламалардан шектеліп қалып жүргенінен бе екен, әлде шақырмаса қатыспайтын салт-сананың қалыптасуынан ба, қым-қуыт тірлік-тіршіліктен



бе, әлде Ахаттың да күйін қасында күнде бірге жүріп, бірақ тыңдауға да мұрша тапшай кеттік пе? Неге екенін қайдам, әйтеуір, күйді қатты сағынғанымды әбден сезіндім. «Әй, әр заманның өз дегені бар, соны істетеді екен ғой...» деп қолымды бір сілтеп қалғанымды диванда жатып өзім де байқамай қалдым.

Мен Ахаттың күйшілігін өз жүрегіммен сонау бозбала кезімде-ақ сезінгем, оны кейін маған түпкілікті мойындатқан – Ахаттың өміріндегі өз көзіммен көрген сәттерімнің әсерлері.

1977 жылы Октябрь революциясының 70 жылдығына орай облыс орталығы Жезқазғанда, қазіргі театрда үлкен мерекелік концерт болды. Ол кезде филармония қазіргі театрдың ішінде, екінші қабатындағы директор отыратын кабинетте әншілер дауысын баптап, күйшілер домбыра шертіп, бишілер буындарын жаттықтырып жатқан кез еді. Концерт басталудың алды-тын. Қарасай Сайжанов: «Әй, күйшілер, бері келіңдер!» – деді жан-жақтан келген таңдаулы, сауатты күйшілерге. Ортаға 2-3 орындық қойып: «Осыған бір аяқтарыңды қойып, түрегеп тұрып, Құрманғазының «Сарыарқасын» кім жылдам тартады, жарысамыз», – деді. Күйшілердің шеберлігін сынағысы келген болуы керек. Солай деді де: «Кеттік!» – деп өзі бастап кетті. Сол күй тартысында басқалары ортасына енді жеткенде біздің Ахат тап-таза, сонша шапшаңдықпен орындап бітті. Бәріміз таңғалдық, қате жоқ. Күйшілер мәрт халық қой, Ахаттың шеберлігін мойындады.

Біздің Жанғали Жүзбаевты да шертпе күйдің майын ішкен адам десе де болғандай. Ол да: «Шіркін, маған Ахаттың шеберлігін берсе ғой!» – дегенін өз құлағыммен естідім.

...Бірде біз Қарақалпақстаннан келе жатып Алматыға аялдадық. 1980 жылдың ол жақ, бұл жағы. Бақберген, Жақсыкелді, Ғалым, Ахат және мен. Қобызшы Сматай Үмбетбаевқа амандасайық деп, қазақтың өнер аспаптар музейіне барып едік. Ондағылар бізді танып, музей ішін аралап көрсетті. Олардың дәстүрі бойынша, музейді аралап болған соң консерватория жастарынан құрылған фольклорлық ұлттық ансамбль өнерін тамашалатады екен. Жетекшісі – Секен Тұрысбеков те, әншілерінің бірі – Бекболат Тілеуханов. Сонда Секен қолқалап,



Ахаттан шертпе күй тартуын өтіне берді. Мен: «Жолдан келе жатырмыз, шаршап келеді ғой», – деп едім: «Ахаңда бізге үйретпеген бір қазақы қағыстар бар, соны үйренгім келеді», – деді. Олар қатты түсініп тұр. Оларға өте қажет, үйренгісі келеді. Ахаттың ешкімге ұқсамайтын ерекшелігі бар екенін сонда тағы мойындадым.

Ахаттың үлкен байлығы – тек шертпе күй ғана емес, төкпе күйді де шебер орындайтындығы, соны аса меңгергендігі. Қай жылы екені есімде жоқ, Атырау, Маңғыстау облыстарын аралап жүріп, бір елді мекенге концерт қоюға бардық. Музыканттар аппаратура құрып жатқан кез. Ахат ол кезде барабанда ойнау қызметін қоса атқаратын. Мәдениет үйінің алдына шығып тұрған сәтімзде қарсы алдымыздағы үлкен шатырлы ақ үйден бір үлкен кісі бізге қарай аяңдап келіп: «Алыстан алты жасар бала келсе, ауылдың ақсақалы келіп сәлем береді» деген, келіп тұрған өнерлі қонақтар деген соң, ауылдың бір үлкені ретінде сәлемдескелі келдім», – деді. «Ойбай-ау, ақсақал, оныңыз не? Біз балаңыздай...» – деп едік, әрі қарай айтқызбай: «Табалдырықтан биік тау жоқ» деген, ана ауылдың кіре берісін аттаған соң-ақ, қалған міндет – біздікі. Алыстан, сонау Сарыарқадан Арқаның өнерін арқалап келгенде, біз алдарыңнан шықпасақ, ол біздің қандай елдігіміз, өнерге деген қандай қызметіміз болмақ? Және «Жезкиік» деген атты естігенде жаныңа жақының келгендей дегірісізденіп күтеді екенсің. Жақсыкелдіні көрмей тұрмын, бар ма?» – деді. Ол жолы Жәкең шықпаған еді. Біз бәріміз: «Аға, өзі болмаса, көзіндей біздер түгел тұрмыз, жоқтатпаймыз», – дедік. Сәлден кейін: «Орталарыңда күйші бар ма, төкпе күй тарта ма?» – деп сұрады. «Ой, аға, Арқаға барып, әншімін деме, Гурьевке барып, күйшімін деме» деген ғой бұрынғылар. Дегенмен, жас та болса, күй тартады, шебер жас күйші бар. Қайрат Байбосыновтың туған інісі», – деп Ахатты таныстырдық. «О, онда осал болмассың. Балаларым, мынау үй біздікі, ойынға дейін әлі де уақыт бар екен. Шай ішіндер, келе беріңдер», – деп келген жағына аяңдады.

Көп кешікпей біз де үйге келдік. Жарқылдап ашық жүзбен үй адамдары қарсы алды. Төрге озғанда ғана тегін адам емес



екендігін сездік. Төрде ыңғай оркестрге қажет аспаптар ілулі тұр. Ахат қобалжыды, мынау тегін кісі емес. Отырдық, дәм іштік. Біз дәм ішіп отырғанда: «Мынау ауылдың алты ауызы болсын», – деп 6-7 жастағы қыз балаға мойны ұзын қара домбыраны беріп, өзі скрипканы алып, бір төкпе күйді төкті-ай келіп. Қыз баланың қолы домбыраның мойнына әрең жетеді, бірақ екеуі шебер орындады. Ғажап! Біз аң-таң Ахатқа қарадық. Ахаттың өңі біртүрлі, бірақ сездірмеді. Біз де дәм ішіп болып қалдық. «Ал, інім, қонаққа ағасынан қолқа болсын, бір күй орында», – деді. «Қандай күй орындайын, аға, сіздің қалауыңыз болсын», – деп еді: «Адайды» тартасың ба?» – деп сұрады. «Әлім келгенше», – деді Ахат. Біз үшін үлкен құбылыс болды. Ахат сәл толқып отырып күйді бастады. Меніңше, намыс па, білмеймін, шабытты тартты. «Тағы бір күй», – деді ақсақал, Ахат орындады.

«Консерваториядағылар нотаға байланған. Сен күйдің нағыз өзін тартады екенсің. Батыс Қазақстаннан шыққан Алматыдағы күйшілер, Шамғоннан бастап атақтыларыңның барлығы менің алдымнан өткен. Бұл жақта ешкімнен қорықпа, біреу бірдеңе десе, мені айт», – деді (Атын білетін едім, қазір есіме түсіре алмай жүрмін). «Жолдарың болсын!» – деп батасын берді. «Енді «Жезкиіктің» концертін көрмей қалсам, өкініш болар, қазір барып көремін», – деді. Біз шақыру қағазын бердік. Ойыннан соң қатты ризалығын білдіріп: «Көптен бері көрген бір концерт болды», – деді. Осы көріністер көз алдымнан өтіп жатыр, күй, компакт-диск әлі ойнап тұр.

«Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деп Қадыр ағамыз айтқандай, домбырада не құдірет, не кие бар?! Мен өз басым басқа жанрдағы өнер адамы болсам да, домбыраға басымды иемін. Қонақ-жиындарда ән орындау кезегін бірінші маған берсе де, ол жерде күйші не домбырамен ән айтатын әнші болса, мен олардан бұрын ән айтпаймын. Әрине, концертте басқа жағдай. Домбырадан бұрын сөйлеу маған әбестік сияқты. Кейде домбырашылар барған жерде домбыраны босаға жаққа қоя салады. Мен оны көрсем, жоғары жаққа қойғызамын не болмаса біреуге алдыртамын. Ахаттың бір қасиеті, домбыраны сах-



наға екі алақанына салып көтеріп шығады. Жастар осыған мән берулері керек. Қазіргі жастар домбыраны эстрадаға қосып ойнайтын көп музыкалық аспаптың бірі деп ойлайды-ау деймін. Олай ойласа, қателеседі. Бұл шара тек қазіргі қазақ жастарының домбырадан көз жазбауы үшін жасалған амалсыз шаралардың бірі сияқты. Бұл тәсілде күйдің ағыны жоқ, жай ритммен жарысқан сарыны ғана, оның өзінде жанталасып ілескен қу сұлдері ғана. Ол жерде тек орындаушы ғана бар, күйші де, нағыз күй де жоқ.

Күйді ұғынған адамға күй дегеніңіз – тарихтың бар жүгін, қасіретін көтерген кие, ішінді жарып, сыртыңа шығаратын алапат сезім, дауыл үні. Күй дегенің – жан-жағынан тағдыры талап, батырын, ақынын, талантын қамап, аштықта, қуғын-сүргінде өлім құшқан азаматтың өксігі, көз жасы. Елім, жерім деп жан алып, жан берген баба, батыр даналардың қайырымсыз қатал кездердегі еңбегі, еш болған күндері. Ол – тентіреп ой-қырға ұрпағы үшін қаңғырған, Ақтабан шұбырындыға ұшыраған қазақ, кешегі жетімдер үні, біздерге аңырап жеткен даланың зары, ащы запыраны, іштен егіле шыққан ел тағдыры, шері. Іштегі айтып жеткізе алмайтын нәубеті. Қасіреттердің жүрекке салған салмағы, Қыз Жібектердей ғашықтардың арманы. Бар қазақтың тәуелсіздікті аңсаған әрбір таңдары. Міне, күй дегенің. Оны қанша эстрадаға қосып дабырлатқанмен, ол жүрекке жетпейді. Күйді тек домбыра немесе қазақтың қара қобызы ғана жеткізе алады. Себебі, осы екі аспап қана қазақтың қаны, жаны, сезімі мен нағыз жан махаббатынан жаралған.

Компакт-диск әлі ойнап тұр. Тоқаның, Құрманғазының, Қыздарбектің, Жаңабай Кенбаевтың және Ахаттың өз күйлері. Жан дүние тояр емес, әлі де тыңдай бергім келеді.

*Кеудесі алтын сандық қоймалардай,  
Ойыңдағы табылар ойлағандай.  
Ахат тартқан домбыра не құдірет,  
Жалғыз өзі оркестр ойнағандай, –*

деген шумақ оралды ойыма. Әрине, ол – Ахатқа құдайдың берген, әркімнің маңдайына бұйырмаған сыйы, әкеден келген киелі қасиет.



Жазушы Асан Жұмадилдиннің еңбектерінде Ахаттың әкесі шебер етікші, өңір-аймақ таныған дарынды қобызшы болғанын айтады. Үлкен апасы Күләнда – әнші, Мәдениет үйінің актрисасы болған. Жаңаарқаның мәдениет ошағы алғаш халық театры атағын алғанда, Қыз Жібек бейнесін сомдаған.

Ахаттың балаларының өнері өз алдына бөлек тақырып боларлық. Ахаттың жанұясында жұбайы, белгілі әнші Роза Байбосынова ҚР Мәдениет министрлігінен «Мәдениет қайраткері» деген атақ алды. Осы қуаныштарға құтты болсын айтайық деп жұбайымыз Ұмсынай екеуіміз үйлеріне барғанымызда, үйінің бір бөлмесінен күмбірлеген күй үні шығып жатыр. Сұрастырсақ, ұлы Қаршыға екен. Тағы да күй өлмейтініне көз жеткізіп, шүкіршілік еттік. Міне, күй-ғұмыр осылай шарықтап, өзіңді арманыңа жалғай жөнелгенде күй ғұмыры мәңгілік екеніне көзің шүбәсіз жетеді екен. Ақ қанатты ақ арман күй көтеріліп, қанатын жая бастады. Бұл – күйшінің бақыты.

**Береке КӨШЕНОВ,**  
*Қазақстан Республикасының*  
*еңбек сіңірген артисі.*  
*«Ұлағат – Наше время» газеті,*  
*26.01.2005*

## САНАЛЫ ҒҰМЫРЫН ӨНЕРГЕ АРНАҒАН

Арқа даласы – қазақтың ертеден-ақ жаз жайлауы, ұлы көш жолындағы үлкен бекет болған дейді халық. Қазақтың ұсақ шоқылы даласы деген атауға ие өңір біздің аймақтың еншісіне тиесілі. «Аспан биік Әсет айтқан ән сынды, Тастар – киік, үрке-үрке таусылды» деп Жүмекен ақын айтқандай, ұшы-қиыры шексіз даланың жақпар тастарының үрке-үрке азаятын тұсы осы. Десек те, «Тауы бардың Тәңірі бар, себебі, тау Тәңірге бір табан жақын» деген халықтың даналық сөзін еске алсақ, осы өңірде Ұлытаудың болуы тегін емес, Тәңірдің арнайы берген сыйы сияқты. Ұлытау тұнған тарихтың төрі ғой.



Осы өңірдің атақ-абыройын асыра түсетін тағы бір жер – қазақтың қара шаңырағы, өндірістің қара қазаны атанған, кешегі 1940 жылдардағы қырғында ерен еңбектің ерлігін көрсеткен, елін қорғауға үлкен үлес қосқан, қазақтың тұңғыш ғалымы Қаныш Сәтбаевтың өшпес мәңгі ізі қалған өңір, асты кенге толы, үстінде небір дүлдүлдер мен бұлбұлдар өмір сүрген өңір – Қарсақбай. Бұл – киелі жер, Қыдыр қонған ел. Қыдыр қолдамаса, Қожабай, Тайжан, Болман, Баубектердей дара-дара тұлғалар келер ме еді?!

Тегінде бар ел тек қалмайтыны, толқынды толқын қуатыны секілді, осы өңірден шыққан жақсылардың ізі, асылдың сынықтары – талай азаматтарды тізіп жатудың қажеті бола қоймас. Десек те, жақсылардың тұяғы, әнші, сазгер болмаса да, осы Қарсақбай өңірінде дүниеге келген, бүкіл саналы өмірін жастықтың жалынына ораған жылдарынан бастап азаматтық, адамдық танытып, өнердің қасиетті кемесінде еркін жүзген шақтарынан бүгінгі кезеңге жеткен кездерінде, өзі сүйген бір іске, өнерге, өнердің таланттылар ғана ұстай алатын биік өресіне имандай сеніп, алақанда аялап, қиянатсыз, қалтқысыз қызмет етіп келе жатқан, жақында ғана тал түс – 60-қа толып отырған филармонияның көркемдік жетекшісі Қошанов Сағат туралы ой түйіндерімді, еңбек жолы жайлы сөзімді өзімнің достық әзіл өлеңіммен бастағанды жөн көрдім.

*60-тың ерттеп белесін,  
Өткеннің тастап елесін,  
Бар тіршілік, өмірің  
Өнермен бірге келесің.*

*Киесі қолдап өнердің,  
Көсегең көппен көгерді.  
Артыңда жарқын ізің бар,  
Көңілің – шуақ төгер күн.*

*Шабысындай дара аттың,  
Қағысындай қанаттың,*



*Мәдениетті басқарып,  
Елді аузыңа қараттың.*

*Көшіңді көкке жөнелттің,  
Білімге жасты кенелттің.  
Музыкалық колледждің  
Көсегесін көгерттің.*

*Беліне шығып асқардың,  
Басшысы боп жастардың,  
Шуылдатып, шулатып,  
Театрды басқардың.*

*Бастықтықты тастадың,  
Кеудемсоқ боп аспадың.  
Оралман боп оралдың,  
Өнерді қайта бастадың.*

*Келгенде 60 асқарың,  
Қылығын жасап қасқаның,  
Үйіріп алдың қыздарды,  
Тигізбей қолын басқаның.*

*Жұмысқа үйден сайланып,  
11-де келіп жайланып,  
Қыздарыңды түгендеп,  
Қайтасың үйге ойланып.*

*Көктем, жаз, күзде – сыздарда,  
Қыста да – ақпан ызғарда,  
Қырғидай тиіп жүресіз  
Біздегі бүкіл қыздарға.*

*Көңілді көркем жуатын,  
Айдынды болсын суатың.  
Жасай бер, Сәке, бітпесін  
Табиғат берген қуатың!*



Әрине, бұл – өзіл аралас өлең. 32 жылдан бері иық тірестіріп, үзеңгі қағыстырып, киелі өнердің кемесінде бірге келе жатқан, арадағы үлкен-кішілігімізді ұмытып, өнер адамдарына тән қасиетпен құрдастардай болып кеткендігімізден болар, бұл өлеңді Сәкеңнің өзі мәз болып, қуана қабылдады. Басқа жұрт та түсінер деп үміттенемін.

Сәкеңнің еңбек жолына көз салсаңыз, бірден шұрайлы жолға түсесіз. Сәкең – 1976 жылы Құрманғазы атындағы ұлттық мемлекеттік консерваторияны бітірген, жоғары білімді өнер маманы. Осы оқу орнын бітіргеннен кейін өзі туған өңіріне алғаш білімнің жемісін көрсетіп, өнері мен мәдениетіне еңбегімді сіңіріп, үлесімді қосайын деген жастық жігер жетегінде асқақ арман арқалап келген бозбала бірден Жезқазған облыстық халық шығармашылығы үйінде еңбек жолын бастады да, 1977 жылы оны халықтық фольклорды дамытуды алдына міндет етіп қойған облыстық ғылыми-әдістемелік орталықтың директоры болып жалғады. Осы Сәкең басқарған ОҒӨО-ға қарасты «Ұлытау» фольклорлық ән-би, Жаңаарқа ауданындағы «Сарыарқа», Ақтоғай ауданындағы «Тоқырауын толқындары», Шет ауданындағы «Ақсу-Аюлы» ансамбльдерінің өркендеуіне, материалдық базаларының құрылуына үлкен үлес қосты. Осы тұста «Ұлытау» ансамблі концерттік бағдарламалармен облыс, республика көлемінен бөлек, шетелдерге сан мәрте шықты. Атап айтар болсақ, ФРГ, Испанияда болып, Мәскеуде «Достық» үйінде концерт беріп, Вильнюстағы Бүкілодақтық фестивальға, 1980 жылы Мәскеудегі дүниежүзілік Олимпиадаға қатысты. Сәкеңнің өз басы 1974 жылы Құрманғазы атындағы академиялық оркестрдің құрамында Чехословакияда, кейін Ақтоғай аудандық «Тоқырауын толқындары» халықтық ансамблімен Венгрияда өнер сапарында болды.

1980 жылы облыстық партия комитеті мен облыстық халық депутаттары Кеңесі С. Қошановты ұсынылған төрт адамның арасынан жаңадан ашылған Жезқазған музыкалық училищесінің директоры қызметіне жіберді. Әрине, бұл Сәкеңе облыс басшылығының артқан үлкен аманаты, сенімі деп түсінсек, үлкен сын болғаны да анық. Ешқандай оқу орнының база-



сы болмаған бес қабатты ғимаратқа күрделі жөндеу жұмысын жүргізе отырып, сонымен бірге осы заманғы жабдықтармен, оқу құралдарымен және бюджеттік қаржыландырудан тыс музыкалық аспаптармен жабдықтады. Үш жылдың ішінде училищені жоғары білімді мамандармен жасақтады және бұл жұмыс екі жылдың ішінде өзінің тиімді нәтижесін берді де. Халықтық және үрмелі аспаптар оркестрі, хор, басқа да бірқатар аспаптардың орындаушылары Қазақстандағы 16 училищенің арасында республикалық конкурстардың лауреаттары мен дипломанттары атанды. Осы училищеде Жезқазған аймағындағы халық шығармашылығын зерттеу процесі жалғасын тауып, облыс, қалалар мен аудандар арасындағы қоғамдық байланыс үзілген емес.

Сол тұстары облыс орталығындағы мерекелік, концерттік іс-шаралардың қай-қайсы да Секеңнің тікелей араласуымен өтетін. Облыс, қала, аудан, ауылдардан жас таланттарды тауып, іріктеп, арнайы орта буын мамандар әзірлеп шығарды. Оған дәлел – бүгінгі филармония директоры Рахмет Сексенбаев, музыкалық колледждің оркестр жетекшісі Байғара Сәдуақасов, Өнер мектебінің директоры Жомарт Құрықов – Секеңнің тұсындағы студенттер.

1988 жылы өздері сеніп жұмсаған бейнеті мен қиындығы мол осындай еңбек жолындағы сенімінен шыққан Сағат Қошановтың өнерді дамыту мен қалыптастырудағы үлкен жұмыс тәжірибесін ескерген Жезқазған облыстық партия комитеті мен облыстық атқару комитеті оны Жезқазған облыстық мәдениет жөніндегі комитетінің төрағалығына ұсынды. Осы жаңа қызметке кіріскен күннен бастап комитет алқасы алдына мәдениет және өнер мекемелерін бірте-бірте шаруашылық есепке көшіру мақсаты екі жыл ішінде шешімін тапты. Бұл облыс орталығы, қалалар мен аудандардағы мәдениет және өнер мекемелерінің материалдық базасы нығаюына мүмкіндік берді. «Ұлытау үні», «Байқоңыр дауысы» дәстүрлі фестивалдерін өткізу табыспен жүргізілді. Оған кәсіби мамандар мен көркемөнерпаздар ұжымдары, эстрада және ұлттық жанрдағы өнер шеберлері қамтылды. Осы фестивальден өнерге қанат қаққан



қаншама жастардың үлкен өмірге қадам басқаны айтпаса да түсінікті. Әсіресе, қазақтың төл өнері, өлмес асыл мұрасы айтыс өнерінің ортамызға қайта оралуы, өшкені қайта жанып, өлгені тірілгендей халыққа мол қуаныш сыйлағаны елдің есінде болар. Осы кезде біздің аймақта отыздан артық танымал айтыскер ақын болғанын ойға алсақ, айтыс өнерінің қандай биікке көтерілгенін зердеге салып шамалауға болады.

Республикалық маңызы бар облыстық этнографиялық «Ұлытау» қорығын құрудың, оған республикалық мәртебе берудің, Алаша хан, Жошы хан, Домбауыл кесенелерін қайта өңдеудің жоба-сметалық құжаттары әзірлене бастады. Және осы тұста Шашубай, Нарманбет, Сары Тоқа, Сәкен, Қожабай, Тайжан, Болманның мерейтойларын атап өту дәстүрге енді. Осы кездерде Ж. Сейілов, Ж. Бірманов, Крючков, жаңаарқалық Ғ. Жарылғапов «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» деген атақ алса, олардың осы облыстың мәдениет басқармасы арқылы ұсынылғаны айтпаса да түсінікті.

1992 жылы Жастар демалыс орталығы құрылысын салу, оны қаланың коммуналдық жүйесіне қосу жөніндегі келісімге келу ісі толық аяқталды. Осы жылы облыстық әкімшіліктің шешімімен С. Қошанов облыстық С. Қожамқұлов атындағы сазды драма театрының директоры қызметіне жіберілді. Бұл жерде де Сәкең театрға күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізіп, оны қажетті техникалық жабдықтармен қамтамасыз ете білді. Театрдың құрылғанына 20 жыл толуына арнап қойылған қойылымға барынша жағдай туғызды. Бұл спектакль Алматы қаласында өткен театрлар фестивалінде бірінші орын алды. Бұл жерде де Сәкең шығармашылық байланыстан қол үзбей, музыкамен қамтамасыз етуге, таңдасуға өз білігін аяған жоқ. Осы тұста театрда Д. Жанботаев – халық артисі, С. Бұлғақбаев, Т. Рақышева Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артисі атағын алды.

Міне, өз ғұмырын осылай еңбек жолымен жалғаған Сәкең араға біраз жылдар салып өзінің шығармашылық кәсіби ортасы Т. Қалмағанбетов атындағы Жезқазған мемлекеттік филармониясына көркемдік жетекшілік қызметін атқаруға келді.



Мәдениет ардагері жастарға тәлімгерлік жасай отырып, өзіне жүктелген қызметін абыроймен орындап, халыққа көрсетілетін мәдени қызметтің аясын кеңейту бағытында шығармашылық ізденіспен жемісті еңбек етуде. Әрине, еткен еңбек ескерусіз қалмайды. 2004 жылы Жезқазған қаласының 50 жылдығына орай Жезқазған қаласы мәдениет бөлімінің Алғыс хатымен, Қарағанды облыстық мәдениет департаментінің Құрмет грамотасымен және Жезқазған қаласының «Күміс» медалімен, 60 жасқа толуына орай Жезқазған қалалық мәслихатының грамотасымен, Жезқазған мәдениет бөлімінің заттай сыйлығымен, филармония ұжымының Алғыс хатымен, сыйлығымен марапатталды.

Сәкең – өнер адамы ретінде кеуде керіп аспайтын, байыпты, байсалды, қарапайым, өз ойы, өз тұжырымы бар адам. Олай дейтінім, 60 жасын улатып-шулатып жатпай-ақ, өз ұжымы ортасында сыпайы атап өтті. Ең бастысы, ертең ана дүниенің бар екенін елдің есіне салып, өзінің ата-бабасының басына барып, мал шалып, құран оқытып, түнеп қайтты.

Иә, әрбір адам – өзінше бір әлем, өзінше бір тарих, тағдыр. Өзінің жеке өмірі бар. Өмір болған соң, дариядай асып-тасатын, жақұтын сыртқа шашатын, күн болып құшатын, құс болып ұшатын, бұлақтай мөлдіреп, анаңдай елжіреп құшатын, бақыттың бағы боп, шабыттың шағы боп көңілді ашатын, кеудені басатын сәттері болады. Себебі, ол өмір ғой. Бәріміз де пендеміз. Бір тәуірі, жақсысын алып, жаманын аударып салып қарайтын достар мен жолдастар бар. Соған шүкіршілік. Осы көңілге демеу.

Сәкең туралы ешкім қалам қозғай қоймаған соң, бір шатырдың астында, өнер деген киелі кемемен бірге жүзіп келе жатқан соң, Сәкең туралы азды-көпті ойымды ортаға салуды жөн көрдім.

Құрметті Сәкең! Ор қояндай орғып жүріп 60-қа да келіп қалыпты. 60 жас – адам баласының өткеніне есеп бере қарай, ел алдында атқарған ісін ар сүзгісінен өткізе отырып екшейтін, сондай-ақ, болашақ атты биікті де байыппен бағдарлайтын, сыны да, сыры да мол жас. Осынау асқаралы асу басына адал



еңбек, шығармашылық ізденістермен, абыройлы ісімен шығып отыр. Бойындағы қажыр-қуат пен өнерін халқынан аямай жұмсай отырып, еліне елеулі еңбегімен танымал болған Сәкеңе тілер тілегіміз – ұзақ ғұмыр, мықты денсаулық. Отбасыңыздан ырыс-береке, баянды бақыт кетпесін. Әдемі өнер адамы ретінде қалықтап, шарықтай беріңіз!

*Береке КӨШЕНОВ,  
Жезқазған қаласының  
Құрметті азаматы.  
«Сарыарқа» газеті,  
24.11.2006*

## СЕКЕҢНІҢ ТӘРБИЕСІН КӨРДІМ

1975 жылдың жазы. Жаңаарқа ауданындағы К. Маркс атындағы кеңшардың бір бөлімшесінде мал дәрігері болып жүрген мен аудан өнерпаздары ұжымының құрамында Жезқазған облыстық өнер байқауына қатысатын болдым. Әнді төп-төуір айтып, аудан жұртшылығының аузына іліге бастаған шағым. Көбіне айтатыным – сол кездегі белгілі әнші Нұрғали Нүсіпжановтың репертуарындағы әндер. Өзіме сенімдімін. Дегенмен, концерт басталып, шымылдық ашылып, залда отырған беделді қазылар алқасын және де анталай қарап отырған өнерсүйер көрермендерді көргенде, көңіліме «нөмірім қалай шығар екен, айта алмай қалып, ұят болып жүрмес пе екем?» деген күдік кіріп алып, мазамды алды. Бірақ қазылар алқасының төрағасы болып ортада отырған бәкене бойлы, көздерінен жылылық лебі есіп тұрған аққұба жігіт ағасы концерт басталардан сәл бұрын бізге: «Еш нәрсеге алаңдамай, тек ән-күйлеріңді жақсы айтып шығындар, бәрі де дұрыс болады», – деп демеп жіберді. Халық аспаптар оркестрінің нақышына келтіре сілтеп жібердім. Зал шапалақты соғып жатыр. Менің алдымдағы әншілерге аса елпектемей отырған қазылар басшысы, байқаймын, менің орындауым ұнаған болуы керек, алақанын соғып, риза болған қалып танытып жатыр.



Концерт аяқталып, бағдарламаны талдау біткен соң, жаңағы кісі маған: «Інішек, сен филармония директорының кабинетіне соға кетші», – деді. Қазіргі театр ғимаратының екінші қабатындағы үлкен кабинеттің есігін жүрексіне ашып кірдім. Орындыққа отырған соң ол менің жай-күйімді, мамандығымды сұрады. Ауыл шаруашылығы маманы екенімді, жаңадан үйленгенімді айтып жатырмын.

– Атақты жазушымыз Шыңғыс Айтматов та, белгілі әншіміз Нариман Қаражігітов те ауыл шаруашылығының мамандары. Біреуі қазір әлемге танымал жазушы болса, екіншісі – Қазақстанның халық әртісі. Сенің дауысың жақсы екен, бойың да, түрің де бар, ендеше сенің де танымал әнші болмасыңа кім кепіл? Мен осы облыстық филармонияның директоры Серік Елеусізов ағаң боламын. Бізге сендей дарынды жастар керек. Ауылда мал маманы көп шығар, ал облыста, филармонияда сендей жақсы әншілер аз болып тұр. Егер келіссең, мен облыс, аудан басшыларымен сөйлесіп, сенің Жезқазғанға келуіңе жағдай жасайын.

Міне, Секеңмен осылайша танысқан мен облыс орталығынан шығып, филармониядағы жаңа ұжым «Жезкиік» ансамблінің құрамына әнші болып қабылдандым. Филармониядағы өз ұжымдарының концерттік бағдарламаларын Секең өзі қойып жүрді. Ол кісінің тек бағдарламаны ғана емес, әрбір нөмірді қоюдағы еңбектері маған етене таныс. Сол кісінің баулуымен, сол кісінің тәрбиелеуімен кәсіпқой әртістердің қатарынан орын алдым. Қазақ өнерімен алыс-жақын шетелдерді таныстырдық. Орта Азия республикаларының бәрінде, олардың ауыл, қалаларында болып, қазақ өнерін паш еттік. Менің, басқа да әріптестерімнің еңбегі еленіп, жұртқа танымал болуы осы ағайымыздың арқасы деп айта аламын. Сондықтан да Секең біз үшін, өнер адамдары үшін құрметті аға, қадірлі адам болды.

*Береке КӨШЕНОВ,  
Қазақстан Республикасының  
еңбек сіңірген артисі.  
«Мысты өңір» газеті,  
14.12.2007*



## ӨМІРІ – ӨНЕГЕ

### Азамат тұлғасы

*Өмір осы, жылжиды,  
Жұбатып, кейде жылатып.  
Осының бәрін билейтін  
Бір күш бар, ол – уақыт.*

*Уақыт деген, ойласаң,  
Кеше, бүгін, ертеңің.  
Әр мезгілдің білесің  
Өз күйін өзі шертерін.*

*Мәңгілік деп бүгінім,  
Көп көңілі ойда жүр.  
Бүгін болса мәңгілік,  
Кешегілер қайда жүр?*

Иә, уақыттан күдіретті бұл өмірде не бар?! Адамның өзін қартайтып, өмірден өткеннен кейін де екінші өмір сыйлап, ұрпақ жадында қалдыратын да уақыт. Жан жараны емдеп жазатын да, кезі келгенде нені болса да орын-орнына қоятын да уақыт. Әр адамның тағдыры, өмірі уақытқа тәуелді. Ал адамның өміріне келсек, қамыс-қоғаны қозғап, жылап ағатын момақан, бірақ ағысы қауіпті, бірде жағаға ұрып, асып-тасып арындап, кейде саябыр соңы қылтаға айналып барып тұйықталатын өзен ағысы сияқты. Демек, өзен тағдыры мен адам тағдыры ұқсас. Иә, тағдырдың талабы қатал, тәртібі басқа, талғамы бөлек. Адамға талғамай ажал құштыратын да – сол пешенеге жазылған тағдыр. Ажалдан ешкім қашып құтылмайды. Дегенмен, әр нәрсе уақытымен болса дейсің ғой пенделікпен.

*Жетпек болып қол созасың көкке елес,  
Бірақ өмір осы екен ғой, көп те емес.  
Иманды бол, бақилыққа аттандың,  
Артта қалып алынбаған көп белес, –*



деп жан досымыз Төлеу Ботайұлы Қалиевті еске алып отырмыз.

Адам өмірге иықтап, арындап келеді, ұйқыда дамылдап кетеді, ол ақиқат. Бір өкініштісі сол, ол талбесікте тербеліп, жер-бесікке түскенге дейін бар болғаны 71 жастан аса ғана өмір сүрді. Ер адам үшін көп те емес сияқты. Ойлап отырсаң, «Құс төресі аққу мен қаз болады, ғұмыры жақсылардың аз болады» дегенді бұрынғылар қалай дөп басып айтқан?! Осы сөз біздің Төлеу досымызға арналып айтылғандай.

Төкең өзінің қарапайымдылығымен, сыпайылығымен замандастарының арасында шынайы құрмет пен беделге ие, кішіпейілдігімен ерекше, сөзі мен ісінің, уәдесі мен оны орындауының арасында алшақтық болмайтын. Уәдесін міндетсіз бей орындайтын, бір адамның көңілін қалдырып ренжітпей, адамды лауазымына, ұлтына, руына бөліп алаламайтын, көп тыңдап, аз сөйлейтін, ары мен жанын таза ұстайтын. Еліне сыйлы, халқына қадірлі, көп адамнан табыла бермейтін парасаттылық пен мәдениеттілік, ұстамдылығы, кісілік пен кішілігі өзіне жарасып, көркіне көрік қосып тұратын, кісі қызығарлық ісі де мол, өмірі кейінгіге үлгі боларлықтай жан еді.

Төкең 1976-1987 жылдар аралығында Жезқазған пединститутында тарих, ғылыми коммунизм пәндерінен дәріс беріп, ұстаздық етті. Кафедра меңгерушісі, декан, институттың партия комитетіне жетекшілік етіп, жас мамандар даярлау ісінде өте жоғары деңгейде ұстаздық парызын атқарды. Кейін 1988-1998 жылдары Жезқазған облыстық партия комитетінде, облыстық әкімшілікте бөлімдерде, Жезқазған облыстық Халық Ассамблеясының жетекшілік қызметін абыроймен атқарып, ұзақ жыл осы қызметтерінің жемісін де, жеңісін де көрді. Бірнеше Алғыс хат, грамоталармен, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы бойынша медальдармен марапатталды. Әрине, бұл – еленіп, еңбегіне берілген бағалар.

Елімізге танымал, Арқаның атпал, құрметті де қадірлі азаматы Төлеу Ботайұлы мен жары Светлана Оспанқызы – біздің достарымыз, тамырын тереңге салып, жапырағын кеңге жайған сәулелі де сәулетті жанұя, тәліміне тәрбиесі сай жандар



болды. Олар ешқашан болдық-толдық деп тасыған жоқ, өнеге-үлгісімен жанымызға жақын.

Ол кісілердің отбасында екі қыз, бір ұл дүниеге келді. «Үйінде ұл-қызы бардың көгінде жұлдызы бар» дегендей, ата-ана соңынан ерген ұрпағымен бақытты ғой. Солардың ержетіп, елінің азаматы болғанын қалайды, солар үшін еңбек етіп, солар үшін өмір сүреді, соларды оқытып-тоқытып, бақытты болуы үшін күреседі. Бұл орайда олар ұлы ұяға, қызы қияға қонып, өсіп-өркендеп, қыздары келін, ұлдары күйеу атанды, сонда-рынан кішкентайлары ілесіп, немерелерін сүйді.

«Ағайынның қызығы – алыс-беріс, құдалардың қызығы – барыс-келіс» дегендей, құдаларымен де тонның ішкі бауындай араласып, үлкен сыйластықта мың жылдық құда болды.

Иә, адам өткенге қарап өседі, бүгінге қарап бой түзейді, болашақты болжап күн кешеді. Алдағы үлкендер қатары сиреп бара жатқан осындай елеулі азаматтарды ұмытпай, қастерлеп отыру – біздің міндетіміз. Адамның шынайы қадір-қасиетін ол келмес сапарға кеткеннен кейін айқын түсіне бастайтын сияқтысың. Оның жоқтығына сене алмай, өне-міне хабарласардай елегізіп жүретініміз де рас.

Осындай халқына бүкіл жаратылысымен еңбек етіп, қадір-қасиетімен танылған азаматтың тұлғасы уақыт өткен сайын биіктей беретіні сөзсіз. Төкең өзімен бірге жүріп, туыстай болған Тілеген Садықов, Абат Үржанов, Нұрлан Беріков, Қордан Оспанов сияқты жан достарының көңілінде осылай қалды. Осылай есте сақталады.

*Береке КӨШЕНОВ,  
«Сарыарқа» газеті,  
09.03.2018*

## ЕЛІ АРДАҚТАҒАН ЕРТІСБАЙ

Тұрған жерің жайлы болғанмен, ауылдың орны бөлек. Көңіліңнен көшпейтін, жүрегіңнен өшпейтін, мен үшін киелі жер. Сол ауыл жайлы бір сәтке ойлана қалсам, көз алдыма шегі



жоқ қасиетті дала, күн нұрына шомылып шалқыған, жарқыраған айдын көлдер мен өзендер, сылдырап аққан күміс бұлақ, бел-белес, өркеш-өркеш нар шөккен таулар, бауыры құт-қазына, құн жетпес байлық елестейді.

Осы ғажайып киелі далада мекен тапқан, тамырын тереңнен тартқан, тылсым табиғатқа оранған бұл өңірде тұратын халық ән-күйге құмар, сайын даласы мен көк аспанына дейін ән тыңдайтын, өнерлілері шын өнердің абыройын арлы ұстап асқақтатқан нағыз өнердің мұрагері, топырағына дейін тылсым күй тұнып тұрған, сұлулыққа сүйсініп тұратын ел. Ерлері еркін, арулары айдынның аққуларындай, табиғаты келісті. Қайда барсаң алдына жал-жаясын тартып, қымызын сапырып жаны қалмайтын бауырмал да, дархан да, бақ-байлығы жарасқан жарасымы таңғалдырып, таңдай қақтырады.

«Тауы бардың Тәңірі бар, себебі, тау Тәңірге бір табан жақын» деген халықтың даналық сөзін еске алсақ, осы өңірде Толағай мен Көнектің болуы тегін емес. Тәңірдің назары түсіп, арнайы сыйлаған сыйы дерсің.

Міне, осы өңірде мерейтойын тойлағалы отырған, кезінде «Жиделі» колхозы, Карл Маркс атындағы совхоз, бұл күнде революционер Шәбден Ералиев атындағы ауыл, төрт құбыласында Жуан ана, Қайып әулие, Тасыбай, Жолдыбай, Қарасақал әулиелердей аруақтар мәңгілік мекен тапқан қасиетті жер, тегі бар ел, киесі мен иесі бар жер, татулығы мен бірлігі жарасқан елде тамырын жайып, ұрпағын өсірген, колхоздастыру кезінде бел шешіп, белсене араласып, ала қыста көз ілмей, төсегі тоң, мұз жастанып, қар жамылып жүріп, ит-құстан аман сақтап, тұқымынан тұлпар тараған, бөйгеде алдына жан салмаған Жиделі торы айғырдың тұқымын, колхоз жинаған 10 шақты жылқыны табынға айналдырған колхоздың тұңғыш жылқышысы, қазақтың тарихи текті батыры Нәрікұлы Шорамен арасы 7-8 атаға жеткен біз Төлепбергенұлы Ертісбайдың әулетіненбіз. Бұл – менің үлкен әкем. Кезінде бұл кісі туралы ел ішінде Ертісбай айтты деген әзіл әңгімелер көп тараған. Біз жас болдық та, ол кезде мән бермедік. Білетін, көзін көргендер бұл күнде жоқтың қасы.



Бірде ойы зерек, қаламы жүйрік, ел ішіндегі өткен әңгімелерді жете білетін құрметті ағамыз Жақсыбай Сүлейменов: «Халық жауы атанып, хабарсыз кеткен айтулы Сапалай салмен бірге жүргенін, Сапалайдың сал-серілігі мықты болғанымен, ақындығы өзінен жоғары болғанымен, «Екі айна» деген әнін ерекше шебер орындағанын сенің үлкен әкең Ертісбайдың өз аузынан естідім», – деді. Яғни, қазақтың сал-серілік дәстүріне де үлкен үлесі болған. Ел ішінде ән салып, айтысқа да түскен.

*Менің атым Ертісбай, сен білмейсің,  
Үстімдегі боз шекпен көзге ілмейсің, –*

деп басталатын айтысты естігендер ел ішінде әлі де бар.

Мен сапардан оралып, кезекті бір демалысымда жүргенде, арнайы іздеп барып, әкемнің қасына 13 жасында ілесіп, зейнеткерлікке жеткенше жылқышы болып еңбек етіп, республиканың Құрмет кітабына аты кірген Маханбетов Оңғар ақсақалға жолығып, әкем Ертісбай туралы әңгімеге тарттым. Ол кісі жол жүргелі тұрғанын, асығыс екенін айтып: «Кейін бір кел, ол кісі туралы менен көп білетін ешкім жоқ», – деп көлігі келгенше 1-2 әңгіменің басын шалды.

*Қыздарда да қыздар бар ту ешкідей,  
Неше су бар алдыңда мен кешкендей?  
Қарағым, құмырсқа бел бала екенсің,  
Тап үстіңе қос жігіт мінгескендей, –*

деген өлең шумағы ел аралап айтысып жүрген келіншекпен айтысқанда айтқаны екен.

«Сенің әкеңнің айтқан сөзі», – деді де, тағы бір әңгімені қозғады: «Бір жылы, желтоқсан айы. Колхоздың жылқысында екеуміз ғана. Ақбастау, Қарсыадыр жағына қосымызды басқа жерге көшіру керек болып, қосты жығып, ат жеккен жаққа шанаға салып үлкен табын жылқыны қалай жылжытсақ екен деп тұрғанымызда құдай беріп, 2-3 адам келе қалғаны. Арқабай Ерекеңмен нағашылы-жиенді, қатты қалжыңдаса беретін, қа-



сында екі адам бар, бір шаруамен келген екен. «Бүгін күн кешкіріп қалды, шаруаларың ертең шешіледі» деп жердің атын айтып, «Мына қосты сол жерге апарып тігіңдер. Тамақ бар, біз жылқыны жеткізгенше тамақ істей беріңдер» деді Ерекең. «Бірақ қос салқындау болып жүр, уықтарының етегінен бір елідей кесіп жіберіп тігіңдер» деді. Содан жылқыны жылжытып, кештетіп келсек, қостың уықтарын бір елі емес, көптеу кесіп жіберген, аласа, түтін шықпай, көк түтіннің ішінде тұншығып отырып тамақ іштік. Тамақтан кейін Арқабай «Ал, Ертісбай, сен үлкенсің ғой, бата бер» деді. Сонда Ерекеңнің берген батасы:

*Арқабай, сен бар болғыр,  
Өлгенде жерің тар болғыр.  
Бақырауық нар болғыр,  
Екі адым шықсаң үйіңнен,  
Алдыңда биік жар болғыр.  
Шаян болғыр судағы,  
Шошқа болғыр нудағы,  
Аш қасқыр бол бұралып,  
Азу тісің сақылдап,  
Ауылға жақын келгенде  
Ит таласын тоқымдап.  
Әумин! –*

деді. Жанжал болар ма екен деп қорқып едік, әйтеуір, аман кеттік», – деп күлді Оңқаң. Бұл – Оңқаң айтқаннан есімде қалғаны ғана. Көп кешікпей Оңқаң дүниеден озып, ештеңе ала алмай қалдым.

Оңқаңның тағы бір айтқаны есімде.

«Табын жылқының ішінде ерекше мінез, түр-түсіне, жүріс-тұрысына, өң-тұрпатына қарай талай ат-айғырларға Ерекең қойған аттары болатын. Мәселен, Қыз қара ат, Балық қара ат, Жынды қасқа, Тыртық қасқа, Қалды қасқа, Күйе торы, Мырза кер, Кең қолтық, Ақ құйрық, Ақ ауыз, Үлкен буырлы, Ал кеттім, Бет ашық, Победа, тағысын-тағылар. Бұл – сенің атаңның бір қыры», – деді.



Осыдан ба екен, бірде ауылға іссапармен келген аудан уәкілі колхоз басшысынан ауыл-аймақты аралаймын деп ат сұрайды. Ол кезде қазіргідей көлік жоқ, басшы аудан өкіліне: «Жылқыдан барып ат алыңыз», – деп менің атам Ертісбайға хат жазады. Өкіл жылқыдағы менің атама әкеліп қағазын көрсетеді. «Мен хат танымаймын», – деп атам өзінің оқып беруін өтінеді. «Ал енді қандай ат аласың?» – дейді атам. Уәкіл: «Маған любой ат», – дейді. Атам: «Любой» деген ат жоқ», – деп уәкілді жаяу қайта рады. Бұл – ел аузындағы әңгіме.

Ертеректе колхоз шөбін шауып, егінін жинап алған соң орталықта ауыл еңбеккерлерін, бүтін ауылды жиып тойлайтын тәртібі болған ғой. Ол кез – елде ештеңе жоқ, тұрмыстары төмен, жағдайлары нашар, тұралап, ел есін енді-енді жинай бастаған кез. Бірақ қазақы, даладай дархан көңіл, аңқылдаған ақжүрек ел, барымен базар жасап, бір кісідей көңілді, шат-шадыман өтуіне ат салысып отырған ғой. Сол кездің өзінде ат жарыс, тай жарыс, жорға жарыс, балалар жарысы, желке тартыс, қатын күрес, не керек, ерекше өткізген ғой. Жұлделері де ерекше – бір әшмөңке шай, бір келі қант, болса тиын-тебен, жарты таба, бір таба нан.

Бір жылы ауылда кезекті бір осындай жиын-той өтіп, мықтылар күреседі, «Жұлде – жарты таба нан» деп хабарлайды. Сол кезде атам өзінің әкесі Төлепбергенмен бірге туған Бұлтбектің қызы, атамның Бибігүл деген немере қарындасының күйеуі, колхоздың бас ұстасы, колхозға керек бүкіл сайманды өз қолымен жасайтын, ертеден кешке дейін көрік басып, темір балқытып, нән болғаны бір қолымен ұрып отыратын әлді, қажырлы Тілеу күйеу баласына: «Елдің көңілін көтерейік, екеуіміз күресіп қызық жасайық», – дейді. «Бірақ сен жығыл, мен жығайын», – деп келісіп, күреске түседі. Сол кезде айқай-шу, қызды-қыздымен Тілеу күйеу баласы келісімді ұмытып, атамды жығып кетеді. Сонда атам: «Жарты таба нан болып жаным қалды ғой, бір таба нан болса өлтіретін ғой мына күйеу бала», – депті.

Сол кездерде алғаш вермишель шығып, соны сатып алған өзімен тұстас бір кісі атамды үйіне шақырып: «Бәйбішем бер-



мишел басып жатыр, дәмін көріп, бірге татайық», – дейді. Майы мол, ет қосқан, өте дәмді тағам, атам қалдырмай жеп алып: «Неше бүгін «мешел» болса да, аяғын тік басқан шығар», – депті. Сондай-ақ, сырты ораулы конфетті алғаш көргенде: «Мынауың өлген кәмпит қой», – депті.

Атамның қатарларына айтқан әзіл-қалжыңдары өте көп болған. Ондай әзілдерін қазіргі ұрпақтары түсіне ме, дұрыс қабылдай ма, қабылдамай ма деген оймен жазбадым.

Атам жайлы айтылған кейбір әңгімелерден білгенім, сол жоқ кездің өзінде жомарт, қайырымдылығы мол болған сияқты. Ол кезде колхоздың жылқысына ел қыста малдарын қосып қоятын. Сол қосқан елдің малынан суықты көтермей не ауырып шығын болса, арам өлтірмей бауыздап, ат шанаға салып: «Ақ адал, маңдай теріңмен тапқан малың ғой», – деп, қалай шығын болғанының себебін түсіндіріп, әкеліп береді екен. Бүгінгі адам осыны жасар ма еді?

Мен бірде гастрольдік сапардан келіп, кезекті демалысымда ауылға барып, бір үйге сәлем беріп шығып келе жатыр едім, көшеде Гауһар төте кезікті. Бұл кісі – ауылдың айтулы, сыйлы азаматы, елдің қадірлі кісілерінің бірі, ақ көңіл, аңқылдаған жан, мал дәрігері әрі керемет сынықшы болған Асқаров Мұстафа ағамыздың зайыбы. «Береке, қалың қалай? Ертісбай атаңның қасиеті саған жұққан екен-ау, – деді. – Мен үшін сенің атаңның орны бөлек, өте зерек, ақын, әнді қалай салады, сөзге шебер, отырған жері той-думан, әзіл-қалжыңы қандай, санадан саумал сауатын, көрік десең көркі бар, сол кездегі бөрікті, ақсақалдардың ерекше көрінісі еді. Ол – жомарт адам. Біз Мұсағаңмен бас қосып, отау шығып, үй болған кез. Мұсағаң екеуіміз тамағымызды жерге қойып ішіп отырғанымызда, үйге сенің Ертісбай атаң келді де, біздің тамақты жерге қойып отырғанымызды көріп, «Бұларың қалай?» деп қайта шығып кетіп, өзінің үйіндегі үстелін әкеліп бізге берді. Ондайды кім жасайды? Біз сол үстелді көп пайдаландық. Сол үстел күні бүгінге дейін бар, әбден ескірген, қолдануға келмейді. Бірақ тастаған емеспін, әлі де сарайымызда сақтаулы, ырымдап алып едік», – деді.



Кішкентай кезімнен есімде қалған бір көрініс. Құмкөл, Жаркөл деген жерде Есмағамбет ағамыз сиыр бағып, атамдар бірге тұратын. Бір күні кешке қарай екі-үш ат жетектеген кісі, қасында жас жігіттері бар, келіп қонып, ертесіне ауданға қарай жүрерде атама: «Көріңізші, жылқыны жақсы танитын, сырын білетін жансыз ғой», – деді. Атам аттарды аралап көріп: «Үш ат та бабы келіскен екен, әсіресе үлкен қара ат алдына мал салмайын деп тұр», – деді. Сөйтсем, ол кезде атты бәйгеге қосу үшін жермен апарады екен ғой. Кейін естідік, алдыңғы үш бәйгені де біздің ауылдың әлгі үш аты алыпты, айтқандай, үлкен қара ат жеке-дара келіпті.

Атамның елге, жерге, ауылына деген көңілі ерекше болған-ау. Жемісті, жеңісті сәттеріне қуана білгені мына өлең жолдарынан байқалады:

*Көнек пен Толағайым биік тұрған,  
Қасында Шоқпартасым тиіп тұрған.  
Ағатан, Ақсай, Ащылыайрық бауыры құт,  
Қырманға тау-тау астық ұйіп тұрған.*

*Тату ел, бірлігімен қос сыбаға,  
Бақ қонса, байлық аспай бос тұра ма?  
Елімнің дәулетінің арқасында  
Басшымыз барып келді Москваға.*

Бұл – есте қалғаны ғана.

Иә, дүние – жалған деген, ел мақтаған, халықтың қадірлісі, көптің аузында, есінде қалған менің Ертісбай атам өмірінде бір түйір дәрі ішпей, денесіне бірде-бір ине салдырмай, бас-аяғы он бес, жиырма күн сырқаттанып, сексен жасты алкымдаған кезінде дүниеден озды. Ел басқарған, елдің елеулісі, халықтың қалаулысы, Социалистік Еңбек Ері, жақын туысы, баласындай бауыры Ыдырыс аға Жұмабеков атам сырқаттанып жатқанында келіп көңілін сұрап: «Ауданға апарып дәрігерге көрсетейін», – десе, атам: «Ол жақта мола бар ма?» – депті. «Ойбай-ау, бар ғой», – десе: «Адам өлтірмейтін болса, ол мола қайдан пайда болған?» – депті.



Менің Ертісбай әкем туралы жазушы Бұқпа Әшімовтің «Сталиндік төртінші бесжылдықтың озаты» айдарымен берілген «Жылқышы Ертісбай карт» атты жазбасы мен «Торыайғыр және жылқышы» деген Шаһизада Иманмұсаевтың өлең-толғауын кейін ұлағатты ұстаз Сәбит Бармұхамбетов аудандық «Жаңаарқа» газетіне жариялаған. Мақала да, өлең де менде сақтаулы.

Атамның кіндігінен 4 ұл, 5 қыз тараған, жан-жақты әулет. Үлкен ұлы Ертісбаев Көшен (Қошмағамбет) – менің әкем, колхозға алғаш келген ДТ тракторының бірін жүргізген, механизатор. Ел ырысын тасытуға аянбай еңбек етіп, егін жинап, шөп шауып, колхоздың бар қажетіне шешем Сарықызы Талжан екеуі бірге жүріп, кейін қой бағып, өмірлерінің соңына дейін еңбек еткен қарапайым шаруаның адамдары.

Балаларының үлкені мен – Береке Көшенов. Менен кейін – Шәмшия, Қонысбек, Қалқабек, Шәмші, Атқожа, Ақмарал. Қонысбек Көшенов осы ауылда озат, мақтаулы механизатор болып еңбек етіп, кейін өз шаруашылығымен айналысады. Социалистік жарыстардың жеңімпазы. Қалқабек Көшенов Нұра ауданының Сарыөзен ауылында келін Есімсейітова Тиышбала екеуі өмірін бала тәрбиесіне, білім беруге арнаған, екеуі де ұстаз. Қалқабек – 2000 жылдан бері мектеп директоры. Айтқожа Көшенов өмірден озған. Ұлы Азамат Жәйрем кентінде ішкі істер бөлімінде еңбек етеді.

Екінші ұлы Ертісбаев Есмағамбет жетіжылдық мектепті бітіргеннен кейін 1952 жылдан түйе баққан. 1959 жылдан сиыр бағып, 1977 жылдан 27 жыл жылқышы болып, зейнеткерлікке шыққан. Кезінде ауыл көркемөнерпаздарының белсенді мүшесі, жеке әншісі, аудан көлемінде айтулы әнші болған. Төрт жасынан ән салған. Үлкен талант иесі. Балалары Еркін, Қайрат, Ербол, Медет Жезқазған мыс зауытында, кен байыту фабрикасында еңбек етеді. Сегіз баланың әкесі.

Үшінші ұлы Ертісбаев Құтымағамбет 1967 жылы мектеп бітіргеннен кейін ауылда механизатор болып еңбек жолын бастап, сол салада жемісті еңбек етіп, соңғы 20 жыл Жәйрем кентінде карьерде «Каматцу», «Кат» сияқты ауыр техника-



ларда жұмыс жасап, зейнеткерлікке шыққан. Бірнеше грамота, мақтау қағаздарының, 3-дәрежелі «Кенші даңқы» төсбелгісінің иегері. Балалары Еркебұлан, Жасұлан сол Жәйрем кентінде карьерде еңбек етеді.

Төртінші ұлы Ертісбаев Еркебек Петропавл индустриалды-мұғалімдік техникумды бітіріп, Армия қатарына барып келгеннен кейін 20 жылдай Жаңаарқа аудандық кәсіптік-техникалық училищеде ұстаз, мастер қызметтерін атқарып, кейін заман ағымына қарай жеке кәсіппен айналысты. Қосымша банк күзетінде еңбек етуде. Төрт баланың әкесі.

Мөржан, Үржан, Күлжан, Дәрігүл, Сарқыткүл атты қыздарының арасында Ертісбаева Үржан – Жаңаарқа ауданының тұңғыш тракторшысы. 1969 жылы К. Маркс орта мектебін бітіріп, №178 кәсіптік-техникалық училищеге оқуға барды. Аталмыш оқу орнын тракторшы-машинист мамандығы бойынша тәмамдап, еңбек жолын совхоздың №1 бөлімшесінде тракторшы болып бастайды. Трактор тізгінін ұстағаннан озаттар қатарынан көрініп, бірнеше рет аудандық комсомол комитетінің бюро мүшесі болып сайланды. 1970-1973 жылдары Қарағанды облыстық Кеңесінің, 1973-1975 жылдары Жаңаарқа аудандық Кеңесінің депутаты болды. Бірнеше рет облыстық, аудандық комсомол, партия конференцияларына делегат болып сайланған. Жезқазған облыстық партия комитетінің және облыстық атқару комитетінің Құрмет грамоталарымен, Алғыс хаттарымен бірнеше дүркін марапатталды. 1972 жылы Алматы қаласында өткен Қазақстан кәсіподақтарының X съезіне, Жезқазған облысы әйелдерінің I съезіне делегат болып қатысты. Социалистік жарыстың жеңімпазы ретінде Германияға (ол кезде ГДР) туристік жолдамамен барып келуі де сол кезеңдегі еңбектің шынайы бағасы еді. Кейінгі жылдары машина-трактор шеберханасына жөндеушілер бригадасында істеді.

*Береке КӨШЕНОВ*

*Төртінші бөлім*



*Кәусар-көңіл  
сыр шертеді кіршіксіз*





## «АТАҚ ҮШІН ӨМІР СҮРІП ЖҮРГЕН ЖОҚПЫН»

Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі  
Береке Көшеновпен сұхбат

– *Беке, ең алдымен алған жоғары атағыңызбен құттықтаймын!*

– Рахмет.

– *Қалай ойлайсыз, бұл өзі ертерек жасалуға тиісті құрмет емес пе еді?*

– Шынын айтқанда, мен атақ-даңқ үшін өмір сүріп жүрген жоқпын. Бірақ, реті келгенде айтайын, бұл наградаға қатысты құжаттардың ертерек әзірленгені рас. Қандай себеп болғанын білмеймін, әйтеуір, кешіге берді. Ең бірінші алғысым – халыққа. Сосын Жезқазған қаласының әкімі Жұмамәди Ибаділдинге рахмет. Өзіне шақырып алып, менімен сөйлесті. Үлкен сыйдың жедел «қолға тиюіне» қозғау салған – сол кісі.

Өзіңнен несін жасырам, әнші болуды мақсат еткен емеспін. Ауылда (Жаңаарқа ауданының бұрынғы К. Маркс кеңсары, қазіргі Толағай ауылы) Келмағамбет Нұрмағамбетов деген аға болды. Жауапты қызмет істеді. Сонымен қатар, ақындығы да, әншілігі де бар-тын. Осы азамат менің өнер жолын қууыма ықпал етті.

Мектепте ән айтқан емеспін. Онжылдықты тәмамдағаннан кейін ауылда бір жыл қой бақтым. Ол кезде ауылда көркемөнерпаздар үйірмесі деген бар. Келмағамбет ағай мені сонда шақырды. Сол бір жылда әнші бала атанып шыға келдім.

Сосын Қарқаралыдағы зооветеринарлық техникумға оқуға түстім. Сол кез – Қарқаралыда атақты «Салтанат» ән-би ансамблінің құрылып жатқан кезі. Ансамбльдің белсенді мүшесі болдым. Техникумды бітіріп, веттехник мамандығын алған соң Жаңаарқаға келіп, кәсібіме орай жұмыс атқардым. Жаңаарқа-



да сол уақытта «Сарыарқа» атты өнер ұжымы дүниеге келді. Оны ұйымдастыруға ұйытқы болған – аупарткомның хатшысы Орынбасар Шубайқызы. «Сарыарқада» бір уақ ән айтып жүрдім.

1974 жылы қазіргі Тайжан Қалмағанбетов атындағы филармония өмірге келгені белгілі. Осы өнер шаңырағы құрылғаннан бері табан аудармай, бір жерде ширек ғасыр бойы қызмет істеп келемін.

Филармонияға келгеннен бастап менің ендігі өмірім тек өнерге, өнге арналатынын шын мәнінде ұқтым.

– *Филармонияға да өз тілегіңізбен келмеген боларсыз?*

– Рас. Серік Елеусізов деген «Гүлдер» ансамблінің мықты жетекшісі болды ғой. Соның облысқа келіп, өнер ұжымдарын ұйымдастырып жатқан кезі. Жылқыбай Аралбаев деген өнерге қамқоршы обком хатшысы болды. Осы кісілердің шақыруымен филармонияға орналастым.

– *Беке, әке-шешеңіздің өнерге қатысы болып па еді?*

– Болған жоқ. Әкем де, шешем де ауылдың қарапайым адамдары-тын. Әкем ауылда мал бақты. Шешем үй шаруасында дегендей. Екеуінен де жастай айырылдым. Менен кейін үш ұл, үш қыз болды. Әке-шеше болмағаннан кейін солардың өмірі мені қатты ойлантты. Солардың аман-есен жетіліп, қалыпты өмір сүруіне көңіл бөлуді, көмектесуді өзімнің үлкендік парызым санадым.

Негізі, мен атам Ертісбайдың қолында өстім. Мектепте жүргенде Ертісбаев болып оқыдым. Мектеп бітіргендігім туралы куәлік алған соң ғана Көшеннің баласы екенімді білдім. Фамилиям сонда Көшенов болып өзгерді.

Ал атамның өнерге жақындығы болды. Шешен адам еді. Ән айтқан. Айтысқа да қатысқан. Атты жақсы көрген. Жиделіторы деген бәйге аты болыпты. Талай бәйгелерде жүлдегер атанған. Жаңаарқадағы Сәбит Бармұхамбетов деген ақсақалдың атам мен Жиделіторыға қатысты шығарған поэмасы да бар.

– *Өнер сапарымен талай жерді аралаған да боларсыз?*

– Қазақстанның он тоғыз облысында түгел болдым. Болғанда да ауылдарында, алыс бөлімшелеріне табанымыз тиді. Қыс демей, жаз демей гастрольде жүретінбіз. Тіпті, бала-шағамыз



бен ауыл аралап, концерт қойдық. Қазір ондай емес қой. Теледидарда жиі көрінсе болды, атаққа, құрметке кенеле береді.

«Ұлытау», «Жезкиік» ансамбльдерінің құрамында ФРГ-де, Исландияда, Латвияда, Мәскеуде болдым. Өзбекстан, Түрікменстан ауылдарында ән шырқадым.

– *«Жезкиікті» айтып қалдыңыз ғой. Жақсыкелді Сейіловтің көп әндері сіздің орындауыңызда айтылды емес пе?*

– Жақаң ұлт азаматы ғой. Біраз әндерді маған орындатты. «Ұлытау», «Ана туралы баллада», «Әке туралы ой», «Айналайын қанатым» – менің репертуарымнан түспейтін әндер. Марқұм «Осы ән саған келеді. Сен айтшы» дейтін. Мен қарсылық жасамайтынмын. Қайта Жақаңның өтінішін қуана қарсы алатынмын.

– *Беке, сіз әншіліктен басқа ақын, сазгер ретінде де танылып жүрген жансыз...*

– Өлең жазамын. Жергілікті баспаханадан екі өлең кітапшам жарық көрді. Он шақты әндерім бар.

– *Балаларыңыздың ішінде жолыңызды қуғандары бар ма?*

– Жеңгең Ұмсынай екеуіміздің өсіріп отырған үш баламыз бар. Төртеу еді. Өсетіміз машина апатынан дүниеден өтті. Ол ән айтатын. Үлкеніміз Әсемнің де ән айтуға икемі болды. Бәрінен бұрын көпшілікке танылғаны Ақнұр болды. Ол қазір Жезқазған университетінде оқиды. Жергілікті ән байқауларының жүлдегері атанды. Дауысы өзіме де ұнайды. Альт деген сирек ұшырасатын үн. Әсіресе, қыз балалардың арасында аз кездеседі. Түріктің қыздарының дауысы қоңыр келеді ғой. Олар сонысымен ерекшеленеді. Кішіміз Медет – мектеп оқушысы. Оның кім болатынын болашағы біледі. Аналары айтатын «Отбасымызда бір өнер адамы бар. Жетеді ғой» деп. Содан ба, балаларым өнер жолына бел буып түсіп кеткен емес. Бірақ, кім біледі, әлі жас қой. Араларынан елін сүйсіндірген әншілер шығып жатса, өз басым қуанбасам, ренжімеймін.

– *Соңғы сауал. Қатты құрметтейтін әншіңіз?*

– Сембек Жұмағалиев. Бөлек әнші. Қатты құрметтеймін.

**Н. ЖАНДӘУЛЕТҰЛЫ,**

*«Мысты өңір» газеті.*

20.11.1998



Береке Көшенов:  
«АРАҚТАН АУЛАҚПЫН,  
ТЕМЕКІ ТАРТПАЙМЫН»

Оны кезінде Нұрғали Нүсіпжанов, Әсет Бейсеуов, Әшір Молдағайынов секілді қазақтың өнер адамдары ықыласына бөлепті. Консерваторияға түсуге қолқалап шақырыпты. Сарыарқаның азаматы туған жер төсіндегі өз филармониясын қимай қалған деседі..

Әншімен жүздескенде, дәстүрлі сұрақтан соң, сөзіміз өнер, оның қасиеті, халық қазынасы, тәуелсіздік атты ұлы мұраттар төңірегіне ойысқан. «Өнердің киесінен қорқамын», – деді ол әңгіме кезегінде. «Әйтпесе, қаржы қуалап, табыс іздеп кетер едім, егер бала-шағаны асыраудың қамын ойласам, – деп сөзін сабақтады әнші Береке Көшенов. – Бірақ, жеке басымды күйтесем, өнердің киесі аяқ асты болатындай».

Расын айтса, бұл кісінің пікірі мені едәуір тосылдырып тастады. Бұл қалайша? Қазіргідей шоу-бизнестің заманында?.. Және өзі эстрада әншісі болса?..

«Филармонияның ыстығына күйіп, суығына тоңдым ғой. Енді келіп одан бөлініп, жалт беруге менің шамам келер емес», – дейді әнші тағы да.

– *Байқаймын, филармония көңіліңізге ыстық көрінеді?*

– Туған жерім – Жаңаарқа ауданының Толағай ауылы. Бір қызығы, мектеп бітіргенше өлең айтқан емеспін. Мені алғаш сахнаға шығарып, өлең айтқызыған ауылдағы комсомол хатшысы Қалмағамбет Нұрмағамбетов деген кісі еді. Әсет Бейсеуовтің «Айшажан» әні мен Шәмші Қалдаяқовтың «Ана жырын» айтқаным әлі есімде.

Ол уақытта Қарқаралының малдәрігерлік-зоотехникалық техникумын бітіргем. Аудандық ансамбльдердің республика бойынша ең тұңғышы «Салтанатта» ән айттым. Ең алғаш Жезқазған облыс болып құрылған шақта байқаулар көп өтетін. «Гүлдер», «Ұлытау», «Жезкиік» ансамбльдерін құрған режиссер, марқұм Серік Елеусізов, облыстық мәдениет басқармасы-



ның бастығы Қалкен Мәкенбаев, облыстық партия комитетінің хатшысы Жылқыбай Аралбаев менің мамандығымды тастап, облыстық филармонияға алдырды. «Жезкиік» ансамблінде әнші болдым. 1975 жылы филармония құрылғаннан бастап, күні бүгінге дейін осы киелі шаңырақ астындамыз.

– *Олар кімдер еді?*

– Филармонияны алғаш құрғандар – Жақсыкелді Сейілов, Бақберген Дәркембаев, Ғалым Мұхамедин, Роза мен Ахат Байбосыновтар, Мара мен Болат Есмұхановтар, Әлия Айтжановалар болатын. Осы филармонияның тұңғыштарының бірі ретінде қасиетті шаңырақтың көзге ыстық көрінетіні содан.

– *Сіз айтқан филармонияның тұңғыштары қазақы өнердің қаймағын бұзбай, мерейін тасытып жүргеніне ел куә...*

– Қазан революциясының 60 жылдығына байланысты Вильнюс қаласында өткен ән-би мерекесіне Қазақстанның атынан «Ұлытау» ансамблі қатысты. 1977 жылы Бүкілодақтық фестивальдің лауреаты атандым. ФРГ мен ГДР-де, Исландияда болдым. Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстанға бардым. Қазақстанды нешеме араладым. Шетелдерде болғанда Е. Хасанғалиевтің «Жанарым», орыстың халық әні «Калинканы» орындаушы едім. 1998 жылы эстрада жанрынан Қазақстанның еңбек сіңірген артисі атағына ие болдым.

– *Алда концерт бермек жоспарыңыз бар екен...*

– Иә, халықпен жеке жүздеспек ойым бар. Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде концерт бермекпін. Бұл кездесуім Тәуелсіздігіміздің 10 жылдығына арналмақшы. Тәуелсіздік – бақыт. Өз жерімізді өзіміз еркін басып, Отанымыз – Қазақстан екенін мақтана айтатын болсақ, одан артық бақыт бар ма?! Менің елмен қауышқандағы ойым да осы – Тәуелсіздік атты бақыттың бағасын сезіну, өнімді арнау.

– *Тәуелсіздік, сөз жоқ, қазақтың басындағы ұлы бақыты. Алайда қазақтың басына сор болып жабысқан кеселден арыла алмай келе жатқанымыз шын зой? Әсіресе, бұл кесел өнер адамына жабысса қиын. Онда өнердің құны кемиді.*

– Өз басым адам басына жабысар кеселден – арақтан аулақпын, темекі де тартпаймын. Ұрпағыма үлгі болатындай



өмір сүргім келеді. Үш балам: Әсем, Ақнұр есімді екі қызым, Медет атты ұлым бар. Жолдасымның аты – Ұмсынай. №22 мектепте мұғалім.

Өнер адамдары ат төбеліндей ғана, аз. Елдің де назары көбіне бізде болатыны рас. Біз жүріс-тұрысымызбен сахнада да, өмірде де, отырған-тұрған жерімізде де жұртқа үлгі беретіндей болуымыз керек деп ойлаймын.

– *Алдағы мақсатыңыз не?*

– Сәті түссе, кітап шығармақ ойым бар. Көңілімді әлдебір жайлар мазалап, толғанған кезде өлең жазатыным, ән шығаратыным болушы еді. Ән таспамды шығарсам деймін.

*Гүлшат ХАМИТ,  
«Мысты өңір» газеті.  
09.11.2001*

## Береке Көшенов: «ЕҢБЕГІМІЗ БАҒАЛАНЫП ЖАТЫР»

Жезқазғандық белгілі әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы Береке Көшенов өткен жылдың қорытындысы бойынша өз саласында жақсы жетістікке жетті. Облыстық мәдениет департаментінің «Өнер тарланы» номинациясы бойынша жеңімпаз атанып, арнаулы дипломға ие болды.

Таяуда редакциямызға соққан өнер жүйрігімен аз-кем тілдесіп қалудың сәті түсті.

– *Атағыңыз құтты болсын, Беке!*

– Рахмет! Еңбекті бағалап жатыр. Ризамыз.

– *Өнер жолында жүргеніңізге де біршама уақыт болды-ау...*

– Отыз бір жылға кетіп барады. 1975 жылдың маусым айында ел алдына шығып едік, содан сахнадамыз.

– *Алдағы жоспарлар қандай?*



– Мақсат – халыққа көрсетер қызметімізді одан әрі жалғастыра беру. Наурызда Ұлытау ауданының ауылдарын аралап шығу ойда бар. Әрине, Жезді, Қарсақбай да ұмыт қалмайды. Мамырда Сыр бойына өнер сапарымен шықсам деймін. Бұл өзі өткен жылы белгіленген жоспар еді. Өткен жылы Қызылордада республикалық маңызы бар мәдени шаралар көп өтті. Солармен қабаттаспай-ақ қоялық дедік.

– *Репертуар жайы қалай?*

– Жаңа өндер дайындалып жатыр. «Ана» деген өн бар. Сөзі де, әні де өзімдікі. Қ. Мырзалиевтің сөзіне жазылған «Махаббатқа мың өртеніп...» деп аталатын әнім де жұртшылық көңілінен шығуы тиіс.

– *Әнді дайындау дегеніңіз де үлкен шаруа. Бұл жолда кімдердің көмегіне сүйеніп жүрсіз?*

– Біздің филармонияда Иван Горбут деген музыкант жігітіміз бар. Көбіне сол көмекке келеді. Оның әдіптеген музыкалары көңілден шығады.

– *Сіздің ақын екеніңізді де көпшілік жақсы біледі. Өлеңнің жағдайы қалай?*

– Бір кітапқа татырлық өлеңдерімді жинақтап қойдым. Қаржы табылса, ол кітапты дәл қазір шығаруға болады.

– *Өңірдегі өнер, өнерпаздар жайындағы ойыңыз?*

– Кешегі облыс уақытында Жезқазғанда өнерпаздар көп еді. Дегенмен, қазір де құр алақан емеспіз. Әсіресе, жас әншілер өсіп келеді. Зәуре Омарова, Шолпан Сарыпбекова, Гүлдәурен Жидебаева, Қайрат Жәнібеков секілді өнерпаздар көрермен көңілінен шығып жүр.

– *Әңгімеңізге рахмет! Өнеріңіз өрлей берсін!*

**С. ӘЛІМУЛЫ,**  
«Мысты өңір».  
10.02.2006



## ГАСТРОЛЬДІК САПАРДАН ОРАЛДЫ

Өнер әлемінде өзіндік қолтаңбасы бар, табиғи талантымен ерекшеленген дарын иесі Береке Көшеновтің есімі көпшілікке таныс. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артисі, эстрада әншісі, облыстық мәдениет департаментінің «Өнер тарланы» және «Ең үздік әнші» номинацияларының иегері Береке Көшенов таяуда киелі Ұлытау өңірін аралап, жеке шығармашылық концертін беріп қайтты.

Шығармашылық әлемінде өзіндік ерекшеліктерімен танылған осынау өнер иесі Береке ағамен арнайы жолығып, әңгіме-дүкен құрған едік. Жарасымды сұхбатымыз өткен жеке шығармашылық концерті жайлы, ауылдың тыныс-тіршілігі төңірегінде өрбіді.

*– Береке аға, киелі Ұлытау өңіріне жасаған гастрольдік сапарыңыз сәтті өтті ме, оны өткізудегі басты мақсатыңыз қандай?*

– Бұрындары біраз уақыт республиканы аралап, еліміздің көптеген қалаларында жеке концертімді берген болатынмын. Биыл елді мекендерді аралап, ауыл тұрғындарын да бір серпілтіп, шығармашылық әлемімдегі жаңалықтармен таныстырғым келді. Сол жоспарым сәтті жалғасын тауып, белгіленген межеден көріндім деп ойлаймын.

*– Қандай елді мекендерде болдыңыз?*

– Конституция күніне орай Ұлытауда аудан әкімі Рысқали Әбдікеровтің қолдауымен мерекелік концерт бердім. Одан кейінгі сапарларым Алғабас, Қаракеңгір, Егінді, Аманкелді, Қарсақбай, Жезді жерлерінде жалғасын тапты.

*– Өнеріңізді халық қалай бағалады, жалпы алған әсеріңіз?*

– Басты ерекшелік – жеке концертімде республикаға танымал, өнер әлемінде табиғи талантымен танылып үлгерген Зәуреш Омарова, Шолпан Сарыпбекова сынды дарынды әншілердің өнер көрсеткені болды.

*– Репертуарыңыздағы әндеріңізге тоқталып өтсеңіз.*



– Менің репертуарымда халық әндері, терме, сондай-ақ, жас композиторлардың әндері, Жақсыкелді Сейіловтің және өзімнің авторлық әндерім бар.

– *Сүйікті тыңдармандарыңызды шығармашылығыңызда болатын қандай жаңалықтармен қуантасыз?*

– Шығармашылық адамдары үнемі ізденіс үстінде ғой. Жаңа әндер жазу, сондай-ақ, басылымдарда жарық көрген өлеңдерім де бар. Соларды алдағы уақытта кітап етіп жинақтап, жарыққа шығаруға жұмыс жасап жатырмын. Оның қай кезде жүзеге асатыны уақыттың еншісінде.

– *Алдағы жоспарларыңыз?*

– Таяу арада, Алла сәгін салса, гастрольдік сапармен Жәйрем, Қаражал елді мекендеріне барып қайтсам деймін. Сондай-ақ, Алматы студиясына ән жаздыру жоспарым да бар.

– *Әңгімеңізге рахмет!*

*Меруерт НАУРЫЗБАЕВА,*

*«Сарыарқа» газеті,*

*14.09.2007*

## «НА СЦЕНЕ Я – ВОЖДЬ НАРОДА»

Солист Жезказганской филармонии имени Тайжана Калмаганбетова Береке Кошенов – пока единственный в регионе эстрадный исполнитель, обладающий званием заслуженного артиста Республики Казахстан, а на недавней церемонии вручения премий акима области в сфере культуры и искусства он стал лауреатом в номинации «Вокалист года». Береке Кошенов ответил на вопросы корреспондента «ИК».

– *Правда, что однажды испытал чувство высокого полета во время исполнения песни, уже не сможешь никогда отказать от пения?*

– Конечно. Я думаю, у всех поющих артистов рано или поздно бывает такой момент. Я сам, когда пою, забываю буквально



обо всем. Для меня в эти минуты есть только песня, и больше ничего. Наверное, в первый раз со мной произошло это на гастролях в Германии, в городе Мангейме, в 1976 году. Я выступал с хорошо всем известной русской песней «Калинка». «Калинку» знает весь мир, ее пели и поют прославленные певцы, хоры, военные ансамбли. И я очень переживал в Мангейме, как ее воспримут в моем исполнении. Пою первый куплет – в зале вроде какая-то непонятная тишина, а на втором куплете, я не верил своим глазам, такие статичные по природе бюргеры встали как один и пели вместе со мной до конца. Правда, немецкий вариант текста «Калинки». Когда чувствуешь сердцем и душой характер песни, слова, то и люди почувствуют то же самое. А если выходишь, лишь бы спеть, даже самый яркий хит не пройдет и не получит должного внимания.

– *Вы состоялись как популярный певец, а есть ли у вас в багаже альтернативные основному виду творчества проекты?*

– Да, это поэзия. Немногие знают, но я пишу стихи. Мечтаю издать книгу, она почти готова. Еще пробую себя в качестве композитора, и уже порядка десятки песен на мою музыку есть у меня в репертуаре, я их иногда пою на концертах.

– *Есть ли жанр в поп-музыке, который вам дается с трудом?*

– Вообще-то я могу спеть любую вещь: рок, хип-хоп, альтернативные композиции... И, знаете, мне на непонимание со стороны зрителей в любом случае грех жаловаться. Думаю, это заслуженно. 35 лет на сцене все-таки дают о себе знать. Это нынче молодые один-два клипа сделают и думают, что они – знаменитости. Раньше такого не было. Я постоянно ездил по Казахстану, Киргизии, Узбекистану, Туркмении, России и так далее. Такой факт – я побывал с концертами абсолютно во всех совхозах Казахстана. Быть «звездой» в своей тусовке – это еще не достижение. А ты попробуй спеть перед незнакомой аудиторией, примут ли тебя? Артист должен много ездить, постоянно давать концерты. Когда приезжаешь туда, где зрители о тебе ничего не слышали, тогда узнаешь действительную себе цену.



Мне неважно, кто в зале – мэтр искусства, уважаемый аксакал или молодой рабочий. Я даю зрителям все, что у меня есть в творческом потенциале. Тысячи глаз смотрят на меня. Следят, как выйдешь, как одет, как держишься, видят все недостатки... Это такая ответственность – сцена. Но именно на ней я чувствую себя вождем народа.

**– Как появилась ваша неповторимая манера поведения на сцене?**

– Двигаться на сцене меня учил известный казахстанский эстрадный режиссер Серик Елеусизов. Он говорил мне, что я должен собой как бы закрыть все пространство сцены. И теперь я работаю только по такому принципу. Как вы заметили, я никогда не пою просто стоя у микрофона.

**– Вы сами подбираете костюмы для сцены?**

– Иногда кое-что заказывает филармония, а иногда сам покупаю то, что подходит для сцены, в магазинах.

**– А кого бы вы попросили спеть для себя? Или какую песню хотели бы услышать на заказ?**

– «Алтынай» в исполнении Сембека Жумагалиева. Замечательный тенор, жаль, что о нем забыли. Он – бывший солист ансамбля «Гульдер», работал в ансамблях Розы Рымбаевой, Нагимы Ескалиевой, Макпал Жунусовой. Очень люблю его творчество. Песни и голос Жумагалиева теперь редко услышишь по радио или телевидению. К сожалению, в настоящее время он тихо живет в Атырау.

**Валентин Шипунов,**  
*«Индустриальная Караганда»,*  
17.01.2008



Береке Көшенов:  
«ӨНЕРІМ – ӨМІРБАЯНЫМ»

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артисі, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы алпыс жасқа толды. Дәстүрлі «Ұлытау үні» фестивалі аясында мерейтой иесінің шығармашылық кеші өтеді. Осы оқиға қарсаңында әншімен жүздесіп, әңгімелесудің сәті түскен еді.

– Мен өз өміріме риза жанмын. Өнер жолын таңдағаным еш өкінбеймін. Негізі, менің мамандығым – мал дәрігері ғой. Ол мамандық бойынша қызмет етер болсам да жаман болмайтын едім. Себебі, қызмет сатысымен ілгерілеп, өсуге мүмкіндігім бар еді. Бірақ өзім жаныммен қалаған киелі өнер мені өзіне қарай магниттей тартты да тұрды. Жезқазған филармониясына бұрынғы Жезқазған облысының үшінші хатшысы Жылқыбай Аралбаевтың, сол кездегі филармония директоры Серік Елеусізов марқұмның шақыруымен 1975 жылы келдім. Өнерімнің Жезқазғанда өркен жайғанына еш өкінбеймін. Ел сыйлайды, халық бағалайды. Әншіге бұдан артық не құрмет керек?! Кезінде мені Павлодар облыстық филармониясына қызметке шақырған. Барлық жағдайыңызды жасаймыз деген. Бас тарттым, себебі, елді қимадым.

– *Неше жасыңыздан бастап ән салып келесіз?*

– Мектепте оқып жүргенімде сахнаға шығып өлең айтқан емеспін. Сахнаға мектеп бітірген соң шығып өлең айттым. Ауылымызда комсомол комитетінің хатшысы Көлмағамбет Нұрмағамбетов деген өнерлі жігіт болған еді. Марқұм ауылдың мәдениетін көтеруге кезінде көп еңбек сіңірді. Менің ән айтқанымды ауылдағы бір тойда тыңдап, сол қоярда-қоймай сахнаға алып шықты ғой. Кейін Қарқаралыдағы зооветеринарлық техникумда оқып жүргенде «Салтанат» ансамблінің әншісі болдым. Оқуды бітіріп, ауылға келіп, мал дәрігері болып қызмет етіп жүргенімде Жаңаарқа ауданында «Сарыарқа» ансамблі құрылып, мені сол ансамбльге аудандық партия комитетінің хатшысы Жақаева шақырып, аудан орталығына жұмысқа



ауыстым. Сол ансамбльдің құрамында Жезқазғанға облыстық байқауға келіп ән айтып, көзге түскен болуым керек, филармонияға қызметке шақырды.

Қарап отырсам, өнерім – менің өмірбаяным екен. «Жезкиік» ансамблінің құрамында бұрынғы КСРО елдерін аралап өнер көрсеттік. Ол кезде гастрольде қатарынан жеті ай, тоғыз ай жүрегінбіз. Өте бір қызықты шақтар еді сол кезең. Ел көресің, жер көресің. Халықтың құрметі керемет. Біз елді аралап жүріп танылдық қой халыққа. Қазіргі жас әншілердей фонограммамен еш уақытта ел алдына шығып ән салмайтынбыз. Құдайдың берген дауысымен ән салатынбыз.

**– Өміріңізде ұмытылмастай болып қалған сәттер болды ма?**

– Әлі есімнен кетпейді, «Ұлытау» ансамблінің құрамында ФРГ-де Мангаим деген қалада орыстың «Калинка» әнін орындайын деп тұрғанда қатты толқыдым. Менен бұрын орыстың керемет деген артистері айтқан әнді көрермендер тыңдаған болар, менің айтқанымды қалай қабылдар екен деп жүрегім қағып, әбігерге түстім. Сахнаға шыққан соң бірақ бәрін ұмытып кеттім. Орындаған әнім немістерге ұнады. Қол шапалақтап, орындарынан тұрып құрмет көрсетті.

Есімнен ешқашан өшпейтін өкінішім – гастрольде жүріп, ұлым Әсеттің қазасын кештеу естіп, топырақ сала алмай қалғаным. Бұл енді – менің өзіммен бірге кететін өкінішім. Гастрольде Торғай облысында жүргенде естідім ұлымның жол апатына ұшырағанын. Дереу Арқалықтың аэропортына жеткеніммен, самолет ұшпады. Үш күн көз көрінбес ақ түтек боран соқты. Үшінші күні бір самолет ұшып, Жезқазғанға жетіп, одан поездға мініп ауылға барсам, баламды жерлеп қойыпты... Өнер жолындағы естен кетпес бір оқиға еді бұл.

**– Жыр кітабыңыз жарық көріп жатыр екен. Құтты болсын!**

– Иә, дәл осы шығармашылық кешімнің қарсаңында Алматыдағы «Қазақпарат» баспасынан «Жырлайды жүрек» атты кітабым шықты. Бұл кітаптың жарыққа шығуына қала әкімі Қанат Балмағамбетов көмектесті. Осы 35 жыл сахнада жүр-



генімде билік тарапынан тұңғыш рет қаржылай көмек алған екенмін. Әкімге көп рахмет айтамын. Компакт-дискімді шығарып жатырмын. Әзірге 14 ән жазылып тұр, әлі де толықтырамын ғой.

– *Өлең жазу өнеріңіз ертеден бар ма?*

– Өлеңге деген құштарлық бойымда 40 жасымда оянды. Негізі, ауылда мектепте жүргенде өз бетімше шимайлап жазып жүретінмін. Ән айтқан соң өлең жазуды қойып кеттім. Кейінірек өлең мені қайыра мазалай бастады. Сосын «Сарыарқа» газетіне өлеңдерімді әкеп, Ғазиз Ештанаевқа, Ибрагим Бекмахановтарға көрсеттім. Оларға өлеңдерім ұнады. Сөйтіп, «Сарыарқа» газеті менің өлеңдегі жолымды ашты. Мына кітаптағы өлеңдердің барлығы да кезінде «Сарыарқа» газетінде жарияланған.

– *Ән де жазасыз ғой?*

– Иә, ондай да өнерім бар. Он шақты әнім бар.

– *Репертуарыңызда қанша ән бар?*

– 60-тан астам эстрадалық ән бар. Негізінен патриоттық тақырыптағы, елге, жерге деген махаббатты арқау етегін әндерді орындауға пейілдімін. Әннің сөзіне қатты мән беремін.

– *Қазір филармонияда бұрынғы «Жезкиік» ансамблі жоқ қой...*

– Ансамбль жоқ, бірақ «Жезкиік» тобы бар. Бұл топты мен басқарамын. Топтың құрамында Зәуреш Омарова, Әйгерім Наушабекова бар.

– *Өнер адамының бойынан қандай қасиеттерді көргіңіз келеді?*

– Өнерге адалдықты, жылы жүректі, адамгершілікті. Үлкен қажыр-қайрат, еңбекқорлық керек өнер адамына.

*Сара СМАҒҰЛ,  
«Сарыарқа» газеті,  
11.03.2009*



Береке Көшенов:

«РУХАНИ ЖҰТАҢДЫҚҚА ҰРЫНБАСАҚ ЕКЕН»

– Беке, сізге бүгін бір бүкпесіз ашық әңгіме қозғалық деп өтініш айтқым келіп отыр. Өмірде көргеніңіз көп, көңілге түйгеніңіз көп дегендей, айтарыңыз бүкпесіз болса деймін. Сізді мақтап мақала жазғалы отырған жоқпын. Мақтаудан да, құрмет-қошеметтен де бұрын-соңды кенде қалған жоқсыз. Өнер адамы ретінде көптен танымалсыз. Жалпы, өз ғұмырыңызға ризасыз ба?

– Жасым жиырмадан асып, енді-енді бой түзей бастағанымда әкем Көшен, шын есімі Көшмағанбет, 45-46 жасында қайтыс болды. Анам Талжанның денсаулығы жастай сыр беріп, көп ауырды. Отбасында 3 қыз, 3 ұл едік, үлкені мен болғандықтан, бауырларыма қарайласуыма тура келді... Міне, бүгінде әке жетпеген жасқа келіп, үлкендіктің ауылына қоныс тептік. Мұның өзі – өмір сыйы.

Ғұмырыма дән ризамын. «Отан отбасынан басталады» демекші, жарым Ұмсынай екеуіміз – бүгінде немере сүйген бақытты ата-әжеміз. Ұмсынай кезінде Жезқазған пединститутында оқытушы болды, мектепте бастауыш сыныптарға сабақ берді, «Ұстаз» деген атқа лайықты болып, еңбек ете білді. Ал маған 1998 жылы «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артисі» деген жоғары атақ берілді. 2009 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалін тақты. 2004 жылы «Жезқазған қаласының Құрметті азаматы» атандым. Әр жылдардағы өнер байқауларының лауреаты болғаным және бар. Облыс әкімінің, облыстық мәдениет департаментінің арнайы жүлдесіне бірнеше мәрте ие болдым. Осылайша өнер мені ел құрметіне бөледі, есімімді көпке танымал етті. Тағдырдың мұндай сыйына қалай риза болмайсың?!

– Өнер жолына қалай келдіңіз?

– Менің кіндік қаным тамған жер Жаңаарқа ғой, әнге әуес болып өстім. Аудан сахнасына жиі шығатынымын. «Музыкалық білім ал» деп әнші Нұрғали Нүсіпжанов бірде өзімен бірге алып кетпекші де болған. Мақтанғаным емес, талай рет Алматыға шақыртулар болды. Қарағанды облыстық филармониясына да



шақырды. Барғым келді, бірақ бара алмадым. Жаңа айттым ғой, бауырларыма қарайладым.

Сөйтіп жүргенде Жезқазған облысы ашылды. Обкомның сол кездегі хатшысы Жылқыбай Аралбаев өз кабинетіне шақырып алып, «Береке, саған сөздің тоқетерін айтсам, мына жаңадан ашылып жатқан облыстық филармонияға сенің әнші болып келуің керек. Ауыл шаруашылығына маман табылады, сендей әнші табылмайды. Жалпы, осы облыста жұмыс істегің келе ме, онда осында келесің» деп қысқа қайырды.

Келіншегім Ұмсынаймен ақылдаса-кеңесе келіп, Жезқазғанға баратын болып шештік. Сөйтіп, аудандық ветеринария станциясында істеп жүрген жұмысымды, жер үйімді, «Сарыарқа» ансамблімді тастап кете бардым. Осылайша кәсіби сахнаға есейген шағымда, яки 25-26 жасымда келдім.

*– Алғашында кәсіби сахнаға шығу қиын тиген болар, өйткені арнаулы музыкалық біліміңіз болмады ғой?*

– Жезқазған облыстық филармониясының алғашқы басшысы Серік Елеусізов болды. Мен осы әйгілі өнер иесінің мектебінен өткенімді аса мақтаныш тұта айтамын. Әнші сахнада өзін қалай ұстау керегін, көрерменмен тығыз қарым-қатынас жасау үшін, яғни әніңмен тыңдарманды баурау үшін сахнаны меңгере білу керегін ол кісі құлағымызға құйып бақты. Қазіргі көпке танымал әншілердің өзі таңданып, «Сіздің сахнада еркін жүріп-тұрар шеберлігіңізге тәнтіміз» дер еді...

Иә, өнер жолы аса қиын ғой. Қиналмасыңа болмайды. Маған, әсіресе, өз шаңырағыңнан жыраққа кету және бір-екі ай емес, тіпті 8-9 айға гастрольдік сапарда жүру жаныма қатты бататын. Өзің барда дүниеге келген сәбиің өнер сапарынан оралғанда тәй-тәй басып жүретін кездер де болған...

*– Беке, қазіргі жастардың кәсіби сахнаға келуі қалай? Қазір бар мәселені ақша шешетін заман болды ғой...*

– Рас, бар мәселені ақша шешетін заман туғанына көзіміз жетіп жүргені – көпке мәлім жайт. Ал бізге пара беріп жұмысқа тұратындай, ешкім филармониядан күреп ақша таба алмайды. Жалақымыз мардымсыз. Пәтер берілмейді, тіпті, бір бөлмесі бар дерлік жатақхана да көзден бір-бір ұшқалы қашан. Бірақ



сонда да жүрегі өнер деп соққан ізбасарларымыздан кенде қалып жатқанымыз жоқ. Жастардың кәсіби сахнаға келуі қаншалықты қиын болғанымен, талант иесі бәрібір жарқ етіп танылады. Кәсіби сахна, біле-білсек, ол көркемөнерпаздар үйірмесі емес. Біздің филармония артистері – дайын кәсіби мамандар. Олар – Жезқазған музыкалық училищесін бітірген жастар.

*– Артистеріңіздің тойларда ән салып, ақша алатынына не дейсіз? Өзіңізді тойға шақырып тұра ма?*

– Тойға қонақ ретінде шақырса ғана барамын. Барып тұрған соң, міндетті түрде бірер ән айтамын. Тегін. Ал артистеріміздің тойларда ән айтуына келсек, ол қайбір жетіскендіктен дейсің. Ай сайынғы қолына тиетін жалақысының аздығынан. Өз басым мұны жөн көрмеймін. Артист – сахнада ғана өнер иесі. Сахнаның киесі бар. Тойда ән айтып, тиын-тебен табамын деп жүргенде өнер иесі тұрғысындағы кескін-келбетін, шеберлік сән-сипатын жоғалтып алар ма екен деп қорқамын.

*– Беке, той туралы әңгіме қозғалды ғой, айтыңызшы, осы қазақтың тойының өтуі сізге ұнай ма?*

– Көбіне көңілдегідей емес. Дарақылық басым. Асабаларымыздың мәдениеттілігі тым төмен. Үлкен отыр, кіші отыр демейді, жұртты күлдіремін деп анайы сөйлейді. Бұл – барып тұрған дарақылық. Тойға көп адамның шақырылуы да сол той иелері өресінің кемшін жатқанын байқатады. Екі жастың үйлену тойы болса бір жөн, 50 жас, 60 жас, тіпті, 1 жасқа толуды, тұсаукесер, мектеп бітіру тәрізді отбасылық қызықтардың өзін тойханада жасау, соншама адамды шақыру маған ерсі көрінеді. Біреулер соны мақтаныш тұтатынын қайтерсің. Біле тұрып шығынға бату ақымақтық емей немене? Ысырапқа жол беру – күнә ғой. Ар жағында байлық-дәулеті тасып бара жатса бір жөн.

*– Өзіңіз той өткіздіңіз бе?*

– Ұлым Медеттің тойын сауық-сайран түрінде өткізуге ден қойдым. Бұдан 7-8 жыл бұрын болатын. Арақ-шарапты атымен қойған жоқпыз. Тойдың думанды өтуіне әріптестерім де үлес қосты.



– *Әрине, сіздер өнер адамысыздар, тойды қалай өткізем десеңіздер де, қолдарыңыздан келеді. Ал өзге жұрт не істемек?*

– Бәрі той иесіне байланысты. Ең алдымен, тойдың тәрбиелі болуына күш салу керек. Асабаның әр сөзі әке-аналарды қадірлеу, үлкенді құрметтеу, ата дәстүрімізді дәріптеу тұрғысында болсын. Той үстінде күйлеріміз күмбірлеп, домбырамен айтылар әндер шырқалып жатсын. Би биленетін эстрадалық әндер тек үзілісте ғана айтылсын. Мен өзім де эстрада әндерін орындаушымын ғой, бірақ тойдағы даңғазадан құлағымды жауып, тұрып кеткім келеді. Сөзден сөз шығады, осы тойлардағы даңғазалық жастарды ұлттық ән-күйімізді қадірлей білуден бездіріп барады. Міне, тойларымыздың тәрбиелік мәнінің ақсап жатқанына бір мысал бұл. Ұрпағымызды қанағатшылдыққа тәрбиелейік, ысырапқа жол бермейік, барды бағалай білуге үйретейік.

– *Беке, осы бүгінгі жастардың әнге деген талғамы қандай дәрежеде деп ойлайсыз?*

– Айтып отырмын ғой, жастардың дәстүрлі әндерге деген, күйге деген ынтызарлығы әлсіреп барады. Өйткені сөзі мағынасыз, әуені даңғаза «жеңіл» әндер көп. Әркім аузына келгенін айтатын болды. Бұрын әншінің репертуарын бекітетін көркемдік кеңес болатын. Тіпті, гастрольдік сапарға келгендердің концерттік бағдарламасын сыни көзбен қарап барып, оны қоюға рұқсат берілетін...

Киелі сахнада ән айтатындардың жауапкершілігі ақсап жатқанда, тыңдаушылардың талғамы қайдан оңсын?! Мен өз басым эстрадалық әндердің өзінде ұлттық сипат болуына айрықша мән қоямын. Ұлттық нәрсіз – көз алдар құр жылтырақ. Иә, бүгінде байлық, кедейшілік дегенді көп айтатын болдық. Қандай дағдарыс қиындығынан да шығармыз-ау, тек рухани кедейшілікке ұрынбасақ екен...

– *Неге олай дейсіз?*

– Енді қалай айтпасқа?! Қаламызда аты дардай театр бар, бірақ оның қойылымын қызықтаушылар аз. Концертке де бара бермейміз. Осыны көріп тұрып ойлайсың «Халыққа осы ештеңенің керегі болмай бара жатқан па?» деп. Жұртшылық сал-



мақты да мән-мағыналы туындыларды қабылдай алмайтын болып бара жатқан тәрізді. Рухани жұтаңдықтың нышаны бұл...

– *Өмірдің күнгейі мен көлеңкесі қатар болмақ. Ол – табиғи құбылыс. Сізді қатты қынжылтатын қай «әттеген-ай»?*

– Қайсыбірін айтайын?.. Менің жанымға қатты бататын «әттеген-айдың» бірі – Жақсыкелді Сейілов есімінің бір мәдениет ошағына берілмей келе жатқаны. Дәл осы Ұлытау-Жезқазған өңірінде Жақаңдай тума талант бұрын-соңды болмағаны анық. Ендеше, осы мәселенің неге шешімін таппай келе жатқанына таңым бар. Осыған күйінемін. Егер іс басында жүрген азаматтардың Жақаң ет жақыны болып шықса, бұл мәселе бірден шешімін табар еді-ау деп те кейде ойлаймын. Жақсыкелді Сейіловті мәңгі есте қалдырмау – біздің мәдениет саламыздағы үлкен олқылық, тіпті елдігімізге ұят дер едім.

Рас, Жезқазған қалалық мәдениет және тілдер бөлімінің ұйымдастыруымен жыл сайын Жақсыкелді өндерінің кеш-концерттері өтіп тұрады. Менің өзім биыл Жақаңды еске алу концертін 3 жерде – Жезқазғанда, Сәтбаевта және Балқашта қойдым. Бірақ мұның бәрі аздық етеді. Ұлыларға да жоқтаушы керек-ақ.

Іштей күйзеліске, қынжылысқа бой ұрған кей сәттерім қолыма қалам ұстататыны бар...

– *Иә, «шындықтың жаршысы – ақын» деп жатамыз ғой...*

– Мен өзімді ақынмын деп есептемеймін... Рас, баспадан жарық көрген жыр жинақтарым баршылық. Біздің жас кезімізде тырнақалды туындылар жұқа кітапша болып шығатын. «Көңілімнен ұшады кештер-өлең» және «Әнге ғашық жүрек» деп аталады алғашқы кітапшаларым. 2009 жылы «Жырлайды жүрек» деген атпен жыр жинағым басылып шықты. Сезім-күйлерімді өлеңмен өрнектеу – бұрыннан қалмай келе жатқан сүйікті ісім.

– *Беке, сізді қуантатын не нәрсе?*

– Менің қуанатыным – өнер дүлдүлі Тайжан Қалмағанбетовтің атын иемденген Жезқазған филармониясының іргесінің бүтіндігі, шаңырағының биіктігі. Мана сөз ретінде айтып кет-



тім ғой, кезінде осы өнер ордасының уығын қадасқандардың бірімін. Содан бірге жасасып келеміз. Жанымыз да, жүрегіміз де бірге. Осы филармония атынан өнер сапарларына барып, оралғанда бір рухтанып қаламын. Өйткені жүрген жерімізде кездескен өнерге жақын жандар бізге әрі таңғала, әрі қызыға қарайды. «Ойпырым-ай, сіздер әлі гастрольге шығады екенсіздер-ау...» деп риза болады.

Біз филармониямыздың атынан шағын-шағын топ болып жер-жерді аралап тұрамыз. «Жезкиік» тобына мен жетекшілік етсем, Ғалым Мұхамедин «Ән – көңілдің ажары» деген топты басқарады. Әнші Қайрат Әбеуовтің тобы «Арқа өуендері» деп аталады. Міне, екі жыл болды, «Жәдігер» деген фольклорлық тобымыз да өнер көрсетіп жүр. Біздің іссапарымыздың шығынын, сондай-ақ жалақымызды облыстық бюджет көтеріп келеді. Бізді бөле-жармай, «өзіміздің өнер ордамыз» деп білетін қанаттас қос қала мен Ұлытау аудандық әкімдіктеріне алғысымыз шексіз.

*– Ғалекең екеуіңізді, дәстүрлі әнші Ғалым Мұхамедин ағамызды айтып отырмын, «Жас емесіз, сахнада енді жастармен жағаласпайық» деген ой мазаламай ма?*

– Әзір ондай ойдан аулақпыз. Сахна Ғалым екеуімізді қайта жасарта түсуде (Бекең бұл сөзді айтып, күлді). Жер-жерде жүргенде байқаймыз, біздің қатарластарымыздың басым бөлігі сахнадан кетіп қалды. Біреулерінің денсаулығы сыр берсе, кейбіреулер кәсібін өзгертіп дегендей... Қатарластарымның «Сен әлі сол қалпыңдасың. Сахнаға шыққанда тіпті жасарып кетеді екенсің. Дауысыңда да еш өзгеріс жоқ» дегенін естіп, бір жасап қаламын. Жалпы, өнер адамының ғұмыры жасаған жасымен өлшенбейді ғой...

*– Иә, оныңыз рас. Беке, ашық әңгіме қозғаныңызға көптен-көп рахмет!*

**Шахмұрат ИБАДАТҰЛЫ,**

*«Наше время» газеті,*

*04.12.2015*



Береке Көшенов:  
«ЖАҚСЫКЕЛДІНІҢ ҚАДІРІНЕ  
ЖЕТЕ АЛМАЙ КЕЛЕМІЗ...»

Қарашаның 27-сі күні Қарағандыдағы Кеншілер мәдениет сарайында қазақтың біртуар әнші-композиторы Жақсыкелді Сейіловті еске алу кеші өтеді дегенді естіп, ұйымдастырушыларға хабарласқанбыз. Жақаңмен бірнеше жыл әріптес болған әнші, ҚР еңбек сіңірген артисі, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы Береке Көшеновпен сөйлесудің сәті түсті.

– Аға, алдағы еске алу кешіне тоқтала кетсеңіз?

– Биыл қазақ ән өнері қоржынына өлшеусіз үлес қосушы теңдессіз талант, марқұм Жақсыкелді Сейіловтің о дүниелік болғанына – 20 жыл. Облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының қолдауымен соған орай ұйымдастырылып жатқан шара ғой. Тайжан Қалмағанбетов атындағы Жезқазған филармониясы мен «Алтын орда» ұлт-аспаптар ансамблі, ҚР еңбек сіңірген артисі, әнші Ғалым Мұхамедин, республикалық әншілер байқауларының жеңімпазы Қайрат Әбеуов, «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері Зәуреш Омарова, республикалық ән байқауларының лауреаты Перизат Несіпбаева, Асхат Сағындықов және мен, тағы басқа өнерпаздар өнер көрсетеді. Жақаңның жиырмаға жуық өні ұлттық аспаптармен, эстраданың сүйемелдеуімен орындалады. Ол кісінің бүгінге дейін ел біле бермейтін туындылары шырқалады. Концерт кешкі сағат 18.30-да басталады деп жоспарланып отыр.

– *Жақсыкелді Сейіловпен сіз қанша уақыт қызметтес болдыңыз? Ол кісі жайлы кеңірек айта кетсек.*

– Жақаңмен 1970 жылдардың ортасынан бастап, өмірінің соңына дейін 20 жыл бірге жүрдім. Басында ол кісі өзі құрған атақты «Қарагөзде», одан кейін «Жезкиік» ансамблімен жүріп ел-жерді, шетелдерді араладық. Жарықтық, қазақ өнер өлкесінің жезкиігі, ән әлемінің айбозы еді ғой! Қадіріне жете алмай келеміз. Мөп-мөлдір, сәбидің үніндей даусы қандай еді!



Әр әні бір ғажайып, ұлттық ән мұрамыздың озық үлгісіндей. Соңында жинап-теріп, зерттеп жүрген ешкім жоқ, бірақ мен білетін 30-ға жуық әні бар. Соның 20-дан астамын білемін. Мүмкін, 30-дан да көп әндері... Қазір ел солардың ішінен «Жезкиік», «Неге солай?», «Кездесу», «Ұлытау» сияқты 4-5-ін ғана біліп, айтады. Қалғандары орындала бермейді. Себебі, керек қып іздеуші, насихаттаушы жоқ. Жезқазған, өзі туған Ұлытау өңірлерінде біз концерттерін беріп, шығармаларын барынша насихаттап жүргенімізбен, Жақсыкелді Сейіловті еске алу кеші облыс орталығы Қарағандыда тұңғыш өткелі отыр. Онда тұрған ештеңе жоқ шығар, алайда ел ішіне жетпей жатқан әндерінің обалы кімге?

– *Мүмкін, насихатынан емес, эстрадалық жанрдан гөрі ұлттық сарында шығар әндері? Қазір жастар заманауи дүниелерге ұмтылады дегендей...*

– Олай емес. Өзі эстрада жанрының өкілі ғой. Сонымен қатар, ұлттық, классикалық талаптарға да толық жауап бере алады әндері. Ұлттық ән өнерімізді барынша байытып кеткен композитор. Тек іздеушісі жоқ, насихат аз. Дүние салғанына қаншама жыл болды, не бір көшеге, не бір өнер ошағына есімі берілмеді. Осы уақытқа дейін әндерінің нотаға түскен жинағы да, күйтабағы да шықпады. Қолға алмайын демейсің, қаражатқа келіп тіреледі. Ертең концертке келсеңіздер, көресіздер қандай әндері барын. Лирикалық сазға шаттық пен мұңды қоса шылайды. Бір ғажабы, қанша тағдырлы, туған соң шешек ауруына шалдығып, екі көзі көрмей қалған болса да, жылдам айтылатын ойнақы әндері жетерлік. Бірақ астарында терең мұңнан бастау алған өмір философиясы жатады.

Құдай берген өнерінің арқасы шығар, көзі көрмегенімен керемет сезімтал, көкірек көзі ояу еді. Естігенін ұмытпайды, бір өткен жерінен екінші жолы жаңылыспайды. Бір танысқан адамы алдына 10 жылдан соң келсе, дауысынан жазбай танып, атын айтып амандасады. Кейде гастрольдік сапарларда ол кісі ән салғанда, мүсіркей қараған жан болса, бірден сезіп, шығарып салатын. Сөйлесіп тұрған адамның өзіне деген көзқарасын сол бойда танып қоятын. Жақын араласқан біз болмасақ,



көзі көрмейтінін ешкім байқай алмайды. Баян, гитар, барабан – тартпайтын аспабы жоқ-ты. Қазақшадан бөлек, орыс, татар тілдеріне сұдай.

– *Осындай жанды еске алу кеші қандай сипатта болмақ?*

– Негізінен эстрадалық бағытта болғанымен, ұлттық, дәстүрлі сарындар да болады. Жақаң әндері әмбебап қой. «Жезкиік», «Неге солай?», «Кездесу», «Ұлытау» әндері шырқалады мұнда. Мәселен, жоғарыдағы «Ұлытау» әнінің сөзін ақын Сайлаухан Нәкенов жазып, алғашқыда «Туған жер» атаған ғой. Кейін «Мынауың – Ұлытаудың гимні ғой. Ұлытауға бұдан асырып не жазуға болады?!» деп Нұрғиса Тілендиев Жақаңа айтып, өзгерттірген екен. Сондай-ақ, Жақсыкелді Шәмші, Әсет Бейсеуов, Ескендір Хасанғалиевпен заманында дос-жар болды. Хабарласып тұратын.

– *Қысқа да болса, нұсқа шыққан әңгімеңізге рахмет! Кеш сәтімен өтсін!*

**Жәнібек ӘЛИМАН,**  
«Орталық Қазақстан» газеті,  
25.11.2017

*Бесінші бөлім*



*Даласына тартып туған  
парланбоз*





## ӘНГЕ ҒАШЫҚ ЖҮРЕК

### немесе әнші Береке Көшеновтің шығармашылық кешінен түйген сыр

Жуырда «Ұлытау үні» фестивалінің аясында өткен Тайжан Қалмағанбетов атындағы облыстық филармонияның танымал әншісі Береке Көшеновтің шығармашылық кеші облысымыздың 20 жылдығындағы өнер өрісінің бір кәусар тамшысындай ерелі де өркенді шаралардың біріне айналды.

Сахнаға жүгіре шығып, небір әуезді де ойнақы әндерді сергек қимылмен әрі орнықты орындайтын осы бір қараторы келген қағылез жігітті өнерсүйер қауым жақсы біледі. Қоңыр үні құлаққа жағымды бұл әнші қандай қошемет-құрметке бөлense де асып-тасуды білмейді, қашанда халқымен бірге. Ол – Береке Көшенов!

Оның әншілік жолы бір күнде басталған жоқ. Кейбір әріптестері сияқты Береке мектеп қабырғасында да суырылып ән айтып, көзге түскен жан емес. Онжылдықты ойдағыдай бітіргеннен кейін еңбек жолын туған ауылы Жаңаарқа ауданындағы К. Маркс атындағы совхозда шопан болып бастаған шақ та жастық шақтың жарқын бетіндей есте қалыпты. Ол да барлық ауыл баласы сияқты туған даласына іңкәр сезіммен қарайтын. Сол сәт бозбала қиялы көкті шарлап, дала төсінен сыр сүйетін, шабыт алатын.

Арман құған албырт кезең емес пе, 1968 жылы Қарқаралы зоотехникалық-малдәрігерлік техникумына оқуға түскеннен соң көпшілік алдында өзінің әншілік қабілетін сынаудан бас тарта алмады. Қарқаралы Мәдениет үйінде ән айтып, жұртшылық ілтипатына бөленді. Оның үлкен жолындағы алғашқы қадамы да осы кезден басталған еді.

Техникумнан кейін мамандығы бойынша мал дәрігері болып төрт жарым жылдай еңбек еткен кезінде де Береке ән ауылынан



алыстап кете қойған жоқ. Қайта ән салуға деген құштарлығы арта түсіп, өзін үлкен өнер жолына шыңдай бастады. Жаңа-арқа аудандық Мәдениет үйінің жанынан құрылған сол кездегі «Сарыарқа» ән-би ансамблінің белді әншілерінің бірі болды. «Әннің бағын ашатын да, байлайтын да – орындаушысы» деп тегін айтылмаса керек, Береке репертуарындағы әндер де тыңдаған жанның жүрегіне ерекше бір жылылықпен жол тауып жататын. Жаңадан құрылған облыстық филармонияның қолқа салып шақыруы да өзіндік үні бар әншінің зор қабілетін бағалағандық болар, сірә. Сөйтіп, Береке Көшенов облыстық филармонияның жанынан 1975 жылы құрылған «Жезкиік» ансамблі құрамында үлкен өнер жолына біржола бет бұрып, талай жерлерде ән пашуын шашып, дүйім елді тамылжыта салған әнімен тамсандыра білді.

Содан бері де желмаядай зулап 18 жыл өтіпті. Сол жылдардың қай-қайсысы болмасын, Берекенің әнші ретіндегі өсу-өркендеу жолдарының жарқын беттеріне толы десе болады. Атап айтар болсақ, ол 1977 жылы Қарағанды қаласында өткен Бүкілодақтық халық шығармашылығы фестивалінің лауреаты атанды, тағы да сол жылы Вильнюс қаласында болған ән-би мерекесіне қатысып, мәртебемен оралған еді. Береке шырқаған орыс халқының «Калинка» әніне Германия қалалары мен Мәскеудің «Достық» үйінде де қалың көпшілік зор ілтипатпен қол соқса, қазақ эстрадасының әуезді әуендері 1979 жылы Берекенің орындауында Исландия жұртшылығының да назарын аударған болатын.

Облыстық мәдениет орталығында өткен Береке Көшенұлының шығармашылық кешінде «ине шаншар жер қалдырмай», иін тіресе жиналған қалың қауым сүйікті әншісінің өнерін тағы да бір тамашалап, сусындай қалып еді. Бұл кеште әнші өнері алуан қырынан таныла түсті. Әдеттегіше жеңіл қимылмен сахнаға жіті басып шыға келген Береке де бұл күні тыңдаушылардың құлақ құрышын қандырып бақты. Берекенің орындауында Нұрғиса Тілендиевтің «Өз елім», Ескендір Хасанғалиевтің «Жанарым» әндері асқақ үнділігімен бойға қуат-жігер беріп жатса, енді бірде Мұқағали Мақатаевтың сөзіне жазылған «Барлығы



да менікі», Қадыр Мырзалиевтің «Махаббатқа мың өртеніп...» деген өлеңіне жазған өз жүрегінен туған әндері жазғы кештегі самалдай тербеп, қоңыр әуен сиқыры көпшілікті өзіне тартып, ұйытып-ақ тастады. Сөйтіп, кешке жиналған тілеулестері бұл күні әнші Берекемен қатар сазгер Берекені танығандай болды. Әнін де, сөзін де өзі жазған «Туған елім, туған жерім», «Жылдың басы – Наурыз» әндері де тыңдаушы құлағына жылы тиіп жатты. Мұның өзі кеш иесінің тағы бір қырын танытқан еді.

Енді көпшілік ақын Береке Көшеновке ілтипат білдірісті. Өткен жылы біздің газетімізде оның тұңғыш топтама өлеңдері жарық көрген еді, талантты жігіт содан бері де қарап жатпағанға ұқсайды. Осы кеште де үш-төрт өлеңін оқыды. Жүректен шыққан жыр жолдары да тыңдаушысын бейтарап қалдыра алмайды.

*Түздің қайсар сұлуы, сағым болған,  
Желден жүйрік сағымда сазы қонған.  
Өлексесі қызыл қан киік жатыр,  
Мүйізі жоқ бастағы бағы болған.*

*Тау да жүдеу бұл күнде ағашы жоқ,  
Су да азайды, сала жоқ, сағасы жоқ.  
Тиіспе, адамдар, даламның көркі – киік,  
Сұлулықтың жүрсін ол дарасы боп, –*

деп ой түйеді әнші, сазгер, ақын Береке Көшенов «Киік» деген өлеңінде. Сөйтіп, бұл кеш ән мен жыр мерекесіне ұласты.

Ыстық ықыласын білдіріп, ән шашуын арнағандар да аз болған жоқ. Берекенің өмірдегі де, өнердегі де қадір тұтар ағасы Жақсыкелді Сейілов екеуінің қаншама жылдан бері бірге ән шырқап, халқына адал қызмет етіп келе жатқанын айта келіп, бұл кеште де бір ән орындап берді. Бұдан кейін он сегіз жылдан бері еңбек етіп келе жатқан алтын ұясы Т. Қалмағанбетов атындағы облыстық филармониядағы әріптестері де кеш иесіне асқақ әндерін арнап жатты. Есмұқановтар әулеті – Болат пен Мара, әнші Серік Оспанов, Ғалым Мұхамедин, Байбосыновтар



әулеті – Ахат пен Роза, филармонияның жас әншілері Зәуреш Омарова, Молдаш Шәріпов және басқалары да өз өнерлерімен кеш мазмұнын одан әрі аша түсті.

Берекенің үлкен өнер жолындағы тұсауын кескен Жаңаарқа аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі Мәруаш Еленбаева бастаған «желкілдеп өскен құрақтай» жас өнерпаздар да арнайы келген екен. Олар «Назқоңыр» ансамблінің құрамында өнер көрсетті.

Көрермендер әнші туралы жан-жақты біліп қалайық деген болар, сірә, кеш жүргізушіге сұрақтар да аз түскен жоқ. Береке оларды елеусіз қалдырмай, барлығына орнықты жауабын беріп жатты. Шаңырақ иесінің шығармашылық кешінде оның отбасы да орта көркін толтырып, шаттық кернеген жанұя келбетін қапысыз танытып отырды. Әншінің асыл жары Ұмсынай өнер адамына бақ қандай керек болса, бап та сондай керек екенін білдіріп, жүрекжарды тілегін арнаса, қызы Ақнұр «Заман-ай» әнін тамылжыта орындап, болашағынан көп үміт күттіретінін көрсетті. Кішкентай бүлдіршіндері Әсет пен Медет те бұл күні әке өнеріне бас иіп, қуана қол соғумен болды. Халық әні «Ақбақайды» аға тойына тарту етіп ұсынған Берекенің інісі Еркін Ертісбаев әншінің жолын қуған ізбасарлары да аз емес екенін аңғартып жатты.

Бүгінгідей нарық заңына бағынып тұрған заманда өнер кешін өткізу оңайға түспейтіні белгілі. Бұл жағынан келгенде, Берекенің өнеріне тілеулес ел, ауыл болып көтеріп әкетті десе де болады. Осыған орай кештің демеушілерін де айта кеткен жөн болар. «Айнабұлақ» совхозы (директоры Б. Меңтаев) 200 мың сом, «Толағай» шаруа шаруашылығы бірлестігі (төрағасы Қ. Қойшыбаев) 100 мың сом аударса, Жаңаарқа аудандық тұтынушылар қоғамының автокөлік кәсіпорыны (Ж. Көпбаев), С. Сейфуллин атындағы шаруалар одағы (Б. Башаров), облыстық сақтандыру фирмасы (Ә. Тасболатов), «Мақсат» фирмасы (М. Шәкенов) және басқалар бірі қаржылай демеушілік жасап, бірі ат мінгізіп, шапан жауып жатты. Кеш шырайын келтірген басқа да қошемет-құрмет пен сый-сияпат та көп болды.



Кеш шымылдығы жабылар алдында кезек тағы да әнге берілді. Әнші Береке Көшенов жерлестеріміз А. Есмұқановтың «Алау гүл», Ж. Сейіловтің «Ана туралы баллада», «Ұлытау» әндерін төгілте шырқады. Ерке өзеннің толқынындай қоңыр әуен тағы да өзіне тартып барады. Шіркін, әнді іңкәр сезіммен, ғашық жүрекпен Берекеше айтқанға не жетсін!

*Амандық РАХОВ,  
«Сарыарқа» газеті,  
18.03.1993*

## ӨМІРДІ ӘНМЕН ӨРНЕКТЕГЕН

Жезқазған өңірінің өнерін өркендетіп, мәдениетін дамытуға үлкен еңбек сіңіріп жүрген азаматтың бірі – Береке Көшенов. Ол – Жезқазғандағы Т. Қалмағанбетов атындағы мемлекеттік филармонияның әншісі. Биыл Береке Көшеновтің осы филармонияда табан аудармай қызмет етіп, қалың көпшілік қауымды әдемі әнімен сусындатып келе жатқанына жиырма бес жыл толып отыр.

– Менің елдің алдына шығып ән салуым мектепті бітіріп, ауылда жұмыс істеп жүргенде басталды. Мектеп қабырғасында жүргенде топ алдына шығып, «әу» деп ән салған жан емеспін. Қайта өлең жазуға құмар едім. Жаңаарқа ауданының қазіргі Толағай ауылындағы онжылдықты бітірген соң еңбек жолымды шопандықтан бастадым. Ауылымыздағы көркемөнерпаздардың басын біріктіріп, түрлі мәдени шараларға ұйытқы болып жүретін марқұм Коля (Көлмағамбет) Нұрмағамбетов деген азамат еді. Сол кісі бірде менің ыңылдап салған әнімді естіп қалып, жанымды қоймай үгіттеп, ауыл сахнасына шығарды. Одан соң Қарқаралы малдәрігерлік-зоотехникалық техникумына оқуға түстім де, Қарқаралы Мәдениет үйі жанындағы «Салтанат» ән-би ансамбліне қатыстым. Негізгі үлкен өнерге деген алғашқы қадамым «Салтанаттан» басталды деп ойлаймын, – дейді Береке өзінің өнерге келу жолын еске алғанда.



Техникумды бітіріп, мамандығы бойынша Жаңаарқа ауданына мал дәрігері болып келген соң да жас жігіт ән салудан қол үзбеді. Ауылдағы көркемөнерпаздардың ұйытқысы бола білді. Осындай күндердің бірінде аудандық Мәдениет үйі жанынан «Сарыарқа» ән-би ансамблі құрылды. Жетпісінші жылдары ел арасындағы өнерпаздардың шығармашылығын дамытуға үлкен мән берілетін. Аудан басшылары Береке Көшеновті осы ансамбльге әншілікке шақырды.

– Ал енді сол жастық шағымда «Әнші боламын, қалған ғұмырымды сахнаға арнаймын» деген ой менде болған емес. Әуесқой сахнада ән салып жүргенде бәрі де аяқ астынан басталып кетті. 1974 жылы Жезқазғанда көркемөнерпаздардың облыстық байқауы өтті. Осы байқауға «Сарыарқа» ансамблінің құрамында келіп мен де қатыстым. Байқауда «Жанарым» және «Калинка» әндерін орындадым. Байқау біткен соң сол кездегі облыстық мәдениет басқармасының бастығы Қалкен Мөкенбаев пен Жезқазғанда жаңадан ғана ашылып жатқан облыстық филармонияның директоры Серік Елеусізов шақырып, «Сен «Жезкиік» ансамбліне эстрада әншісі болып келсеңші» деп қолқа салды. Ойлана келе олардың шақыруын қабыл алдым. Сөйтіп, аяқ астынан облыстық филармонияның артисі, «Жезкиік» ансамблінің әншісі болып шыға келдім, – дейді Бекең өткен өмір жолы туралы әңгімелей отырып.

Сонымен, әу баста еңбек жолын мал маманы болып бастаған жігіттің өмірбаян беттерінде 1974 жылдан бастап екінші бір белес, кәсіби сахнадағы әншілік ғұмыр басталды. Жастықтың нағыз жалындаған дер шағы жиырма бесте басталған осы жол оны күні бүгінге дейін тынбай алға сүйреп, үлкен мұраттарға жетелеумен келеді. «Жезкиік» ансамблінің құрамында Бекеңнің жиырма бес жыл бойы кең-байтақ Қазақстанның түпкір-түпкірінде араламаған елді мекені жоқ десе де болғандай. Туған республиканы былай қойғанда, көршілес қырғыз, өзбек елдерінде де болып, тыңдарман қауымның алғысына бөленді. Ол шырқаған Шәмші Қалдаяқовтың, Нұрғиса Тілендиевтің, Жақсыкелді Сейіловтің әндері, халық әндері қашанда тыңдаушылар жүрегіне жол тауып келеді.



Жылжып өткен жылдар Береке Көшенов үшін іздену, осу-өркендеу кезеңі болды. Ол 1977 жылы Бүкілодақтық халық шығармашылығы фестивалінің лауреаты атанды. Сол жылы Вильнюсте өткен ән-би мерекесіне қатысып, абыройға кенелді. Б. Көшенов нақышына келтіре шырқаған орыстың «Калинка» әніне Германия қалаларындағы және сол кездегі Одақтың астанасы Мәскеудің «Достық үйінде» талғампаз өнерсүйер қауым дуылдата қол соқты. Береке Көшенов құйқылжыта орындаған қазақтың эстрадалық әндері Исландия жұртшылығының да құлақ құрышын қандырды. Қайда жүрсе де, қашан көрсең де қарапайым, сыпайы қалпынан танбайтын, асып-тасуды білмейтін осы бір жан өзінің елгезек мінезімен, адамгершілік асыл қасиеттерімен қалың өнерсүйер қауымның арасында үлкен беделге ие болды.

Өткен жыл Береке Көшенов үшін және оның тыңдаушылары үшін ерекше жыл болды. Өткен жылдың қазан айында оған Елбасының Жарлығымен Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артисі атағы берілді. Мұны Берекенің өнерін қадірлейтін қалың көпшілік сүйікті әншінің ұзақ жылдар бойғы адал еңбегінің лайықты бағасы, өнерге көрсетілген үлкен құрмет деп қабыл алды.

Соңғы уақытта әнші Береке жерлестеріне тағы да бір жаңа қырынан таныла бастағандай. Ол – сазгерлік, ақындық қыры.

Береке Көшеновтің қаламынан туған жырлар әлсін-әлсін қалалық, облыстық, республикалық басылымдар беттерінен көрініп жүр. Оның «Наурыз», «Туған жер», «Махаббатқа мың өртеніп...» тәрізді әндері көпшіліктің сүйіп шырқайтын шығармаларына айналуда.

– Жастық шағым қайта келсе, алтын уақытты текке өткізбеуге қам жасар едім. Өлең жазуды мектеп қабырғасында бастап, тастап кеттім ғой. Әншілікті, ақындықты қатар алып жүруім керек екен. Әрине, мен өзімді үлкен ақын санамаймын. Ақындық – табиғаттың ғажайып сыйлығы ғой. Менікі – көңілімді мазалап қоймай қойған ойларды өлеңмен өрнектеп сыртқа шығару ғой әншейін. Өнер – киелі, құдіретті нәрсе ғой. Бәлкім, бойымдағы тұнып жатқан бұлақтың көзін ашып жіберген,



қырықтың қырқасынан аса бере өлең жазғызып, өн шығартып қойған қасиетті өнер – әншілігім шығар, – дейді бүгінде ердің жасы елуге толып отырған еліне сыйлы, халқына қалаулы, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Береке Көшенов ағынан жарыла сөйлеп.

Бар саналы ғұмырын халқына қызмет етуге арнаған Береке – берекелі шаңырақтың басшысы. Зайыбы Ұмсынай – №22 орта мектепте мұғалім. Үлкен қызы Әсем – тұрмыс құрған, күйеу баласы Қанат екеуі Нұрғали есімді немере сүйгізіп отыр. Кіші қызы Ақнұр университеттің тарих факультетінде 1-курста оқиды. Кенжесі Медет – мектеп оқушысы.

Ақырын жүріп, анық басып, халқының сый-құрметіне бөленген қарапайым да елгезек, үлкен адамгершілік иесі, әнші Береке Көшеновтің халқына әлі бергенінен берері көп. Өнер аспанындағы қанатың талмасын, қашанда биікке самғай бер демекпіз біз оған.

*Сара СМАҒҰЛ,  
«Сарыарқа» газеті,  
ақпан, 1999*

## АУЫЛДЫ ӘНГЕ БӨЛЕП АСҚАҚТАҒАН

2000 жылдың 22 қарашасында Толағай топырағында халықты сүйіндірген қуанышты оқиға болды. Атап айтқанда, ауылымыздың ардақты азаматы, осы жерде туып-өскен, өнерге деген алғашқы қадамын Социалистік Еңбек Ері Оспан Әлібаев атындағы орта мектеп қабырғасында бастаған жерлесіміз Береке Көшеновпен кездесу болып, соңы ұлы дүбір концертке ұласты. Әрине, ауылдың үлкені мен өз қатарлары арасында ол өзіміздің Береке болғанымен, республикаға танымал, өн өнеріне жеке сипатпен келіп қосылған арқалы әнші, абыройлы азамат. Бұны дәлелдеп жатудың да қажеттілігі шамалы.

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артисі, Тайжан Қалмағанбетұлы атындағы Жезқазған мемлекеттік филармо-



ниясының белді эстрада әншісі, толып жатқан жарыстар мен өнер байқауларының лауреаты, тағы басқа лауазымдар – осының айғағы.

Бүгінде жасы елуге толса да, үні өзгерудің орнына күннен-күнге толысып, әдемілене түскен Береке жерлесіміз, осылайша, өзінің әсем әуенімен, жоғары орындаушылық қабілетімен жерлестерінің көңілін аспанға бір шығарды. Әншілік, шығармашылық еңбек жолына ширек ғасыр болған, осыдан үш жыл бұрын «Қазақстанның еңбек сіңірген артисі» атағына ие болған Береке текке жүрмей, өзіне лайықты ізбасарын да таңдап, тәрбиелеп үлгеріпті. Оған жас әнші, өзінің шәкірті Жанболат Досаевтың әндерін тыңдағанда көзіміз жетті. Ал әнші қарындасымыз Омарқызы Зәурештің әншілік қабілеті, орындаушылық мәнері оның келешегінен көп үміт күтуге болатындығын көрсетті.

Енді осы жерде аздап шегініс жасауға тура келеді. Жоғарыдағы аталмыш мектепті бітіріп, оқуын әрі қарай аудан орталығында жалғастырған ол көпшілік көзіне бірден түсіп, Жаңаарқа халық театрының белсенді солистерінің біріне айналды. Кейіннен алған мамандығы бойынша әуелі К. Маркс атындағы совхозда, кейін Жаңаарқа аудандық малдәрігерлік станциясында мал дәрігері болып қызмет істеп жүрген кезінде де ол әншілік өнерден қол үзген емес. Бұл салада Берекеге өзінің танымал әнші жерлестері, әндері республикалық радиодан жиі беріліп жүрген Көлмағанбет Нұрмағанбетов (марқұм), Байұзақ Сейілов сынды ағаларының ақыл-кеңестері көптен-көп себебін тигізгенін айта кеткен орынды.

Құдайдың берген дарыны мен талантын өшіруге болмайтынын дер кезінде түсініп, түбегейлі шешім қабылдаған Береке малдәрігерлік қызметпен мүлде қош айтысып, өнер саласына бірыңғай бет бұрған шешімін осы күнге дейін дұрыс деп есептейді. Мамандықтың жақсысы немесе жаманы болмайды. Дегенмен де, адамға өзі сүйіп ұнатқан, атқарған іс-әрекетінен ләззат алатын мамандықтың орны бөлек екені белгілі.

Міне, Береке үшін әншілік мамандық тек осынысымен қымбат. Әрине, қай жұмыс болса да көп ізденісті, маңдай терлетер



еңбектенуден әсте бойын аулақ салған емес. Осы еңбегінің арқасында ол тұңғыш рет 1973 жылы Жаңаарқа аудандық Мәдениет үйі жанындағы көркемөнерпаздардың республикалық байқауында Халық театры атағын жеңіп алғанына 10 жыл толуына арналған салтанатта облыстық байқаудың лауреаты атағы мен бірінші дәрежелі дипломды жеңіп алды.

Алғашқы жеңістің әсері аз болған жоқ. Берекенің әншілік репертуары шамалы уақытта-ақ Әсет Бейсеуовтің «Алатау», Нұрғиса Тілендиевтің «Алматы таңы», халық әні «Ауылың сенің іргелі», Шәмші Қалдаяқовтың «Қуаныш вальсі» және т.б. әсем әндермен толықты.

Он жылдан астам уақыт бойы Жезқазған облыстық филармониясы жанынан құрылған «Жезкиік» вокальды-аспаптық ансамбльдің әншісі болған Берекенің мәңгі есінде қалатын оқиғаның бірі – осы ансамбль құрамында 1977 жылы ФРГ-ға сапары. Заты, Береке мақтанғанды ұнатпайды. Осы сапарда орыстың «Калинка» әнімен сахнаға билей шыққан Берекені Бетховен мен Бахтың ұрпақтары ән аяқталғанша қол соғуларын тоқтатпай, тік тұрып тыңдағанын өз аузынан емес, бірге барған жолдастарының аузынан естуіміз – осы қарапайымдылықтың айғағы. Берекенің әншілігі, творчестволық өсіп-өрлеу жолы, ақындығы туралы жаза отырып, оның шыққан тегі туралы жазбай кетуіміз әбестік секілді. Сондықтан шежіре тармақтарына жүгіне кетуді жөн көрдік.

Берекенің руы – Кіші жүздің Жетіруындағы Тама. Тамадан – Кәдіс. Одан – Нәрік-Шора батыр. Шорадан – Төрехан, Бурахан, Есімхан. Бураханнан – Әліп, Жәгі. Әліптен – Қанай, Жанай, Қонай, Қараш. Жанайдан – Жабал, Жабалдан оның үлкен әкелері туады. Ал Берекенің үлкен әкесі Ертісбай ес біліп, ат жалын тартып мінгеннен өмірінің соңғы шақтарына дейін алғашқыда «Жиделі», кейін колхоздар ірілендіріліп, ұлғайтылғаннан кейін К. Маркс колхозында жылқы бағып, халқына сыйлы, сөз тапқыш, шешен кісі болған. Тек қатардағы ғана жылқышы емес, күні бүгінге дейін тұқымы үзілмеген «Жиделінің торысы» деген жүйрік жылқыларды көзінен таса қыл-



май өсіріп, баптап, жүйрік торылардың атын шығаруға үлес қосқан адам.

Ертісбай туралы кезінде Жаңаарқа ауданында туып-өскен ақын Ақыжан Алпысовтың (1886-1966) «Торыайғырлы жылқышы» деген поэмасы бар. Бұл шығарма 1992 жылы «Сарыарқа» журналының 1-нөмірінде жарық көрді. Айта кететін тағы бір жай, журналдың дәл осы нөмірінде (61-62-беттер) Береке туралы да «Ақбастауда басталған ән» атты көлемді мақала жарияланды.

Береке тек халқына сыйлы әнші, ақын ғана емес. Қажетті жерде жаңа түскен жас келіндердің бетін ашып, әсем ән, ұтқыр сөз, келісті өлең, әзіл-қалжыңмен көпшілікті аузына қаратқан асаба да бола білетін сегіз қырлы, бір сырлы жігіт. Сонымен қатар, үлгілі отбасының ұйытқысы, адал жар, ардақты әке. Балаларының алды үйлі-баранды болып, немере сүйгізсе, арты жоғары оқу орындарында. Ал жұбайы Ұмсынай болса, еңбек жолын алғаш педагогикалық училищені бітіріп, балаларға «Әліппені» танытудан бастаған. Өзінің ізденгіштігі, еңбекқорлығы арқасында үзбей оқып, білімін көтеріп, Жезқазғандағы мұғалімдер институтында аға оқытушылыққа дейінгі лауазымға ие болды.

Міне, Берекенің қиындығы мен қуанышы мол әншілік мансабының кейбір кезеңдері осы. Бір мектепте, бір партада қатар отырып, сабақтас, сырлас та сыйлас болған Берекеге өнерінің өсе беруіне, әншілік мерейінің арта беруіне ақ жол тілеймін. Туған ауылын әнге бөлеген, оқалы шапан, құндыз бөрікті Берекеге Толағайдай ауылының ыстық құшағы әрдайым ашық, ал дос-жарандары өзіне әрдайым асық.

*Әбілда ӘБІКЕНОВ,  
«Жаңаарқа» газеті,  
01.01.2001*



## СЕГІЗ ҚЫРЛЫ, БІР СЫРЛЫ АЗАМАТ

Қашан да талантқа кенде болып көрмеген өлкемізде өмірін өнерге арнаған өрендер бұған дейін де болған және ондай тұлғалар бүгінде де бар. Солардың бірі, бірі ғана емес, бірегейі белгілі әнші Береке Көшенов десек, әсте артық айтқандық емес. Өнерпаз азаматтың өткен өмір жолына бір сәт көз жүгіртсек, үздіксіз өсу-өркендеу үстінде болғанын, талай додада топ жарған таланты ел мерейін сан мәрте асқақтатқанына куә боламыз.

Өнерге іңкәр Береке 1968 жылы Қарқаралыдағы Мәдениет үйінің жанынан құрылған «Салтанат» ансамблінің және 1971 жылы Жаңаарқадағы Мәдениет үйінің жанынан құрылған «Сарыарқа» ансамблінің ұйымдастырушыларының бірі әрі жеке әншісі болды. Ұжымдағы өнерпаз қыз-жігіттердің кәсіби шеберлігінің нәтижесінде екі ансамбль де «Халық ансамблі» атағын иеленді.

1975 жылы облыстық мәдениет басқармасының шақыруымен Жезқазғандағы мемлекеттік филармонияның жанынан ұйымдастырылған «Жезкиік» ансамбліне әнші-вокалист боп қабылданған Береке кейін осы айтулы өнер ұжымының жетекшісі болды. Әнші 1996 жылы Алматы қаласындағы Жезқазған облысының мәдениеті мен өнері күндерінің аясында өткен концерттік бағдарламада кәсіби орындаушылық шеберлігі өте жоғары бағаланды. Сол жолы Қазақ мемлекеттік радиосына 11 әннің Берекенің орындауында жазылуы – әнші талантының мойындалып, бағалануының айғағы еді.

Тамаша баритонды тенор дауысы бар өнерпаздың кең тынысты асқақ үніне тек өз еліміздің ғана халқы емес, талай-талай шетелдің талғампаз жұртшылығы қошемет көрсетіп, қол соққан. «Ұлытау» ансамблінің құрамында бұрынғы одақтас республикалардың басым көпшілігінде болып, лайықты бағасын алғанын айтпағанда, ГДР, Исландия, ФРГ секілді бірталай еуропалық елдердің биік сахналарында қазақ әнін шырқап, ұлттық інжу-маржандай асыл туындыларды дәріптей білді.

Еліміздің тәуелсіздік алуына 10 жыл толуына орай аймағымызда өткізілген мәдени іс-шаралардың да көпшілігінің бел



ортасында Береке жүрді. Атап айтқанда, Сәтбаев қаласының бірнеше мектептерінде, Жезқазған қаласындағы №8, 11, 9, 5 мектептерде және Жезді, Ұлытау, Қарсақбай аймақтарында арнайы жеке концерттік бағдарламасын ұсынды. Қаламыздағы қарттар үйінде, жетім балалар үйінде де қайырымдылық концерттерін ұсынып, қамкөңіл жандардың жандардың қайғы-мұңын әсем әнімен серпілтті. Сондай-ақ, Қызылорда облысының шалғай аудандарында болып, өнерге сусаған жұртшылықтың ыстық ілтипатына бөленді. Денсаулық жылына байланысты өткен мәдени іс-шаралардан да тыс қалған жоқ. Бұл жылы қанаттас қос қаладағы өткізген концерттерін былай қойғанда, Жезді, Жәйрем, Қаражал қалаларында концерттер ұйымдастырып, халықтың алғысын алды.

Берекенің өз көңіліндегі сан түрлі сезімді сол күйі мөлдіретіп қағазға түсіре білетін ақындығы да бар. Бұл сөзіміздің айғағы – соңғы бірнеше жылда жергілікті баспаханадан «Әнге ғашық жүрек» және «Көңілімнен ұшады кептер-өлең» атты екі жыр жинағын оқырмандарға ұсынды. Өз кезегінде бұл жинақтардың оқырмандар тарапынан жылы қабылданғанын айта кету артық емес. Қазіргі уақытта Береке өзінің 4 баспа табақ өлеңдер жинағын шығаруға дайындап жатыр.

Міне, осындай өзі әнші, өзі ақын азаматтың ел білетін тағы бір қыры бар. Ол – сазгерлік. Өз өлеңдеріне жазылған бірнеше танымал әндері бар өнерпаз азамат Қ. Мырзалиев, М. Мақатаев, Н. Мәукенов сияқты ақындардың да өлеңдеріне ән жазып, бұл орайдағы талпыныстары да сәтті болды.

Түйіп айтқанда, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артисі Береке Көшенов – сан түрлі өнерді бойына жинаған сегіз қырлы, бір сырлы азамат. Халқынан әрдайым лайықты бағасын алып жүрген, өнер әлеміндегі танымал тұлғаның бүгінде нағыз шабытты шағы. Жақсы адамды мақтау қажет емес, онымен мақтану керек деген қағидаға сүйенсек, біздің де Берекемен мақтанып, марқаюымыз әбден орынды.

**Нестай БЕКЕНҚЫЗЫ,**

*«Мысты өңір» газеті,*

*07.02.2003*



## ЖЕЗҚАЗҒАНДЫҚ ЖЕЗТАҢДАЙ

Шығысында Ертіске, батысында ырысты Ырғыз, Торғай өзендеріне иек артатын Арқа даласы солтүстігінде Ібір-Сібірдің ойпатына ұласып, оңтүстігінде Бетпақ, Мойынқұмның бұдырсыз жал-жал құмына құлайды. Арқа даласы қазақтың ертеден-ақ жаз жайлауы, ұлы көш жолындағы үлкен бекеті болған дейді тарих. Жағырафия ғылымы Арқа даласындағы «Қазақтың ұсақ шоқылы таулары» деген атаумен атайтын өңір біздің облысымыздың еншісіне тиесілі. Қалай десек те, ұшқан құс қанаты талар, Сарыарқаның ең шоқтығы биік таулары осы өңірде. Ал ұсақ шоқылары қапталдаса келіп, дала теңізінің тау-тау толқындары сынды бас құрап алып, жалған дүниенің көтерілген жалындай жал-жал құмға ұштасар тұсының табиғаты өзгеше. Түстік қиыры Балқаш көліне дейін жазыла барып, Табақкеңтақырдың тасты шөліне ұласса, оңтүстік-батыс пұшпағы Сарысу өзені шайып төккен алтындай Бетпақ, Мойынқұм, Байқоңыр, Жетіқоңырдың шағылдарына жұтылады. Аласұрған дала теңізінің тау толқындары құмдақ жағалауға жалын сүйей жығылғандай, шөлейт даланың момын мінезінен сабыр тапқандай саябырлайды.

*Жатыр дала аяқталмай, басталмай,  
Ұлылығы Данте жазған дастандай.  
Сұлулығы Репин жаққан бояудай,  
Жылылығы сүю және аяу гой, –*

дегендей (Жұмекен) немесе:

*Аспан биік Әсет айтқан ән сынды,  
Тастар – киік, үрке-үрке таусылды, –*

дегендей (тағы да Жұмекен), ұшы-қиыры жоқ шексіз даланың жақпар тастары «үрке-үрке» таусылатын тұсы осы.

Арқа далаларының даңқы несімен елге әйгілі десе, ең бірінші Арқаның өнін айтарымыз хақ. Ақан, Біржан, Ыбырай, Мәди, Әсет, Шашубайдан бастау тартқан Арқаның асқақ өнімен мақтанарымыз және аян. Өншілік дәстүрі жаңа заман, дәуір талабына орай әр кезеңде түрлі жанрлық құбылыстарға



бой ұратыны анық. Қазіргі эстрада әншілерін де осы ретпен бұрынғы дәстүрлі топырақтан тамыры ажыраған, мүлде бөлек құбылыс десек, қателесерміз. Жалпы, әлемдік қалып тұрғыда ой өрбітсек, итальяндық кантри, француз шансоны немесе афроамерикандық самба, румба, блюз, тіпті, ұлт-ұлысқа теліп, еншілеп бере алмайтын рок-н-роллдың да түпкі бастауында бір халықтың әуен-әуезі жатқаны анық. Қош делік, бұл тарапта арнайы мамандар зерттеп, зерделей жатар, біздің ой қазіргі қазақ эстрадасының түп-тамыры халық музыкасы, халық әні топырағында өнген дегенге саяды. Өткен жүзжылдықтың 70-80-жылдарында қазақ эстрадасы Роза Рымбаева, Нағима Есқалиева, «Дос-Мұқасан» тобы сынды жауһарларымен еңсесі көтеріліп, жаңа көкжиектерге қол жеткізді. Осы кезеңде еліміздің әр тарабында түрлі ансамбльдер көптеп құрылып, қазақ әні жаңа вокалдық, аспаптық бояу-нақышқа ие болды. Сол кезде Жезқазған өңірінде өзгелерден шоқтығы биік көрінген «Жезкиік» ансамблі мен осы ансамбльдің әнші-вокалісі Береке Көшеновті айрақшы атауға болады. Ансамбль әншісі Береке Көшенов эстрадалық әндер орындауда үнінің сырлылығымен, сахна шеберлігімен ерекшеленген-тін.

Содан бері өткен 30 жылдан бері Жезқазған филармониясында әнші болып қызмет істеп келеді. 1973 жылы Алматының эстрада студиясын бітіріп, жаңа ашылып жатқан Жезқазған облысына жолдамамен келген. Осы отыз жылдың ішінде оның Қазақстанда бармаған жері кемде-кем. Шетелдерде де гастрольде болған. 1977 жылы Бүкілодақтық эстрада артистерінің байқауында лауреат атанған. Көп жылғы еңбегі және әншілік шеберлігі үшін 1998 жылы Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артисі атағын алған.

Сәуір айының соңында ол Қарағанды қаласында болып, үлкен концерт беріп қайтты.

– Мен мектеп бітіргенше ән айтқан емеспін, – дейді Бекең өз әңгімесінде. – Менің даусымды ашқан – Кұлмағанбет Нұрмағанбетов ағамыз. Одан соң Қарқаралыдағы «Салатанат» ансамблінде өнер көрсетуім әншілік жолға түсуіме себеп болды. Осы ансамбльде майталман әнші Нұрғали Найманбаев марқұм-



нан көп нәрсе үйрендім. Мен 1968-1971 жылдары Қарқаралының малдәрігерлік техникумында оқыған едім. Сол уақытта «Салтанат» ансамбліне қосылдым. Ал Жезқазғанда белгілі режиссер Серік Елеусізов марқұмнан көп тәлім алдым. Белгілі әнші, сазгер Жақсыкелді Сейіловпен дос болып, өнер майданында бірге жүрдік. Осындай ағалар мен замандастарымнан үйреніп, әншілікті өміріме серік еттім. Көптен бері Қарағанды жұртшылығының алдында өнер көрсеткен жоқ едім. Енді отыз жылдық еңбегімнің есебі ретінде осы концертті беруді жөн көрдім.

Екі сағатқа жуық уақытқа созылған концерт бір демде өте шықты. Жасы елуден асса да әншінің даусы әлі де табиғи қалпында, шымыр екен. Жалпы, эстрада әншілерінің сахнада мұнша ұзақ уақыт өнер көрсетуі – сирек кездесетін құбылыс. Бұл жағынан келгенде, Бекең көп әншілердің алдында екенін осы жолы көрсете білді. Сахнада жүріп-тұру, киіну тәрізді эстрада әншісіне қойлатын жоғары талапты толық игергенін байқатты. Жер ортасынан ауып бара жатқан жігіт ағасы сахнада әлі бозбаладай еркін қозғалады. Құлаққа жағымды тенор дауысты әнші жиналған жұртқа бірден ұнады.

Концерт негізінен шартты түрде үш бөлімнен тұрады екен. Ол өнер кешін Жақсыкелді Сейіловтің «Жезкиік» әнімен бастап, Жақсыкелдінің «Ұлытау», «Сол тілек», «Кездесу», «Көріспей-ақ қоялық» тәрізді әндерін шырқады. Марқұмның туындыларын осылайша алдымен орындап, ол дос алдындағы борышын өтеді. Бұдан соң Қ. Сәдуақасовтың «Сүйінші», Н. Домбайдың «Бөбегім» және өз жүрегінен жарып шыққан «Туған жер», «Жыл басы – Наурыз», «Алау гүл» әндерін мәнеріне келтіре орындады. Ара-арасында Бекеңнің шәкірті, филармония әншісі Зәуреш Омарова да бірнеше ән шырқады. Ал үшінші топтағы әндер – халық әндері мен қазақ сазгерлерінің белгілі туындылары болды. Атап айтқанда, қарақалпақтың «Мәжнүн тал», татардың «Ғашық ет», орыстың «Сары жапырақтар», қазақтың халық әні «Бір келіншек», сирек айтылатын әндерден попури, Қ. Айнабековтің «Атаң болса анаң мен» термесін, Н. Тілендиевтің «Өз елім» әндерін нақышына келтіре орындады.



Береке Көшенов тек әнші ғана емес, ол қазақтың қара өлеңін де жанына серік етіп, поэзия әлеміне құлаш ұрған, белгілі ақындардың жырларына әуен жазып, талапты сазгер ретінде де танылуда. Әрі әнші, әрі ақын-сазгер Берекенің «Өнге ғашық жүрек» және «Көңілімнен ұшады кептер-өлең» атты жинақтары шыққан. Қазіргі таңда Б. Көшенов «Сарыарқа әуендері» атты өлеңдер жинағын дайындау үстінде екен. «Жинаққа жергілікті сазгерлердің шығармалары мен бай фольклорлық шығармалар енгізілмекші», – дейді ізденіс үстіндегі әнші.

Қазақтың өмірі әнімен, күйімен, жырымен қоса-қабат өріледі. Қамшының сабындай қысқа ғұмырдың мәні осында болар. Арқаның даласындай ұлан-ғайыр қазақ өнері жаңа кеңістіктерге сол далада туған, сол даланың сан қырлы табиғатының бояуын жанына сіңірген ұлдарының өрісті ісімен өсе бермек.

*Серік СЕКСЕНҰЛЫ,  
Серік САҒЫНТАЙ,  
«Орталық Қазақстан» газеті,  
20.05.2003*

## ҚАЗАҚТЫҢ АЛАТАУЫ МЕН ҚАРАТАУЫ ҒАНА ЕМЕС, ҰЛЫТАУЫ ДА БАР

Сайлаудың дүрмегі кезінде теледидардан «Бұл – менің жерім» деп басталатын бір жарнамаға кәдімгідей селт ете қалғандай болып едім, артынша әлгінің соңы сайлауға айналып кетті де, сандалып қалдым. Егер «Бұл – менің жерім» деп басталатын әлгі жарнама қазақтың кең-байтақ даласының фонында өршіл дауыспен асқақ беріліп тұратын болса, бүгінгі ұрпақтың санасына әлгі біз жер-көктен іздеп жүрген рухты, патриотизмді сіңіруге көп қиналмаған болар едік.

Қайсыбір жылы Жапонияда болғанымда, теледидардан күн сайын үзбей беретін бір хабар мені соншалықты тәнті етті. Хабар жүргізушісі өгіздің терісіндей картаны жайып қойып: «Бұл – біздің жеріміз, бұл – сенің жерің», – деп, жанына өрімдей



жастарды жинап алып, азаннан қара кешке дейін саңқылдайды да жатады. Тіпті, әлгі жүргізушінің хабарды әсерлі жүргізетіні сондай, тап қазір біреу жерін тартып алғалы жатқандай сезімде отырасың. Әсіресе, бұл хабар Жапонияға Путин келердің алдында тіпті күшейіп кетті. Жалпы, жапон теледидарының көп хабарлары осындай елшілдік, ұлтшылдық сипатымен ерекшеленеді әрі сол хабарлар көбіне-көп жастарға арналады. Бізде де осыған ұқсас хабарлар бар, бірақ дәл сондай қуатты, құдіретті емес, оның көлеңкесіне де тұрмайды.

Бізде жарнама жасауға толық мүмкіндік бар. Тіпті, қиналудың қажеті жоқ. Ол үшін қазақтың құдіретті әні мен күйін дұрыс таңдай білу керек. Қазақта, әнді айтпағанда, 5 мың күй бар. Мұндай байлық қай халықта бар екен?!

Ойды ой қуалайды.

Арқада Береке Көшенов деген әнші бар. Даусы зор. Ел ішінде қалып қойған, бағы жанбай қалған әнші. Өкінішке қарай, Берекенің күйін кешкендер бізде аз емес. Менің түсінгенім, сол жігіт әнші ғана емес, намысқой да. Өнердің нағыз намыскері, күрескері. Кілең бір елдің жігерін жанитын, қанын ойнататын, былайша айтқанда, делебенді қоздыратын әндерді айтады. Өтірік махаббат, жалған дүние туралы боздауық әндерді айтпайды. Әрине, кей тұстағы дауыстың «тәрбиеленбей қалғаны» жөніндегі әңгіме бөлек.

Береке жөнінде неге тәптіштеп айтып кеттім? Себебі, ол орындайтын әндер елдің рухын оятады, көңілін көкке көтеріп тастайды. Жұрт бір желпініп қалады. Нұрғиса Тілендиевтің «Өз елімін» (сөзі Қадыр Мырза Әлидікі) Берекедей орындаған әншіні мен әлі кездестірген жоқпын. Нұрғиса Тілендиевтің «Алатау» деген әні бар. Құдіретті ән. Құдай салмасын, бұл әндегі амбицияны (жақсы мағынасында түсініңіз) біз көп байқамай жүрміз. Осы ән қазір айтылмайды. Жұрт атын ұмыта бастаған Якуда Амандықовтың «Қаратау» деген әні бар. Бұл да бір келісті ән. Ильяның «Толағайы» және бар. Арқа даласының тап ортасына қолмен апарып қоя салғандай кіп-кішкентай тау. Мен осы тауды пойызбен өтіп бара жатып көргенде Илья ағамыздың сезімін түсіндім. Тауға жақыннан емес, алыстан



қарау керек екен. Толағай өзінше биіктеп, бекзаттанып жатады екен. Осы әнді Серік Оспанов орындағанда, жер мен көктің арасын бітістіріп жіберер еді. Жалпы, Арқа әншілерінің даусы зор. Абылай Шүленбаев Ильяның «Сырымбетін» орындағанда, бөстек сөзге құмар, масаңдау біреулерден қашқақтап, мүлгіп отырып тыңдайтын оңаша бір отау іздейсің.

«Тауы бардың Тәңірі бар» дейді халық. Себебі, тау Тәңіріне бір табан жақын. Тауға барсаң – тазарасың. Тауды көрсең – сәл де болса өзіңді биік сезінесің, тіпті, жоқ жерден төкаппарлығың ұстайды. Бізде қазір сол тау туралы, дала туралы әндер көп айтылмайды. Мұндай әндер айтылмаған жерде елдің бойынан рух іздеу, жігер іздеу – бекершілік. Есесіне, жиын-тойлардың бәрін әлгінде айтқан өтірік өмір, жалған дүние жайлы жылауық, жылуы жоқ әндер жаулап алған. Осындай әндерді тыңдап өскен жастардың жігерсіз, жалтақ, боркемік болмасына кім кепіл? Олар рухты қайдан іздейді? Есесіне, рухты әндер айтатын Береке сынды жігіттер тойдың әншісіне айналып барады. Сол әнші бір тойда Жақсыкелді Сейіловтің «Ұлытауын» (сөзі Сайлаухан Нәкеновтікі) айтқанда, тұла бойым шымырлап отырды.

Қайран, Жақсыкелді! Қажымұрат Нағманов секілді азаматтар қадірін білген Жақсыкелді осы әнді не үшін, кім үшін жазды екен?! Неткен кеңістік, неткен пафос, патетика! Ұсақталып бара жатқан ұлттың ұл-қызына осы әнді тыңдату керек қой. Тауды көру бір басқа да, тау туралы әнді тыңдау бір басқа.

Қазақ үшін айқайламай-ақ, үн-түнсіз қыруар еңбек етіп жүрген, аса зиялы, көрнекті азамат Жұмағали Наурызбай: «Шіркін, осы әнді Розалар айтса ғой...» – деп күрсінді. Әлгі ойдың ішіме әбден ұялағаны сондай, мен әлден уақыттан соң барып селк ете түстім. Шынында да, осы әнді неге Роза Рымбаева айтпайды? Мүмкіндігі мол ғой. Миллиондар аудиториясын жаулап алған әнші. Ең бастысы, дауысына, диапазонына қалай ғана келіп тұр десейші!

Берекелердің аудиториясы үлкен емес. Көсіліп шаба алмайды. Оның даусын Жезқазған, әрі кетсе Қарағанды ғана естиді. Қазақ теледидары мен радиосы мұндай жігіттердің даусын жа-



зып алып, елге таратып жіберуді әлі жүйелі түрде қолға алған жоқ.

Осындай әндер кең көлемде насихатталмағаннан кейін бір кездегі сал-сері халықтың бекзат болмысын, биік рухын жер-көктен іздеп, әлек боп жүрміз. Рухымыз «Ұлытау» секілді әндердің бойында жатыр.

Шынында, қазір әншілеріміз, оның ішінде Розалар қандай ән салып жүр? Роза, сөз жоқ, халықтың айрықша махаббатына бөленген әнші. Бірақ «Отанды» насихаттайтын Роза Рымбаева «Ұлытау» тәрізді отаншыл әндерді неге көбірек айтпайды? Бұл ән Мақпалдың табиғатына келмейді. Бағдаттың бір шырқап салуы мүмкін. Роза айтса, бұл ән тым асқақтар еді.

«Ұлытау» әні – кеңдік, төкашпарлық, дархандық. Ұлытау – тұнған тарих. Ұлытау – тарихыңның төрі ғой. Осы әнді өзек етіп алып, «Ұлытау» деген керемет бейнефильм түсіруге болар еді. «Осы әнді жаны жаралы, тағдырдан аяу көрмеген Жақсы-келді кім үшін, не үшін жазды?» деп ойлау керек, сонда фильм туады. Қазақтың Алатауы мен Қаратауы ғана емес, Ұлытауы да бар екенін бүгінгі шоулардың шуымен миы ашыған айрандай боп жүрген жастардың жүрегіне жеткізе алсақ, мұның әсері қандай болатынын күні бұрын болжай беруге де болады.

*Қали СӘРСЕНБАЙ,  
«Жас Алаш» газеті,  
14.10.2004*

## БЕРЕКЕ КӨШЕНОВ – ОБЛЫС ӘКІМІ СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ЛАУРЕАТЫ

Соңғы жылдары облыс көлемінде әр жылдың қорытындысы бойынша мәдениет саласының үздіктерін анықтап, құрмет көрсету игі дәстүрге айналып отыр. 2007 жылдың қорытындысы бойынша осы саладағы үздіктердің қатарында жезқазғандық өнер шеберлерінің есімдері де мақтанышпен аталды. Т. Қалмағанбетов атындағы Жезқазған филармониясының



**әншісі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артисі Береке Көшенов «Жыл вокалісі» номинациясы бойынша облыс әкімінің сыйлығын жеңіп алды.**

Мәдениет саласы қызметкерлерінің өткен жылғы жұмысының қорытындысын шығарған салтанатты жиын Қарағанды қаласындағы Кеншілер мәдениет сарайында өтті. Облыстың қалалары мен аудандарынан арнайы шақырылған мәдениет қызметкерлері алдында облыс әкімі Нұрлан Нығматулин сөз сөйлеп, жеңімпаздарға сыйлық тапсырды. Облыс әкімінің сыйлығына түрлі номинациялар бойынша жалпы саны 256 мәдениет қызметкері ұсынылған екен. Соның ішінен ең таңдаулы деген 22 адам әр номинация бойынша жеңімпаз атанды.

– Мен «Жыл вокалісі» деген атқа ие болдым. Балқаштың алтынымен апталған «Алтын қобыз» белгісін, диплом мен ақшалай сыйлықты облыс әкімі өзі тапсырды. «Алтын қобыз» белгісінің астына «Облыс әкімі сыйлығының лауреаты» деп жазылып қойылған. Бұған дейін 2005 жылдың қорытындысы бойынша облыстық мәдениет департаментінің «Өнер тарланы», 2006 жылдың қорытындысы бойынша «Ең үздік әнші» деген номинациялар бойынша жеңімпаз атанған болатынмын. Енді биыл облыс әкімінің сыйлығына ие болдым. Бұл – мен үшін үлкен құрмет. Жалпы, соңғы уақытта біздің облыста мәдениет қызметкерлеріне үлкен қамқорлық, қолдау жасалып отыр, – деді Береке Көшенов.

Өткен жылы әнші Ұлытау, Жаңаарқа аудандарын, Жәйрем, Қаражалды аралап концерт қойды. Жезқазған, Сәтбаев қалаларында да бірнеше концерт қойып, көрермендердің алғысына бөленді.

Үстіміздегі жылы әнші Жезқазған, Сәтбаев қалаларында өзінің жеке концертін қоюды жоспарлап отыр. Сондай-ақ, облыстың Абай, Нұра, Қарқаралы аудандарына барып, өнер көрсетуді де ойластыруда.

– Өткен жыл мен үшін шығармашылық жағынан жемісті жыл болды. Биылғы жылдан да күтерім көп. Облыс әкімінің сыйлығы 150 мың теңгеге, құдай қаласа, жазғы салым өлең-



дерімді жинақтап, кітап етіп шығаруды ойлап отырмын. Жоспар көп, – дейді Береке Көшенов шығармашылық жоспарлары туралы әңгіме барысында.

Сыйлық құтты болсын, жоспарлар орындала берсін демекпіз біз оған.

*С. СМАҒҰЛ,  
«Сарыарқа» газеті,  
04.01.2008*

## БЕРЕКЕЛІ ӘНШІ

Қазақ эстрадасы 60-жылдардан кейін бой көрсете бастады. «Дос-Мұқасан», «Гүлдер», «Алтын дән», «Гәкку», «Қаракөз», «Жезкиік», т.б. ансамбльдер қазақ өнеріне жаңа леп, серпін әкелді. Ауыл, қала жастары соларға еліктеп, жер-жерде өздерінің ансамбльдерін құрып, өнер көрсете бастады. Кейін бұл ансамбльдер тарап, кейбіреулері ғана өмір сүруін жалғастырды.

Бүгінгі тілге тиек еткелі отырған азаматымыз – сонау 1968 жылдардың мұғдарында алғаш рет сахнаға шығып, бүгінде Жезқазғанның Т. Қалмағанбетов атындағы филармониясында еңбек етіп келе жатқан ҚР еңбек сіңірген артисі Береке Көшенұлы. Қарап отырсаңыз, өнер саласында жүргеніне 40 жыл уақыт өтіпті, яғни сахнаны сәнге, ел-жұртты әнге бөлеп, халықты ән рухымен тербеп келе жатқанына да 40 жыл уақыт толыпты. Оның 33 жылы – кәсіпқой сахнада.

Береке атақты ән тербеген Жаңаарқа ауданының Ералиев атындағы ауылында қарапайым шаруа адамының отбасында дүниеге келген. Жалпы, Береке көп балалы шаңырақта ержетіп, есейді. Анасы Талжан Сарықызы – дүниеге он ұрпақ әкелген ардақты ана. Бүгінде солардан өрбіген немере-шөберелерінің маңдайынан иіскеп, бала-шағасының тілеуін тілеп, баянды ғұмыр кешуде. Ал Береке болса, бір үйдің тұла бойы тұңғышы. Әрине, Берекенің өнер жолына түсуіне себепкер болған әкесінің інісі Есмағамбет болғаны анық. Қой соңында жүрген ойын ба-



ласы ол кісінің әңгімелері мен өнеріне қанығып, өнерге, оның ішінде ән мен жырға әуес болып еседі.

1966 жылы Атасудағы №1 орта мектепті бітіріп шықты. Отбасы жағдайына байланысты бірер жыл ауылда қара жұмысқа араласуына тура келді. Ата-анасына қол ұшын беріп, қой қоралап, отын-су әкеліп, мал жайғап дегендей, үй-ішінің күнделікті бітпейтін күйкі тірлігіне араласты. Береке оған да мойымайды. Сөйтіп, арада екі жыл өткен соң Қарқаралының мал дәрігерлерін дайындайтын техникумына оқуға түседі. Тауы шағылып, өнерден қол үзіп кетемін бе деп жүргенінде арманы орындалып, сол жылдары аты шыға бастаған «Салтанат» ән-би ансамблінің құрамына шақырту алып, дүдәмал көңіл сабасына түсті. Сол тұста сахнадағы өнері ұшталып, шыңдалып, ел алдында өз өнерін көрсетіп, көңілі марқая түсті. Бір кездескенімізде Береке ағамыз өткен күнді аса бір толғаныспен еске алып былай деп еді:

– Менің өнер жолына берік қадам жасауыма себепкер болған – «Салтанат» ансамблі. Өйткені сонда істеген екі жыл ішінде халықтың жылы қабылдауын көріп, өнерімді шыңдап, ішімнен «өнерді тастауға болмайды» деп түйдім. Сол ансамбльде қызмет істеп жүрген тұста қазіргі өзіміздің басшымыз, облыстық мәдениет департаментінің директоры Рымбала Омарбекова апай екеуіміз «Қарқаралы вальсін» айтатынбыз. Алдағы уақытта менің ең алғашқы қадамымды бастаған «Салтанат» ансамблінің құрамында өнерімді көрсетіп, шығармашылық кешімді өткізсем бе деген ойым бар.

Жас маман «күректей дипломды» қалтасына салып, арнайы жолдамамен Жаңаарқадағы малдәрігерлік бөліміне жұмысқа орналасады. «Құланның қасуына мылтықтың басуы» дегендей, сол тұста аудан басында жаңадан құрылған «Сарыарқа» ансамблінің мүшесі болып орналасады. Жұмыстан титықтап шықса да, кеш бата Мәдениет үйіне қарай асығатын. Гитараның құлағына жабысқанда-ақ бәрін ұмытып, өзгеше бір өлемге енгендей болып, құлпырып сала беретін. Осы ансамбльдің құрамында жүріп, ауыл-ауылды, бөлімшелерді аралап, өз өнерін ортаға салды. Жіптіктей сидам келген қараторы жігітті



көгермендер жылы қабылдап, кей кездері дүркірете қол соғып, қошемет көрсетіп, сахнадан жібермей қоятын. Оған пышақтың жүзіндей лыпып тұрған жас жігіт те налымай, ешбір қабақ түймей, өнерін әрмен қарай жалғастыратын.

Қуаныш пен қызыққа толы жастық шақ осылайша жылжып өтіп жатты. 1975 жылы Жезқазған облыстық партия комитеті мен облыстық мәдениет департаментінің арнайы шақыруын алып, амалсыз Жезқазғанға қоныс тебуіне тура келді. Бұнда келген соң Т. Қалмағанбетов атындағы филармонияның жанындағы «Жезкиік» эстрадалық жастар ансамбліне әнші болып қабылданды. Міне, осылайша Береке Көшенұлының нағыз кәсіпқой артист атанатын шағы туған. Ә дегеннен-ақ ансамбль мүшелерімен, филармония басшыларымен тіл табысып, қызу еңбекке араласып кетті. Үні құлаққа сондай жағымды, музыкалық есту қабілеті мығым, сахнаға тән кескін-келбеті жарасымды, орындаушылық шеберлігі мықты, жанып тұрған өрттей азаматтың алғашқы концертін облыс тұрғындары да зор қошеметпен қарсы алды. Алғашқы орындалған әннен кейін-ақ сахнаны гүлмен көмкеріп тастады. Бірақ саналы да салмақты, салиқалы да байсалды, ой-өресі жетік азамат бос мақтаулар мен желікпе сөзден бойын аулақ ұстап, аз дүниені місе тұтпай, әлі де болса мол ізденіс пен ерен еңбек ету керектігін түйсігіне ұялатты. Сол жолда барын салып, жаңа әндерді үйреніп, әрі сахнаға шығуы мол жауапкершілік жүктейтінін қаперінде мықтап сақтады. Шыңдалды, ұшталды, ізденді және алға қарай ұмсынды. Одан ол ұтылған жоқ, ұтты. Осы өнерінің арқасында аты танылып қана қоймай, өмірлік серігі, сыңары, айдындағы аққу құсы, бүгінде 3 баланың анасы атанып отырған сүйген жары Ұмсынай Жанатайқызын жолықтырды. Ұмсынай отбасының анасы ғана емес, өнерді бір кісідей түсінетін жан және оның қамқоршысы, төрешісі, тіпті, керек қылсаңыз, сыншысы болды. Әрине, алдымен Саран қаласындағы педагогикалық училищені тәмамдап, кейін Жезқазған университетінің тіл-әдебиет факультетін бітірген білімдар ұстазды ешкім де ол өнерді түсінбейді дей қоймас. Және талай әдеби кітаптарды сапырып, бүгіндері мектепте шәкірт тәрбиелеп жүрген ұлағатты



ұстаз жеңгеміздің өнерді бір кісідей топшылайтынына мен кепіл. Балалары да бүгінде есейіп, халқына қызмет етіп жатыр. Үш баласының үшеуі де Жезқазған университетінің түлектері. Ақнұры ән салады. Әрине, өнер жолы – қиын жол. Әкесі де баласының мамандық таңдар кезінде әнші болуын қаламағаны рас. Оның да өзіндік себебі бар. Осы өнер саласында жүргенде Берекенің де шекесі қызып, күреп тиын-тебен тапқан кезі жоқ. Айлығы шайлығына жарамай, алған атағы болмаса, өнер адамының көрген күні құрысын деген!

Үнемі ізденіс үстінде жүретін, тоқмейілдуді білмейтін, еңбекқор азамат Алматыдағы республикалық мәдениет қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институтына барып, филармония әншілерінің дайындық саласы бойынша білімін жетілдіріп қайтты. Аталмыш өнер ордасында еңбек етіп жүрген тұста ГФР, Исландия, Вильнюс, Мәскеу, Өзбекстан мен Түркіменстанда гастрольдік сапармен және түрлі халықаралық фестивальдерге қатысып, өз өнерін ортаға салып қайтты.

«Ақ түйенің қарны жарылып», 1996 жылы Алматы қаласында Жезқазған облысының мәдениет және өнер күндерінің аясында өткен концерттік бағдарламада үздік өнер көрсетіп, өнертанушылар тарапынан жоғары баға алып, республикалық Қазақ радиосы «Алтын қорға» бірнеше әндерін жазып алды. Оның бармаған жері, баспаған тауы жоқ десе де болғандай. Астана, Қарағанды, Алматы, Қызылорда, Арқалық, Балқаш, Жезқазған, Сәтбаев, Қаражал, Жәйрем, Ұлытау, Жезді, Қарсақбай, Қарқаралы, т.б. өңірлерде өнер көрсетіп, көрермен қауымға мол рухани ләззат сыйлады және бұл өңірдің көрермендері оның әрбір концертін асыға күтеді. Ол шыққан сахнаға жан бітіп, көрермендер де бір марқайып қалады. Бүгінде эстрада жанрында жүрген майталман жалғыз ағамыз осы Береке Көшенұлы десек оң болар. Асқаралы алпысқа қадам басса да, өрмінез, шалқар шабыт танытып, жарау аттай құлпырып, жазғанынан жаңылмай өрелі өнер көрсетіп жүр. Эстрада жанрының тарланы, асқақ әнші, шебер орындаушы Б. Көшенұлы талай жегістіктерге қол жеткізіп, сан асуларды бағындыра алды. 40 жылға таяу еңбек еткен өрелі өнері бағаланып, мақтау-мара-



паттаудан да құралақан қалған жоқ. «Социалистік жарыстың жеңімпазы» белгісі, ҚР Мәдениет министрлігі мен республикалық кәсіподақ комитетінің Құрмет грамотасы және дипломдарымен марапатталып, 1998 жылы Қазақстанның еңбек сіңірген артисі атағын иеленді.

Самайын қырау шалып, шашы бурыл тарта бастаған асыл ағамыз, өне, тағы да сахнаға қарай беттеп келе жатыр. Жүрісі нық, өз-өзіне бек сенімді, талантымен танымал азамат әнін бастап та жіберді. Бұл – баяғыдан радио құлағын бұрап қалғанда өзіміздің күнделікті еститін белгілі әніміз, Қ. Мырзалиевтің сөзіне жазылған «Өз елім» әні. Оның бұл әнді орындағанына да отыз бес жыл уақыт өтіпті. Яғни, осы ән онымен бірге жасап, онымен бірге өмір сүріп келеді. Ән барған сайын құлпырып, бойымызды балқытып, көңілімізге жағып барады. Әнді орындап тұрған алпысты алқымдаған кісі деуге жүрек құрғыр сенбейтіндей, құдды қырықтың қырқасындағы сақа жігіттей болып көрінді. Ән ырғағымен әнші де бірге ырғалып, жасарып, жасампазданып кеткендей. Үні майда қоңыр, әсем баритон даусы жанды тербейді. Ән аяқталды. Көрермен ду қол соғып, қошемет көрсетіп жатыр. Бірер егде жастағы аналарымыз сахна төрінде тұрған әнші ағамызға гүл шоқтарын ұсынып, арқасынан қағып, бетінен сүйіп жатыр. Міне, өнер құдіреті, өнер адамына деген қошемет!

*Сләмбек ЖҰМАҒАЛИ,  
ҚР Мәдениет қайраткері,  
«Орталық Қазақстан» газеті,  
мамыр, 2008*

## БҮЛ БІР ӨЗГЕШЕ ТОЙ БОЛДЫ

Қазақ халқының өмірін тойсыз елестету мүмкін емес. Болашағының мән-мағынасы ұрпақ өсіру, солар үшін өмір сүру деп күн кешетін дана да дара халқымыз ұл-қызының әр қадамын жақсылыққа балап, түрлі ырым-нанымы мен жол-жоралғысы сияқты әдет-ғұрыптарын ұрпақ тәрбиесіне арнайды.



Ежелден келе жатқан киелі дәстүрдің бірі – келін түсіру, қыз ұзату. «Кәдесіз күйеу болса да, қалыңсыз қыз болмайды» деп құда-жекжаттың арасындағы сый-сияпатты ерекше дайындайды. Жалғасы мен жарасымын тауып келе жатқан бұл дәстүр күні бүгінге дейін мән-мағынасын жоғалтқан емес.

Заманның ағымына сай той өткізу өзгеріп келеді. Кешегі күні жәшік-жәшік арақ алып, құда-құдағиларға «Іш, ішпесең – мені менсінбегенің» деп әйел де, еркек те арақты сыйлы асындай құрмет тұтса, бұл күнде дастарханға қойылған арақты көпшілік татып алмайды.

Мен баяндайын деп отырған жаңа той – арақсыз, салт-дәстүрге бай, ән-күйге толы, мән-мағыналы өткен жаңаша той. Бұл тойдың иесі – Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артисі, әнші, ақын, сазгер, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы Берек Көшенов. Берекенің ұлы Медеттің үйлену тойы.

Республикамызға танымал әнші Береке – өнерімен де, өнегесімен де ел құрметіне бөленіп жүрген азамат. Зайыбы Ұмсынай Жанатайқызы – білікті ұстаз. Мектепте бала тәрбиесіне ерекше мән беріп, әр сабағын ұлттық тәрбиеге сай құратын Ұмсынай баласының тойына да жаңалық әкелген екен. Осы жолы да көреген ана, сыйлы жеңге, білікті, білімді жан екенін танытты. Сөйлеп кетсе, шешеннің тіліндей кестелі сөз, оралымды ойларымен кісіні таңғалдыратын Ұмсынайдың үй тәрбиесіндегі іс-қимылы кімді де болса қызықтырып, сүйсіндіреді.

Тойдың өту жобасын Береке екеуі ақылдасып құрған екен. Той басталғаннан бастап Құрманғазының, Динаның оркестрде орындалған күйлері жаныңа қанат, көңіліңе қуат бергендей. Шебер Ұмсынайдың келінге арнап тіккен сәукелесі көздің жауын алады. Аққудың мамығымен жиектеліп, асыл тастармен безендірілген, төбесіне бір шоқ үкі таққан сәукеле жан-жағына қос орам ақ торғыннан желек салғанда, келіннің ақ жүзіне ерекше көрік берді. Тойға жиналған қалың көпшілік қазақтың ұлттық киімінің қасиетін танығандай, табынғандай таңданыстарын жасыра алмады. Ақ торғыннан желпейленген той көйлегі, оюлы ақ қамзолы, Медеттің киген оюлы ақ бешпенті шалбарымен үйлесіп, екі жас қос аққудай «Шашу» биінің қо-



шешетімен көпшілікке қарай қадам басты. Екі жағындағы жігіт жолдас пен қыз жолдастың үстіндегі оюлы көк костюмді де Ұмсынай қолдан тігіп кигізіпті. «Жар-жар» айтқан топтың алдына көркем жеңге ақ мата жайып, үстіне қалы кілем төседі.

Екі жасқа беташар айтылған соң, ата-ене Береке-Ұмсынай қол ұстасып қос құлынына ақ тілекпен қоса ақ отаудың, қазақтың киіз үйінің шағын бейнесін тапсырды. «Отау құрдың, отауың ордалы болсын, біздің жолымызды берсін!» деп келінге ақ отау үйдің ішіне от жаққызды. Әйел – үйдің берекесі, киесі деп келіннің қолына көзінде от ойнап, қанатын кең жайған бақыт құсын ұсынды.

– Ата-ананың ақ тілегі осындай-ақ болсын! Бақыттарың баянды болсын! – деп қаумалаған туған-туыс алғыстарын білдіріп жатты.

Тойдың басын ақ тілекпен бастаған Берекенің әке орнындағы ағасы 70-тен асқан Есмағамбет қарияның айтқан Мұхиттың «Айнамакөзі» өнердің киесі осы әулетте екен-ау деген көпшіліктің сөздерімен танылып жатты. Той соңында қазақтың салты бойынша жас келінге оюлы ағаш тегенеге қымыз сапыртып, құда-құдағиға, ата-енеге ауыз тигіздірді. Көпшілік тойлардағы торт кесу деген өнер бұл тойда қайталанған жоқ. Ұмсынай өзі ортаға шығып, дәстүр бойынша келіннің сәукелесін қайынсіңлісі, Берекенің тете інісінің қызы Аянға жұғысты болсын деп кигізіп, «Өз қолыммен келініме ақ жібек орамал саламын» деп, тағы бір салтты көрсетті. Айтары жоқ, басынан аяғына дейін оркестрдің ойнаған күйі, сапырылған сары қымыз таусылмады. Филармония әншілерінің айтқан әсем әндері толас таппады.

«Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» дегендей, өнерлі отбасы балаларының бір-біріне деген ілтипаты жұртты сүйсіндіре түсті. Ортаға шыққан екі қызы Әсем мен Ақнұр бауыры Медетке арнаған өлең жолдарын әнге қосып айтып берді. Екі жасқа отауыңа көрімдік деп қомақты сыйлық та тапсырды. Өнегелі отбасының той өткізуіндегі әр сәті жұртты сүйсіндірумен қатар таңдандырмай қоймады.



Жайшылықта арақ-шарапсыз той қалай болар екен дейтін ойды жоққа шығарған той болды бұл. Рет-ретімен, ерекше бір үйлесіммен өрнектелген тойдың өтуі тойшыл қауымның қиялын көкке өрлетіп, қуанышын көл-көсір етті. Әсіресе, Ғалым Мұхамединнің шырқаған дәстүрлі әндері отырған топқа қуат сыйлады.

Асабаның алдына табақ жайып, көпшіліктен ақша талап ететін жай бұл тойда болған жоқ. Есесіне Берекенің өзі беташар айтқан жігітке көрімдігін беріп, келіннің алдына жайылған кілемді жұғысты болсын деп сыйлап жатты.

Той жүргізуші, арнайы шақырылған айтыскер ақын, журналист Ерсін Мұсабековтің сөз мәдениеті, өзін-өзі ұстауы, елге деген сый-құрметі жаңаша тойға жаңаша көрік берді. Осындай той баршаңызға жұғысты болсын дер едім.

*Айжан ЖҮНИСОВА,  
еңбек ардагері,  
«Сарыарқа» газеті,  
01.08.2008*

## ӨМІРІН ӨЛЕҢМЕН ӨРНЕКТЕГЕН

Біздің Бекең (Береке Көшенов) асқаралы 60 жасқа толыпты! «Біздің» деп меншіктеніп отыруымыздың себебі де жоқ емес. Өйткені Береке Көшеновпен жақын танысып, отбасымызбен аралас-құралас болғанымызға да 30 жылдай уақыт өтіпті. Ат төбеліндей төрт-бес отбасы өмірдің несібемізге жазған қызық-қуаныштарын бірге бөлісіп, әр жаңа жылдарымызды жаңылмай бірлесіп қарсы алатынбыз. Аталмыш мерекенің отбасы мерекесі болып есептелетінін еске алсақ, Бекеңді иемденуіміздің жөні бар екенін оқырман қауымның жақсы түсінері хақ. Жым-жылас болған осынау бір қызығы мол жылдарда сырласа да, сыйласа да білдік. Біздерді таныстырған да, табыстырған да бақай есеп емес, пәк сезім, ақ көңіл, адал жүрек, достық, жол-



дастық деген ұлы мұраттар болатын. Біз қайран жиырма бестің жалында алысып жүргенімізде Бекең бұл дәуренді бастан өткеріп тастаса да, қимастық сезіммен әзіл-қалжыңдарға белсене араласып, Ұмсынай жеңгеміздің «ескертуінен» кейін ғана ат басын тежеуші еді. Салмақты, салиқалы қалпына түсіп, сүйікті әндеріне кезек беріп, думан көрігін қыздырып, шабыттана шырқайтын-ды. Бекең салған эстрадалық әндер өзіндік орындаушылық ерекшеліктерімен құлақ құрышын қандырып, дауыстың қуаттылығы киіз үйдің түндігін желпіндіріп тұратын.

Бекең – тар үйдің өзін сахна төрінде сезінетін арқалы әнші. Арқадағы эстрадалық әндердің негізін қалаушылардың бірі әрі бірегейі. Тыңдарман қауым баяғыда әділ бағасын берген, халқының құрметтісі. Біздің Бекең ән жанрында өз биігіне баяғыда-ақ жеткен. Жеткенде қандай, қыранша қалықтап жеткен! Бүгінде Бекеңнің сол биікте қалықтап та, шарықтап та жүрген жайы бар.

...Бекең бүгінде – танымал ақын. Жақсы есімде, біздің үйдің кітапханасын ақтарыстырғанда Бекеңнің көзі Қадырдың, Төлегеннің, Мұқағалидың кітаптарына бірден түсетін. Осылайша былайғы жұртқа поэзияға құмар екенін аңғартатын. Сөйтсек, Бекеңнің өлеңге де таласы бар, толғанып, толғатып жүрген кезі екен. Әні мен өлеңі егіз болып шықты. Поэзия есігін имене ашқан Бекең:

*Ақынмын деп мен әлі айта алмаймын,  
Жолда жүрмін, жан-жаққа жалтаңдаймын.  
Ақындардың ауылына бір түнемей,  
Бәрібір жолдан кері қайта алмаймын, –*

деп өлең ауылына өзіне деген нық сеніммен, пәк сезіммен жүрек жырын айта келді.

*Сағынышты саумалдай шайқан үрген,  
Мың жылаған, сонан соң қайта күлген.*



*Ел айырылған кезде де жұрт арманын  
Тек ақындар айғайлап айта білген, –*

деген жыр жолдары оның ақындық құдірет алдындағы, ар алдындағы жауапкершілікті терең түсінгендігін айқын аңғартты. Мына бір жыр жолдарына назар аударсақ:

*Біреулер сыйлар, біреулер ишара қып,  
Ақын тартпас жүректен күй шала қып.  
Ақындықты әулие тұтпау деген –  
Түсінгенге белгісі бейшаралық.*

Ақын өз заманының жыршысы, суреткері екендігін тағы да жеріне жеткізе айтып, ақындықты әулие тұтып, терең философиялық тұжырым жасайды. Осылайша ақындыққа барар жолдағы өзінің мақсаттарын айқындап алған Бекең өзінің табиғат дарытқан сезімтал, мөлдір жүрегімен қоғамда болып жатқан құбылыстарды басқалардан бұрын сезініп, айшықты ойлармен жеткізе білді. Ақын жақсылыққа қуанады, жамандыққа күйінеді. Өлеңмен өрнектейді.

*Бекем жасап шекараны, шешімді,  
Құбыладан күнге түзеп бетімді.  
Қайран халық тік көтерген көк байрақ  
Тұғырына мәңгі-бақи бекінді, –*

дей келе, еліміздің тәуелсіздігіне шаттанып түйін түйсе, жабайы капитализмнің жайлап бара жатқан жағымсыз жайттарына үрке қараған ақын жүрек:

*Жете алмай қуып бағаға,  
Жармасып қолы жағаға,  
Ақшаға көзі тұнғанда,  
Аадамдық құның садаға, –*

деп ашынады, күйінеді. Өйткені біз білетін Бекең үшін адамгершілік ұғымы бөрінен де асқақ болушы еді. Бүгінде қоғамда қат-



ты белең алған қасірет – ұйымдасқан қылмыс, капиталистік жүйені кеше де, бүгін де тығырыққа тіреген пайдакүнемдік, ашкөздік, тойымсыздық ақын жанын күйзелтеді.

*Жеке бастың пайдасын жиі ұққандар,  
Тамырында қарайып, ұйып қандар.  
Бір-біріне паналап, жабысқандар,  
Өңі кетіп, өңшең бір ұйыққандар.*

Бекең – жақсылықтың жаршысы, адамгершіліктің күзетшісі, күрескері. Ертелі-кеш жақсылықтың салтанат құратынына сенімді. Жамандыққа жаны қас. Бәз біреулер секілді екі сөйлемейді. Бекеңдер іші түтін, сырты бүтін қара ниеттілер қатарынан емес, ниеті тұзу, адал ниеттілер қатарынан. Адамзатқа жақсылық тілеушілер сапынан:

*Барлығымның басында асылы іріп,  
Тарих сырын ашпайды ғасыр ұғып.  
Бүгінгі күн тауыңды шақса-дағы,  
Келер күннің басында басым үміт!*

Ақын өлеңдерін парақтай отырып, тақырып ауқымының кең екендігіне, қандай тақырыпты жырласа да Бекеңнің өзіндік ой-өрнектерінің бар екендігіне әбден көзіміз жетті. Ақын күрделі ұйқас іздеп әуре-сарсаңға түспейді, пәк жүректің ырқымен ғана, ылдифа салып, төске озады! Ақын шындықты шырқырата айтады, себебін ұқтырады. Өлең жолдарына құлақ түрелік:

*Көңіл бүгін құла тұздей күйдемін,  
Қатаң айтсам, сені құлай сүйгенім.  
Намысыңды жанығаным қайрап ап,  
Түсінгейсің дұрыс ойдың түйнегін.*

...Кешегі аға ұрпақтар ту еткен дос, жолдас деген ұғымдар бүгінде қолданыстан қалып бара жатқандай көрінеді. Ал



біздің Бекең достыққа адал, ақ берен қалпынан танбай келеді.

*Көңілім бар аппақ бір шағаладай,  
Жүйрік мінген көк мұзда тағаламай.  
Досқа деген көңілім алабөтен,  
Дұшпанды да жүремін табаламай.*

Иә, бұл – айна-қатесіз, тек қана біздің Бекең айтатын өлең жолдары.

Ақынның анаға, жарға, балаға, туған жерге, Отанға, ұшқан ұясына деген ыстық махаббаты өз өлеңдерінде сомдалып, қашалыпты. Әрқайсысы жеке-дара публицистика, өмір философиясы. Ақын ой үстінде келеді:

*Биіктер бар тұғырда аршындаған,  
Басын иген, тереңге арсынбаған.  
Мең-зең ойда күй кешіп келемін мен,  
Ой ішінде ойлар бар аршылмаған.*

Иә, Беке, сол аршылмаған ойларды аршитын, аршынды-қарқынды күндеріңнің алда екендігіне біз шүбә келтірмейміз. Өйткені өзіңіз:

*Алпыс деген асқар тау ма, белес пе?  
Жетпіс, сексен алдағы ауыл емес пе?  
Бүгін шыққан мына биік ұқсайды  
Үлкендіктің алдындағы елеске, –*

деп, алдағы күндерге ақындық кіршіксіз таза жүрекпен қарапсыз. Олай болса:

*Өлең деген – өнерім, әнім – серік,  
Қос қанат қып тірлікте келем еріп.  
Сайтанына мінгеспей сайқы өмірдің,  
Кетсем болды еліме бәрін беріп, –*



деген ақындық уәдеңізге берік болып, сол күндерді жырлайтын іңкәр жүрек керек екендігін жадыңыздан шығармаңыз. Бергеніңізден бермегеніңіз көп.

*Абат ҮРЖАН,  
тарих ғылымдарының кандидаты,  
«Сарыарқа» газеті,  
06.03.2009*

## ТАҒДЫРЫМА РИЗАМЫН

Үмсынай Жанатаева – Жезқазған педагогика институтының түлегі, білім беру саласының білікті мамандарының бірі. Қырық жылға жуық ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған жан. Оның тәлімін көрген шәкірттерді бүгінде кең-байтақ Қазақстанның түпкір-түпкірінен кездестіруге болады. Оқытып, тәрбие берген ұлағатты ұстазының есімін олар әрдайым ілтипатпен есіне алып жүреді. Көпшілігі сүйікті мұғалімімен күні бүгінге дейін хабарласып тұрады. Үмсекең – Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артисі Береке Көшеновтің зайыбы, сенімді серігі, адал досы. Екеуінің шаңырақ көтеріп, бірге түтін түтеткеніне – отыз сегіз жыл. Екеуі қырық жылға жуық өмірдің ащысы мен тәттісін бірге татып, қатар келеді.

Үмсынай Жанатаева – табандылық пен қайсарлықты, мейірімділікті, кеңдікті бойына жиған, мақтаныш етуге тұрарлық қазақ әйелінің бірі. Ұлағатты ұстаздың оңашада қолына қалам алып, өмір, адам, қоғам туралы тебіреніске түсетін сәттері де бар. Біз бүгін оқырмандарға Үмсекеңнің өз өмірі, отбасындағы татулық, сыйластық туралы қағазға түсірген сыр толғаныстарынан үзінді ұсынып отырмыз.

– Мен әке тәрбиесін ғана көріп өскен адаммын. Анам мен 5 жасқа толғанда дүниеден озды. Әкеміз мені, сіңлім мен інімді жалғыз өзі тәрбиелеп, өсіріп жеткізді. 1966 жылы Саран қаласындағы Абай атындағы педагогикалық училищеге оқуға түсіп,



ол оқу орнын 1970 жылы бітіріп шықтым. Ер адамның тәрбиесінде болғандықтан ба, кішкене кезімнен табандылықты, қайсарлықты, төзімділікті бойыма сіңірдім. Әкем марқұмнан алған осы қасиеттер кейін менің өмірімде үлкен көмек болды. 1970 жылы педагогикалық училищені бітірген соң, жолдамамен Жаңаарқа ауданындағы сол кездегі Карл Маркс атындағы совхоздағы орта мектепке мұғалім қылып жіберді. Шалғайдағы ауылға жолдамамен келген жас мұғалім қызбын. Дәл сол тұста бұл ауылға оқу бітіріп жұмысқа келіп жатқан менен басқа да жас мамандар бар екен. Өнерлі жігітпен тез тіл табысып кеттім. Бір жыл өткен соң екеуміз отау тіктік.

Береке – алты ағайынды жігіт. Әкесі осы ауылдың шопаны екен. Кішкене кезінен ән салып, ауыл сахнасында өнер көрсетіп, ел көзіне түскен Береке ата-анасының «мал дәрігері боласың» деген ақылын бұлжытпай орындап, Қарқаралы қаласындағы малдәрігерлік техникумға оқуға түсіп, соны бітіріп келген екен. Ол жақта жүріп те «Салтанат» ансамблінің әншісі болыпты.

Мамандығы мал дәрігері болғанымен, өмір-өзенінің ағысымен Берекенің бойындағы туа біткен дарын көп ұзамай өз арнасын тапты. Ол сол ауылда жүргенде Жаңаарқа ауданының «Сарыарқа» ансамбліне әншілік қызметке шақырылды. «Сарыарқа» ансамблінің әншісі бола жүріп түрлі облыстық, республикалық байқауларға қатысатын. Сол кездері оны Алматының, Қарағандының филармонияларына қызметке шақыра бастады. Бірақ ауру әке, үпір-шүпір алты бауырын тастап кете алмай айналшықтаған Береке ақыры дәмі бұйырған Жезқазған облыстық филармониясына әнші болып келді. Облыстың сол кездегі үшінші хатшысы Жылқыбай Аралбаев пен облыстық филармонияның директоры марқұм Серік Елеусізовтің арнайы шақыруымен Жезқазғанға келген ол 1975 жылы эстрада студиясын бітіріп келген бір топ сайдың тасындай кәсіби әнші қыз-жігіттермен бірге «Жезкиік» ансамбліне эстрада әншісі болып қабылданды.

Жезқазғанға көшерде мен қатты ойландым. Өнер адамдары, оның ішінде артистер туралы халықтың арасында жақсы пікір



айтыла қоймайтын. Содан ойым онға, санам санға бөлінсін. Өйткені Берекенің өзі де маған осы шақыртуды алған соң артистік өмірдің барлық шындығын жайып салып, «Болашақта екеуіміздің арамызда жүгірер өсек сөздер болуы мүмкін» деп әбден түсіндірген еді. Ендігісі менің бел байлап, «иә» деуім ғана қалған. Береке айтқан еді «Тоғыз ай филармония артистері гастрольдік сапарда жүреді» деп. Сол сөз есіме түскенде, мына жап-жас ғұмырымда бас иемді жылына екі-ақ рет көріп, балаларымды «әкесіз» өсіріп, екі үйлі жанның бар тауқыметін арқалап, тоғыз ай жолына қарап сарылып, сарғая күтіп жүрудің де оңай болмасын ой елегінен мың мәрте өткізген шығармын. Ақыры, ойлана-толғана келіп, «Асылды тану оңай емес, бағалай алмасаң, қас жүйріктің бағы жанбайды, ал аялай білсең, дүлдүл тарлан болып шығуы әбден мүмкін ғой. Берекенің жолын байламайын, ел қазынасы өнердің өрістеуіне жағдай жасайын» деп ой түйдім. Сөйтіп, отағасым Берекемен бірге мен де өнер атты тылсым дүниенің табалдырығын қорықпай қол ұстасып бірге аттадым. Бұл 1975 жыл болатын.

Біз Жезқазғанға келдік. Берекенің жұмыс орны екінші ауданнан бізге екі бөлмелі пәтер берді. Дәл осы үйден филармонияға жатақхана ретінде тағы да екі бөлмелі пәтер берілді. Осы жатақханаға сыймаған екі артист жігіт Ғалым Мұхамедин мен Кемал Байғараевты бізге қосып берді. Бұлардан басқа жаңағы екі бөлмелі пәтерде менің сіңлім баласымен, қайным отбасымен, қайынсіңлілерім – барлығы он екі-он үш адам тұрып жаттық. Енді осыған ауылдан келіп-кетіп жатқандарды қосыңыз. Сол уақытта осыншама адаммен біте қайнасып қалай тұрғанымызға қазір өзім де онша түсіне бермеймін.

Күндіз жан-жақта жүріп, кешке үйге жиналғанда, дастарханды екі рет жаюға тура келетін. Ал жатар кезде биік столды ортаға қойып (залды ортасынан бөліп екі бөлме жасаған түріміз ғой), үстін жерге дейін түсіріп матамен жауып, төр жағына Береке бастаған жігіттер, бер жағына қыздар жатамыз. Қонақ келгенде бала-шағамызбен ас үйге шығып қалатын едік.

Студия бітіріп келген қыз-жігіттер көбіне біздің үйде болатын. Күзде гастрольге кетерде, жаңа жылға он шақты күн де-



малысқа келгенде, қайта кетерде, жазғы демалысқа шығарда, бұлжымас жазылмаған заң сияқты біздің үйде тойлаушы едік. Оның үстіне, Жезқазғанға концерт қойып келіп-кетіп жататын артистердің көбін зыр жүгіріп күтеміз. Сол кезде осы артистерді күтуге ешкім ақша бөлмейтін. Бәлкім, бөлетін де шығар, бірақ оны Береке сұрамайтын. Алматыдан келген атақты өнер шеберлерімен табақтас болып, дидарласқанымызға мәз болатын едік. Берекенің арқасында Нұрғиса Тілендиев, Гүлжан Талпақова, Роза Бағланова, Ермек Серкебаев, Әшір Молдағайынов, Ескендір Хасанғалиев, Нұрғали Нүсіпжанов, кейінірек Қайрат Байбосынов, Роза Рымбаева, Мақпал Жүнісова тәрізді майталман өнер иелерімен дидарласу бақытына ие болдым.

Кабинетінің кілті біздің үйдің құлпын ашатын Бақберген күннің кез келген уақытында, біз бар болайық, жоқ болайық, марқұм Жақсыкелді Сейілов екеуі келіп, ішетіндерін ішіп, жейтіндерін жеп, еркінсіп, еркелеп кететіндерінің өзі бір қайталанбас ғұмыр екен ғой.

Қолымда ауру енем бар, бірінен соң бірі іркес-тіркес өсіп келе жатқан Берекенің алты бауырының алдағы өмірлерінде басар баспалдақтары, оқуым, жұмысым, тоғыз ай үй көрмейтін гастрольде жүретін қосағымның барын не жоғын білмей жегімсіреген жас ғұмырымның ортасында өзімді де ұмытып, шеңберді шыр айналған өмір ноқтасын киіп жүріп жаттым. Таныстарымыз кейде «Осы сенің күйеуің бар ма?» деп сұрайтын үнемі жалғыз жүретін менен. Марқұм енем де «Сен осы жас емессің бе?! Балаларды маған таста да, күйеуіңмен бірге жүр. Сенің де бойыңда өнерің бар» деп отырушы еді.

Береке өмірін алаңсыз өнерге арнады. Мен оның шығармашылық ізденіспен қызмет етуіне қолымнан келгенімше үйде отырып қолдау жасап бақтым. Екеуміз бірге жүріп інілерін үйлендіріп, қарындастарын ұзаттық. Немере ағасының жеті баласының да азамат болып қатарға қосылуына үлесімізді қостық. Енді өз баламызға қарайық дей бергенде, Тәңірім көп көрді ме, он сегізге толар тұста Әсетімізден айырылып қалдық. Әсет қайтқанда Береке гастрольде жүрген болатын. Ол ұлымызды жер



қойнына беріп қойғаннан соң ғана үйге жетті. Сол кездегі менің басымдағы күйзелісті, қайғыны ешкімнің басына бермесін.

Артистік өмірді көбіне сахнадан көріп, тамашалаған жұрт оның өмірі үнемі әнмен, көңілді өтеді деп ойлап қалуы мүмкін. Артистің де жеке тағдыры болады. Оның да өзінің күйзелісі, күйініші бір басына жетіп жатады. Әр еңбектің өзіндік қиындығы жетерлік. Дегенмен де, өнер жолының өзіне тән көзге көрінбей, жаныңды жеп, шашыңды ағартып, жүйкеңнен түк қоймайтын қиындығы мүлде өзгеше екен. Оны басынан кешкендер болмаса, былайғы жұрт «Сенді киініп, сахнада ән салғанда жұмыс болып па?» деп жатады. Өнер адамына тән барлық қиындықтардың баспалдақтарын басып келе жатқан Берекеге дүниеден мезгілсіз өткен ұлымыз Өсетке топырақ та сала алмай қалғаны, одан соң төрт баласының анасы менің екінші топтағы мүгедек болып қалғанымның жанында өнер жолындағы қиындықтар түкке тұрғысыз болып қалды.

Мен өзім әке тәрбиесін ғана көріп өскен жан болғандықтан, алғаш үй болған кезімізде әйел заты атқаратын үйдегі тіршілікті жүргізу жағынан көп қиналдым. Сондай қиналған сәттерімде қосағым маған қолдау жасап, ұрмай-соқпай, ұрыспай көп нәрсені үйретті, тәрбиеледі. Екеуіміз өмірімізде ұрсысып көрген емеспіз. Өнер адамы ғой, кейде кілт ете қалып, ашуланып келе жатса, мен үндемеймін. Ол – өте мейірімді, жаратылысынан адамдарға көмектескісі келіп келіп тұратын жан. Жат қылықтары жоқ. Тапқан-таянғанын алақаныма салып, ақша тұрмақ, үйді көшіріп біреуге жіберер болсам да «Бұның не?» демейтін, көңілі кең, қытымыр мінезі жоқ, отбасына өте жайлы азамат. Үйде де, түзде де бірқалыпты күйінен ауытқымайтын, әпергеніңді киіп, бергеніңді ішіп жүре беретін, күй таңдамайтын жан.

Кезінде жастықпен жан дүниемізбен сезінбеген шығармыз, ал қазір Берекенің өнер жолындағы бар ғұмырын ой елегінен өткізсем, оның таңдағаны кәсіп емес, Алла тағаланың туа маңдайына жазған тағдырына бұйыртқан нәсібі дер едім. Себебі, өнер менің түсінігімде мамандыққа жатпайды. Бұл –



өнер иесінің өмірлік ұстанымы әрі бар болмысын, сана-сезімін түгелдей билеп, жаулап алатын адами қасиет. Мұнда үлкен өріппен жазылатын Адам деген ұғым тұрады. Өйткені өнер, ән құдіреті – әркімге де тек екі аяқты, жер басып жүретін пенде ғана емес, ет пен сүйектен жаратылған жүрек, түйсік, сана, махаббат, сезім, қуаныш, жақсылық, мұң деген көрінбейтін, жаныңмен ғана сезіне алатын сәулелі құбылыстардан тұратын жұдырықтай жүрегіңнің кеудеңде лүпіл қаққанын сездіретін жан екенін ұқтыратын құдіретті күш.

Мен Берекенің тұла бойынан осының бәрін көңіл көзіммен көремін де, кеше өнер есігінен арнаулы білімсіз сығалап кіріп, табалдырығында тұрып қалмай, бүгінде төрінде жүргеніне ризалықпен үнемі тағдырыма алғыс айтып, тәуба қылып отырамын.

Басына талант атты бармақтай бақ қонған Береке шығармашылығына да, өнеріне де, өміріне де өкпесі жоқ бақытты тұлға болып қалыптасты. Бірақ осы қалыптасу Жезқазғанның көрікті орталық көшесіндегі тақтайдай тегіс жолмен өту емес, қысқа жібі күрмеуге келмей, талай жан күйзелісінен тұрған, қас-қабағының кез келген сәтін, өзгерісін көңілімнен таса етпейтін, қуанышына қуанып, ренішіне сүйеу болған маған ғана аян.

Алға жүрсең, артыңда із қалады деп Берекенің жетістіктерге, жеңістерге, табыстарға жетуіне шамам келгенше қолғабысымды тигізуге ұмтылдым. Оны отбасылық күйкі тірліктен аулақ ұстап, алаңсыз еңбек етуіне жағдай жасадым. Өнер айдынының ерке аққуының дем берушісі, тірегі, қолдаушысы, досы, жары болуға тырысып бақтым. Өмірдің у-шуына үйренген Береке күй таңдамайды. Үш бөлмелі үйіміздің кез келген өзіне ыңғайлы-ау дейтін бұрышында отырып жазған әрбір әні мен өлеңінің бірінші тыңдаушысы да, сыншысы да мен болдым. Оның өмірді ән-жырмен өрнектеуіне мұғалімдік біліміммен, парасатыммен үлес қосуға тырыстым.

Ел аузында суырыпсалма ақындығымен қалған Ертісбай атамыздың бауырында өскен Берекеге атасының берген ақ батасы



қабыл болғанға ұқсайды. Ол – бүгінде елге танылған үлкен өнер иесі, айтулы азамат, үлкен шаңырақтың ұйтқысы, тірегі. Мен тағдырымды осындай жанмен тоғыстырғаным бақыттымын.


*Ұмсынай ЖАНАТАЕВА,  
«Сарыарқа» газеті,  
06.03.2009*

## ЖЕЗҚАЗҒАННЫҢ ЖЕЗТАҢДАЙ ӘНШІЛЕРІНЕ РИЗАМЫЗ

Елбасы Н. Назарбаевтың биылғы Жолдауының ауыл тұрғындары үшін ерекшелігі мол болды. Президент Жолдауы аудан әкімшілігінен қолдау тауып, мәдениет қызметкерлері жұмыспен қамтамасыз етіліп, клубтарға күрделі жөндеу жүргізілуде. Осыған орай мәдени іс-шаралар да биылғы жылы жақсы қарқынмен өтуде. Ұлы Жеңістің 64 жылдығы қарсаңында ауылымызға жезқазғандық «Жезкиік» эстрадалық тобы келіп, Сарыарқаның сазды да мәнді әндерін айтып, концерт беріп кетті. Эстрада әншісі, ақын, сазгер, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артисі Береке Көшенов пен жетісулық жерлесіміз, эстрада әншісі, республикалық байқаулар жеңімпазы Зәуреш Омарова халық әндерін, Қазақстан композиторларының және жезқазғандық композитор Жақсыкелді Сейіловтің әндерін нақышына келтіре орындап, ауыл тұрғындарын бір серпілтіп тастады.

Жер жаннаты Жетісуға келіп, әсіресе, шалғайда жатқан ауыл тұрғындарын өнерлерімен риза еткен жезқазғандық әншілерге алғысымызды білдіргіміз келеді.

*А. ТАЖИЕВА,  
Алматы облысы Сарқан ауданы  
Пограничник орта мектебінің мұғалімі,  
24.07.2009*



---

## «ЖЕЗКИІКТІҢ» ЖЕЗТАҢДАЙЫ

### Б. Көшеновтің шығармашылығына – 40 жыл

Сарыарқа төсіндегі Жезқазған өңірінде «Қаракөз», «Жезкиік» ансамбльдерінің әнші-музыканттары өз кезінде көрермен көзайымына айналып, талай жерде өнерімен танымал болғаны аян. Өзіміз осы ансамбльдердің өнерін бала кезімізден Қазақ радиосының әуе толқынынан тыңдап, ән кәусарынан сусындайтын едік. Әсіресе, сазгер-әнші Жақсыкелді Сейіловтің Сарыарқаның самал желіндей ескен әсем әндері тыңдаушысын жан рахатына бөлейтін. Әйгілі «Дос-Мұқасан» ансамблінен кейін сазды да назды лирикалық әндерімен ерекшеленген өнер ұжымы қазақ даласында, алыс-жақын шетелдерде өзіміздің төл өнерімізді ерекше насихаттай білгені көпке аян.

1974 жылы Жезқазған қаласында филармония ашылғанда дарынды басшы әрі режиссер Серік Елеусізов «Жезкиік» ансамблін құрып, жан-жақтан жастарды шақырып, өнер додасына қосты. Солардың ішінде Республикалық эстрада-цирк студиясын бітірген бір топ жас бар еді. Бұл ансамбльдің құрамында Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Балжан Жүсіпбеков, Бағдат Сәмединова, Бақберген Дәркембаев, Раушан Сабырбаева, Мара және Болат Есмұқановтар, Ахат және Роза Байбосыновтар, Ғалым Мұхамедин де бар-тын. Ал солардың қатарына облыс көлемінде өтетін көркемөнерпаздар байқауында өнерімен танылған, Қарқаралыдағы ветеринарлық техникумды бітірген Береке Көшенов те келіп қосылды. Берекенің өнерін таныған режиссер Серік Елеусізов оның дарын екенін мойындап, бірден филармонияға қабылдады. Ұлытау өңірінде өнер жолын бастаған өндірдей қыз-жігіт жалынды жастықтың үлгісін көрсетіп, бір жылдың сегіз-тоғыз айында ән сапарымен жер-жерді аралап, өнер шоғын қыздыратын. Жаңаарқа өңірінің әншілеріне өнегелі өнерімен, өмірсүйгіштік қасиетімен үлгі-өнеге, аяулы ұстаз бола білген Жақсыкелді Сейіловтің есімі өмір озған сайын шоқтығы биіктеп, тау тұлғаға айналды. Көп жастарға ағалық қамқорлығын аямаған



осы бір жан жайлы, оның шығармашылық еңбегі хақында Береке сөз бастайды:

– Негізінде «Жезкиік» ансамблі жерлес сазгер әрі тамаша әнші Жақсыкелді Сейіловтің «Жезкиік» әнінің атымен аталды. Бәріміздің ұйытқымыз болған Жақсыкелді ағамыз өте дарынды жан еді. Музыканың әр нотасын жіті қадағалай білетін. Бала кезінен суқараңғы әнші ағамыз болып жатқан тіршілікті жүрек көзімен көре білетін. Аса сезімтал жан еді. Біздің жерде Жақсыкелдінің әндерін эстрада жанрында көп орындаған мен шығармын. Ол кісінің отыз-отыз бестей әні болса, соның жиырма шақтысын мен насихаттадым. Бірақ бәрін бірдей ұнтаспаға түсіру қаржыны қажет етеді, сол себепті біздің орындаған әндеріміз – тыңдаушымыздың жүрегінен орын алған шығармалар. Өз басым Жақсыкелдінің, Әсет, Нұрғиса және Ескендір әндерін сүйіп орындаймын...

Иә, сол кездегі өнер жанашыры, белгілі режиссер Серік Елеусізовтің «Гүлдер» ансамблінде еңбек етіп жүрген кезінде де концерттік бағдарламаға аса көңіл бөлетіні, әсіресе шетелге арналған бағдарламаларда ұлттық салт-дәстүріміз бен тарихымызды көрсететін ерекше бағдарлама әзірлегені жайлы өнер иелерінен көп естиміз. Осы дәстүрді «Жезкиік» және «Ұлытау» ансамбльдерінің бағдарламасына қосқаны жайлы жерлестері жақсы біледі. Ол жайлы тағы да Береке Көшенұлы ойын әрі қарай жалғастырды:

– Иә, Серік Елеусізұлы ұлттық дәстүрмен қоса халық әндері мен термелерін, әсерлі күйлер мен классик ақындардың жырларын шебер орындауға аса көңіл бөлетін. Мен сол кезде «Қайыптың термесін» орындаушы едім. Бұл термені Қазақ радиосынан тұңғыш рет журналист Қымбат Әбділданың хабарына қатысқанымда эстраданың сүйемелдеуімен орындап бергенмін. Терме-толғауларды осылайша орындау сол кезде басталды ма деп ойлаймын.

Терме-толғауларды жастар көбірек тыңдау керек. Өйткені бұның айтатын өсиеті, ақыл-нақылы, тәрбиелік мәні бар. Бұл – философиялық ой-толғамы басым, ерекше жанр дегім келеді. Кешегі абыздарымыздың өсиетін термелеп орындау –



бұл бір үлкен мектеп, сара жол деп ойлаймын. Бұл – тыңдаушы үшін ғибрат аларлықтай бағалы жанр дегім келеді...

Әнші, ақын әрі сазгер Береке Көшенов мектепте жүрген кезінде бірер ауыз өлең шығаратын. Негізгі мамандығы әншілік болған соң, сол салада өмір бойы еңбектеніп келді. Кейін жинақталып қалған жырларын Ғазиз Ештанаев пен Ибрагим Бекмаханов деген жерлес ақындарға оқытып, олар жақсы бағалап, газетке жариялағаны бар. Сөйтіп, қырықтың қырқасына шыққан соң ақындыққа ден қойды. Өрине, Өсеттей ұлының жол апатынан мезгілсіз көз жұмғаны әке көңілін шайқап кетті. Зармен қоса өкінішке толы өксік жаны нәзік жанның жүрегінен жыр боп ақ қағаз бетіне төгілді. Баланың қайғысынан кейін күңіреніп отырып ән жазды, жыр жазды. Біртіндеп жазу-сызуға икемделе бастады. «Жігітке жеті өнер де аз» дегендей, сол өлеңдер жиналып келіп, «Көңілімнен ұшады кептер-өлең» атты жыр жинағына айналды. Одан соң 4 баспа табақтан тұратын «Жырлайды жүрек» жинағы жарық көрді. Атасы Ертісбайдың қаламына жармасып, ақындық жолға түсіп, жинақ та шығарып үлгерді.

Береке Көшенов – Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданына қарасты Карл Маркс кеңшары, қазіргі Шәбден Ералиев атындағы ауылдың түлегі. Атасы Ертісбай айтыс ақыны, әнші болған деседі. Сол елде өмір сүрген атақты Сапалай салмен бірге жүріп, ел арасына өнерімен танылған екен.

Берекенің әкесі Көшмағамбет пен анасы Талжан қарапайым ауыл адамдары еді. Ол әкесі ерте көз жұмғаннан соң бар тауқыметті жалғыз өзі көтеріп, соңынан ерген үш ұл мен үш қызды жеткізді. Бәріне әкесіндей қамқор бола білді.

Әнші Береке Көшенов алыс-жақын шетелде өнер көрсетті. «Ұлытау» ансамблімен Батыс Германия, Исландия елдерінде болды. Литвада өткен Бүкілодақтық ән байқауына қатысты. Мәскеуде «Бейбітшілік үйінде» концерт қойды. Одан бөлек Орта Азияда, Ресей жерлерінде талай рет гастрольдік сапармен өнер көрсетті. Ол «Жезкиік» тобына жетекшілік ете отырып, соңғы жылдары Арқалық, Қостанай облыстарында, сондай-ақ Павлодар, Екібастұз қалаларында, Қалқаман елді мекенінде ән



сапарында болды. 2013 жылы Таразда, Ақмола облысының орталығы Көкшетау қаласында, ал 2014 жылы Семей, Қызылжар қалаларында өнер көрсетті. Сонымен қоса, Қарағанды және Сәтбаев қалаларында «Япыр-ау, кеше ғана емес пе еді?!» атты жеке шығармашылық кешін өткізді. Ансамбльдің құрамында «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері Зәуреш Омарова, «Жыл әншісі» номинациясы бойынша облыс әкімі сыйлығының лауреаты әрі «Алтын қобыз» иегері Ләйла Бекбалақова, эстрада әншісі, облыстық ән байқауының лауреаты Асхат Сағындықов, әр ұлттың билерін шебер орындайтын биші қыз Әйгерім Тоғызбай да бар. Концерт бағдарламасында жергілікті сазгерлер Жақсыкелді Сейілов пен Береке Көшеновтің әндері орындалады.

Облыстық мәдениет департаментінің басшысы Ержан Әбдірахмановтың қолдауымен биылғы жылы «Жезкиік» ансамбліне 40 жыл толуына орай мерейтой аталып өткелі отыр. Аталмыш филармонияда Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Береке Көшеновтің жетекшілігімен «Жезкиік», Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Ғалым Мұхамединнің жетекшілігімен «Ән – көңілдің ажары», Қайрат Әбуовтің жетекшілігімен «Арқа әуені» топтары және Байғара Садуақасовтың жетекшілігімен «Жәдігер» фольклорлық ансамблі жемісті еңбек етуде. Филармонияны он бес жылдан астам уақыт «Мәдениет қайраткері» белгісінің иегері Рахмет Кәкімбекұлы Сексенбаев басқарады.

Әнші-сазгер Береке Көшеновтің жуырда «Япыр-ау, кеше ғана емес пе еді?!» атты он жеті әннен тұратын альбомы жарық көрді. Ол ән-альбомда Жақсыкелді Сейіловтің «Жезкиік», «Ұлытау», «Кездесу», «Көріспей-ақ қоялық», «Ана туралы ән», өз әндері «Махаббатқа мың өртеніп...», «Жылдың басы – Наурыз», «Туған жер», «Толағай», «Тұнығым», «Алқасындай Арқаның» сынды Береке Көшеновтің өз орындауындағы әндер бар. Ендігі жерде ол Жақсыкелді Сейіловтің он бес әнін жеке диск етіп шығаруды жоспарлап отыр.

Берекенің жұбайы Үмсынай – ұстаз. Үлкені қызы Әсел – бухгалтер-экономист. Ақнұр – мұғалім. Ұлы Медеттің маман-



дығы – инженер. Өзірше ата жолын қуған перзент шыға қойған жоқ, ендігі үміт соңынан ерген немерелерде.

*Анықтама: Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, әнші-сазгер Береке Көшенов – 1975 жылдан бері Тайжан Қалмағанбетов атындағы Жезқазған филармониясының әртіс-вокалісі. Ол Бүкілодақтық халық шығармашылығы фестивалінің (1977), Қарағанды облысы әкімінің «Жыл вокалісі» номинациясы бойынша сыйлығының лауреаты; ВЦСПС-тің «Көркемөнердегі жетістігі үшін» медалімен марапатталған (1988). «Алтын қобыз» иегері (2007). Жезқазған қаласының Құрметті азаматы (2004). Жыл қорытындысы бойынша облыстық мәдениет департаментінің «Өнер тарланы» (2005), «Ең үздік әнші» (2006) номинацияларының жеңімпазы. ҚР Еңбек сіңірген артисі (1998). «Ерен еңбегі үшін» (2009) медалімен марапатталған.*

**Алтын ИМАНБАЕВА,**  
Қазақстанның  
еңбек сіңірген қайраткері,  
inform.kz.  
09.01.2015

### «КЕЗДЕСЕМІЗ, ЖҮЗДЕСЕМІЗ БІЗ ДӘЙІМ...»

Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде Талжан Қалмағанбетов атындағы Жезқазған филармониясының әншісі, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Береке Көшеновтің әнші, композитор Жақсыкелді Сейіловті еске алуға арналған өн кеші өтті.

Кеш «Кездесеміз, жүздесеміз біз дәйім...» деп аталды. Бұл өлең жолдарын білмейтін жұрт жоқ шығар. Қасиетті Ұлытаудың тумасы, ерекше дарын иесі Жақсыкелді Сейілов иесі қазақ еліне жүректен шыққан туындыларымен танылып, Сарыарқаны әнге бөледі.



Береке Көшеновтің орындауында композитордың «Сүйінші» әнімен басталған кеш Жақсыкелдінің сәби кезі жайлы театрландырылған көрініспен жалғасты.

Тума талант иесі өмірде үш нәрсені қадір тұтты. Ол – өзінің анасы мен әкесі және Жезқазғаны еді. «Ана туралы баллада» әнімен барша аналарға ескерткіш орнатты. Ал «Әке туралы ой» әні әкесінен ерте айырылған ұлдың тебіренісі еді. Нұрасила Бөрменбаеваның сөзіне жазылған «Жезқазған маршы» әні бүгінде жез қаланың гимніне айналған.

Филармонияның күміскөмей әншілері Зәуреш Омарова, Ләйла Бекбалақова, Асхат Сағындықов өнерлерін ортаға салып, кештің әрін кигізді. Сазгердің замандасы, досы, көркем-сөз оқу шебері Бақберген Дәркембаев сахна төріне көтеріліп, Жақсыкелді жайлы естеліктер айтты. Бүгінде Жезқазған музыкалық колледжі мен өнер мектебінде Жақсыкелді Сейіловтің әндері бойынша сабақ өткізілетінін айта келе, осындай талантты жанға өзі сүйіп, жырлап өткен Жезқазғанынан бір көшенің бұйырмай келе жатқанына қынжылысын білдірді. Өмірден озғанына 17 жыл толып отырған дарынды композитор есімімен көше, мектеп аталуы керек деген мәселені көтеріп жүргенін айта келіп: «Дегенмен, осыған келгенде басшылардың шамалары жетпей жүр ме, әлде мұны құнттамай жүр ме, әйтеуір айтылған сөз айтылған жерде қалып қояды», – деп ағынан жарылды. Бірақ оның жан дауысын еститін басшылықтан ешкім көрінген жоқ. «Қолдары тимей қалды ма екен?» деген ой да жатты жүрек түбінде.

Жақсыкелді Сейіловпен үзеңгілес жолдас болған, Қарағандыдан арнайы келген журналист Әли Тойжігіт кезінде композитор туралы хабар дайындап, кейіннен сол хабарды дайындағаны үшін алғысқа ие болғанын әңгімелейді. Тағы да басқа естеліктер айтып, ағынан жарылғаны кештің шырайын кіргізді. Сонымен қатар, Жақсыкелдінің көзін көріп, дәмдес болған, осы кешке арнайы ат арытып келіп отырған Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Әшімхан Жампейістің Жақсыкелді Сейілов жайлы кітап шығарғанын жеткізді. Еске алу



кезегін қаланың ақсақалы Шәбден Сүлейменов жалғап, жүрек-жарды лебізін білдірді.

Концерт Жақсыкелді Сейіловтің таспаға басылған әнімен аяқталды. Жақсыкелдісін сағынып қалған жұртшылық әнді соңына дейін тапжылмай тыңдап, өнер иесінің рухына тағзым етіп, әсерлі кешпен қимай қоштасты.

*Анар ҚҰРМАНБАЕВА,  
«Сарыарқа» газеті,  
03.04.2015*

## ЖАҚСЫКЕЛДІ ӘНДЕРІМЕН ҚАУЫШТЫРДЫ

Қазақтың ән өнерінде өшпес із қалдырған дарынды тұлғалардың бірі, сыршыл композитор әрі әнші Жақсыкелді Сейілов осыдан тура 18 жыл бұрын өмірден өткен еді. Осыған орай Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Береке Көшеновтің ұйымдастыруымен «Кездесеміз, жүздесеміз біз дәйім...» атты әні кеші өтті. Кеш шымылдығы Т. Қалмағанбетов атындағы Жезқазған филармониясы ұжымының қолдау көрсетуімен Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде ашылды.

Жақсыкелдінің пешенесіне тағдыр зіл батпан ауыр салмағын жастайынан салды. Ол бір жасқа толмаған сәби шағында аяулы анасынан айырылды. Ағайынның қамқор тілегі, ыстық жүрегімен сүйемелденіп есейіп, ержеткен ол өмірді шексіз сүйетін еді. Қазақтың кең даласына сыршыл әнімен танылып, өнер жолында өміршең мұраларын қалдырды.

Жақсыкелді Сейілов есімі жетпісінші жылдары «Қаракөз» ансамблімен бірге көктегі жарық жұлдыздай жарқырай көрінген болатын. Жәкең «Қаракөзді» 1969 жылы ұйымдастырып, ансамбль құрамына талантты жастарды топтастыра білді. Болат Есмұқанов, Әбдуәқит Елібаев, Роза Байбосынова және көптеген басқа да жас өнерпаздар үлкен өнерге осы ансамбльден қанат қаққаны белгілі. Талантымен таңдай қақтырған



Ж. Сейілов 1971 жылы Бүкілодақтық саяси өндер конкурсының лауреаты, 1979 жылы республикалық «Жігер» фестивалінің лауреаты, 1985 жылы Ұлы Жеңістің 40 жылдығына арналған Бүкілодақтық көркемөнерпаздар байқауының лауреаты атанды. Орындаушылығымен қатар, талай тамылжыған тамаша өндер жазды. «Ана туралы баллада» өнін жолдастарын әскер қатарына шығарып салып тұрып шығарыпты. Ол өнді жалпы аналарға, оның ішінде өз анасы Ақбалаға деген өшпес ескерткіш деп бағалауға болады. Оның ізін ала халық арасына кең тараған «Әке туралы ой» өні 1973 жылы дүниеге келген.

Жақсыкелді өндерін тек қазақ даласы ғана емес, көршілес елдердің өнерсүйер қауымдары да ауыздарынан тастаған емес. Оған 1991 жылы ҚР еңбек сіңірген мәдениет қызметкері атағы берілген болатын.

Жәкең өмірінің соңына дейін облыстық филармония жанынан құрылған «Жезкиік» ансамблінің құрамында Қырғызстан, Түркіменстан, Қарақалпақ, Моңғолия, Германия, Исландия сияқты көптеген елдерді аралап, ерекше өнерімен тыңдарманын тәнті ете білді. Сол сапарлардың көбінде 1975 жылдан бастап Жақсыкелдімен бірге жүрген әнші Береке Көшеновтің өнер тарланын еске түсіріп, осындай ән кешін ұйымдастыруы тәлімді де сауапты іс болды.

Кеш шымылдығын Жақсыкелді Сейіловтің «Сүйінші» өнімен түрген Б. Көшенов «Ана туралы баллада», «Көріспей-ақ қоялық», «Кездесу мен қоштасу», «Дала жолы», «Сол тілегім», «Жезкиік» сияқты көптен бері жиі естілмей жүрген өндерімен көпшілікті қайта қауыштырды. Сондай-ақ, филармония әншілері Зәуреш Омарова, Асхат Сағындықов, Ләйла Бекбалақова «Неге солай?», «Айналайын қанатым» және басқа да өндерін орындап, көрермендер ілтипатына бөленді.

Ән кешінің соңында талантты өнер тарланы туралы жарасымды тілек, жарқын ойларымен бөліскен жандар да аз болмады. Кезінде Жәкеңмен өнер айдынында қатар жүзген көркемсөз оқу шебері Бақберген Дәркембаев: «Жақсыкелдінің өні қандай таза, мөлдір болса, жаны да сондай болушы еді. Оның өндерін Нұрғиса Тілендиев, Шәмші Қалдаяқов, Әсет Бейсеуов сынды



композиторлар қатты бағалап, сүйсінетін», – дей келіп, қалада бірде-бір орынға осындай талантты тұлғаның есімі берілмей отырғанына қынжылыс білдірді.

Иә, айтса айтқандай, орынды тілек. Жезқазғанда өнер тарланының есімін құрметтеп, мәңгі есте қалдырарлықтай лайықты шаралар жасалмай келе жатқаны рас. Осыдан төрт-бес жыл бұрын Жақсыкелді әндерін орындаушылардың аймақтық байқауы өткізіліп, оны болашақта облыстық, республикалық деңгейге жеткізу көзделген еді. Аяқсыз қалды. Қаламызда Өнер мектебі, музыкалық колледж сияқты рухани қарашаңырақтар бар. Әзірше олар ешкімнің есімін еншілеген жоқ. Билік басындағылардың «құлағына алтын сырға». Осындай өнер ордаларының біріне артында өміршең әндерін қалдырған Жақсыкелді Сейілов есімін беруді жеріне жеткізе отырып қолға алмауымыз, шындығында, ұят-ақ.

*Амандық РАХҰЛЫ,  
«Орталық Қазақстан» газеті,  
14.04.2015*

## **ЖЕЗҚАЗҒАНЫН МЫСЫР ШАҒАРЫНА АЙЫРБАСТАМАЙТЫН ӘНШІ**

**Береке Көшенов туралы бір үзік сыр**

*Жезді бойы жез далам,  
Жер түбінен жезді алам.  
Алтын қалам, кең далам,  
Сенен ұшқан Айға адам,  
Жезқазғаннан айналам, –*

деп ҚР еңбек сіңірген артисі Береке Көшеновтің мысты шаһарды әнге қосып шырқап жүргеніне, міне, қырық екі жылдың жүзі болыпты. Нұрасила Бәрменбаеваның сөзіне жазылған, Жақсыкелді Сейіловтің әуенімен әрленген «Жезқазған маршы» 2012 жылы туған жерім Бұқар жырау ауданына қарасты



Ботақарада естігенде-ақ баурап алған-ды. Ал сахна төрінде самайын ақ қырау басса-дағы қимылы шапшаң, даусы зор әншіге лық толы зал аяқтарынан тік тұрып қошемет көрсеткенде, ішімнен «Нағыз талант иесі!» деп тамсанғаным рас. Сол кезде өнеріне тәнті болған Береке Көшеновпен жүздесіп, сұхбаттасу – мен үшін үлкен бақыт.

Қазақстанның қай түпкірінде жүрмесін, Жезқазғанын жырлаудан талмайтын Береке ағаның мұнысы ерлікпен тең. Бүгінгінің жастары билейтін өлең сұрап тұрса да, ол мағынасы терең әндерді орындаудан қашпайды. Оның орындауындағы әрбір ән жасын да, жасамысын да еріксіз тербетіп, музыка әлеміне сүңгітеді.

Береке Көшенов – ел ішінен шыққан тұнба дарын иесі. Ол – академияда білікті ұстаздардан емес, өмір сахнасынан дәріс алып, тыңдағанды көңілге тоқу, зеректікпен есте сақтау арқылы ән құдіретін бойына дарытқан саңлақтарымыздың бірі. Оның өз тағдырын әнге айналдырғанында бойындағы ата қанының титтей де болсын үлесі бар-ау деп топшылайды көзкөргендер.

Қойшының шаңырағында дүниеге келген Береке Көшеновтің атасы Ертісбай суырыпсалма ақындығымен, серілігімен ел аузында қалған. Сол елде өмір сүрген атақты Сапалай салмен бірге жүріп, ел арасында ерекше өнерімен танылған деседі. Алайда жас Берекенің әкесі Көшен мен анасы Талжан баласының ата жолын қуып, оның қамшысын ұстауына қарсылық танытты. Иә, тума талант ешқашан өшпейді. Бұған Берекедей әншінің жолы дәлел болса керек.

Мектеп бітірген жылы әкесіне қолғабыс етіп, совхоздың қойын бақты. Сол жылы 100 саулықтан 98 қозы алып, әкесінің мерейін асырып тастайды. Үйіндегі үлкендер ақылдаса келе, Береке мал дәрігері болсын деген тоқтамға келеді. Айтылған сөзді атылған оқтай көретін жас жігіт 1968 жылы туған жері – бұрынғы Карл Маркс кеңшарынан жыраққа кетті. Студент атанған жылдары ол алғаш рет көпшілік алдына шығып, өзінің әншілік өнерін таныта бастайды. Сөйтіп, Қарқаралы Мәдениет үйі жанынан жаңадан құрылған «Салтанат» ән-би ансам-



блі құрамында ән шырқап, жұртшылық ілтипатына бөленеді. Оның үлкен өнер жолындағы алғашқы қадамы да осы кезден басталған еді. «Салтанаттың» құрамында облысты аралап, өнер көрсете жүріп сахна өнеріне әбден төселіп алды. Үш жылдан соң Қарқаралы зооветтехникумын бітіріп, қолына мал дәрігері дипломын алады. Сол жылы-ақ еңбекке араласып кетеді.

Бірде сабантойда совхоздың қыз-жігіттері қатарында өнер көрсеткені сол-ақ еді, ауданнан келген комсомол хатшысы, аудандық комитеттің идеология хатшысы бастаған топ Береке Көшеновтің өнеріне тәнті болады. Сөйтіп, Береке Көшенов үлкен өмірге, әншілік өмірге жолдама алып, Жаңаарқаның басына арман қуып келеді. Өз алдына еншісін алып, үйлі-баранды болады. 1974 жылдың жазында Жезқазғанда өткен облыстық конкурстан кейін обкомның идеология жөніндегі хатшысы Жылқыбай Аралбаев: «Мал дәрігері табылса да, әншілер табылмайды», – деп, оның мысты өлкеге келуін мықтап тапсырады. Отбасында құдай қосқан Ұмсынай анамыз да: «Сенің өнеріңе қиянат жасамаймын. Жезқазғанға көшсек, көшелік», – деп, бір күннің ішінде бала-шағаны алып, дүркіреп тұрған облыс орталығына көшіп келеді. «Шүкір, еш өкінбеймін. Жезқазған – менің ән өнерімнің туған жері», – дейді қазір алпыстың асқарына шыққан әнші.

Шынымен, Жезқазған Береке Көшеновтің кәсіби әншілікке бет бұруына себепші болды. 1975 жылы облыстық филармония жанынан құрылған «Жезкиік» ансамбліне қабылданып, үлкен өнер жолында талай тарланмен иық теңестірді. Қазақстанның түпкір-түпкірін, алыс-жақын шетелді аралап, тыңдаушысын сүйсіндірді. Әр әнін тындарманы жанына жалау, көңіліне медеу алатындай әсермен орындап, рухын шаттандыра білді. Әлі де өзінің сүйікті ісін жалғастырып келеді. Береке Көшенов барда «Жезкиік» пен тума талант, сыршыл сазгер Жақсыкелді Сейіловтің бейнесі өшпек емес. Жақсыкелдінің барлық шығармаларын түн ұйқысын бөлсең де жатқа білетін халықтың біртуар азаматы Береке Көшенов «Жезкиікке» жетекшілік етіп, Жақсыкелді Сейіловті еске алуға арналған «Кездесеміз, жүздесеміз біз дәйім...» кешін өткізіп келеді.



Гастрольдердің бірінде Әсет Бейсеуов пен Нұрғали Нүсіпжанов оның өнеріне, ән айту мәнеріне оң қабақ танытып, оңтүстік астанаға ауысуға ұсыныс жасайды. Алайда жүрегі «Жезқазғаным» деп соғатын Береке Көшенов Сарыарқаның кең даласын мегаполиске ауыстыруға пейілі соққан емес.

Береке Көшенов – бақытты әншілеріміздің бірі. Оның өнеріне бас иетін тыңдарманы бар, үнемі құшақ жая қарсы алатын қазақ халқы мен сахнасы бар. Ұшы-қиыры жоқ даласын әуелеп шарлаған әні бар. Міне, оның бар қазынасы осы.

Бүгінде Көшеновтер шаңырағының түтінін түтетіп отырған Береке әкеміз бен Ұмсынай анамыз екеуі ұлын ұяға, қызын қияға қондырды. Ұлы Медет пен келіні Мартадан өрбіген Сырым, Іңкәр, Сезім есімді ұрпақтың тәрбиесін тасада қалдырған емес.

Өмір бойы әсем әнді жанына серік еткен әнші Береке Көшеновтің ұзақ жылғы еңбегі жеміссіз емес. Бүкілодақтық фестивальдің лауреаты, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артисі, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы. Сондай-ақ, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған, облыс әкімінің «Алтын қобыз» сыйлығының иегері. Қазақ радиосының «Алтын қорына» оның әндері жазылды. Ал халық оны – Толағайдың етегінде, Кеңгірдің жағалауында, туған жердің сұлу табиғаты аясында әсемдікке, өнерге ғашық бола білген жанды қазақ өнерінің жанашыры деп таниды. Көмейіне бұлбұл ұя салған дарын Береке Көшенов: «Ендігі жастар дәстүрлі өнерге жақындау болып, дәстүрлі әндерді көп орындаса, шіркін! Дәстүрлі ән – адамды жалықтырмайтын табиғи дүние ғой», – деп армандайды. Қазақ халқы барда оның дәстүрлі әні өшпек емес, ал өзіңіздей туған қаласын Мысыр шаһарына айырбастаймайтын тұрғыны барда Жезқазған ешқашан көштен қалмақ емес, Береке аға!

*Диана ОРАЗАЛИНА,  
«Сарыарқа» газеті,  
02.09.2016*



## ЖЕТИ АСУДАН АСҚАН ӘН

Зулаған уақыт лебіне ілесіп, замана көшінен қалыспай, талай жылдар бойы тыңдарман жүрегіне жол табу – әншінің асыл мұраты. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артисі Береке Көшенов тұлпар өнердің жалына жармасып, 45 жыл ғұмырын сахна төрінде ән шырқаумен өткізіпті. «Япыр-ау, кеше ғана емес пе еді?!» – дейді ол әншілік жолы туралы тебірене сыр шерткенде.

Иә, тағдырын әнмен табыстырған сол бір кез қалай басталған еді? Береке әнші болып бір күнде таныла қалған жоқ. Кейбір әріптестері сияқты ол мектеп қабырғасында да суырылып ән айтып, көзге түскен жан емес. Онжылдықты ойдағыдай бітіргеннен кейін еңбек жолын туған ауылы Жаңаарқа ауданындағы К. Маркс атындағы кеңшарда шопан болып бастаған күндер де жастық шақтың жарқылдаған бір бетіндей болып есінде қалыпты. Барлық ауыл баласы сияқты ол да туған даласына құштар көңіл, іңкәр сезіммен қарайтын. Сондай сәтте бозбала қиялы көкті шарлап, дала тынысынан шабыт алып, көңілге көркем сыр түйетін. Өлең жазғысы келіп өрекіген кезі де болған. Сарыарқаның сағым ойнаған төскейінде жүріп Береке сондайда бір шырқау әнге басып, емін-еркін төгілте келіп тыныстайтын. Сайын дала тына қалғандай күй кешіп, бозторғай әуенімен тербелген Ақбастау мен Толағай баурайы енді Береке әнінің әсем әуезіне бөлене бастайды. Дала сахнасынан басталған ән осылайша жас жігітті өнердің тылсым тереңіне қарай баурап, шым-шымдап тарта берді.

Ең алғаш ұяң жігітті еркіне қоймай сахнаға шығарған ауыл-аймаққа танымал өнерпаз Көлмағанбет Нұрмағанбетов еді. Ол ауыл өнерпаздарының басын қосып, ауданда өткен бір байқауға алып барғанда Береке көпшілік алдында тұңғыш рет ән айтты. Жұртшылық жас әншіні жақсы қабылдады. Оның бойындағы бұғып жатқан өнерді алғаш көрген мектепті бірге бітірген жолдастары да таң-тамаша болды. Әуезді әнге деген құштарлық осылайша оянды.



Арман қуған албырт кезең емес пе, 1968 жылы Қарқаралы зоотехникалық-малдәрігерлік техникумына оқуға түскеннен соң көпшілік алдында өзінің әншілік қабілетін сынаудан бас тарта алмады. Сөйтіп, Қарқаралы Мәдениет үйі жанынан құрылған «Салтанат» ән-би ансамблі құрамында ән шырқап, жұртшылық ілтипатына бөлене бастады. Бұл ансамбль еліміздегі «Дос-Мұқасан», «Гүлдер», «Қаракөзбен» ілесе құрылған, өзіндік жолы бар өнер ұжымы болатын.

Береке «Салтанаттың» құрамында Қарағанды облысын аралап, өнер көрсете жүріп ысыла түсті. Техникумнан кейін мамандығы бойынша мал дәрігері болып Жаңаарқа аудандық ветстанциясында төрт жарым жылдай еңбек еткен кезінде де Береке ән ауылынан алыстап кете қойған жоқ. Қайта ән салуға деген құштарлығы арта түсіп, өзін үлкен өнер жолында шыңдай бастады. Мамандығы бойынша мал маманы болып қызмет атқара жүріп, қоғамдық негізде Жаңаарқа аудандық Мәдениет үйі жанынан құрылған «Сарыарқа» ән-би ансамблінің белді әншілерінің біріне айналды. «Әннің бағын ашатын да, байлайтын да – орындаушысы» деп тегін айтылмаса керек. Берекенің репертуарындағы эстрадалық әндер тыңдаған жанның жүрегіне ерекше бір жылылықпен жол тауып жататын.

Бір жолы, анығын айтқанда, 1975 жылы облыс орталығы Жезқазғанда бүкіл ауданнан өнерпаздар бас қосқан үлкен байқау өткізілді. Осы өнер сайысында ерекше көзге түскен Берекені сол жылдары жаңадан ұйымдасып жатқан облыстық филармонияға қолқа салып шақыруы да өзіндік үні бар әншінің зор қабілетін бағалағандық болар, сірә. Әртіс болу «үш ұйықтаса ойында жоқ» ауыл өнерпазы бұл ұсыныстан ат-тонын ала қашты. Филармония директоры, айтулы өнер қайраткері Серік Елеусізов: «Бұл – Жықаңның тапсырмасы», – деп нығарлап қояды. Жықасы – обкомның идеология жөніндегі хатшысы Жылқыбай Аралбаев. Көркемөнерпаздар байқауын бастан-аяқ көрген жаңа облыстың обком хатшысы «Сол жігітті маған кіргізіңдер, өзім сөйлесем» десе керек.

Береке амалсыздан, жайшылықта айбынынан ел ығатын Аралбаевтың алдына келді. Екі баласының барлығын, отбасы



жағдайын айтып: «Үнемі сапарларда жүретін өртістікке жұбайым да келісе қоймас...» – деп қашқақтатып, сан сылтауды алға тартқан бұған Жықаң: «Сен өзі осы облыста тұрып, қызмет істейтін болсаң, филармонияға әнші болып келесің. Келінге сәлем айт, жағдайларыңды жасаймыз», – деп тікесінен бір-ақ кесті.

Облыстан екіұдай сезіммен, ойсоқты болып оралған Бекене сонда күтпеген жерден өмірлік қосағы Ұмсынай қолдау танытып: «Үлкен адамдар осындай зор сенім білдіріп отырса, неге қиналасың, келісу керек», – деп жігерлендіре түскені бар-тын. Сөйтіп, Береке Көшенов 1975 жылы облыстық филармония жанынан құрылған «Жезкиік» ансамбліне әнші болып келді. Содан үлкен өнер жолына біржола бет бұрып, талай жерде ән-шашуын шашып, дүйім елді әнімен тамсандыра білді.

Қырық жылдан аса гастрольдік сапарларда жүріп, ел аралап, сахналық бабында болу кез келген жанның қолынан келе бермесі анық. Сол жылдардың қай-қайсысы болмасын Берекенің әнші ретіндегі өсу-өркендеу жолдарының жарқын беттеріне толы. Атап айтар болсақ, ол 1977 жылы Қарағанды қаласында өткен Бүкілодақтық халық шығармашылығы фестивалінің лауреаты атанды. Тағы да сол жылы Вильнюс қаласында болған ән-би мерекесіне қатысып, бүкіл ұжым лауреат мәртебесімен оралған еді. Береке шырқаған орыс халқының «Калинка» әніне Германия қалалары мен Мәскеудің «Достық үйінде» де қалың көпшілік зор ілтипатпен қол соқты. Қазақ эстрадасының әуезді әуендері 1979 жылы Берекенің орындауында Исландия жұртшылығының назарын аударған кез де өнерпаз жігіттің мерейін көтерді. Бірақ асып-тасу дегенді білмейтін ол қашанда ұстамды, қарапайым қалпынан айныған емес.

Әнші Береке үшін Ескендір Хасанғалиевтің «Жанарым» әнінің орны ерекше. Алғашқыда үлкен сахналарға ол осы әнмен шықты. Осы ән арқылы эстрадалық жанрға қарай бейімделді. Одан әрі әншінің репертуары небір тамаша шығармалармен толыға түсті. Олардың ішінде өнердің қарашаңырағы Тайжан Қалмағанбетов атындағы филармонияда бірге қызмет істеп, талай гастрольдерде сапарлас болған Жақсыкелді Сейілов пен Болат Есмұқановтың әндері де аз емес-тін.



Берекенің өнерде де, өмірде де қадір тұтатын ағаларының бірі марқұм, тума талант Жақсыкелді Сейілов еді. Жақаңның «Жезкиігімен» талай өңірді шарлап, халықтың ықыласына бөленді. Филармония жанынан құрылған «Жезкиік» ансамблі құрамында да осы өнерпаздармен талай сапарда бірге жүрді. Бұл күндері Жақсыкелді Сейілов араларында жоқ болғанымен, оның өміршең әндері бар. «Жезкиік» ансамблі бар. Осы шағын өнер тобының қасиетті шырақшысындай 45 жылға жуық талмай, халқының алдында асқақтата ән шырқап жүрген Береке әнші жезқазғандық жезтаңдайлардың ізгі дәстүрін абыроймен жалғастырып, өзі де жетпіс атты асуға жетіп отыр.

– Өз басым әнмен табыстырған тағдырыма ризамын, – дейді Бекең толғана сөйлеп. – Мені әнші еткен қандай күш? Соңғы кезде осы сауалға жиі жауап іздейтінді шығардым. Осындай сәттерде көз алдыма сары даланың төсімен жүйткіген дала еркесі киіктер келеді. Солар ғой менің арманымды, қиялымды жетелеген. Сол сұлулық қой маған ән-қанатты байлаған. Иә, солар. Сары даланың киігі, жезді өңірдің киігі, Кәкімбектің киігі, Жақсыкелдінің жезкиігі, – деп ол ой тұңғығын серпігендей, музыка әуеніне ілесіп «Жезкиік» әнін орындауға шыға берді.

Береке эстрада әншісі ретінде республикамызға танымал. Ұзақ жылғы еңбегі жеміссіз болған жоқ. Бүкілодақтық фестивальдің лауреаты, ҚР еңбек сіңірген артисі, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы. Сондай-ақ, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған, облыс әкімінің «Жыл вокалісі» номинациясының лауреаты әрі «Алтын қобыз» сыйлығының иегері. Қазақ радиосының «Алтын қорына» он шақты әні жазылған.

Бекең – сан қырлы талант иесі. Әншілікпен қатар ақындық өнерді де жан серігі еткен оның «Жырлайды жүрек» атты жыр жинағы 2009 жылы «ҚазАқпарат» баспасынан шыққан болатын. «Көңілімнен ұшады кептер-өлең» деген кітабы да бар. Ән жазып, сазгер ретінде де танылып жүр. Б. Көшеновтің «Туған жер», «Жылдың басы – Наурыз», «Ақ тілек», «Махаббатқа мың өртеніп...», «Толағай», «Тұнығым» деген әндері – жергілікті концерттік бағдарламалардан берік орын алып, көпшілік көңілінен шыққан дүниелер. Биыл «Ән-ғұмыр» атты



мақалалар мен әндерінің жинағын баспаға тапсырды. Онда кейінгі жазған өлеңдері де топтастырылған.

Бекең қашанда Жақсыкелдінің сыршыл әндерін насихаттаудан танған емес. Бірнеше рет «Кездесеміз, жүздесеміз біз дәйім...» атты Жақаңның әндерін әуелеткен жеке концерт берді. Осы қастерлі дәстүрді әлі де жалғастыру үстінде.

Өнер жолы оңай емес. Алайда әнші Берекені қажытпай, қайта қанаттандыра түсетін бір үлкен күш бар. Ол – халықтың шынайы ықыласы мен кіршіксіз пейілі. Әнші үшін әрбір концерт – жұртпен кездесу, тыңдарман қауыммен риясыз қауышу. Бекеңді көпшіліктің алдына шығуға асықтыратын – осы күш. Осы күш оған сарқылмас қуат береді. Береке жалындаған жиырма жасында сахнаға жүгіре шығып, музыка ырғағымен секіре қимылдап, шапшаң қозғалушы еді. Бүгінде жетпістің желкенін керіп, қара шашын ақ қырау көмкергенімен сол шалт қимылды жеңіл ырғағынан жаңылған жоқ. Әншінің ұдайы бабында жүруіне отбасын ұйытып отырған асыл жары Ұмсынайдың да үлесі мол болғаны сөзсіз.

«Тойың тойға ұлассын, салған әнің қыр асын» демекші, Береке ағамыздың жеті асудан асқан асқақ әні әлі де тыңдарманын талай тербеп, жан рахатына бөлей берері анық. Ол күні бүгінге дейін «Жезкиік» эстрадалық тобының әншісі әрі жетекшісі болып жемісті еңбек етіп жүр. Жезқаланың 65 жылдық мерейтойына арналған жаңа концерттік бағдарламасымен биыл облыстың бүкіл өңірлерін аралап, өнер көрсетпекші.

...Иә, бәрі кеше ғана сияқты еді. Араға түскен айлар мен жылдар енді тарихқа айналып барады. Соның жарқын беттерінде Береке әншінің өзіне тән іздері, өнермен табысқан тағдырының айшықты таңбалары сайрап жатыр.

*Амандық РАХҰЛЫ,  
Қазақстан Республикасы  
Ақпарат саласының үздігі,  
«Сарыарқа» газеті,  
14.02.2019*



## ӨНЕР АЙДЫНЫНДА

Сездім мен бір өзіңнен ізгілікті,  
Жігіт ең өнер қонған, қыз қылықты.  
Қол создың аңсап туған арманыңа,  
Сол арман желқайықта жүздіріпті.

Іздендің өрге жүзіп бір тынбастан,  
Сағынтып сұлу Ай мен сиқырлы аспан.  
Ашылып айдыныңнан ақ шымылдық,  
Есігін өнер мәңгі айқара ашқан.

Осылай арман қуып алыстадың,  
Елуің – ердің жасы, таныс бағың.  
Бүгінде шықтың шырқау бигіне,  
Жаныңда ән, ұзақ жолдан қалыспадың.

Арасында ән салып жыр-бақтардың,  
Өнер жолы – ауыр жол, сыр сақтадың.  
Ақ тілегім, айтарым сапарыңа –  
Болауындай түрленші гүл шоқтардың.

*Үміткүл ТРАЙСОВА*

## КҮМІС КӨМЕЙ, ЖЕЗ ТАҢДАЙЫМ

Жүр екен аман-есен жезкиігім,  
Басатын сұлу сазбен ар күйігін.  
Береке – күміс көмей, жез таңдайым,  
Жыршысы елдігім мен ерлігімнің.

Ән естіп, күй тыңдауға ұйып келдім,  
Мен бүгін дала еркесі киік көрдім.  
Ән-жырын қазағымның шалқыта бер,  
Өзіңмен бағам өсіп, биіктермін.



Кім білмес Берекенің бұлбұл әнін,  
Қандырған асқақ үнмен жыр құмарын.  
Асқақ үн залға сыймай кернегенде,  
Ес қалмай алақанды ұрғыладым.

Тұмар қып Жаңаарқаның топырағын,  
Қиядан қиқуыңа қосыламын.  
Радиодан естігенде ән-жырыңды:  
«Жасай бер, беу, жерлес!» – деп отырамын.

Қайтемін парықсызды табаламай,  
Менің де қолпашым бар бағаңа орай.  
Кейбіреу шетел әнін қызық көрген,  
Ұлтының өз әуенін бағаламай.

Қымбаттау өз әуенің, өз өнерің,  
Күй тыңдап, ән естісем кенелемін.  
Өзіңе деген құрмет, көңіл осы,  
Келеді концертіңе келе бергім.

*Өмір КӘРІПОВ*

## ӘНШІ БАҚЫТЫ

**Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артисі  
Береке Көшенұлына арнаймын**

Сағыныштың самал желі өпкенде,  
Күй көңілге Күн шуағын төккенде,  
Сырлы үніңмен тербетесің, желписің,  
Қызғалдақпен қыр құлпырып кеткенде.

Жұлдызды аспан моншақтарын таққанда,  
Алтын кірпік таң арайлап атқанда,  
Әсем сазды әуендерің оятқан  
Мүлгіп кеткен бұлбұлдарды бақтарда.



Қазбауыр бұлт заңғарларға шөккенде,  
Сел нөсер боп, еміреніп төккенде,  
Ғашық жүрек әлдиленіп әнменен,  
Гүл жайнайды Жер-анадай көктемде.

Арман-тілек ой-толқынға батқанда,  
Үміт-шырақ сөне жаздап жатқанда,  
Сілкінеді, серпіледі, сергиді,  
Күміс көмей қоңырауын қаққанда.

Ән – қазақтың ұраны да, азаны,  
Рахаты мол, және де бар азабы.  
Туған елдің құрметіне бөленген  
Өзіңдейін бақытты әнші аз әлі.

Шашу шашып көгіңнен Күн күледі,  
Құшақ-құшақ ұсынады гүл елі.  
Ән-қанатың қалықтаған талмасын,  
Толағайдың түлеп ұшқан түлегі!

*Қалиақпар ӘБІЛДИН*

## **ЯПЫР-АУ, КЕШЕ ҒАНА ЕМЕС ПЕ ЕДІ?!**

Балалық деп аталған белестегі,  
Келді ме ғажап жастың елестері?  
Оу, Беке, бала болған базарлы шақ,  
Япыр-ау, кеше ғана емес пе еді?!

Ой-қыры Толағайдың, белес-белі –  
Естелік ескірмейтін бәрі естегі.  
Ұмсынай жеңгеме гүл ұсынған кез,  
Япыр-ау, кеше ғана емес пе еді?!

Есейтті тіршіліктің егестері,  
Зейнет жас – он сегіздің ебі өшкені.



Қылшылдап қырық жаста жүрген кезің,  
Япыр-ау, кеше ғана емес пе еді?!

Бақ шапса мойымадың бап шабарда,  
Ақ самай арың түстес ақша қар ма?  
Япыр-ау, бөрі кеше емес пе еді,  
Не дейсің уақыт деген патшағарға?!

Есімін дәріптесе кеңесте елі,  
Дарынның дәуірімен тел өскелі.  
Оу, Беке, зейнеткермін дейсің бе рас,  
Япыр-ау, кеше ғана емес пе еді?!

*Ғазиз ЕШТАНАЕВ*

## КӨШЕЛІ ӘНШІ – КӨШЕНОВ

Біз тойладық бауырдың мерекесін,  
Жезқазғаным, бауырмал ел екенсің.  
Көшелі әнші атанған Көшеновсің,  
Ал ауылда біз үшін Берекесің.

Сен әншісің – ел ардақ тұтса егер,  
Сен ақынсың – оқырман ұқса егер.  
Таңданбаңдар, ағайын, бір айтысқа  
Домбырамен Береке шықса егер.

Сен шығатын сан қырдың кезі келген,  
Бірдей білем өлеңнің сөзін елмен.  
Сен ешкімнен дәреже сұрамайсың,  
Саған атақ Тәңірім өзі берген.

Біз де сырлы жайыңды аңдағанбыз,  
Жоғалтып ап жақсыны зарланамыз.  
Жаңаарқаның шалдары бата береді:  
«Берекедей болсын, – деп, – бар баламыз».



Сен ешқашан таусылып, ортаймадың,  
Тата бергін өлеңнің бал-қаймағын.  
Сахнада секіріп жүре берші,  
Жетпісінде жігіт бол, қартаймағын.

Мәңгі аспанда жарқырап тұрсың Айың,  
Өлеңдетіп ортада жүрші дәйім.  
Артық кетпе бірақ та кеуде қағып,  
Демеушің де қолдаушың – Ұмсынайың.

Менің барлық байлығым – өлең дейсің,  
Өнерімді халқыма берем дейсің.  
Ұмсынайға қарап ап, содан кейін  
Махаббаттың жолында өлем дейсің.

Мен тойыңда ауылда жата алмағам,  
Інің едім басатын қатар қадам.  
Біздің ауыл астыңа ат мінгізсе,  
Конверт пен арқаңа шапан жабам.

*Дүйсенбай ЖҰМАСЕЙІТОВ*

## БЕРЕКЕЛІ БЕРЕКЕ

Қарамай дауылға түк, жауынға түк,  
Ән салған қалалатып, ауылдатып.  
Жігіттер, абайлаңдар, жазым қылар,  
Береке ән салып тұр дауылдатып.

Тыңдарман талғамы ерен сынай қарар,  
Береке ән салсын деп сұрайды олар.  
Көшенов сахнаға шыққан кезде,  
Дүние көз алдында шыр айналар.

Тыңдайды әндеріңді тынып халық,  
Адалсың өнер дейтін ғұрыпқа нық.



Ән салсаң, Жезқазғаның жарқ етеді,  
Ұлытау дүр сілкінер рухтанып.

Ән салу кетті дейсің оңайлап тым,  
Қажисың соны ойлап күн, соны ойлап түн.  
...Сеземін, сахнасы сәл жүдеулеу  
Береке Көшенові жоқ аймақтың.

Ұқсайсың сен де бүгін дара шыңға,  
Мол болғай берерің де, аласың да.  
Әй, Беке, жай ойнатшы жарқ-жұрқ етіп,  
Ән салып аспан-жердің арасында.

Жетесің барар жерге желден бұрын,  
Ұнатпас оза шауып келгенді кім?!  
Ақиқат – елге әніңді бергендігің,  
Өтірік – 70 жасқа келгендігің.

*Ғазиз ЕШТАНАЕВ*

## ҚАЛА МЕН ӘНШІ

(Береке Көшеновке)

Жыл артынан жылдар жүйткіп желеді,  
70 жастың желкенін ол кереді.  
...Жарты ғасыр жүрісінен жаңылмай,  
Жезқазғанын әнмен тербеп келеді.

Туған жердің биігіне ту ілген,  
Алла алдында адалдыққа жүгінген.  
...Даласына тартып туған тарланбоз,  
Қаласына айрықша еңбек сіңірген.

Кенді өлкенің қазанында қайнаған,  
Ән тұлпарын жезқазыққа байлаған.



Мыс қаласы мұңайса, ол да мұңайып,  
Жез қаласы жайнаса, ол да жайнаған.

Өз қалам деп өзегінде от жанды кіл,  
Санасында жаңғырады сан дүбір.  
...Ойып алған өз орны бар өнерде,  
Қаласымен қатар өскен Ән-ғұмыр.

...Емес әлі ол – анау айтқан қара шал,  
Алда талай асулары бар асар.  
Қаласынан бес жас үлкен үлкен Бекеңді  
Жетпістегі жігіт десек жарасар.

***Мұқаш СЕЙІТҚАЗИНОВ***

## МАЗМҰНЫ

*Ғалым Жайлыбай*

*Алқынуды білмейтін ақ бұлағым.* ..... 3

### Бірінші бөлім

#### АҚЫН-ЖҮРЕК ТОЛҒАНАДЫ, ТОЛҚИДЫ...

Еліңнің бол алдында.....	6
«Тек елім деп атырар атар таңын...» .....	6
Сезімнің туған күніне .....	7
«Қылығымен мәз етіп қанша адамды...» .....	7
«Елуімде сесі кетпей семсердің...» .....	8
Құм секілді тіршіліктің өзі де .....	9
«Тірлік көпсе басыңнан томағалы...» .....	10
«Дүние-боқ қуғандардың дүрмегі...» .....	11
«Сырбаз, дархан, даладай паң...» .....	12
«Ақын деген – қалың ойдың орманы...» .....	12
«Татулар көп, жоқ емес жанжалдар да...» .....	13
«Тектілік бар, қасиет бар тегінде...» .....	15
«Жаралған айбат-қайраттан...» .....	17
«Найзағайдан қамшы жеп жылай-жылай...» .....	18
«Мыңмен жалғыз алысатын, жүзбен де...» .....	18
«Арайлап атқан ақ таңда...» .....	19
«Қанша айтсаң ерте ме, кештеме де...» .....	21
Немерем Сырымға.....	22
Ұзатылған қыздың қоштасуы .....	23
«Жан-төніңмен қуған едің...» .....	24
«Жарқырайды ажарлары ақ таңдай...» .....	24
«Үрей де бар, үміт көп...» .....	25
«Шын тұлға ойлап еңбек, жұмыс жайлы...» .....	26
«Өттің-ау, өмір, жасадық талай білместік...» .....	26
«Көз жасымды көрдің бе қамықтырған...» .....	27
«Тағдыр жазған бұйрық па, сынақ па...» .....	28

« Ұлттың бүгін, ертеңін... » .....	29
«Жаным неге боздайды боз даладай...» .....	30
«Болғам жоқ бөтен, өгей де...» .....	32
Бесігі қазақ тербелген.....	33
Алқасындай қазақтың алтындаған.....	35
«Ақылдан аздық солдық па?...» .....	37
«Жүректің сілкіп наласын...» .....	38
«Қанша ғасыр көміліп көл шөгірмен...» .....	39
Әсетті еске алу .....	39
Анаға .....	40
«Кесемізге тұнбасын сордың кұйдық...» .....	41
Ұлы деген бір сөз жоқ басқасында .....	42
Келінім Мартаға .....	43
Қыз ұзатылғанда .....	44
Ән – мұра, әнші – оның мұрагері .....	45
Мәңгілік ел .....	45
Ардагер ұстаздарға.....	46
Мерекеңмен, мұғалім! .....	47
Түбінде тек қалмайды тегі бардың.....	48
Киіз үй .....	48
Балдыз келін Гүлсараға .....	50
Жеке шумақтар.....	51
Дайрабай күйші туралы толғау .....	54
«Өткен күннен ызғырық сыз ұрады...» .....	64
Ауылыма арнау .....	65
«Төңкеріп жүріп төбедей малғұн...» .....	66
Жақсылықтан жүремін үміт үзбей .....	67
Доссыз өтсең... .....	67
Махаббаттан асқан қымбат жоқ сезім .....	68
Бар сезімнің асылы жүрегінде .....	70
Жиеніміз Аманкүл Қанділдәқызына .....	70
Әншінің бақыты .....	71
Сендегі биік еді тектілік те .....	75
Қадыр ақынға .....	76
Жақсыкелді Сейіловке .....	78
«Тірліктің құмы лықсиды...» .....	80

Оразада тіледім .....	81
Шынболат Ділдебаевқа .....	81
Алпыс жылы қаламның.....	83
Адалдық жолдан адассаң... ..	84

## Екінші бөлім

### ӘУЕЛЕСІН ӘСЕРЛІ ӘУЕН, ӘСЕМ ӘН

Ақ тілек .....	88
Алқасындай арқаның .....	89
Ата-анама .....	90
Барлығы да менікі .....	91
Жылдың басы – Наурыз .....	92
Келші маған .....	93
Махаббатқа мың өртеніп, мың күйген.....	94
Мектебім .....	95
Тұнығым .....	96
Толағай .....	97
Шаттық қайда күлген? .....	98
Туған жер .....	99

## Үшінші бөлім

### ЖАН АЙНАСЫ – ЖҮРЕКЖАРДЫ ЖАЗБАЛАР

Үлкен дарын иесі .....	102
Жайсаң жанды азамат еді .....	103
Киелі өнер шаңырағы .....	106
Өнердегі өрнек.....	110
Өнердің ақтангері .....	112
Тегінде бар тек қалмайды.....	118
Өндері арайлы ойға толы еді .....	120
Өнер өлкесінің «Жезкигі» .....	122

Күйшінің бақыты .....	127
Саналы ғұмырын өнерге арнаған .....	133
Секеңнің тәрбиесін көрдім .....	140
Өмірі – өнеге азамат тұлғасы .....	142
Елі ардақтаған Ертісбай .....	144

### Төртінші бөлім

#### КӘУСАР-КӨҢІЛ СЫР ШЕРТЕДІ КІРШІКСІЗ

«Атақ үшін өмір сүріп жүрген жоқпын» .....	154
«Арақтан аулақпын, темекі тартпаймын» .....	157
«Еңбегіміз бағаланып жатыр» .....	159
Гастрольдік сапардан оралды .....	161
«На сцене я – вождь народа» .....	162
«Өнерім – өмірбаяным» .....	165
«Рухани жұтандыққа ұрынбасақ екен» .....	168
«Жақсыкелдінің қадіріне жете алмай келеміз...» .....	174

### Бесінші бөлім

#### ДАЛАСЫНА ТАРТЫП ТУҒАН ТАРЛАНБОЗ

Әнге ғашық жүрек .....	178
Өмірді әнмен өрнектеген .....	182
Ауылды әнге бөлеп асқақтаған .....	185
Сегіз қырлы, бір сырлы азамат .....	189
Жезқазғандық жезтаңдай .....	191
Қазақтың Алатауы мен Қаратауы ғана емес, Ұлытауы да бар ..	194
Береке Көшенов – облыс әкімі сыйлығының лауреаты .....	197
Берекелі әнші .....	199
Бұл бір өзгеше той болды .....	203
Өмірін өлеңмен өрнектеген .....	206
Тағдырыма ризамын .....	211

Жезқазғанның жезтаңдай әншілеріне ризамыз .....	217
«Жезкиіктің» жезтаңдайы .....	218
«Кездесеміз, жүздесеміз біз дәйім...» .....	222
Жақсыкелді әндерімен қауыштырды.....	224
Жезқазғанын Мысыр шаһарына айырбастамайтын әнші .....	226
Жеті асудан асқан ән .....	230
Өнер айдынында .....	235
Күміс көмей, жез таңдайым .....	235
Әнші бақыты.....	236
Япыр-ау, кеше ғана емес пе еді?! .....	237
Көшелі әнші – Көшенов .....	238
Берекелі Береке .....	239
Қала мен әнші .....	240

«ҰЛЫТАУ КІТАПХАНАСЫ» сериясы

*Жинақ «Жезқазған қаласының мәдениет және тілдерді  
дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінде әзірленді*

Береке Көшенов

## *Ән-ғұмыр*

*Өлең-толғаулар, мақалалар,  
сұхбаттар және әндер*

*Редакторы Қуат Құрмансейіт  
Техникалық редакторы Ақбота Жан  
Көркемдеуші редакторы Вячеслав Козлов  
Корректоры Маржан Абсалықова  
Компьютерде беттеген Ерке Арыс*

Басуға 23.04.19 қол қойылды.  
Пішімі 60x90 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Қағазы офсеттік.  
Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 15,15.  
Тапсырыс №32. Таралымы 500 дана.

«Кәусар» баспасы  
010000, Астана қаласы  
тел.: 8 776 198 63 51, 8 705 160 06 21, 8 777 116 58 96